

ГЕРОЛЬД  
БЕЛЬГЕР

ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ



“ӨЛКЕ”  
БАСПАСЫ

МҰНАР ТАУ

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР

# МУНАР ТАУ

*Әңгімелер, эссе,  
толеаулар, жазбалар*

АЛМАТЫ  
ӘЛКЕ  
БАСТАСЫ  
  
2006

ББК 84 Каз 7 84Р6  
Б 42

Қазақстан Республикасының Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды

Б 42 **Бельгер Г.**

**Мұнар тау** (Әңгімелер, эссе, толғаулар, жазбалар).

– Алматы, “Өлке”, 2006, – 304 бет.

ISBN 9965-742-15-4

*Жазушы, аудармашы, публицист Герольд Бельгер сонау Еділ бойында туғанмен (1934), жеті жасынан қазақ ортасында өсіп, тәрбиеленіп, қазақ орта мектебін бітірген (1953). Сондықтан ол өзін байыры қазақстандық деп сезінеді, жүрегі “Қазақстан”, “қазақ” деп соғады. Ол қазақ тілінің, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жанашыры екенін танытқан. Бельгердің қазақ пен неміс тілдерінен орыс тіліне жасаған тәржімелері жүздеп саналады, жиырма бес-отыз том құрайды, өзі де отыздан астам кітаптардың авторы. Бірақ осы күнге дейін қазақ тілінде бірде-бір кітабы жарық көрменгі. Оқырманға ұсынылып отырған мына жинаққа оның жолдастары қазақшалаған, я өзі қазақша жазған бір топ шығармалары еніп отыр.*

39707

ББК 84 Каз 7

Б 4702250200  
00 (05)-06

012

1000

ISBN 9965-742-15-4

© Бельгер Г., 2006

“Өлке” баспасы, 2006



## БІЗДІҢ БЕЛЬГЕР

*Алғы сөз орнына*

Соғыс кезі, тап болған соң дауылға,  
Ауып келген бір үй біздің ауылға.  
Не көрсе де, бірге көрді елменен,  
Бірге көніп, бірдей төзіп ауырға.

Ұзынтұра, үлкен неміс, әбігер,  
Он ауылға — жалғыз ғана дәрігер.  
Жұрттың оған үйренгені соншалық,  
Бельгер деуші ед дәрігердің бәрі ел.

Есім көрші, Бекім көрші обектеп,  
Айран-сүтін берді көптеп, көмектеп.  
Біздің жақтың кісілері әйтеуір  
Бельгер үйін көрген емес бөлектеп.

Сол кісінің Гера деген баласы,  
Үлкендерге үйірсегін қарашы!  
Өңі жирен, өзі жиен секілді,  
Ешкім оған болмаса да нағашы.

Омар-Қоспан, құдай қосқан екі жан,  
Екеуінің жалғыз ұлы — Ібіжан.  
Ібіжанның досы болған Гераның  
Қазақ бола бастауы да осыдан.

Әркімнің де итшанасы бар үйде,  
Шаңғы біте бермейтұғын әр үйге.  
Елден бұрын дөңге шыққан екі дос  
Өзгелерге жеткізбейтін, әрине.

Көбік қарда көсілдіріп шаңғымен,  
Шоқ қайыңды шыр айналмақ алдымен.  
Сарыбелге, Саздыағашқа тартады  
Бірін бірі қуалаған қалпымен.

Тасөткелге, Тереңсайға барыпты,  
Күнүзаққа сансыз шнмай салыпты.  
Сары аязды сезбей қалған Гераның  
Тобық майын тоңазытып алыпты.

Содан екен сырғанаққа келмеуі,  
Ібіжанға, Темешке де ермеуі.  
Үйден қыстай шығармады Гераны  
Әкесінің күндіз-түні емдеуі.

Көпке дейін көшені бұл сағынып,  
Кітап оқып отыратын сарылып.  
Жастайынан бойға біткен жақсы әдет,  
Көп оқудан көрген емес жалығып.

Сол оқудың жететіндей түбіне,  
Бас алмастан жүрді шәкірт күнінде.  
“Әр бейнеттің бір зейнеті бар” десек,  
Бұдан асқан олжалы жоқ бүгінде.

Абай жырын, Мұхтар сөзін жаттаған,  
Тілімізге аса жүйрік ақтабан.  
Әкесінің үміті мен сенімін  
Біздің Герольд толығымен ақтаған.

Тынымы жоқ өмір шіркін — желмая,  
Егде тартты Гера менен Рая.  
Екеуіне ғұмыр бер, деп тілейміз,  
О, жасаған, о, тәңірім, құдая!!

*Жарасбай НҮРҚАН,  
1994 ж.*

# I бөлім

## КӨНЕНІҢ КӨЗІ

### I

Шал терезенің алдындағы текемет пен мақталы көрпеше үстінде отырды. Үй ішін көзімен селсоқ сүзіп өтті. Көйлегінің ашық өңіріне қолын жүгіртіп әлі қушия қоймаған аяққаптай жүндес кеудесін қасыды, одан соң арбаның ілбуіндей жайбасар, жалықпас ойға шомды. Алдындағы жатаған дөңгелек столдың үстінде шеті кеткен ағаш тостак, ішінде жартылай ішілген қымыз қалыпты. Шал көңілсіз еді. Соңғы кезде осы үй мүлде мазаң, шулы боп барады, ал шалының шу мен мазаңды ежелден жаратпайтын әдеті. Ауыз үйдегі әйелдердің әбігер-әлегін сезсе-ақ кірпідей жиырылады. Қазанға дамыл жоқ, шаж-бұж бауырсақ пісіріліп жатыр. Әсіресе кемпірінің күйбеңі-ақ күйдіреді, ел жатса да енекем жатпайды дегеннің кері келді. Қашан ұйықтайтынын бір Алланың өзі білсін. Түн әлемінде, жастыққа бас қояр алдында қараса, пеш түбінде жарқанатқа ұсап қалынып, әлденені тоқып отырғаны. Таң бозы білінісімен ояна келсе, ауыз үйде тықырлап жүргені, қазан қырады, табаға нан жабады, әйтеуір буыны сытырлап тыным таппайды. Бұрынғысы шүкіршілік екен, енді ғой адам болудан қалды. Нақа Ализа емес, өзі ұзатылардай, неме жетіседі мұндар? Ализа өзінің Сәліміне қосылып қарасы батар, бұлар сосын құраған ағаштай қаңырап қалар. Аңырайған үйде қалған ғұмырын таусуға асығар. Осы босағаның еркесі Ализа болса мәз, қуаныштан қымсынуды қойды. Бұрын қыз бала ұзатыларда ата-анасын қимай еңірет еді, сынсу салар еді, қазіргілер боз тайлақтай тайрандайды.

...Шал қымыз жұтты. “Заман өзгерейін десе өстеді”, – деп ойлады. “Қымыз да бұрынғыдай емес, шалап секілді су татиды, өткір иісі де, бойды алар қызуы да қалмаған, көкбақа боласың. Е далада өсетін шөп өзгерген, е Есілмен аққан су бұрынғы емес – екінің бірі”.

Ауызғы үйден Ализаның даусы естілді. Шал бойын жинап алды. Ализа есікті ашып кіріп келді, бойы сұңғақ, көгілдір көзді, алтындай сарғыш бұрымы ұзарып көрінді. Бетінің ұшы қызарып қасына тақады, жүрелеп отырды. Үстінен даланың жұпары ма, әлде әтір жағынған ба, әдемі жұмсақ иіс аңқиды.

– Неге көңілісің, ата? Келмес деп отырмысың? Келеді, көре қалыңыз, сөзсіз келеді.

Шал қызының шашынан сыйпады.

– Айтқаның келсін, айналайын.

– Ата, мен сізге гүл әкелдім!

Шалың гүлді қайтсін, үнсіз басын изеді, жымыган болды. Ализа тұрып бір топ сарғалдақты су құйған стаканға салды. Өз бөлмесіне кіріп кетті. Қызық... Күн сайын фермадан қайтар жолда гүл тере келеді. Гүл деп далада бозбен қатар ыргалып коздің жауын алған майсаны айт, ал стакан ішіндегі, терезе алдындағы гүл емес, әншейін шөп қана... Сөзсіз келеді дейді... Қанекей. Қызық деп сонда айт. Доңгелек столды жағалай қаумалап, әр қилы әңгіменің басын қайырар, қайырар да көңілге болмаса көзге елестеуден қалған кешегі күндерді ойлар. Еркін болса домбырасын шертеді, өзі терең ойға шомар еді; сағынып көрісер ұлын болып, кездесер күнге жеткенің қандай жақсы, айтып жеткізе алмас жылу жанына енеді сонда. Кемпірі пеш түбінде ұршығын иіер, Ализа ағасына қызыға қарар, ауыз үйде көне самаурын ақырын ысқырып ескі бір сазға салар. Келсе екен әйтеуір...

▲ Төргі бөлмеден тігін машинасының сырылы естілді. Ализа сол сарынға қосылып көңілді бір әнге басты. Ауызғы үйде ақ жаулықтылар дамылсыз дабырласады. Қазанда қойдың майы шытырлап, ошақтың оты маздай түскен. Иә-ә-ә... Ертең құдалар келеді, қонақ боп шуласады, шақиадай басты шарадай етеді, Ализасын Сәлім алып кетеді. Сосын тағы да жалғызілікті жадау үй жетімсіреп қалады. Осы ойдан шалдың көңілі құлазып кетті. Қазір атты ерттесе гой, айдалаға қаңғып кетсе, Есілдің бойын шарласа; көңілдегі алақүлік кетер ме еді. Қайдам?.. Қазір шалың ат арқасына тырмысып шыға алар ма екен, ер үстіне отыра да алмас. Еркіні келсе екен... Шал тізесі сықырлап орнынан көтерілді, жез керуеттің арқалығынан ұстап кідіріп қалды. Буын-буынына қап жүріп құрысқаны жазылған соң, екі қолын арқасына тастап аулаға шықты. Ауланың арғы бұрышында, бақша түбінде Еркіні тіккен сәмі тал мен қайың өсіп тұр. Шалың қашанда сол талдардың саялы көлеңкесінде, аралардың мазасыз ызыңын тыңдап отырып ойлағанды жақсы көретін.

Қасқырдай ұлып жанды жеген жын ойнақ бораны мен ағаш қабығын қамыс сындырғандай қақ-қақ айырган шытынауық аязы басылған соң, қыстың сондай бір жаймашуақ ашық күндері келеді. Күн көтерілісімен-ақ маңайды аппақ бояуға малады, көзге ұра күлімдейді, содан тас төбеге тырмысқан сайын меңіреу қарлы алапқа алтын нұрын құя түседі. Айналаның бәрі құлпырып, құбылып кетеді. Көңілдің қандай кірбің-қапасы болса да дәп осындай ашық күннен көлңкелей кішірейіп, жадырап жүре беретін. Қар басып, үңірейген үңгір аузындай есігі ғана қалған үйлерден бала біткен аюдың күшіктеріне ұқсап, қорбаңдап, сыртқа төгіледі. Содан үйлердің төбесіне тырмысып шығады да шанаға, тақтайға, кейбірі қатқан терінің пұшпағына отырып алып сырғанап, шуылдасып кеп ойпаңдағы омбы қарға күмп береді. Құдық басы мал суарған жасөспірімдер мен әйелдер, ауылдың алты ауызға толмайтын жаңалығын айтысады, асықпайды, күні бойы қауғаның шалпылы басылмайды. Енді біреулер бүкшендеп шанасын сүйретіп бірер апталық отынын әкелуге орманға кетіп бара жатады. Пеш түбін босатпайтын кемпірлерге дейін жылы оранып алып сарай мен үй іргесіндегі шуақта тапжылмай мүлгіп отырғаны. Қақпа алдындағы жуынды құятын жерге сауысқан жиналып алып, шықылықтап, сыпсыңдап жатқаны. Көп ұзамай өңешін жырта өкінішті үн шығарып қарғалар жетеді: әлденеден құрғалғандай; күншуақта көзің жұмып қыздырынып жатқан иттер мұндар мақұлықтардың мәнісіз, мазаң тіршілігіне ит жыны келгендей әредік басын көтеріп ырылдап қояды. Дәп осындай жаймашуақ күндер мереке не қуаныш секілді ұзақты қыста сирек ұшырайды, сағындырып келіп, әдемі әсерін қалдырып, көңілден кетпей қояды. Мұндай күндерден кейін нағыз қуаныштан соңғы қайғы құсап жын соққан бораның да, желөкпе желің де жеңіл өтеді. Сол ышқыма түн әлетінде жынынан айырылған бақсыдай боранның демі тез біткен. Ертеңгі ауа райы жақсы, жадыраңқы боларын Әбілмәжін шал түнде-ақ, түс кезіп жатып сезген еді. Ертелеп тұрып торысына ат дорбамен сұлы ілді, содан соң үй төбесіне шығып ақырға шөп тастады. Босағадағы қазықта қаздынн отырған бүркітке нәр татырмады. Саят алдында бапкер аңшы құсын аш ұстайды, бұл Әбілмәжіннің қашаңғы әдеті. Сонда ғана бүркіт ашушаң, алғыр болады деседі.

Әбілмәжін ішкі үйге кіріп памдат намазын оқыды. Таң бозы



әлі біліне қоймаған. Кемпірі әзірлеген шайды ішті. Сосын киініп тысқа беттеді, торыға ер салды, бүркітін ер басындағы тұғырға қондырды. Сөйтіп, атқа қонды. Ақ қарға бөгіп жатқан далаға бет алды. Діттеген жері Теренсай. Жазық үш шақырымнан соң шым-шытырық жыра-жылғаға жалғасады, сол жыра-жылғалар қосылып барып терең сайға айналған. Сай іші аңның жымы. Қалың біткен қамыс пен қоға ат алқымын қағып жүрісін тұсады.

Өткен көктемде Әбілмәжін дәл осы тұстан қасқыр жатағына кезіккен. Жатақтан көздері әлі ашылмаған жеті бірдей маубас бөлтірікті суырып алғаны бар. Шал осымен қасқырдың тұқымын күрттым деп ойлаған. Қайдан. Қайта қасқыр дегенің жел тиген өрттей ұйтқып, үдеп кетті. Түнемесіне ауылды торитынды шығарды, күлазыңқы үні бала біткенді шошытты. Бірде тапа тал түсте дүкен маңынан бұлкектеп бара жатқан бөріні көргенде шалын жағасын ұстаған. Мұның бәрін жаманшылыққа жорыған. Әсіресе әлгілер күзге қарай қатты құтырды. Ауылдың азғана малын тозған тондай етіп түтесін шығарды.

Сайдың алқымында аңыз бар тұғын, қоян ізі жосылып жатыр. Сайдың қос қабағын ақшыл, сұр кекіліктер жайлайды. Әбілмәжін кекілікті тор құрып не қап тосып алдаусыратып аулайтын. Көршілеріне бірлеп, екілеп таратып беретін... Енді ол қуат қалмаған. Торысы жай аяңмен келеді, қамшы салмады. Қарсы алдында жортақтап келе жатқан салпыауыз Құтпан әрадік артына қайрылып аузын әрекетей ашып есінеп, қожасына “жүрісің жай” дегендей болады. Ит екеш иттің де төзімі таусылды білсем, көп ұзамай қарайлауды қойды, із кесіп тіміскіп жөнелді. Ербиген бұтаны айналшықтап жүрді-жүрді де, сайға сіңіп жоғалды.

“Иә-ә-ә... — деді Әбілмәжін қалың ойынан серпіле алмай. — Биыл қар қалың түсті. Екі айдан соң көктем де қыр астынан қылт етеді. Қылт етер де, бұйығы ауылға қарбалас, жанталас әкелер. Жер дегдімей тұрып тырбандап соқа салар, тұқым себер... сөйтер-ау, колхозда машина да, тұқым да, күш көлік те құрыған. Германмен соғысамыз деп ыңыршығымыз айналды, жуығырақта ол нәлеттердің жеңіле қоятын түрі жоқ. Сонда тағы өгіздің құйрығынан ұстап жер жыртар, мойнына дорба сап тұқым себер, құяң кетпейтін белін қайыспен буып орақ орап өзіндей шал-шалағай, қатын-бала болғаны ма...” Шалдың ойына жарты жыл бойы хабар үзілген Кенжебегі түсті. Үлкені “әу” деп соғыс басталған жылы Мәскеу түбінде опат болған. Әміржаны үйіне жалғыз-ақ мәрте хат

жазып үлгерді. Сонда Әбілмәжін қолына үлкен ұлының хабаршысы — қара қағазды ұстап тұрып: “Жаратқан, ең болмаса бізге кішісің қалдыра гөр, сақтай гөр...” деп жалбарынған. Қарт әкенің ендігі ойының баршасы тәңірінен сұрап жүрген Кенжебегінде-тұғын. Бірақ кенжесінен де хат үзілгелі қашан.

Әбілмәжін жар жиегіндегі тасқа тірелгенде барып тізгін тартты, ойын бөлді. Жар жиегінде әр түрлі бояуға малынған асықтай әдемі қойтастар жатыр. Күнес беттегі қары еріп үлгеріпті. Сол тастардың ортасынан тесіп пәкене әрі жуан долана өскен. Жардың дәл етегінде бұлақ ағатын, қазір де буы бұрқырап көзді тартады. Әбілмәжін атынан түсіп бүркітті қызыл тасқа қондырды, балақ бауын жақын жердегі талға байлады. Сосын тізеден қарға малтығып жардың қамысты қабағына қарай жүрді. Қоянға тұзақ құрды. Тұзақ құрып келіп енді қабын сүйретіп, жардың келесі қабағына тартты. Қабақта қайыңды қолтық бар-тұғын. Қаптан торын суырды. Торды жайып ағаштың бұтағына ілді. Талдан төгілген ақша қар үстін көміп кетті. Бірер бұтаны тормен орады да, жел алып кетпес үшін жиек бауларын шыршаның бұтағына керіп тұрып байлады. Сосын қаптан уыстай арпа алып тор астындағы бұта түбіне септі. Кекіліктің көз құрты осы. Көп ұзамай тордың іші жалпылдаған құсқа толады, аязды күні кекіліктің денесі ауырлап, ұшуы қиындап қалады; осы мезет торға түскен құс құтылмайды.

Таста қалған бүркіт шалдың іш пыстырған шабан тіршілігіне түңілгенде, түйліге түсіп отырған. Құтпан да күтуден жалығып, әріде бұта ішін тінтуге кеткен. Кенет шәу ете қалды. Бұта сынғандай сытыр етіп, басындағы қары төгіліп түсті. Ат та елең етіп құлағын қайшылады. Әбілмәжін де келіп жеткен, дереу бүркітті қолына алып, атқа қонды. Ит үрген жаққа тізгінді бұрды. Жардың ернеуінен әріде, ақ қарда, ағып өткен алқызыл түлкінің құйрығын шалып қалды. Атқа қамшы ұрды. Соңынан салды. Құтпан домаланған қара доптай бұлтындап түлкіні жазыққа қарай тықсырды. Жар мен бұта қиыс қалды. Осы мезет Әбілмәжін айғайлап жіберіп, бүркіттің томағасын сыпырып қалды...

Қызыл түлкіні қапқа тығып алып жар жағалай Есілге тартты. Тал қырқатын қолайлы жер қарастырмақ, екі-үш көршісінің отыны таусылуға айналған, қол ұшын берер кісі жоқ. Білектің жуандығындай кепкен тал жақсы жанады әрі қызулы келеді. Реті келсе, бұта арасынан қоян қағып қайтпақ. Отынды ағаш алар алаңқайды таңдады. Бұл кезде Құтпан бұта арасын кезіп, қыңсылап

жүрген; козіне ұзып құлақ мақұлықтар елестеп кеткен. Кенет дәл қарсы алдынан үш бірдей қоян ыта жөнелді. Құтпан әуелде сасып қалды, қожасына қарады. Әбілмәжін жымнып күліп қолын сермеді. Құтпан өз міндеті енді ғана есіне түскендей, бұтаның арасына бұлтыңдап қойып кетті, көп ұзамай жым арасынан ақ бөкселі бір қоянды сүзіп шықты. Есілдің қарсы бетіндегі жалаңаш қабатқа тықсырды.

— Қит!.. Қит!.. — деп айқайлап жіберді де, шал бүркіттің томағасын сыпырып қалды. Бүркіт әуелгіде көкке тік шаншыды, биікке көтеріліп ап, қанатын жиып тас боп сорғалады. Әбілмәжін де атып борбайлап жетті. Бүркіт тырнағынан дірілдеген ақшулаң денені босатып алды. Жанынан пышағын суырып қоянды бауыздады. алқызыл қанып ақ қарға ағызды, сосын ішек-қарнын алып ит пен бүркітке тастады. Бүркіт аязды күні буы шығып жатқан ішекті жалғыз-ақ қылғып, жан-жағына қарады. Құтпан өз үлесін асықпай тауысты, қарға тамған қанды жалады. Шал қоянды қанжығаға ілді, атқа қонды. Ерге жайғасып алып “кә, кә” деп құсын шақырды. Бүркіт ауыр қанатын кең жайып кеп шалдың көп қолғабына кеп қонды. Әбілмәжін құсқа томаға кигізді.

...Қыстың қысқа күні батуға айналған. Нұры кемпір, қойдың қарнын қаптағандай қан-сөлсіз күйге түскен. Талдардың биік бұтағына ілініп біраз тұрды. Күңгірт күлгін бояуға малынып бара жатқан кең алапты қара түнге қимайтын секілді. Енді бірде батар күн көкжиекте жатып қараған дәу перінің жалғыз козіне ұқсап көрінді; сол көз — арқасын аяз қысып, жүрегің соғыс сызы ұрып үнжырғасы түскен аңшы шалдың жансерігіндей соңынан ұзақ үңілді. Түстіктен тікенектей өкпек жел соқты. Қардың бетінен сансыз ақ бас жыландар жылжи жөнелді. Ауа да аяздан шымырлай түскен. “Боран болатын түрі бар”, — деп ойлады Әбілмәжін. Атын қаттырақ жүргізді. Ауылға дейін алыс қалмаған. Есілге түсіп, мұз үстімен арғы жағалауға өткен жөн-тұғын, төте жол ауылға тік апаратын. Аттың танауынан бу атқылайды, барын салып келеді, мүлдіайда қамшының өзі артық. Құтпан қатардан қалмай жортақтал келеді. Шалдың шаршаған денесін аяз буып құрыстырып тастады. Көп ұзамай үйіне де жетер, кемпірі мұны көре сап самаурыңға жармасар, тонын, саптама етігін тартып шешер, ыстық шай ұсынар. Бойы жылынып шайға қанған соң қоянды сояды, түлкінің терісін сыпырады. Бүркіт пен Құтпанды жас етке тойғызып пеш түбіне қисаяды. Кемпірі қоянның етін пісіргенше мызғып алмақ.

Мызғу қайда. Кенжебегі туралы ойлайды. Әсіресе үйге келгенде ұлыш коп ойлайтын әдеті. Кемпірі ошағын маздатып қойып, ұршығып алып, жанына жайғасады, күрсінеді. Ол байғұс та қайбір жетісіп жүр дейсін. Терезенің сыртында боран ұрып, есік-тесіктен сығалап, жанталасып жүлқынады, жылайды...

Әбілмәжиннің денесі дір ете қалды, іңірдің іртік-іртік қараңғылығының арасынан өзіне қарай түп-тура салып әдене жылжып келеді. “Қасқыр” деп ойлады әуелгіде, тағы үніле қарады. “Жоқ, бұл хайуан емес”. Аң болса тап бұлай тура жүрмес еді. Бүркіт те қозғалған жоқ. Кенет аты да көрді білем, үрке жонелді. Түсіп қала жаздады. Әлгі қара дақ бірте-бірте жақындап келеді. Шал тақымын қыса түсіп, жылқыға қарсы жүрді. Қыс айларында Жаңажолдан Жаңатұрмысқа қатынайтын некен саяқ жолаушы жүретін сүрлеу болатын, сол сүрлеумен тарғыл орамалға оранған, аяғында аса үлкен пимасы бар күйтақандай бала!.. Әлгі кішкентай адам жап-жағына бағдарлап қарайтын емес, сүрініп-жығылып, жылжып келеді. Оның осы мәңгүрт мағнасыз жүрісінде әлдебір тілсіз үрей бар-тұғын. Бала тап қасына келген салт аттыны да, итті де байқаған жоқ, үн қатып тірлік белгісін де білдірмеді, сүрлеумен сүйретіліп кете берді. Әбілмәжин қорқып кетті, үні әзер шықты.

— Әй, кім боласың?

Құртақандай адам кідіріп қалды, басын көтерді, үндеген жоқ.

— Қайда жортып барасың?

Бала тапжылмады. Үсті-басының бәрі ораулы-тұғын. Көзі де көрінбейтін. Құтпан баланың қарсы алдына барып отырды да, бір шекеден бейтаныс жолаушыны қызықтап қарай бастады.

— Қай ауылдан боласың, айтсаңшы?!

Құртақандай адам қозғалақтады, шәлі арасынан бір қолын көтеріп алға қарай сілтеді.

— Әлде сен мылқаумысың? Тіліңді үсітіп алдың ба?.. Ойбай-ау, мұз боп қатып қалыпсың ғой. Атқа мін тез!

Бала орнында тұра берді.

— Кел енді, қолыңды бер, аяғыңды көтер!

Құртақандай адам әрең дегенде аттың үстіне тырмысып шықты. Шал белбеуін шешіп баланы құлап қалмас үшін арқасына таңып байлап алды. Атып тебініп жорта жонелді. Тезірек ауылға жеткені жөн.

— Бәйбіше-ау, қонақ келді тезірек шайынды қамда, — деп айқалады ол аулаға кіре бере-ақ.

Салдырлап-гүлдірлеп ішке енген. Кемпірі самаурынын пеш түбіндегі текке қойып тұтатып үлгерген. Әрадік кішкентай қонаққа жалтаң-жалтаң қарайды. Сыпайылық сақтап ештеме сұрамады.

Шал бүркітті бұрыштағы өз орнына отырғызды, балақ бауын сақинаға ілді, сосын келіп баланы шешіндіре бастады. Шәліні сыпырып алды, ішінен пальто екені, не пенжәк екені белгісіз тағы бір кір-шоқпытты шешті. Құлақшынын алған кезде, шал аңырып тұрып қалды. Дәл алдында аса үлкен жамаулы пима киген, сары шашты, қалқан құлақ, сегіз-тоғыз жасар арық тырақы бала тұрды. Жанары тұнып қалған тотияйын ерітіндісі секілді тапжылмайды.

— Оу, сен қазақ емесісің?! — деген сауал шалдың аузынан еріксіз шығып кетті.

Бала жауап бермеді, отқа қарап қалған. Оның осы қимыл-қалпы біртүрлі салғырт, самарқау жан күйзелісін аңғартты.

— Қазақ болсын, болмасын, бәрібір емес пе?! — деп кемпірі тоқтатып тастады. — Көрмеймісің, үсуге айналған, отқа жақындай гой, айналайын...

Кемпір баланы пешке тақау төселген ешкі терісінің үстіне әкеліп отырғызды. Арқасына өзінің түбіт шәлісін жапты. Сосын шағын әбдірені ашып, ішінен бір турам нан алды, балаға ұсынды. Құртақандай адам нанды қос қолымен алып, селсоқ кеміре бастады, екі көзі қазандықта қызарып жанған отта. Әлденені есіне түсіргісі келгендей ойда отыр.

Шал әлі ештеме ұқпаған, басын шайқап қойып құмған алып дәретке шайына бастады, көзінің астымен түсініксіз қонағы мен кемпірінің мағнасыз күйбеңіне қарайды. Бала нанды асықпай жеп тауысты. Тостак айранды тағы ішті. Кенет жел тиген оттай өз-өзінен селк ете қалды. Ұмытқанын енді есіне түсірген секілді. Орнынан атқып тұрып, әлгіде ғана шешкен шоқпыттарын үстіне іле сап есікке ұмтылды.

— Қайда?

Шал мен кемпірдің даусы қатар шықты. Бала тіл қатқан жоқ, ауланың қақпасы сарт етті. Әбілмәжін құмғанын қоя сап соңынан жүгірді. Бәтшағар безіп барады, жетіп барып қолынан ұстады, жұлқынып болар емес. Ауық-ауық әлдебір сөзді қайталай береді.

— Эльза! Эльза!

— Жын соққанның “әлзасы” несі?!

Екі бейбақ түсінісе алмады. Бала еңіреп жылай берді, бірақ шал босатқан жоқ. Өзінің білем-ау деп тоғайып жүрген бірер

орысша сөздері бар еді, құдай ұрғанда, есінен тарса шығып кетіпті.

– Какой аул? Мамка кде?

Болмаған соң, үйден киініп шығып шал боранға қарамай баланы жетелеп Жәукендікіне тартты. Жәукен шал қалаға талай мәрте мал айдап барған базаркеш, барша ауылда бірер ауыз орысша шүлдірлейтін сол. Азамат екен. Жәукенің сенімді ақтады. Жілік-жілік етіп түсіндіріп берді. Баланың шешесі де, әкесі де жоқ. Жаңатұрмыстағы үйінде жападан-жалғыз кішкентай қарындасы қалған. Осыны естігенде, Әбілмәжін шыдай алмады.

– Твой старуха сиди, а мой час поидит и маленький баранчук-кизимошка суда таскайт.

Осы түнде, Әбілмәжін боранмен итше жұлқысып жүріп кішкентай қызды тонға орап үйіне алып келді. Аштықтан, жалғыздықтан әбден жүдеген қыз бейтаныс босағада, ағасының жанында ертеңгісін бір-ақ оянды.

### III

Сөйтіп қарттар демнің арасында ұл-қызды болып шыға келді. Эрихті көп ұзамай ауыл адамдары қазақшалап Еркін деп атап кетті. Еркін ширақ, еті тірі бала болды, жасына қарамай бұйығы, бір тоға болып өсті. Ауылға, жаңа отауына бауыр басып алды, қазақшаны да тез үйренді. Көршінің қара домалақтарымен достасып асық ойнайтын, ит қуатын, солармен қосылып ас пен тойға баратын. Аузымен айтпаса да шал мен кемпірді жақсы көріп тұратын, оларды “ата”, “әже” деп атады. Бірақ ол кейде балалық мінезден арылып, күрсініп, мұңайып отырып қалатын... ұлының бұл мінезіне қарттар түсіне алмайтын... Күзде Еркін мектепке барды. Эльзаны ертесіне-ақ кемпір Ализа деп атаған. Қыздың әжесіне бауыр басқаны соншалық, күндіз-түні қасынан қалмайтын болды, ұйықтаса жанында жатады, тұрса етегінен ұстап соңынан сүметіле береді. Кемпір қызына қызыл барқыттан желетке тігіп, өңіріне күміс теңгелер тағып берді.

Күзде жаманшылық хабар жетті; кішкентай снырдың тіліндей қызыл қағазда: “Кенжебек Әбілмәжінов хабарсыз кетті” деп жазылыпты. Қарт әке түсінбеді. Осы жасқа келгенше мал, көлік жоғалды деп естісе де, кісі жоғалды дегенді білмейтін. Жұрт та

ақыл тоқтар ештеме айта алмады. Сонда, шалың ойлап-ойлап “хабарсыз кеттісі” олдіден жақсы ғой әйтеуір дегенге тірелген. Өлмесе, тірі болса, келер, жоғалып қайда барар.. Рас, соғыс біткеннен кейін бір жылдан соң Кенжебегі қайтып оралды. Сонда Әбілмәжінің төбесі көкке жеткендей қуанды, жалғыз сиырын сойып көкешік болған ауылды бір тойғызған. Бірақ Кенжебегі баяғы екі беті парттай қызарған палуан жігіт емес еді, жылан сорған бақадай боп-боз, жүзі әжімге толған. Сөзінің сыңайы жаман. Әлдебір дыбыс естісе селк ете түседі, жанары атысып шыға келеді. Түп әлетінде қақылдап жотеліп шығатын, сандырақтайтын, дөңбекштің, далаға да жиі жүгіретін. Асқа деген тәбеті болмады. Әбілмәжі кемпірімен қосылып жалғыз ұлын жаны қалмай күтті, тәңіріне жалбарынды, туған жердің ауасының демі мен топырағының жылуы дертті жаңды сауықтырар деп үміттенді. Кей-кейде шешесі сұрап қоймаған соң Кенжебек өзінің тұтқында болған пұшайман күндерін әңгімелейтін. Сұмдық сөздерді еститін. Еститін де, кемпір ыстық жасқа булығын. Кенжебек жотеліп қойып, ышырс отырып әлсіз үнмен әрі жалғайтын. Қарттардың нешеме түндер жалбарынғаны жаратқанның құлағына жетпеді білем. Көктем шыға, Есіл мұзы босаған мезетте, Кенжебек қайтты. Шал қайғыдан бір елі шөккендей болды; аңға, асқа аяқ артып жүрген жалғыз торысын сойып ел-жұртын жинады, жаназасын шығарды. Қазаның жетісін, қырқын, жылын беремін деп жүргенде қарттың сақал-шашы қуарып кетіпті. Ұлының басына үй орнатқан. Бұған Еркін де қолқабыс қорсетті. Шалдың бұрыннан да сөзуарлығы шамалы еді, енді мүлдем бұйығы болып алды. Аңға жиі шығатынды шығарды, бірақ ылғи құр қол қайтатын. Қарттың аң ұстау үшін емес, айдалаға шығып, армансыз күрсіну, армансыз өкеу үшін далаға тартатынын жұрт білетін. Пенде қайғыға да қондігеді екен. Әбілмәжін бірте-бірте үй тіршілігіне ауысып, былдырлаған Ализаның тіліне уанып, томпаңдаған қыз, бүртіған Еркіндей ұл тауып бергені үшін Алласына мың да бір алғысын айтатын. Шүкіршілік ететін.

Еркін жақсы оқыды, атасы мектепте отетін ата-аналар мәжілісіне қатысуды жақсы көретін. Қластың есігін ашып, алдыңғы партаға шалқнып отырып алатын. “Әбекең ақсақалдың баласы Еркін өте зерек, байсалды, тәртіпті”, – деген сөздерді естіп жаны жай табатын, сақалын салалайтын. “Әбекең ақсақалдың баласы...”, – дейтін барша ауыл адамы. Осы сөздің өзі шалыңды күйбеңі көп осынау дүниеге байлап-матап жүрген арқандай сезілуші еді.

#### IV

“Келе алса жараганы”, – деп ойлады шал. Иштей ашық сезіп жүр, өзіне деген бұл дүниенің ырзығы таусылуға жақын. Жиі-жиі жүрегiнiң соғуы нашарлайды, денесі тонады, аяғы да күштез келiнiң қолына түскен келсаптай шытышаған, серейген бiрдеме әншейiн. Жас кезiнде жаның арқаңда, қартайғанда – алдыңда деп көне көздер әдiл айтқан. Жан да кекiлiк секiлдi, кеуденде тыпырлап жүрiп-жүрiп, болмаған соң көз көрмеске ұшады да кетедi. Қатарың да кемiген. Сояудай боп отыра беру де жараспайды. Сексеннiң ортасына iлiнiптi, ендi қайда барады; шал қалың ойдан шаршағандай басын төмен салып, мүлгi бастады.

#### V

Жаңажолға жете бере Еркiн таксистi тоқтатты: ауылға дейiн жетi шақырымдай қалған. Қиыршақты жолға түстi де, маңайына мейiрлене қарады. Терең тыныстап алып, Есiл жаққа аяқдап кеттi. Жаздың жайма-шуақ күнi-тiн. Күн тас төбеде тұрған. Тынымсыз шегiрткенiң шырылы, айпала көлбеңдеген көбелектер, төменде, өзен жағасындағы қарақошқыл тоғай суретi жiгiт жанына шабыт кұйды. Сағыныштан болар деп ойлады Еркiн. Иығындағы жол қапшығын көтерiп қойып, аяқдап жөнелдi. Жүрген сайын бойы жеңiлдеп желпiнiп кеттi. Жүрегi қатты соғып ерiнде күлкi шуағы үйiрiлдi. Жалаңаяқтанып алып коғалға аунап, шонтi шайнап, желмен жарысып жүгiргiсi келген оспадар балалық мiнезiнен әрең тежелдi. Екi шақырым жер жүрген соң кiдiрiп, чмоцанын жерге қойды, нығынан қапшығын сыпырды, былықылдаған көк шопке етпетiнен күлiп кеттi. Қаланың жүйкесi қажаған қалың шуынан соң құлаққа ұрған таңадай тыныштыққа кiсi мас болады екен. Тас төбеден бозторғайдың шырылы шықты. Аударылып жатты. Көкпенбек жуан санды шегiртке кеудесiне кеп қонды, көзiн бадырайтып тұрды-тұрды да, құйрығын қайырып ытырылып кеттi. Дәл бетiнiң үстiнде ақшыл қанатты нәзiк инелiк айналып, бiлегiнен күмырсқа жорғалады. Жынданған кiсiше былқылдақ майсаның үстiмен аунай бердi, аунай бердi.

Тұрып, жалғызаяққа түстi. Есiлдiң жарлауыт кенересiн жағалап кететiн ирекке келгенде кiдiрдi, әлдене ойына түстi



білем, иіні түсіп тұқырып тұрып қалды. Кеудесіне ауа жетпегендей түншықты... Қырық үшінші жылдың қысқы кешінде дәл осы арада тағдыр айдап өзін Әбілмәжін шалмен кездестіріп еді. Сол ұшырасу екі бірдей балапан жетімекті ажал аузынан ажыратып алған. Ол да бір пенденің басына бермесін деп тілейтін жаман күндертұғын. Сегіз жасар балаға өмір өтін берген, ызғырығымен шалған. үсітуге айналған. Ауыл шетіндегі қар көмген шағын жеркепеді көртышқандай қапас күндер кешті; сол үйдің суығы, ішекті омыртқаға жабыстырған аштығы жадынан шықпас есте. Анасы байгүс аса арық, үгіліп тұрған, көп күрсініп, сирек күлетін жалтақ әйел еді. Ылғи әлденеден жасқанып, қорқып жүретін. Әкесі солтүстіктің әлдебір станциясын саламын деп жүріп ұшып өліпті. Анасының айтуы сол. Бір күні шешесі қатты арыды, далаға шықпай өз-өзінен күйреп кетті. Сарала қаздың балапанындай ауыз ашып нан сұраған аш балаларын асырауға барын салған. Үй ішінің іске татыр мүліктерінің бәрін картошкаға айырбастап құртты. Сататын да ештеңесі қалмады. Күндердің күнінде жер үйдің іші сныр жалағандай жалаңаштанды да қалды. Сол мезетте анасы алыстағы Қызылжар қаласына жол тартты. Қыстың күні туған... Әлі есінде... Түнімен ғаріп шеше жылап шықты, ертеңісін пешті жағып, қалған картошканың бәрін қазанға салып қайнатты. Эрих пен төрт жасар Эльзаны тамақтандырды. Сосын, қалаға балаларына қайтып оралатынын айтқан. Эрих ақыл тоқтата бастаған, түсінді, тап осылай жалаңаш үйде отыра берсе тырайып қатып қаларын сезген. Анасына көмектесер жалғыз амал — қарындасын алдап, жуатып алып қалу еді. Сөйтті. Ана байгүс үстіне шоқытын жамылып үлкен жолға тартып кетті, жолай кезіккен машинаға отырмақ. Содан қайтып оралған жоқ...

Әлі күнге анасының не халге ұшырағанын білмейді. Кейін, ес жиып, етек жапқасын іздестірген болды, ештеме шықпады... Кішкентай қарындасын жуатып шешесін он күндей күткен. Сыз үйде уілдеп жылаған. Қазандағы картошканы тауысқан. Пеш жағып қарындасын жылытқан. Бір күндері отын да түгесілді. Сосын пенде басына түспесін деп тілейтін жан шошырлық сұмдық күндер туды. Аштық пен аяз қатар қысты. Күні бойы сай-сүйекті сырқыратып жылаған Эльзасы бір мезетте талықсып ұйықтап кеткен, осы мезетте ол киініп, сыртқа сытылып, есікті бекітіп Жаңажолға тартты. Жаңажолда өздерімен бірге көшіп келген т.лпыс немістер тұратын. Неге бара жатыр, қалай жетпек, жас бала өзі де

39707

парықтай алмайды. Баска барар жер, басар тау қалмаған. Оларды бірер рет көргені болмаса жыға танымайтын, қазір Жаңажолда тұра ма, жоқ па, оншасын да білмейтін. Ауылға кіре берістегі тоғай шетінен баланы иттер қамады. Ауыздары әрекетей, үлкендігі бұзаудай үш бірдей ит қоршап, алға да, артқа да жылжытпай қойды. Әлгілер қарсы қарап жатып алды. Бала қозғалса болды, тістерін сақылдатып ырылдай бастайды. Тырп етпей тұрса ғана тыншитын. Ол қар үстінде бүрсендеп ұзақ тұрды. Еңіреп жылап жер тепкіледі, даусы біткенше айқайлады. Бірақ ешкім көмекке келе қойған жоқ. Иттер болса кететін емес. Қас қарая бастаған мезетте келген ізімен кері жылжыған. Иттер де тұрып соңынан ілесті, ұзақ жүрді. Қанша үргенін білмейді... әйтеуір талай жылдар баланың түсінен әлгі иттер кетпей қойған, шошытқан. Ол Есілге түсіп, Тасөткел деп аталатын жайпауыт жерге келді. Шешіне бастады. Жазда дәл осы жер қатты таяздайды, талай балақты түріп жіберіп кешіп өткен, сонда жайпауыттың қылдай қырын тауып жүрген жөн. Есіл өзені аса терең, жалпақ болмаса да бәлесі мол ұйық, шүңейттері көп. Аңырсаң аяғыңтайып шым батып кетесің. Шүңейттердің үсті иірім. Иірімге ілінсең-ақ есінді жигызбай иіріп әкетеді. Шешініп болып жағадағы жылы құмға аяғын тығып ойланып отырып қалды...

Жер үйде өлуге қалған қос жетімді Әбілмәжін қолына алған. Шал үйінде өзі – Еркін, Эльзасы – Ализа аталды. Жаңа тіршілікке тез үйірсектеді. Жаттық көрмеді, әйтсе де кейде жанын жаман бір мұң жайлап алатын. Бұлдыр боранның арасына сіңіп жоғалуға айналған балалық кезі есіне түсетін. Ол кез жанына жат өмірдей, алыс түстей түйсік беретін, ұзын бойлы, көк көзді, көңілді әкесі елестейтін; мәлімсіз, ұғымсыз пайда болып, қуанту үшін емес, налыту үшін өмірге келіп ұмытылып кеткен жандай елестейтін. Әйтеуір кішкентай Эльза мен өзінің ұғымында солай. Алақаны жылы анасы елестейтін. Бейбақтың үлкен жанарынан әлдебір үрей ұшқыны арылмайтын. Осылардың күллісінен кейін Еркіннің тамағына ащы өксік кеп тығылатын, ол өксік ешқашан ағытылған емес. Жинала-жинала кеудені қысқан қорғасындай зілді ренішке, өкінішке айналды. Сол өкініш, сол реніш ауық-ауық кеудесін ауыртады, жанын сыздатады, уақыт өткен сайын азаяр десе, қайта тамыр жайып жапырақ таратып бара жатқан зәрлі шөптей өсе түсті. Осының өзі маңындағы қарапайым қарекеттің адамдарын, аңқылдақ ауылдастарын, томырық мінез Әбілмәжін шал мен оның күйбеңшіл кемпірін жан-тәнімен жақсы көріп құрметтесе ғана кететіндей, әлгі реніштің уы сонда қайтатындай көрінеді. Жалпақ

Селенгэ-Тазакостанский  
- 17 -  
областнык институт  
т.н. С. ИУКАНОВА

жерде “жақсылық” дейтін ұғым болатын болса, ол “атасының”, “әжесінің” ғана ұғындырғаны. Адамға, ғұмырға тән тәтті сезімдерді бойына еккен де солар. Әйтпесе қаны қарайып кетер ме еді, жат мінез боп өсер ме еді. Жылдар жылжып өте берді. Балалықтың жалғыз аяғынан өтіп, ересектің шаңдақ жолына түсті. Енді сол үлкен өмірдің ішінен кішкентай ырзығын теріп жер күреске түсер мезетте, баяғы жанында қалған жараға сәл нәрседен-ақ шаң түсіп, жарақатты ашытып, жазылуын қиындатып, қайта аузын үлкейтіп бара жатқан секілденеді. Бұл да кейінгі кезде байқап-білген жайты. Эльза болса бақыттырақ. Ол әкесін білмейтін, анасын да ұмыта бастаған. Кейде Эрих әңгімелесе ғана, көзі кішірейіп тұман арасынан әлдебір нокат іздегендей болады. Эрих осыны сезеді де, ата-анасын көп айтпайды, жас қызды сәби күннің селдір естелігінен ештеме іздеткісі келмейді. Сонан ба Эльза опыныссыз өсті. Қазір өзін Эльза деп білмейді. Оның өмірі қазақ ошағының басында бақытты балалығымен Ализа болып басталған.

Ол аяғының астына үңіле қарап сақ жүріп жайпауыттан өтті. Қарсы қабақтағы күн күйдірген қой тасқа көтерілді. Ентігін басты. Уақыт мүжіп әр қилы қалыпқа келтірген қой тастарға ұзақ, қызыға қараған. Дәл осы қой тастардың үстімен бабалардың сәйгүліктері өткен, жөңкіліп ел көшкен, содан Тасөткел деп атаған. Жас кезінде ауыл балаларымен қосылып суға шомылған, күн ұзаққа тасқа шоқнып аяғын суға малып отырып қармақ салған, сонда барлық балалардан да балықты өзі көп ұстайтын. Осы мезетте қарсы жағалауға жақын қара қоңыр иірімде әлдене су ішінде шолп ете қалды да, дөңгелек сақиналар жүгіре бастады. Тұла бойын тәтті құмарлық сезімі қуалап өтті. “Қармақ болса гой”, – деп ойлады. “Отыра қап үңілер еді, шабақтарды шабыттана суырар еді...” Шабак қуалаған шортан шығар... Жарым шелектей табан балықты аулап алып балалар отын жиятын. Майысып, қабысып қалған ыс құтыға балықты сап отқа қоятын, қайнататын. Пісті-ау деген мезетте жабыла жұлмалап жеуші еді. Тұзсыз, нансыз болса да аса тәтті сезілетін. Кейде шабақты күнге қызған тасқа жапсырып тастайтын, содан қақайып кепкен кезде, сүйегімен күтірлетіп шайнайтын. Ол кезде Есілде балықшы аз да, балық мол еді. Қазір гой жалғыз шабаққа екі балықшыдан келеді. Үлкендерден Әбілмәжін ғана ау құрып, сал тартатын. Содан жарты ауылды қысы-жазы аңмен, күспен, балықпен асырап келді. Ол – ол ма. Осы қызыл тастардан ойып қол диірмен жасайтын. Ол да үлкен өнер.

Ол киінді де, жасыл тоғай арасымен иретілген жалғызаяқ жолға түсті. Тоғай іші ыстық. Сыздың, шіріген жапырақтың нісі шығады. Доланалар көздің жауын алғандай алқызыл, топ-толық, үстінен жабайы аралар үйіріліп ұшып жүр. Қыздың асыл тасты моншағына ұсап мөлдір шиелер шертіп пісіпті. Қарақат, мойылбас, итмұрын еріксіз көз тартады. Атын біле бермейтін тағы бір кескінсіз бұталар баданадай жеміске малынып тұр. Түркескінде тұрған не бар; оның гүлдеу, жеміс беру мезетін көр, сонда табиғаттың күдіреттей жасару, жаңару мінезіне еріксіз қайран қалатының хақ. Жасыл алаңқайда мұрындары шуылдап, езуінен мизам созылып снырлар жүрген.

Ол жылдары Әбілмәжін не қилы кәсіптің басын ұстаған. Жер жыртып тұқым септі, арбамен май тасыды, жесірлерге шөп орып берді. Етік тікті, көршілердің ыдысын жамады. Қашан көрсең де даурықпайды, асықпайды, қолының тамыры адырайып қимылдап жатқаны. Ешкімнен мақтау да, даттау да тілемеді. Тек шағын ауылдың шаңырақ ұстар бақаны тәрізді барша істің басынан табылды. Сойтіп жүріп алпысты да алқымдаған. Пенсия сұрап көрген. Сөйтсе, ауылсовет бала, есепшотын әрі тырсылдатып, бері тырсылдатып шалдың еңбек жылын жеткізе алмай-ақ қойды. Басы қатты. Шалдыңның да басын шарадай етті. Әбілмәжіннің анық білетіні — осы колхозды өз қолымен құрысқан, содан бері отыз бес жыл өтіпті, оның алдында қанша істегені беймәлім, жұмыссыз шәниіп жатқан күні жоқ, қыбырлап жүр, тыпырлап жүр. Әлгі бала шаң сіңген үлкен бума папканы күні бойы аударыстырып, әлденені іздеді кеп, көлігінен айырылып айдалада сандалып қалған жолаушыдай болды, ақырында қайран қалғаны. Шалдың бір қағазда “Әбілмәжін” деп, келесісінде “Әбілмәжүн” деп жазылыпты. Әлгілер қателікті дереу түзеткен лазым десті. Мақұл. Соттың рұхсат қағазын алып келуге жонелді. Ондағылар куә болар кісі іздеді ме, куәлік қағаз сұрады ма, әйтеуір, шалдыңның шаңын қакты, миын қатырды. Күн өтті. Ертесіне Әбілмәжін қолын артына салып аудандық қамсыздандыру бөліміне қайтып келген. Кеңсеге әлі ешкім бас сұқпапты, ерте екен, үй сыпырушы сары әйел шалға бажылдап қоя берді. “Кет, кет, бабай! Нечего тебе здесь шляться!” — деп шүлдірлесін кеп. Шал терісіне сыймай шытынап тұрған, шарт сынды. “Не мой пошел! — деп айқай салды. — Ты пошел! Кантор не твой. Кантор — народский! Мой не пошел!” Еденге бір түкірді де, есікті тарс жауып шығып кетті. Содан ауылға бір-ақ тартты.

Үйіне келіп кемпірінің мәсісін жамауға кірісті, соңынан “аксақал, бізден бір білместік өтіпті” деп еш бала іздеп келген жоқ.

Жол қайқаңға көтеріліп, қапырық тоғай төмендей берді. Қыраттың үсті шалғынды жазық, жазық жиегін қыз білек сәмбі талдар көмкерген. Белуардан балауса құрақ. Төменде сынаптай сырғып ағып өзен жатыр. Келесі ұшы көкжиекке жетіп көк аспанмен астасып кеткендей бұлдырап көрінеді. Жар астының суы қарақошкылданып, одан әрі көгеріп, сосын ақшылданып кеткен, қарсы жағасы тағы да қарайып көрінеді. Мұның бәрі судың аса тұнықтығынан, жағадағы тоғайдың көлеңкесінен болар. Тасөткелдің тұсы қайнаған қазандай бүркылдап, қатты сарқырап ағып жатыр. Осы бір жағалықта Әбілмәжін жыл сайын шөп шабатын. Атасына ілесіп Еркін де келетін. Таңғы шыққа тізеден малшынып аталы-балалы екеуі шалғынды тоғайға келгенде, Есіл тұманға бөгіп бусанып жататын. Үйден ала келген қармақтарын құратын. Әуелде кілегей суда қалтқы ұзақ қалқып тұратын, сосын дір етіп, шым батып жоғалатын. Сол мезетте дүниенің бәрі ұмытылушы еді. Көз алдында қалтылдаған қалтқы, ширыққан жіп, бауыры күмістей жалтылдаған алабұға мен қыздай қылықты қызыл қанат балық кезек алмасатын. Таң әлетінде балық қармақты жақсы қабатын. Әбілмәжін шабақтарды бір-бірлеп жас шыбыққа тізетін де, суға салып қоятын. Күн арқан бойы көтерілген мезетте шөптің шығы кеуіп шалғы салуға келетін. Шалың шалғыны ұзақ қайрайтын. Шырт ұйқыда жатқан Есілдің үстін бірауқым қайрақтың шыңылы тілгілеп тұратын. Сосын білегін түрініп алып, шөп шабуға кіріседі, өзі қалтқыға қадалып жар басында қалатын. Әлсін-әлсін қармақты суырып ап жем шаншады. Күн тас төбеге өрмелейді, өзен үсті тұманнан арылады, күн нұры судың тайыз жеріндегі қныршық тасқа шағылысып алтындай жылтырайды, күмнан ыстық леп шыға бастайды; қармақ қабу тоқтайды. Қармақтың сабын жағадағы шымға шаншып, орнынан тұрады. Тізесіне қан ұйып қалады. Ақсаңдай басып жар жиегіне көтеріледі, атасына келеді, екеуі қосылып тал түбіне отырады. Әжесі шоққа көміп пісіріп берген күлше нанды жейді, шал шалабын ішеді. Атасы шабындыққа қарап қанша жер шабатынын көзбен мөлшерлеп, оймен өлшеп отырады. Еркін де үндемейді. Сосын атасы тұрып шапанын таза жерге жайып тастап намаз оқиды, өзі шұбалшаң қазуға кетеді. Шегіртке ұстайды. Мұндар жәндіктер балықтың жеңсік асы, қармақты таласа қабады әлі. Иә-ә-ә. Ойлай берсе,

тап осы жай ағып жайбарақат өмір кешкен Есілдің жағасында ең жақсы күндері өтіпті. Сан түрлі шөпке бөккен шабындық, жаз болса-ақ жабайы жеміске малынған жасыл тоғай. Есілдің үстін жайлаған жабайы тыныштық, өзеннің кейде бұлқынып, кейде тынши жылжып кешкен тынымсыз ғұмыры балалық жүрегіне терең орнапты.

Бірде осы тұстан шортан ұстағаны бар. Әлі күнге ауылда аңыз кып айтып отырады. Атасының жақында жүргені абырой болды, әйтпесе балық баланы өзенге тартып кететін еді. Шортан аласұрып жүріп дәл жағаға жеткенде қармақты үзіп кетті. Атасы балықтың арқасына қарғып мініп қос қолын желбезегінің астына сұға қойды. Тыныс тарылған шортан құмды қарнымен қазып, құйрығымен жер сабап шалды құлатып құтылмақ боп жанталасты. Құтылып-ақ кетер ме еді, өзі жүгіріп кеп сопақша басынан таспен періп кетті. Шортанның көзі шыныдай ағарып жүре берді. Дірілдеп сұлап түсті. Кәрі қақсал көрінді. Салмағы пұттан асты. Шортанның тәтті етіне бүкіл ауыл жиналғаны есінде. Балықтың омыртқа сүйегін жонып Ализаға моншақ жасап берді. Моншаққа ауылдың қыз-баласы түгел қызыққан, ол кезде ойыншық деген ұшпайтын.

Жасыл шөп пен көк өңез басып кеткен кара суды соқпақ айналып өтіп, алқапқа құлады. Ойда қой жайылып жатыр. Жуан қарын пәкене байталға мінген шопан мүлгіп отырған. Басын көтеріп жолға қарады. Мұны көріп айқай салды.

— Әй, темекі табыла ма? .

Сәкен екенін жарықшақ даусынан тани кетті. Шопан атын тебініп тақап келді, ыржиып күлді, темекі сарғайтқан тістері көрінді.

— Еркінбісің-ей?! Көктен түстің бе?

Темекіні тарса есінен шығарып, атын бұрып алып, ауылға шаба жөнелді.

— Токта! Қайда жөңкідің?

— Шалға барып сүйінші сұраймын. Ол байғұстың көзі төрт болып отырған.

— Өтінемін, Сәкен, керегі жоқ! Сүйіншінді өзім-ақ берейін.

Сәкен кідіріп, артына бұрылды.

— Не бересің?

Көзі кішірейіп, екі езуі қос құлағына қарай жылжып барады.

— Не қаласаң соны ал.

— Дорбаңдағы бұлтиған не?

– Шай-кант, кәмпит кой.  
– Шай-пай, кәмпит-сәмпитінді өзіңе қалдыр, маған басыңдағы шляпанды берсең болғаны.

– Ала гой! Атамды өзім қуантқым келеді. Үш жыл бойы көріспеген оңай ма?!

– Рас екен, – деп Сәкен таңдайын қақты. Шляпаны шыр айналдырып киіп мәз болды. – Өзің дәкей болғансың білем.

– Болғаным гой, шляпа киген соң.

Сәкен қарқылдап кеп күлді.

– Ендігі бастық өзіммін! Дағарадай шляпаны киіп кеңсеге жетіп барсам, ферма меңгерушісі жым болар.

Мал есіне енді түсіп, жалт қараған. Қуарып жүре берді. Кәнігі алатұяқ теке тұмсығын төмен салып қорыққа қарай жосып барады, соңында қоралы кой.

– Ойбай, кебенек келгір-ай! Тұқымымды сен-ақ күрттың-ау. Қорықтан қайтіп сүзіп шығамын енді, – деп Сәкен шапқылай жөнелді. Даусы жер жарып барады. – Арам қатқырлар, батпақ жұтқырлар!

Еркін еріксіз күліп жіберді. Жүріп кетті.

Алқаптан өткені сол еді, дәл аяғының астында, ойпанда туған аулы шыға келді. Жүрегі бұлқына соғып алқымына тығылды. Ауыл алақанда тұрғандай, шифрлы төбелері күнге шағылысып, ұядағы жұмыртқадай жыпырлайды. Кұдық қауғасының қыңсылы естілді. Өз үйін тез тапты, қайран қалғаны, өзі отырғызып кеткен жас шыбықтар шулаған дараққа айналыпты, үйдің төбесінен қарап тұр. Ауылдың төменгі жағындағы жас кезінде суырга қақпан құрып, балалармен доп қуған жазықта екі-үш жаңа көше пайда болған. Ауылдың қанаты жазылып, ауқымы үлкейіпті. Төбешік те ауылға тиіп тұр. Сол төбешіктің басына өскен жалғыз үйеңкінің түбінде Багира екеуі иық түйістіріп отырып емтиханға әзірленуші еді. Саусағының ұшы тиіп кетсе басы айналып жүре беретін, қарақат көз қараторы қызға жадындағы үш ауыз сөзді айта алмай жан азапқа түскені бар. Кім болса сол айтып қадірін түсірген сол бір қарапайым үш сөзді ойлап талай түн көз ілмей шыққан, емтиханда қалғып отырған. Әйтеуір айта алмады. Жүрегіне жасырып оқуға аттанған, қызды ұзатып жіберіпті, жалғыз үйеңкіні кесіп тастапты.

Ауланың таныс есігіне келіп кідірді, бақшаның іші құлпырып кеткен, еңтігін басты. Топ талдың түбіндегі тыныш көлеңкеде атасы отыр, әлдеқайда алысқа қарап қалған.

— Ата! — деп ақырын ғана дауыстады.

Шал селк етті, маңайына қарап, ескі әдетімен кеудесін қасыды.

— Ата-а-а!

Даусының дірілін әрең басты. Шал еңсесін котерді, қалың қасы түйіле түсті.

— Мазактағандай боп тұрған кім өзі?

Еркін шыдай алмады, бұта арасынан шыға кеп шалдың мойнына орала кетті.

— Ө-өй-й, — шал сасып қалды. — Ұлым менің!.. Еркінжаным! Қалай ғана... сен...

— Аманбысың, ата?!

— Көріп тұрсың, ұлым, көлеңкеміз қалған, — талпынып тұрғысы келді, буынынан әл кетіп, аяғын баса алмады.

Шалдың сақалы дірілдеп, кемсеңдеп кетті. Көзінде жас жоқ тұғын. Ұлының басын кеудесіне басты, жалпақ алақанымен сұйық шашынан сипады. Осы мезет үй жақтан екі қолын жайып жіберіп ұшып келе жатқан Ализа көрінді. Даусы тыныш ауылды селк еткізгені.

— Аға-а-а!..

...Кешқұрым, қонақтар тарқаған соң үйде өздері қалды. Кемпір қызарған жанарын жаулығының ұшымен сүртіп қойып пеш түбінде ұршығын иіруге кірісті. Қасында Ализа отыр. Иығында шотланнның алапыш нойын шәлісі. Жүзі балбұл жанып, ағасына қызыға қарайды. Еркін жастыққа шынтақтап алып, көне домбыраны кеудесіне көсілтіп әлдебір әуенге басты. Ауыз үйден самаурынның ақырын ысқырып салған сазды үні келеді. Әбілмәжін шал сақалын салалап қойып осы мезет тұңғыш мәрте бақыт туралы ойлады, бақыт дегенің қол жетпес ұшар биікте, қиындығы мен күпиясы мол керемет деп жүрсе, сағындырып барып қауышар перзентін. өкінішке толып барып өнін жылытар ұзақ өмірің екен ғой. Зая кетпес жақсылығың екен ғой.

*Аударған Д.Досжанов,  
1970 ж.*



## АУЫЛ ШЕТІНДЕГІ АҒАШ ҮЙ

Дүниені қорғасын зілімен езген қыстың қою қараңғы түнінде ауыл шетіндегі үлкен ағаш үйдің әйнегінен сарғайған қағаз жамылған аспалы шамның сәулесі сығыраяды. Үй артындағы теректі тоғайдан адасып ұлыған мазан желдің мүсәпір үніне құлақ салып, журнал мен кітап, жұлмасы шыққан папка үймелеген жазу столының жиегінде ұйқысыздық пен сарылудан сарғайған ақын Ғалымов отырды. Жылдар бойы ойын таусып, тамамдалмай қойған, әбден титығына жеткен кітабының кейіпкерлері оны бірде көлеңкеге, бірде елеске айналып торып жүргендей еді; ал алдында әлі қол тимеген ақ қағаз, сабы мүжіліп, ұшы ұқыппен үшкірленген қалам жатты.

Ол бүгінде қартайған, қажыған. Осы өлкеде, екі жүз жылдай бұрын, Есілдің жағасында шошайған шағын киіз үйді мекендеп тіршілік еткен, кейінгілер Шал ақын деп атап кеткен Күлеке батырдың баласы, өз жерлесі — өкінішке толы өмір туралы, тән мен жанды жұртта қалған көнектей тырыстырған кәрілік туралы өлеңін мұның құлағына тынымсыз сыбырлап тұрғандай-тын.

Есілдің де талай суы сарқылыпты-ау; ой-хой, әуел баста бұл өзінің жазушылық жолын дүбірлетіп бастаған, сол заманның алай-түлей дауылының екпіні еліктірді ме, әйтеуір әдебиет дүниесіне ентелей енді, енген жоқ-ау, бұзып кірген: садақ сирақ құлындай қоңыраулатып, құлпырып кірген. Жас болды, тұзы жеңіл аталды. Қаламы да еркін, ерек жорғалайтын. Бірақ алам деген асуы бұл емес еді. Әлі көрері де бұл емес-тін, ең бастысы — алда әлі қуанышы, қыруар гүмыр кешетіндігі, әлі талай тамаша туындылар туғызатындығы, соның ішінде талайдан көңілін күпті қылған туган жері, туысқан адамдары, кішкентай күнінен көріп-біліп келе жатқан Есіл бойының таныс тағдырлары туралы екі, яки үш томдық роман жазатындығы жайлы жанын жылытқан сенім болатын.

Даңқ биігінен аздап басы айналып та жүрді, қаламынан шығып әлі сиясы кеуіп үлгермеген дүниесін редакциялар қағып алып басып жатты, сыншылар марапаттап мәз болды, есімі төртінші, не бесінші болып аталатын, творчествосы мен өмірін дәл осы тәртіппен мектептерде оқыды; азапты да, арпалысты да, күдікті де сезбей, өз таланты мен талғамын медет қып күн кешті бұл.

Осының бәрі жеңіл-ақ жасалды. Сөз дегенің өзінен-өзі қағазға күйылып жататындай, жазғанының бәрі айтулы шығатындай еді. Кейде қаламдастарының бірі жолы болмай жүргенін, жер бауырлап қалғанын, нешеме рет қайта көшірсе де көңілден шықпай тұрғанын, кері кеткірдің кері кеткенін айтып мұңын шақса, бұл тұрып тереңнен басу айтушы еді: “Қайтесің, жазушы пақырдың көрген құқайы осы болып па?” — деп жұбататын, ал енді ішінен мысқылдап: “Күр азаптан не түседі, жарқыным, қайта көшіре бергеннен құлақ шықпас; құдай таланттан күр қалдырған соң!” — деп күлетін.

Бәле қайда — бассаң аяқ астында деген рас екен. Кейінше пәлекеттің бәрі неден басталғанын есіне түсіре де алмай қалды. Тек қана бұрынғыдай боратып жаза алмайтындығын, жұлмалап жүргені жүрек көтерген, кілкілдеген жалпақ, жасық сөздер екенін, баяғы құлдыраған шабыт құлынын ұзақ жылдар бойы бала құсап жалпылдап, жауыр етіп, әлі мініп жүргенін ойда жоқта сезді. Осы күнге дейінгі жазғандары жеңіл-желпі, әшейін-ақ нәрселер екен. Бұл мұны жаман шошытты. Өстіп, еті үйренген шабысынан оқыстан жаңылып қалды да, сосынғы өмір жолы ирелең-бұралаң түсініксіз бірдемеге айналып кетті.

Мезгіл зымырап өте берді... Бірде республикалық әдеби газет шекесіне: “Ақын Ғалымов қырық жаста!” деген сөздер жазып тұтас бет арнады. Аяқ жетер жердегі қаламдас достары бояуы кеппеген әлгі газетті қойындарына тығып үйіне тоғытылған. Құллісін ресторанға отырғызды бұл, содан түннің бір уағына дейін бокалдан асып быжынаған шарап пен шампан уыты ұрған тым бөспе, тым өсірме сөздерді сарсыла тындағаны бар.

Кеше ғана жараған жүйріктей арық, сымбатты, қагілез еді. Енді бордақыға байлаған азбан қошқардай іркілдеп барады. Тақауда тұнып тұрған қара шашы түтеленіп, сұйып кетті, самайға күміс қонды, маңдайдағы көлденең қос әжім тереңдеп айқындала түсті. Әрәдік заяда өтіп бара жатқан уақытын удай ашы өкінішпен еске алады, әйтеуір бір нәрсе істеп қалуды, батыл қарману керектігін, дереу ұмтылу керектігін жиі-жиі ойлайды. Күнделікті күйкі тіршілік сүлікше сорып титықтатпай тұрғанда, бір бұлқынып қысталаңнан шығып кетуді көксейді.

Пәленбай уақыт көкейін тескен негізгі дүниесін ой құшағында толғатты. Әуелде оған ат таппай қиналған. “Есіл өлкесі”, “Есіл толқындары” деп бір жүрді, кейде көңілі “Көгілдір Есіл” дегенге

соғады. Бұл туған жерінің кешегі мен бүгінгісі туралы үлкен кітап болмақшы, жазушы өзіне керекті деректі мысқалдап теріп жинады, республикалық және облыстық өлкетану музейлерінен, солтүстік Қазақстан жерінің аты жалпақ жұртқа жайылған көне ақындары һәм жырауларынан қат-қат аңыз бен әңгіме жазып алды. Әр кейіпкерін жадында мүсіндеді, олардың кітапқа кіреді-ау деген, осы ұтымды-ау деген мінез кырын, жүріс-тұрысын, сөз саптауын, құлқын, тағдырын жеке-жеке қағазға түртіп жүріп, оларын бөтен көзден қызғана, қорына екі папкаға салып жинады. Жылдар өте папкілер жуандай түсті. Бұл енді болашақ кітабының сүлдесін, тұтас қаңқасын әлден-ақ көзге елестетіп қалған; аса ауыр, еңсені езген еңбегін аяқтар күнді ойлаған сәтінде тұла бойын шымырлаған шаттық жайлайтын. Қан тамыры лыпып соғатын.

Өз арманының дәмін тату жолында бос сандалбаймен сабылмай, майдагерлікті қойып, нәпсісі мен талғам-тілегін пышақ кесті тыйып, көп нәрсесін құрбан етіп бар зейінімен жұмысқа берілуі керек еді. Осы жерде дәл осы шулы қалада күнделікті қиқым тірліктің тірнегімен, редакция иінтіресінің күн кешіп қара бастың қамымен жүріп әлгі көкейін тескен кітабының ешуақытта жарыққа шықпасын түсінді.

“Кетемін, қарамды батырамын!” – деп жиі-жиі ойлады ол. – Мен жазушымын ғой, ақынмын ғой. Тышқанша түртінекті қойып, тарихта қалар дүниелер беруім керек қой. Мерекелік газеттердің бірінші беті үшін күндік мақала жазу, не редакцияның түгін шұбалған бөлмесінде бөгденің қолжазбасының шаңын қағу емес шығар мақсатым. Сол үшін жаралмаған болармын”.

Соңғы жылдары қатты өзгергенін, дүниені басқаша, бөтен көзбен көре бастағанын, барлығына әсіресе жазу кәсібіне өзгеше олшем тапқанын сезінді. Осы күнге дейінгі жазғандары жаман да емес шығар, бірақ айтайын дегені, көкейді қыжылдатқаны бұл емес-ау; қолынан келіп, қабілеті жететін дүннесі, тіпті алуға тиіс асуы бұл еместігін ол оқыстан опына, өкіне түсінді. Осыған дейінгі жазғандарының мән-мазмұнында баланың жеңілтектігі мен асығыстығы бар-тын. Құллісі бір отырғанда-ақ өзінен-өзі қағазға құйыла салып еді. Сыншы-оқымысты досының айтуынша мұның бәрі сырттай қызықтаудан, үстірт түйсінуден, жылт етпе сезінуден туа қалған сәтті дүниелер-тін. Қазір кеп толысқан шақта әлгі шимайларынан тым жылмағайлықты, кәнігі қолдан шыққан “жазғыштықты” ғана анық байқады. Менмендігінен

де суи бастағанын сезінді. Иә, өзімшіл болды, бірақ мұнысын мойындамайтын. Мұның өзімшілдігі жұрт көзінен жасырын, терең бұғынып жатқан қатерлі дерт іспетті еді...

Ол әманда батырсынған бозбаладай көзге түсе қалсам деумен жүрді. Нағыз жазушыға дүбірлеген үлкен даңқтың түкке қажеті жоқ екенін енді білді. Оның үстіне, өсіре дабырайған дабыраданқ тұсаудай-ақ жазушының адымын жаздырмайды. Әрине, атақсыз жазушы жоқ. Кісіге көпке танытатын, жаза алатындығын айғақтайтын ғана атақ жетіп жатыр, өйткені өзіңнің кітабыңа, жазғаныңа көпшілік көңілін аударып қызықтыратын сол. Сонда ғана еткенің еш болмайды. Осы ғана. Артықтың керегі жоқ... Қазір өзіңнің қолтаңбасына, сөз саптауына қарап қарны ашады. Бұрын ол қағаздан қаламұшын көтермей-ақ бірнеше беттерді толтырып тастайтын, сосын бір жазғанын көшіріп, жөндеп әуреленбеуші еді. Ал енді әр сөйлемін, әр сөзін толғана ойланып, кей сөздердің орнын алмастырып, ұтымдысын іздеп, үстінен сызып және өшіріп жан терге түсетінді шығарды. Тіпті өзіңнің бұрынғы кітаптарын оқи алмастай халге келді. Оларын ашса-ақ болды, қаламға қалтырай жармасатын да тұтас беттерді зор ынтамен құлшына шимайлайтын, жөндейтін, қайыра көшіретін. Әбден дымы құрып қалжыраған мезетте диванға гүрс құлайтын да темекіні құшырлана сорып сазарып ойланып қалады. “Тәңірім-ау, маған не болып барады тегі? Қартайғандық па? Әлде жазушының қиямет-қайым қыл көпірінен өтіп есеюі осы ма? Әлде таусылып тұраладың ба? Тақырып тапшылығы ма бұл? Әйтеуір дәрменсіздігінен ұялады. Кері кеткенін қаламдасына айтуға және қорқады. Бірде таныс жазушысы мұның жалғыз бетті жүндей түтіп оншақты рет көшіріп жатқанын байқап күлгені бар. “Тегі сен Толстойға ұқсап барасың-ау!” — деп мысқылдаған. Бұл сөздер жанына шаншудай қадалды. Шырт ете түсіп: “Толстой әр романын он төрт мәрте түзесе, біздей пақырға өмір бойы түзеу жазған шығар”, — деп жауап қайтарғысы кеп бір тұрды да, тосылып қалған. Мәнді ештеме дей алмады. Көңілсіз ғана езу тартты. “Түсіну қайда?” — деп ойлады. Күшеніп-ақ, өзін-өзі қинап-ақ жүр деп ойлайтыны кәдік.

Бара-бара өзін билеуден қалды. Жаза да алмайды, жазбаса және отыра алмайды. Қаламың тұралаған қиын күндерде дарынсыз бетпақтардың түкке тұрғысыз шатпағын оқу керек, сонда әлгілердің бейшаралығына көз жеткізесің де өзінді оқыстан сенімді, батыл сезінесің: әрі қарай ісің оңға басады — деген бір кеңесті есіне

алды. Содан қойыртпақтарды котара оқыды. Сенімі құрғыр келген жоқ. Керісінше, әлгілерге деген ыза мен жиіркеніші ұлғайды. Кейде қаламың қалтырап торғай адым жерге жорғаламай қойса көне көз классиктерді, атышулы сөз зергерлерін оқу керек деген келесі бір кеңесті есіне алды. Бұл творчестволық серпіліске мың да бір дауа дескен. Енді мықтыларға шүкшиды. Сонда да шабыт шіркін көкірегіне қонар болмады. Қайта әлгілерге қарағанда өзінің әлсіздігін, пәстiгiн сезiне бердi. Жер боп жасыды.

Үйде де жайы келмеді. Үй дейтін үй де емес-ті. Әйелімен дастарқан басында ғана табысатын, суынып, жат болып кетіп еді. Ал бойжеткен қызы ноқайлау боп өсті: бірде анық өзгеден естіп алған сөзін маңдайынан салып қалғандай қып айтып тұр. “Әдебиетте, — дейді дүрдік ернін тістелеп, — әдебиетте ғана емес-ау, өнердің бәрінде де орташаларға орын жоқ”.

Айтқыштығын аңғарта салу үшін, “қарай гөр, нендей ойларым бар” деу үшін де, әшейін-ақ, қызыл сөз үшін айтыла салуы мүмкін, әбден мүмкін ғой. Бірақ әлгіні жүрегімен қабылдады бұл. Онсыз да жалаңаштанып жүрген жанына жаман батты. Бірнеше күндер бойы мең-зең күйге түсті. “Орташаларға орын жоқ... орташаларға орын жоқ”, деген аса қатал, әйтсе де әділ сөзді өз ішінен құранның сүресіндей қайталай берді. Түні бойы қараңғы, қаңсыған көшелерді көңілсіз кезіп, әр адым басқан сайын “орташа, орташа” деп күбірлеумен болды.

“Бұл енді кетеді, құриды. Туған өлкесіне, тып-тыныш ауылына жоғалады, өзінің туысқан, жақын адамдарының ортасына, туып-өскен қайран Есілінің жағасына кетеді”. Осы ойды санасына шегелей түсті. Сол жақта ғана сарыла күткен баяғы сенімін қайта сезінеді, жазушының шырт етпе шікәмшіл шабыты сонда ғана оралады бұған. Өзінің жарық дүниеге келуіне де себепкер, өмір бойғы қарызы іспетті сол бір кітабын қайтсе де тамамдайды, сонда жатып жазуын бітіреді. Өзінде қабырғаны тіреген бұттай табандылық мол. Ақкөздік те, көнбістік те жетіп жатыр. Көзден бұлбұл ұшып ғайып болған таланты қайырыла кеп қонғанша күтуден жалықпайды. Әзірше жылт етіп тұтандырар от болмай жүр, “ұшқын жетпейді” деп өзін-өзі жұбатып қояды. Романына ойша апарып араластырған пәруардігер кейіпкерлері шабыт арайында жарқ етіп көрінер ғажайып мезетті қажымай күтуге бар. О, о, бұл әлі көрсетеді. Жыл сайын ұялмай-қызармай романнан беріп жүрген өзiмшiл, жолы болғыш жазғыштарға танытады әлі.

Ақыры жылдар бойы жанын жеген жолға түсті. Бәрін тастап, бәрінен безіп ауылға тартты.

Жерлестері қуана қарсы алды. Мақтан тұтты. Колдан-қолға көтеріп қонаққа шақырды. Алдына әкеп бас қойды. “Ақын, жазушы” деген анықтама сөзді ауыздарынан тастамады. Аудан басшылары думандатып дүрмек көтерген. Облыстық газет бір бетін түгел бұған арнады.

Ауылдың ашық ауасы, ақкөңіл адамдардың әңгімесі мен қонақкәдешіл мырза дастарқаны мұның жанын жадыратып-ақ тастады. Енді өзіне деген күдіктен де арылып, қияли күйден құлан таза құтылған. Мектеп кешіне шақырған, сонда көкенді төрге отырғызып қойып, жоғары кластың ылғи бір мөлдіреген қыздары мінбеге кезек көтеріліп мұның өлеңдерін оқысын кеп, мұның әрбір қимылынан, сөзінен әлгілер өрттей болып қызарсын кеп. Осы көріністен ақынның жаны сұмдық рахаттанды.

Ол өзін анадан қайта тугандай сезінді. Кеудесін кере тыныстап, ел аралап, он сегізінші ғасырда өмір сүрген әйгілі бабасы Шал ақынның өсиеттері мен өлеңдерін ауыл шалдарынан жазып алды. Қара сирақ бала кезінде жорға тайға мініп тайпаңдаған жерлерімен жаяу қыдырды, кей күндері Есілдің жағасында қалтқыға үңіліп қалғып та алды, тоғайларды аралап адамға тәтті “тыныштық”, “еркіндік” деген ұғымның дәмін татты. Колхоздың қоймашысы – нағашысы еді. қауқылдаған байғұс атақты жиеніне ағынан жарылды, қақтаған қазы-қарта жегізіп, қымызға қарық қылды. Осы өңірдің жылаған баласына дейін атын естісе жуанатын ақынға кеп жуан бастық астындағы жорғасын мінгізді. Ғалымов қоқайып алды, жолдастары мұның ернеуі қақайған шляпасы мен иығы едірейген костюмін көргенде мысы түсіп қауқалақ қақты, сонадайдан қолын ала жүгіретін.

Бір күні баяғыда бірге оқыған парталас досы, бүгінде мектеп директоры кешке шақырды. Сол кеште бұл жанары өткір, сөзге кезек бермейтін, аққұба, ажарлы қызды ұнатып қалды. Сол кеште әлгі қыздың бетінде қан ойнап сұмдық шолжаң болып көрінгені. Құдайдың құтты күні радиодан ән шырқайтын әртіске еліктеп құйқылжытты кеп, саңқылдап өлең оқысын, сыңқылдап пьесада ойнасын. Ақынның есі қалмай төңкеріліп түсті. Ауыл қызының осыншама ашықтығына қайран қалды. Қыздың есімі Мәрияш екенін, оның осы ауылдың серісі, жиын-тойдың жаны, жыршы Нұрғалидің жалғызы екенін естігенде одан бетер таң қалды. Сосын,

кеш аяқталар кезде қыз әлгідегі әсерден балбұл жанып тұрып, ақын ағасына жастар атынан алғыс айтқан, шабыт тілеген, сол — сол-ақ екен ағасында жан қалмады, жетіп барып, қыздың басын қос қолдап ұстап ыстық деміне шарпылып тұрып маңдайынан сүйген, сосын: “Қарындасым, гүмырлы бол”, — деп батасын берген.

Содан дамыл болмады. Мүғалімдердің өтінішімен әдеби бірлестікке жетекшілік етті. Соның жемісі де: көктем шығып, емтихан басталар алдында бірлестік әдеби альманах шығаруға бел буган. Ғалымовтың ұсынысымен жинақтың да, бірлестіктің де бас иесі Нұрғалидің әдемі қызы болды. Жаңа бір асуға шабуыл осылай басталған.

Көктемнің жұмсақ кешінде төрт-бес жоғары класс оқушылары мүғалімдер бөлмесіне жиналып, шүңкілдесіп, альманахпен айналысар еді. Бұл болса қараңғы бұрыштағы іші түскен диванға отырып алып, шылымын құныға сорып, шам жарығымен ағара түскен, аса сұлу, ақсары қызға көзің сатар еді. Қыздың қамшыдай бұрымыалдына түсе беререді, ұзын кірпіктері жиі-жиі жыпылықтар еді. Жүрегі май жұтқандай кілкілдейтін. Ішінен тәубасын айтатын. Әйтеуір жанында осы бір құйын іспетті үйтқыма мінез қыздың жүргеніне шүкіршілік ететін. Терезенің сыртында сұңғыла түн. Көктем иісі аңқи түседі. Бөлме қабырғасында ұзынтұра ұсқынсыз коленкелер көлбеңдейді. Тарбинған столдың ат шаптырым ана басында қыл қаламын стаканға сыңғырлатып суретші Есләм отырады. Беріректе өзін осы міндетке араластырғанға аса бақытты Бейсен жайғасқан, ол интернаттың қонақ көжесіне тоймай қатпа болған шәлтік қараның өзі, ызыңдап өлең не әңгіме оқиды. Соны тым беріде отырған Мәрияш көшіреді. Көшіріп отырып әлденеге қызарады, қымсынады.

Қызды үйіне шығарып салмақ болып ере шығады. Ауыл терең ұйқыда жатады, бұл аузын буган өгіздей үнсіз келеді, қыз жәудіреп қарай береді. Бақша жиегіне жеткенде бойжеткен: “Сау болыңыз, ағай!” — деп зытып жоғалады. Бұл қыз сонынан зарлауық қақпа жабылғанша көмпиіп, өзін қолапайсыз сезініп тұра беретін, сосын солбырап үйіне қайтатын. Күнде осылай...

Күзде Нұрғалиға құда аттандырды.

Қызға ақын ағасының жары болу бақыт еді. Енді ше? Тақауда ғана бұлар оның өмірі мен творчествосын мектепте оқиды емес пе? Ақынның “Түстіктің түндері” дастанындағы әйел кейіпкерлерін айтып “бес” алғаны бар. Бітіру емтиханының билетінде ол туралы

бақандай торт сұрақ жүрді. Енді міне, бұл сол даңқты адамның күдай қосқан қосағы болды, күрбы қыздары мұны каншама күндейді десеңші. Әрине, ол бозаң мұртты бозбала емес, қараторы да емес, сарғыштау, бетінде шешек дағы қалған, самайы ағара бастаған қыркылжың кісі. Бірақ осы ұсқынымен-ақ ауылдың арбиган-сарбиган жігіттерінен көш ілгері, әйтеуір Мәрияшқа солай көрінді.

Той тамаша өтті. Іштері күйген тұз жалаған-ақ шығар. Алыс-жақын ағайындар жиналған. Облыстық, аудандық газеттерден қалам кеміріп, қағаз иіскеп нан табатын достары жетті. Думанның екінші күні жастарға бағышталды. Ата салтын ұстап шымылдық ішінде ізетпен отырған Мәрияш бұл күні жайрандап қызмет қылды. Ойын басталған. Домбыра жылжып отырып қалыңдыққа келген; Мәрияш өрттей қызарған күйі, қос ішекті қағып-қағып жіберіп, жай ырғақпен осы күнге дейін құлақ естімеген махаббат әнін күйкылжытты. Жұрт таңдай қағып тамсанысты. Ғалымов сыр берген жоқ, жымыған болады, бірақ сырты бүтін, іші түтін. Той басы болып жүрген заржақ жігіт мұны “күйеу жігіт” деп әзілдей атап, ауыл жастарын жаңа әнмен жадыратуын сұраған, домбыраны ұстатқан. Бұл сол сыпайылық сақтаған күйі ғашық жары Мәрияш туралы тәтті бір ән айтты. “Көгілдір көкте жүзген әдемі айсың, сенің көзің тұңғиықты тірілткен жұлдыз секілді. Өзің Есіл талы іспетті сұңғақ та сезімталсың. Жазған сәулем Мәрияшым, сенің қара бұрымыңа буынып өлсем, ақ білегіңе асылып көз жұмсам арманым жоқ. Ақ тамағыңның астынан сүйіп шөлімді қандырар ма едім, Мәрияшым, махаббатым!” О, о, бәрі өліп түсті. Әсіресе, әлгі сөздер әлдеқашан ұмытылып кеткен көне қазақ әнінің әуенімен жұмсақ, сәл мұңды сазбен айтылғанда отырғандарға тамаша әсер етті. Көздеріне жас алып көңілі босағандар да болды. Дүр көтеріліп қайта айтуын өтінді. Бұл домбыраны тағы баяулатып жорғалатты, жастар жағы қайырмасына қосылып: “Мәрияшым, махаббатым” дегенде қуанышқа да, мұңға да қарық қылды. Ақын жырына арқау болған әзіз жар Мәрияш бақыт буына мас болып балқып дастарқан жиегінде отырған. Қос беті піскен алмадай қызарады. Жұрттың бәрі соған қарады, бейне бір қыздың қауыз ашқан сұлулығын жаңа танығандай, енді аңғарғандай. “Ақын деген айрықша жаратылған-ау, — деп тамсанысты, — сұлулықты да бұрын көреді, жақсы сөзді де дәл тереді. Біз ғой мандайға салып қалмаса аңғармай, түсінбей жүре беретін”.



Әлгі әнді “Мәрияш” деп атады. Атады да Есілдің лықылдап соғар самалындай ойға да, қырға да таратып әкетті. Кештерде, шілдеханада, тіпті мектеп үйірмесінде де соны айтатын болды. Жерлестері шығарған әнді әркім-ақ қағып алып үйренді, әркім-ақ айта алмай қалса маскараға ұшырайтындай сезінді. Оқыс оқиға болды. Бұрын Мәрияшты ұнатып жүрген ку жігіттер оның “қыркылжың Ғалымовқа” шығып кеткенін қызғанып әлгі әннің әуенімен әзіл өлең шығарды.

Жымысқылардың жамандығы шаңырақ шырқын бұзған жоқ. Қуанышқа кенеліп жүріп жатты. Тіршілік қамын ұмытқалы қашан. Қеш болса бұл күс жастыққа жантайып жатып жаңа жазған өлеңдерін оқитын, келіншегі бейне ұстаз алдында отырған оқушыдай қызара, құптай тыңдаушы еді. Сосын қосағының көңілін кимай мұңды да назды “Ұйықта, менің құлыным” деген әнді шырқаушы еді. Өмірде бәрі өткінші екен. Бұған көп ұзамай көздері жетті. Әсіресе бақыт дегенің уыстағы қар секілді барлы-жоқты нәрсе көрinedi...

Ақыры, терезе сыртында жынды боран апталап азынаған кезде, ошақ бағып омалып қалған шақта шын бақытқа жетпегенін сезінді. Столында қалам жортпаған ақ қағаз жатқанда, ойдағыдай татымды дүние жаза алмай жүргенде бақыттымын деу ұшқарылық екен. Жазушы болып тууы сол бақытсыздықтың басы, жол тосары ма деп қалды.

Әуелі тұрмысын дұрыстау керек-ті. Жыл сайын жарық дүниеге атойлап келген балалары баяғы әдемі әнді ұмыттырды. Жаңа ән басталды. “Ойбай, ауырып калмасын!” “Отқа күймесін!” “Суға түспесін!” “Қарны ашпасын!”.

Көктемде күллі жиган-тергеніне үй салып алуға бел байлады. Содан ендігі ой-арманы баспанаға бағышталды. Баспана салудың миды ашытып мәңгіртер, титықтатып бітірер бейнет екенін білмеpti ғой. Ендігі әңгімесі, ендігі жыры үйден басталатын болды. Біреу-міреумен әңгімелесе қалса “Осы шаруаны бітірген соң...”, – деп сайрауға шықты. Өзге туралы ойлаудың өзі қиынға соқты. Осыған дейінгі өмірлері өмір емес, әшейін сол өмірге әзірлік, не әннің қайырмасы ғана екен, “әләулай” екен. Ең бастысы осы үйді бітіріп, пешін маздатып жағып, балаларын жылытып отыратын жаймашуақ кезден басталатын секілді. Жаймашуақ кез түсіне кіріп жүрді. “Осы арпалысты аяқтаған соң”, – деп кіжініп оянатын.

Ақыры үш жыл өткенде мойнына ілген камытты сыпырды-ау — үй салынып біткен еді.

Бұның енді асығы алшысынан түсті, осы ауылдағы ең үлкен, ең биік әрі жаңқауығына дейін жас қарағайдан салынған өзінің ғана үйі болатын. Мекен-жай болғанда қандай, баяғы бай патшалардың сарайы секілді кірсең жаңғырып, шықсаң шалқнып есіңді алатын. Әңірейген орталық бөлмені етегі кіршең әйелі мен шуылдаған балаларына бөлді. Кішірегін өзі мекендеді. Терезеге тақап төрт тағандап күжірейген күжбан столын қойды, бұрышқа кітап салған шкафты ысырып, кіре беріске жатып демалатын диван құрды. Келіншегінің төсегімен келген қол алашаны еденге жайды. Қабырғаға өз суреттерін қақты. Ұжымаққа ұсамаса да соның ауыз үйіндей болды-ау: тыныштық пен тазалық, жат та шәни, тұр да адымда. Астанадағы жазғыштардың көбі мұндай мекенді түсінде де көрмес. Тұрған жері ше. Ауыл шетінде шатыры күнге шағылысып, шулаған жапырақ саясында көз тартады. Терезеден кең жазық көрінеді, сол жақта тоғай, ал алыс томенде Есіл, сол жасыл жіптің арғы жнегімен күні-түні ағылған машиналар. Ол машиналар әманда асығып, мұндағы жайбаракат өмірді мұңдалап шақырып алысқа еліктіреді, ілестіргісі келеді.

Ол өзінің жаны сүйген тыныштығын зым-қайым жоғалтып алды. Мәрияштың құрсағы ылғи томпайып жүретініне әбден көзі үйренді, еті өліп, солай ғана болуға тиіс нәрседей сезілді. Ортаңғы үлкен бөлме бірте-бірте тарылып, шуга толып, даңғазаға айнала берді; жасы үлкендері мұның қасиетті кабинетіне сұғына бастады. Баланың алды мектепке барғаны сол еді, өзінің столында сия жүкқан оқулықтар мен дәптерлер қонақтап сұмдық шошытты. Жыл өткен сайын жазу столы тарыла түсті, әуелі бір шетінен басталған “басып алу” келесі бұрышқа ауысты. Енді тау боп үйілген оқулықтар арасында баяғы қос папка мен қол тимеген ақ қағаз, көлденең жататын мүжік қалам әзер табылып жүрді. Ақ қағаз бейне тулаған толқынды мұхит ортасында қалып қойған жан баспаған елсіз арал іспетті еді.

Мәрияш та көп жуылған көйлектей тез оңды. Ауылдың салпыетек әйеліне айналған. Ол енді кешқұрым сызылтып ән салмайтын болды, өлең жазылған қағаз ұшыраса тезірек көз көрмес қуысқа тығуға асықты. Көне патефонды қоюдан жерінді; өзіне әлі жұмбақ, соншама қызық, қуанышы мол қала өмірін көруге құмартпайтын болды. Алакеуімнен тұрып сиыр сауады,

табынға апарып қосады, балапандарға дән шашады, сосын азынап өз балалары оянатын. Жүгіріп жүріп табаға нан жабады, бауырсақ пісіреді, күніге әлденеше рет самаурын қайнатады; кешкісін ет асты, нан жайды, кір жуды, балаларды тамақтандырды, сосын түннің бір уағында титықтап, сілелеп төсекке құлады. Бәрі де үйреншікті болатын. Дәл сондай үйреншікті, қызықсыз халде күйеуіне берілетін. Артынша-ақ тұтамдай қысқа, татуы аз ұйқыға бататын.

Бір шаңырақтың астында жүріп жұбайлар бірін-бірі сезінуден қалды. Жалғыз ауыз тіл қатпайтын күндері жиі кездесетін. Өзімен-өзі болып жүре беретін. Сөйлесе қалса: “Шайың әзір ме?” “Алып кел”, “Айдай сал” дейтін қысқа жарлықтан аспайтын. Бара-бара бұған да еті өліп көндігіп кетті.

Ілкіде ғана, шай үстінде әйелін жаңа көргендей, жүзіне ұзақ-ұзақ сүзіле қараушы еді, әлденеге таңқалушы еді, сосын жын түрткендей домбыраны ала салып тыңқылдататын, баяғы “Мәрияшты” ызындайтын. Мәрияшы алғашында мұның қарлығынқы, қажыған даусынан қатты толқитын, жүрегі еріп бара жатқандай елжіреп, көзіне жас алып отырып қалушы еді. Сарғайып, әжім сызған бетіне нұр жүгіретін. Аз да болса тәтті мезетке кенелетін. Әлгі әннен алыста қалған, енді қайтып оралмайтын, бейне қыздың әсем сынсуындай, тұңғыш жар төсегіндей ақтық мәрте бұлқынудай ұмытылмас әсер алатын... Күйеуі барған сайын әнді сирексітіп кетті. Бара-бара Мәрияшқа сол әнді өзіндей өңі тайған, сынық көңіл келіншекке айту әбестей болып көрінді. Күйеуі арланатын шығар деп топшылады. Кейде сол тәтті сөздер өзіне емес, өзге бір Мәрияшқа бағышталғандай сезілетін. Қыстың ұзақ түнінде аспалы бесіктегі бесінші баласын тербетіп отырып ақырын-ақырын ыңылдайтын, аргы бөлмеде, үлкен столда бүркітше бүршііп жазу жазған күйеуі естімейтіндей етіп, алыста қалып қойған, еміс-еміс қана құлаққа жететін, сол бір сұлу да бақытты Мәрияш туралы әнді салатын. Ауылдағы өзге әйелдерден тұрмысы да, тіршілігі де мысқал кем емес, күйеуін әлденеге жазғыруды, кіналауды да ойлаған емес. Әйтсе де сондағы бір қуанышты, ойнақы, бетінде нұр ойнаған Мәрияшты, ақын жырлаған Мәрияшты аяйтын, өзіне де белгісіз мұңмен еске алып сағынатын.

Ғалымовқа да ауылдағы тіршілік қамы қатты батты. Жағадан алып жанталастырған жұмыс көбейді. Ерте көктемнен тыпырлап

тұрып бақшаны қопарады, картоп отырғызады, шарбақты тоқиды, қоймаға тіреу тұрғызады, мал қораны қыстайғы көңнен тазартады, үйді сылайды, ақтайды, шөп орады, отын тасиды, мал бордақылау керек, жамау керек, жондеу керек... “Ойпырмо-о-ой, қандай әділетсіздік! Неткен жаза бұл!” — деп кентін ол. Бұл пенденіңен тұсаудай қысқа ғұмырында қарақан басының қамы үшін, шулаған балаларының наны үшін жанталасып жүріп жинаған отынын, шөбін, үйін, көрпе-жастығын, төсек-орнын, қызметін, атағын жоқ қылса, жойып жіберсе қайтер еді?

Бұл арсасы шығып арыды, қон арбадай қикалақтады. Баяғы костюмін, шляпасын, галстугін әйелі сандыққа тоғытты. Тоғытпаса да қие алмас еді. Күнделікті қара жұмыстың өз лыпасы бар-тып. Ол енді қиға малшынған керзі етікпен, құлақтары қырқылған құлақшын, күйе жеіп түтелеген, қолтығынан ылғи мақтасы көрініп жүретін күпәйке, егеудей қатты қаудырлақ плащпен, тыртыған галифемен жүрді. Қырынбай-ақ, шаңын қақпай-ақ қошеде көрінетін, жұртпен сәлемдесетін. Бұрынғы дапқы жер жарып астанадан келген айбарлы, азулы ақынға мүлде ұсамаушы еді. Мұның мыжырайған түрін көргенде Мәрияш қатты аяйтын. “Байғұсқа ауыр тиіп жүр-ау. Ақын басымен сиырдың астын тазалап жаны қиналды-ау”, — дейтін ішінен. Бір қора бала тауып, аяқ-қолын матап тұсап осы келеңсіз тағдырға қиліктірген өзім деп ойлады, өзін-өзі кіналайды Мәрияш. Ерте көктемнен қайнаған шілдеге шейін жазу столына отыра алған жоқ. Ілуде бірер сағат сарылып колхоз жұмысы туралы, көктем егісіне әзірлік, қой қашыру, белсенді бригадир жайлы мақала жазады; мерекеге қарсы аудандық, не облыстық газеттің өтінішімен өлең ұйқастырады. Бірде бұл колхозды сүлікше сорған басқарманы даттап көлемді ажуа шығарды. Әлгісі облыс көлеміне лезде тарады, балалар жатқа айтып, үлкендер әңгімесіне қосып мысқылға айналдырып ду көтеріп әкетті. Жемқор басқарма шок басқандай болды. Жерлестері Ғалымовтың батылдығына таң қалды, өйтпегенде ше, “еке, еке” дегенге есірген басқарма колхозшылардың қаққанда қанын, сыққанда сөлін алып есті тандырып еді. Көп асқанға бір тосқан деген осы. “Оқыңдаршы, оқышы!” — деп жұлмасы шыққан облыстық газетті қолдан-қолға өткізді. “Қызыл көз пәлені қалай шұқыған, ә! Ақын деген осылай, бетің бар, жүзің бар демейді, тұрасын айтып қарап тұрады, қасқаның өзі!” — десті.

Бірақ басқарма орнында қалды, баяғы — баяғы ма, қайта

өткізіп жіберді. Бұрын жемқор, паракор болғанымен жібі түзу еді, енді төбені тесе зіркілдейтінді шығарды, табалап-жерлеп мұқататын болды. Ал аудандық, облыстық басшылар Ғалымовқа жүре сәлемдесетінді шығарды, ішін тартып қалды, бәрінің ойында: “қаламы жорғалағыш екен, шиімізді шығарып жазып жүрмесін, пәледен аулақ, алысырақ атымызды байлайық” деген шошыну бар-ды.

Жазып жүрген кітабы туралы, күдігі мен табысы туралы сөйлесетін ешкімі жоқ, ағынан жарылып сырласатын досты аңсады, түсінісер пендені сағынды. Көптеген газет пен журнал жаздырып алды, бүгінгі әдебиет әңгімесінен құлақ қағыс қалғысы келмеді, бірақ жылдан-жылға ойының мұқалып, сезімінің жұтап бара жатқанын түсінді. Баспасөз бетінде кісі өліміне бергісіз айтыс-тартыстар қызықтырмады, толқытпады. Біразға дейін астанадағы баспа мен газетте істейтін жолдастарымен хат жазысып тұрған: бұл ұзақ етіп толғайтын, ал достары сәлемдесумен ғана тынатын, ақыры олар жазуды доғарып, хабар үзілді.

Ауылдастары да жалықты білем. “Ақын” деген сөзді бұрынғыдай құрметтеп айтуды қойып, енді әзілге, кекесінге шаптыратынды шығарды.

Бұл енді жанына жалғыз медеу жазуы ғана екенін ұқты. Ең басты мұрат-мүддесін ойлады, соны серік қылды. Әйтсе де онысының жай шатпақ емес, сөлі мен нәрі бар шығарма болуын қалады.

Уақыт уысында тұрмады, жазуда қазауат бейнетке айналды. “Осы бет оңды шықты-ау”, — деп қуанатын күн саусақпен санап, түстеп танырдай тым тапшы еді. Көп уақыты өзін табалаумен, іштей азаппен өтті. Төзімі жұқарып, ашуланшақ боп алды. Басы мәңгірді. Түрінен адасқан, “тура жолға түсемін-ау” деген үміттен ада болған мінез танылды. Кейде сөйлеп тұрып, әлденесі ұмыт қалғандай қалт кідіріп аңтарылып ойланып қалатын қияли күйге түсті. Ешкімді ұнатпады. Әлі де сол бір үмітпен жүргенін, қаламының еркін жорғалап, ақ қағаздың жылдам толып, зердесінде піскен кітабының қалындай берер, көз алдында жуандай түсер бақытты шақты күтіп жүргенін қамыға ойлады. Жазушының нағыз бақытын қолмен ұстап, көзбен көріп, сезініп, тұшынып көз жұмар кезді аңсайды. Нағыз жазушы болып өлсем дейді. Сол ойдан шекесі шытынап кетердей сығып ауырды, құлазып, қалжырап, күнәсын жуумен күн кешкен шәйықтай жанары шатынап қараңғы терезеге қадалады.

Маңайында балалары ұйықтап жатады, бірінің басы келесінің аяғына кетіп, бірі жерде, бірі кереуетте сығылысып, тәтті ұйқы құшағында былдырлайды, пысылдайды. Әкенің азабынан бейхабар нансоғарлар өншен, ешқайсысын қол ұшын беріп көмектесуге жазбаған екен. Тұңғиық терезеге үніле түсіп келешек кітабының кейіпкерлерімен тілдеседі, қосыла күйінеді, іштей талас-тартысқа түседі. Қол созым жерде, оқулықтар мен дәптерлердің, сиясауыт пен күнделіктердің арасында әзер көрініп ақ қағаз жатады. Қылау түспеген сол ақ қағаз. Қабырғадағы әйнек астындағы суреттер сарғая бастапты. Олар бір кезде астананы дүңкілдеткен достары еді, қазір қайсібірі зор атакқа ие болды, келесінің үні өшті, әне біреусі қазір де қағаз бен қаламның соры деседі. Таң да жақындап қалды білем, әтештер шақырып, әйнек күлгіндене түсті. Жатар кезде ауыз үйге шығарып жіберген бала мысық есікті тырмалай бастады: бөлмеге енгісі келген-ді. Енді етігі қолпылдайды, плащы жалпылдайды, буындары сытырлайды, басталғаны “әлеулайдың”. Өмірінде аса көп ұшырасқан бір-бірінен айырғысыз тағы бір күннің басталғаны бұл. Маңайында таныс көршілері жүреді, олар да шаруасын қарайды, малын жайғайды, әйтеуір өз істерін біледі, жасаған жұмыстарын мақтан етеді, ертеңгі міндетін белгілейді. Сосын көңілі толып үйлеріне қайтады, әйелінің, балаларының бетіне тіке қарайды, жылы пештің түбінде рақаттана аяқ созады, тамағын да тәбеттене жейді. Бұл да күн сайын стол жиегінде сағаттар бойы тапжылмай отыратын, әр кезде басына торғай еніп кеткендей қос қолдап ұстап түнеріп қалатын, қаламды кеміретін. Тыныштықты ұмытқалы қашан. Жазылмайтын, жалмамай тынбайтын дерт секілді күн сайын сағын сындырған жаман ойдан құтыла алмады. Жазу столындағы жаман азабын ешкім білмеді, білгісі келмеді. Мысқыл аралас күлкімен кекетті. Жатып ішерге, жалпақ шешейге теңеді, дені дұрыс жұмысты әдейі істемей жүр деп ойлады. “Осы заманның серісі Ғалымов қой, — десті, — жас қатынының бөксесіне басын сүйеніп жатады, қазит оқып көңіл көтереді, жан қинамай-ақ қаламақыны күреп алады”. Осыншама арам тер болып, көз майын сарқып отырып жазған өлеңдері мен мақаласына темекілік ақшаны әзер айыратынын ешкім ойламады.

Кейде отырып түңіледі, бәрінен безгісі келеді. “Мейлі, — дейді мұңға батып, — осы жазғаным да жетер, қарық қылғаным болар, енді қолым шығып қалған шығар. Құдайыма қой айттым. Мүмкін менікі әшейін адасушылық, қиыс кеткендік болар, жазушы да

емес шығармын. Әйтеуір арым таза. Жаза алмасам, жазбаймын. Қағазды былғамаймын. Романды балаламаймын. Әйтеуір сол бір үлкен мұратты, қасиетті асқарды былғағаным жоқ”.

Әлі есінде... өмірдің өзі осы ойды алдына талай тартыпты-ау. Бірақ бұл тап басып толғанбапты, қорытындыға келмепті. Иә, жазу деген пәлені уақытша ұмытқаны бар. Жазу столының жапынан жайбарақат өтетін.

Онда тоғайға барып шөп шабатын, шалғысын сілтеген сайын жасыл құрақтың исі аңқи түсетін, аяғының астында былқылдап, дестеленіп құлап жататын; түс кезінде бұл жас шөпті жастанып шалқасынан жатушы еді, кеудесін кере жұпар ауаны жұтушы еді, содан коктегі бұлттарды қызықтайтын, оларға теңеу іздеп басы қатпайтын – қауырсындай, жібектей, орамалдай, шарбы майдай; будақтаған, калықтаған, жаңбырға желіндеген, нөсерлеткен, пайзағай атқан, дауылдатқан бұлт емес – жай әншейін бұлт қана, күнде көріп көңіл аудармайтын бұлт бұл. Күн де кәдімгі күн. Балалары, әйелі де ешқандай теңеусіз, ұйқассыз, ырғақсыз-ақ өзіне ыстық. Кәдуілгідей күн кешеді. Күбірлеп, күңіреніп түн ұйқысын төрт бөлмейді, шамның майын тауыспайды. Әйелінің қасында шәниіп жатады.

Ауыл қыстың терең түніне батты. Үйлердің жарығы әлдеқашан өшкен. Қолхоз ұстаханасындағы пырылдап тұрған ток бергіш мотор да тыншығалы қашан. Тарғыл бұлттардың арасынан ай сығалайды. Тек үй-үйдің, құдық-қауғаның маңында мазасыз жел жоргалап жүгіреді, тасаға киліксе тоқтай қалады, тың тындайды, енді бірде көше бойлап томпаңдап жөнеледі.

Тек қана ауыл шетіндегі үлкен ағаш үйдің жалғыз әйнегінен әлсіз жарық көрінеді...

*Аударған Д. Досжан,  
1972 ж.*

## МҰНАР ТАУ

Соңғы күндері екі адамның басы қосылса сөз кеніші – туған елге тезірек оралу. Бақыт деп тұшынар тәтті мезетті тағатсыздана күткен хал. Әлденені аңсаса, не беріле ойласа кісінің оң көзі тартады білем. Жұрттың күллісі тезірек жылы ошағына жетіп, соғыс күндерінде қиялымен әлдилеп келген жаймашуақ жаңа бір өмірді бастағысы бар.

Пендешілік деген осы. Бұл көкең жаратқан жылқыдай қатыңқы қалпы.

Бұл айда капитан Мәлік Ержанов өзін мұнар ішінде жүргендей сезінді. Төсінде ордені мен медалі саусылдап туған аулына жетер: сосынғысы белгілі, барша жұрт жалғыз ағасының үйіне дүмер: дастарқан басында, көне көз кәриялардың қолпашымен көпті көрген адамның дәмді мәслихатын шертер. Кешке қарай өз өтінішімен түтін мен айран иісті үй жанындағы тал күркеге, дәу кебеже жанына тосек салар: жеңгесі басына зерен толы шүпілдеген қымыз қояр; бұл көкең құс жастыққа шәниер, есен-аман туған топырақты табаны басқанға сұмдық қуанып, домбыраны кеудесіне сұлатар, содан тыңқылдатар. Осы ойдан Мәліктің жүрегі лүпілдей соқты. Әйтсе де соғыста опат болған жерлестерінің анасы мен жары жүздесер мәурітті, ол бейбақтардың салт бойынша жан тырнаған жоқтау айтып, “Жалғызымды қайда қалдырдың?!” – деп, мойнына оралар мезетті есіне алғанда әлгі шабыты суга батқан тастай ызымғайып жоғалатын. Қашан кәриялар келіп, тоқтам айтып ажыратқанша жұбату сөзін мұғдарсыз мінгірлеп, аһ ұрған әйел-еркек қоршауында, қаралы жанды құшағына көме кірісіп, ашы жоқтауды тітірене тыңдар, сай-сүйегі сырқырар.

Сосын қонаққаде салты басталады. Әуелі көрші-қолан шақырады, бір-бірлеп ауылды тамамдайды. Сосын қыр астындағы үлкендерге қол беріп қайтар. Туған топыраққа деген қарызын өтер. Бір күндері ақылгөй кәриялардың батасын алып, астанаға, баяғы өзінің білім ошағына аттанады. Өйтпегенде ше... қан шеңгелден өткен жастығының өтеуі қайда? Жалқын арманының әшейін сағымға айналғаны ма? Жігерінің боркемік болғаны ма? Қамшылайтын ой осы.

Өз ойына өзі малданып мәңгүрт күйге түскен Мәлік тоғай көмкерген шағын төбенің ығына шүпірлеген неміс деревнясын



жиі шарлайтын. Бұйығы тыныштықты үркітіп алмауға тырысатын. Шаруақор немістермен бас изесіп сәлемдесер еді, кейде пендеге қажетсіз қысыр сөзге тартып тілдесер еді.

Соңғы кезде өткені мен ертеңін ой безбеніне салуға машықташып алды. Әлдеқашан естен шығып, ұмытылған шабытты шақтың оралғанын сезінетін. Сезінетін де жан-жүйесін қорытпаға салғандай шымырлатқан бақытқа шоматын.

Осы өлкенің әрбір соқпағы мен төбешігі бифәни пенделер жүз жыл бойына мақтаныш тұтқан Ақын атымен байланысты білем. Жас кезінде өлеңдерін шөлікпей оқығаны есіне түсті. Содан киелі топыраққа табаны тиген күні-ақ сәті түссе атының өзі елең еткізген әйгілі тауға шығып қайтуға бекінген.

Қыркүйектің сары алтындай шуақты күні еді. Аз ғана шаруасын тамамдап, түстен кейін жолға шықты. Жолсерік болуға кіші лейтенант Андрей Чиж ілескен. Жұртты күлкіге қарық қып жүретін ауыз жаппас қылжақбастың өзі-тін. Соңғы кезде көзінің оты өшіп, жағы үрпиіп, азып кетті. Кіші лейтенанттың аяқ астынан ері мойнына кетіп ыңыршақтаған гәбіп сезген жолдастары қойсын ба. Қаңқу сөзді дүр көтеріп әкетті. Андришаның үш ұйықтаса түсіне енбейтін мінез танытып, тырна сирақ, сары үрпек Эрнаға ғашық болып қалғанын, күннен-күнге жүнжітіп бара жатқан соның күйігі екенін бәрі білді. Шын махаббат дәттотты алудан бетер білем. Жігітіміз демнің арасында жұлған тауықтай болды. Түнемесіне тісі сақылдап Эрнамен серуен құрады, бақытқа кенеледі, күн шыға салы суға кетеді. Таяу арада айрылысар шақты еске алып жаман жүдейді.

Екеуі әуелгіде үнсіз аяндаған. Қырқаға тырмысар тік жолға түсіп, алып шыршаны айналып өте бергенде Андрей демалғанды құп көрді. Мәлік жігітке жаны ашыды. Түнгі айкасқа тынығып шығуды кеңес етті. Жолдасын қалдырып, тауға жалғыз өрмеледі. Белі бүгіле түсіп соқпақтың соңынан ілесті. Көз алдына сағым ойнады; сосын шабыт ұялаған жанары шоқтай жанып, бұйра шашын жел ұйпалаған, жазық маңдайлы, сұлу да сұңғыла бітімді бозбала ақын елестесін. Ақын да өстіп күздің қоңыржай күнінде тауға өрмелеген. Асау мойнында кеткен шылбырдай сұмандаған жалғыз сүрлеу жоғарыға сүйреген. Ентіккен. Сөз жетеледі де. Тюрингияның қылқанды орманының ауасы зеңгітпе шараптай екен. Қылықты қыз деміндей лықылдап есті алды. Тау бұлағы былдырлай жүгіреді, құс шырылы бір тынбайды. Тас төбеде қыран

калықтайды. Со заманда Веймар сарайының сапырылысқан тіршілігінен, сылқым, сері герцог Карл Августің түңгі жорығынан жалыққан; бақыр тынға қажетсіз даңғазаның дүмеуінде жүріп діңкелеген ақын осы тауға тырапайлап, тыныштық іздеп кашадымыс. Бұл дүние қисығына қыңыраймай тұрған ба. Қыңыр тагдыр Гетені де келіге түйгендей төмпештеген, жігерін жеп, қауырсынын ұшырған. Сол мезетте алғыр ақын бифәни шуылға қызықпай, өзінің хежрасын жасар еді; жанын жырымен суарған шығысы, оның пайгамбары секілді мансүк іздеп, өз Мединесі — осы тауға қашып келеді-міс. Тәңірдей табынатын тау мен суын сағынғаны бұл. Даналықты іздегені. Бейкүнә, момақан табиғатпен бетпелбет ұшырасқысы келгені. Бұл тіршіліктің таңдайдан кетпес дәмін, сәнін сонда шын тұшынады. Ақын осында келген сайын шын тебірене шабыттанады екен. Өмірдегі өз орнын, өнер адамының максат-мұратын, гұламалық мұғдарын, қоғамдық қызметін айқын, анық түсінуші еді: неше жерден дана болса да ұзақ гұмырында көр бейнетпен ғана таңгажайып дүниелер туғызарын тереңнен сезінуші еді. Ильменау шатқалының тап осы тұсынан: “Қақ қанатты, өлеңім!” — деп қыранша шаңқылдаған шығар-ау.

Осы оймен келе жатып Мәлік үш сағаттың демде өтіп кеткенін білмепті. Шағын алаңқайдағы шіріген түбіртекке келіп отырды. Шылымын орады.

Маңай құлаққа үрған танадай. Күн төмендегі көгілжім кеңістікті теңіздей толқытып көкжиекке еңкейе берді. Төменнен жеп-жеңіл көлеңкелер өрмелеп келе жатты. Алып шыршалар әлденеге сезіктеніп құлақ түре қалған секілді, сұлық қалған. Қайтатын кез тақады. Тау ішінде кешкі серуен әзірге қауіпсіз бола қойған жоқ. Бұл білсе — төменде Андрюша ұйықтап та үлгерді, енді гой өз ротасы бірнеше ай бойына қаңтарылып тұрған деревняға тезірек жеткісі кеп тықыршып-ақ түр. Табанын түңгі жорық тартады.

Мәлік терең күрсінді. Осы бір тәтті ойын, тебіреніс мезетін үзгісі келмеді. Әлдеқалай жақсы әсерден көкірегің кеңіп жүре беретін, жаның жай табатын кошуақты кез еді бұл. Бұл толғаныс ұлылыққа деген ілтифаттан туған, соның қиесінен, кәрінен жүкқан мінез. Жақсыдан шарапат деген осы. Бұл қазір мүлде осы дүниелік емес. Рухы әлдеқашан тастап кеткен. Алыстағы көгілдір Есілдің жағасында жүргендей аяғының астында майда қиыршық сытырлайды, дәл қойнаудан үйір-үйір, шоқ-шоқ болып шыға

келген сәмбі талдар бейне ақсүйек ойнап адасқан қыз-келіншек дерсің. Ауыл жақтан ән қалықтар.

### *Қараңғы түнде тау қалғып...*

Өлең жолын қалай айтып жібергенін Мәлік сезбей қалды. “Ақын болып шыға келмесем неғылсын”, – деп ойлады. “Қараңғы түннің киесі ұрмасын өстіп. Ақынның аруағы атпасын өстіп”.

Тап кеше болған секілді.

Даланың кеші суретке ұқсас. Әуелі көгілжім, сосын көгілдір, сосын көк, қаракөк, сосын қара бояуға ұласады. Есіл өзені сол бояуды араластырып, әсерлі сурет шимайлаған қыл қалам іспетті. Керемет қой! Алып қанатты қаракүс жер бетімен жаймен жылжып келе жатқандай гой. Ауыл қара бояуға малшынады. Сол бояумен, сол самұрық күспен қосыла құлаққа ұрған танадай тыныштық ошарылады. Дүние мүлги қалады. Сосын әлгі тыныштық зорая келе хрусталь шыныға қасық тигендей зыңылдайды, сыңғырлайды, күс та ұшуын қойып тал басына үңірейіп кеп қонар, әсті-әсті жағала әлдекім малта тасты теретіндей, әлдекім өзен суын шалпылдатып ішетіндей.

Ауыл шетіндегі, түп қайыңның түбіндегі үйден уілдеп ән қалықтар. Марғау даланы жуан қоңыр дауыс кернеп әкетер.

### *Қа-араңғы түнде-е-е...*

Әншінің даусы қаршығаның ұшуын ұқсатады. Әуелі қайқан қағып көкке өрлеп алады да, сосын жерге құлдырай құлап, тәкаппарлығын жоймай, ауыл үстімен қанатын қақпай қалқыған күйі сырғып отеді. Жалбақтамайды, дызақтамайды, көкірекке маңғаз тәкаппарлық құяды. Әуеннің әдемі шырқы бұзылмайды содан.

### *...тау қалғып...*

Әншінің даусы үдей түседі. Қаршыға қанатын үйіріп қалады. Енді жай қалқуды қойып, мүлгіген оңаза тыныштықты, сосын ағаш басына қонақтап отырған үңгірейген түнді, ауылды, одан әрі жалпақ даланы, бұлаңдап аққан Есілді дүр сілкіндіріп өтер: қанат сусылына ілестірер. Орган аспабының үніндей күңірене түсер.

Мәлік тебірене тындаған. Бір апта бұрын ғана сиыр тіліндей дипломын алып, демалып қайтуға ауылға келген. Арман деп аталатын асау пырақ жалынан ұстатқандай еді: қазақ әдебиетінен дәріс оқуға оқытушы етіп кафедрада қалдырды. Жас десе жас, талант десе талант бар. Өлең жазады. “Жан дегенде жалғыз жұбанышы” қарақат көз Зәурештің сұлулығын дәріптеп, шығыстың газал әуенімен цикл боратып жүрген.

Ауылға келген соң аңсары Есілге ауды: күні бойы жағасынан шықпайды, мөлініп қармақ салады, суына түседі, күнге қыздырынады. Кешқұрым туған жердің таза ауасына іңкәр, үйге кірмей айдалаға безіп, дәруіштеніп жүргені.

Ән салған Әбугали мұғалім-тұғын. Қазаққа сирек қонатын жуан дауысқа ие еді. Өзімшіл, өнсіз, дімкәсті жан болатын. Байғұстың ауру кеудесінен осыншама жуан дауыстың қалайша қайнап шығатыны беймәлім. Кісі нанғысыз нәрсе. Ауыл мұғалімінің әнді кешкі тыныштықта ғана салатыны, сосын екі-ақ әуен білетіні жұртты таңқалдыратын. Әбугали ешқашан екі әнді де бір кеште айтпайтын. Сірә, жаны жай тауып, мұғдарсыз күйге түссе “Қараңғы түнде тау қалғып” әнін айтады; ал әлденеге опынса, не қошы болмаса, дімкәсті кеудесін кере күңіреніп, тағдырға қарсы қарғыс айтқан мінез танытып Мәдидің қайғылы, қатар әні “Қаракесекті” шырқайды. Мұғалім бүгін көңілді болғаны. Шабытпен шырқап жатыр. Әннің әр сөзінен, әр ырғағынан түннің еңсесі езген ауыр тынысы, тақаппар қуанышы, жар төсегіне құпиялы қызу қосар сыр мен наз сезілді. Сезімді сергітті.

Мәлікке қай-қайдағы қиял келсін. Осыдан сексен жыл бұрын, тап осы қарапайым қоңыр әуен Ақшоқы жайлауында отырған ауыл үстімен дәл осылай Сарыарқаның салқар, сахи самалындай қалықтап өткен болар-ау. Кедей-кепшік күні бойғы шілденің ыстығына көн қақтатып кеп, іргесі тұрулі киіз үйге сүңгіп-сүңгіп, демін ішіне тартып, киелі сөз бен құдіретті әуенді ынтыға тындар еді. Кейінгі ұрпақ мақтаныш тұтар ән иесі — жерлесіне тәуба айтар еді. Сыйынар еді, әйтсе де осы бір әннің қарапайым сөзі дала қазағына мүлде беймәлім, алыс өлке, бөтен жерден жеткенін кім біліпті. Кім ойлапты.

Түбі тесік дүниенің сырына кім үңілген... Мәлік ес біліп, етек жапқаннан бері “Қараңғы түнде тау қалғыпты” Абайдың ғана әні деп ұққан. Бастауыш класта өзі де талай шырқады. Әйтеуір ұзақ жылдар бойы ән мен Абайдың арасына айырым қоймапты. Ойда жоқта, орыс тілі сабағында “Қараңғы түденің” Лермонтовтың

“Мұнар тау” өлеңінің аудармасы екенін білді. Сонда сұмдық танырқаған. Өлеңді ұзақ шұқшынып салыстырған. Осы бір құртақандай шумақта екі бірдей талант иесінің тіл жетпес, тіпті қанмен, түйсікпен ғана ұғынысқан мүбәрәк қасиетін таныған. Институт аудиториясында тағы қаперіне келмеген оқиға болды. Лермонтовтікі деп малданып жүрген “Мұнар тауы” бұрын-сонды оқып білмеген немістің ұлы ақыны Иоганн Вольфганг Гете өлеңінің тәржімесі екен. Ғажайыпты қойсаңшы! Өлең өнерінің туыстығы туралы ой тебірентті. Ақын жүрегінің лүпілі тілсіз-ақ түсінікті білем. Мезгіл мен шекараға қарамай, қилы ұлттың рухани үндесуі бұл. Содан-ақ неміс даналығына бас иген, іңкәр болған. Қиял жетеледі. Немісше қолына тигенді ежелеп оқыды, жаттады, аудармасыз түсінетін халге жетті. Құныға үйренді. Шекесі шаншып-шаршаған мезетте төсекке қылжия кетіп, ақынның “Батыс – Шығыс жыр маржанын”, одан асып “Фаусты” түпнұскадан аударуды армандады. Жылдар өтті, әлгі арманы көлеңкедей серіктесіп қалмай қойды.

Әбуғалидің зор даусы сап-сап басыла берді. Ән соңынан демін ішіне тартқан тыныштық орнады. Мәлік үйге қарай аяндады. Санасында “Кезбенің түнгі әнінің” қилы-қызық тағдыры еді.

“Тюрингияның жасыл тауының” елеусіз бір күркесінде, кездейсоқта ұлы Веймарлықтың туғыза салған сылқым өлеңі үш ұйықтаса түске енбейтін алыстағы қазақтың салқар сақи даласына жетер деген кімнің ойында бар? Ұлт өзгешелігін былай қойғанда сол кездегі ара қашықтығы кісі шошырлық емес пе? Естімеген елде көп деген осы. Иоганн Вольфганг Гетенің “Мұнар тауы” бірнеше ондаған жылдан соң Лермонтовты таң қалдырсын, шабытына желік, қауырсынына қанат бітірсін, содан орысшаға “сылқымдықпен” тәржімелесін: жарты ғасыр өткенде сол “сылқымды” қазақ жұртының өлең күдіреті – Абай аударған.

Арада үлкенді-кішілі талай ел қалды. “Кезбенің түнгі әні” жел қанатына ілесіп ақыры Ақшоқы жайлауына ұшып жетті.

Гете кезбесінің маңдайы жарқырап туғаны рас. Періштедей түнгі әнді Лермонтов пен Абай есітіп елітсе, өз ұрпақтары оны зердесінде тоқып, көкейінде әлдилеп үйренді. Түнгі серігі етті. Қанына сіңіріп өсті.

Мәлік рахат ойға шомған күйі бұйығы ауылды аралап келе жатқан. Құлағында Әбуғали мұңлықтың қоңыр даусы, әннің әдемі бояуы. Бейқамдықты, бұйығылықты марапаттаған дауыс бұл: жер бетіндегі кезбелерге тыныштық тілеп, ол пақырларға жан тазалығы мен рухани ләззат сыйлаған қошық бұл.

Осы оқиғаның ертесіне почташы Нұрқан аудапшан соғыс деген сұмдық хабар жеткізген...

Сосын соғыс сүркілі сүмендетті. Шарият кітабындағы күнакар пенделердің үрейін ұшырып, тәубаға келтіретін дозактың қыл көпірі мына газуаттың жанында ойыншық екен. Төрт жыл бойы мылтық қарауылының алдында қалбақтады ғой. Сылқым Есілдің жағасында жалаңаяқ ойнап өскен Мәліктің осы бір бөтен таудың етегіне келгенше көрген қасіреті мен қайғысы, сұмдығы мен сүрені күллі ауылдастарын жеті атаға дейін діңкелетуге жетер еді. Жоғалту, ашыну, айуандық, қаталдық, өлім, дерт, қан, көз жасы кілкіп көз алдынан өтті. Бұл пәлелер майдан даласында ғана жүрсе бір сәрі ғой. Тісі сақылдап айдаладағы ауылға да жетіпті. Келіншектерге қара жауыпты. Туысы мен танысын ендігәрі көруге жазбай жер қойнына алыпты. Өзінің жазылмаған “жыр маржанындағы” жырланбаған Зылихасы — қарақат көз Зәуреші бөтен біреуге бұйырыпты. Күте алмады. Жүрегінің терең түбіне сақтап келген жақұт тасын жоғалтты... Қаны қарайды, қатал жанға айналды. Жеңіс күніне есен-аман жеткенде ғана өз-өзіне, кісілік қалпына келе бастады: жүректегі мұз ереді: тағы да сағымдай болып алыстап кеткен Гетесін іздеді, өлеңге ұмтылды, бойын желік биледі. Ойпырмо-о-ой! Гетенің өзі сол заманда-ақ көзсіз, көрмәдік пруссактың соғысқұмарын шенепті ғой, әлгінің азу тісін өсірмей, қағып алып тұруға қосыпты ғой. Көрегеннің сезгені-ақ қой. “Дүннені билеп-төстер нәсілміз” деп, тыныш өмірге өлім сеуіп, жүз жылға жетер-жетпес уақытта пәленбай қантөгіс жасаған даңғой, әңгі пруссактарды дер кезінде көзге шұқығаны, зауалын кескені. Көз жазып қалсаң құдайын ұмытады, “Дойчланд, Дойчланд юбер аллес!” — деп дүннені тітіретпесіне кім кепіл. “Неміс махаббаты”, “неміс даналығы”, “неміс білгірлігі” деп шуылдап жүрген зәнталақтар қайда қазір?!

Мәлік мырс етіп күлді. Махаббат пен сұлулықтың отанына айналған, не қилы музыкант, философ, ақын, гұлама өсіп-өнген жерге әлгі қаныпезер “юбер аллес” көңірсітіп Бухенвальд атты дозақ пешін орнатыпты. Гете жырлаған көгілдір тауды кісі түтінімен көңірсіткен. Таңғажайып қисса мен аңыздың елі бүгінде дозақ пешімен мәшһүр.

Тақауда бір топ офицерлер мен журналистерге қосылып “дозак пешін” көріп қайтқан. Жұмыр жердің үстінен жиналған тұтқындар “барса келмес қанды жол” деп атап кеткен тас жолмен жүрді.

Маңдайшасына “пешенеңе жазылған” деген сұмдық сөз ілінген шойын қақпаларды ашты. Біс сінген сәкілерден тәу етті. Кеше ғана Гете, Шиллер, Виланд, Лист, Петер Корнелиус. Фридрих Преллер, Гофман талантын тебіренген тамылыжыған сұлу жерді бүгін келіп фашист – мефистофелі жын ойнаққа айналдырған.

“Бұл көкеңнің білдім, көрдім дегені әлі дәннеңе емес”, – деп ойлады Мәлік. “Әлі де санаға сінбеген, зердеге тоқымаған, ақыл безбеніне түспеген түйткіл көп. Зұлымдықты жою істің тамамдалғаны емес. Арамшөпті түп-тамырын қазып, жер бетіне енді қайтып көктеместей етіп жұлған ләзім. Әлгі жымысқыны киелі шөпке жорып қалмауы үшін, тағы да көзден таса, көңілден қағыс қалмауы үшін келесі ұрпаққа түстеп-танып бергені жөн”.

Тауға тырмысқан кешкі көлеңке аяғының арасынан өтті. Жон басындағы ағаш күркеге жеткенше асық. Мәлік ауыр ойдан еңсесін жазды. “Тап осы жіңішке соқпақ Гетені Ильменау жотасына жетелеген жолсерігі шығар”, – деп ойлады. Желке тұсында қалып бара жатқан қыратқа шыққанда “Кезбенің түнгі әні” тербеткен болар. Шабыт шақыртқысы шығар. “Тыншығарсың сен дағы, сабыр қылсаң азырақ” деген қарапайым, әрі көкейге қонымды жолдарды ақын әлгі күркеде жатып 1783 жылы жазыпты. Қаламымен қабырғаға сызыпты.

Осы бір шағын ғаламаттың тууына не себепкер болды екен? Ақынның ойын тербеп, шабытқа жетелеген қай мұғдар? Бар болғаны сегіз-ақ жол: ал бойында қаншама қан лүпілі, сезім дірілі десеңші! Сезімтал суреткер әлде екі ауыз сөзбен түн тылмысын ұқтырғаны. Әлде күнделікті күйкі тіршіліктер қақ-соғынан сәтке болса да арылып, ажарқын, адал, кісілік қалпына кеп тебіренгені. Төмендегі құжынаған күрт өмірден қашқаны. Әлде ауыз толмас ырзық теріп, тұшынбас күндерге ілесіп әбден титықтаған, діңкелеген дүниеаун кезбенің тауға келіп дамыллаган мажалын бергені. Әренің тісіндей көкке шалжиган күміс шатқалдың бетімен ай сәулесі жүзді. Ағаш басы сәл леппен селбендейді. Құстардың үні саппа тынған. Асықпа сен де, дамылдар кезің келер. Гете жырының әр жолы көңілді тербеп, жан дүниеңе араласып, түнгі табиғатпен біртұтас етіп жібергендей. Жер ортасына жеткен кісінің бойында табиғи ұстамдылық болмаушы ма еді: қатты жұмыстан кейін тыныстаған мезетте бойыңды дел-сал рахат кезбеуші ме еді: тезек дүниенің бір күндік қызыққа парапар келмесін сезінер шақ тумаушы ма еді: бұл өлең соны ұқтырды. Дел-сал күйге түсіп ұйқыға шомған тау суреті ақынға сайқал өмірдің сырын мезеген. Сол бір

сентябрьдің жұмсақ кешінде қызыққа құштар, ләззатқа ынтық, әрдайым өнердің өзінен өмірді биік қойған ақынның тәубасына келгені, көкірегін мұң кезгені бұл. Кім біліпті... Ғажайыптың сыры неде... Әйтеуір Гете кезбесінің көңілі күпті. Содан да осы өлең туралы нешеме білгіш бас қатырды десеңші! Қаншама гүлама тылсымын шеше алмай миғұла болып кетті! Нешеме тәржімашы дүниенің қилы тіліне қиыстырып аударды! Аударған сайын құлпыра түсіп, көңіл қылын шертер, шабыт шақырар жаңа күшке не болатынына таң қаласың тегі.

Зады сол бір күзде Ильменау тауын жападан-жалғыз кезген ақын шын тебіренген. Қартайған шағында да сол мезетті есіне алса-ақ жүрегі лүпілдей соғады екен, жүйрік көңіл күмбірлеп жыр төгеді екен. Мүмкін ақын “Фауст” атты дүниесінде жазып өткен, жырлап бітпеген “даналықтың соңғы түйіні” туралы осы түні ойлаған болар. Мүмкін көкірегі қапас, көңлі соқыр жандар парықтай бермейтін, ақын ғана айтар: “Кідірші сәл, ғажайыпсың, тіршілік!” – деген сөзді сезінген шығар. Алда тұрған газуат жұмыс, сұрапыл істі ақыл безбеніне салып: көз майын сарқар, санасын сарғайтар қиындықты көріп, өзін-өзі “тыншығарсың сен дағы, сабыр қылсаң азырақ...” сабыр, деп жұбатқаны шығар. Әйтпесе ұзақ өмірінің мән-мағнасы, қорытындысы, азабы мен қызығына айналған кітабын жазып тамамдаған ақын, өлерінен алты ай бұрын баяғы Ильменау тауына мінәжат қып қайтуға құлшынар ма еді. Шындығында. Жер тартып қажыған, қартайған Гете арада елу жыл өткенде, күздің қоңыржай бір күнін қалап, қасына жалғыз ұлы Августың қос тұяғын – екі немересін ертіп жолға шығады. Веймарды алты күнге тәрік етіп. Ильменау тауына өрмелейді, жетім сүрлеумен шың басындағы баяғы ағаш үйшікке жетеді. Көне томардай томсырайып отырып дамылдайды. Кейінше сол сапары туралы дос-жарандарына жыр қып жазған көрінеді.

Сонда ақынның көзіне шіркейленіп жас ұялап, көңілі орекпіп, қапа болған деседі. “Кезбенің түнгі әніндегі” соңғы қос жолды ақырын күбірлеген деседі... “Тыншығарсың сен дағы...” Ұзамай көз жұмарын сезіпті.

Мәлік мезетке кідірді, төменге үңілген. Етектегі ымырт үйіріп алыпты. Тоғайдың демі салқындай түсті. Ұлы ақынның басқан ізімен жүремін деп, ақын сүйген тауға сүйсінем деп ойламапты тегі. Кешегі көшпелі қазақтың тұяғы жағасында аунап өскен Есіліне, айбарлы Алатауына аты да, заты да ұқсас, мақпал тыныштықтың құшағында момақан жатқан Веймарды, сылдыраған Ильм өзенін,



тәкаппар Ильменау тауын сөйілдеймін деген кімнің ойында бар. Мұндағы әрбір тас, әрбір соқпақ ұлы немістің аруағын еске түсіреді.

– Әйе-е-е-е! — деген дауыс жетті төменнен.

Андрюшаның шыдамы таусылған. Түн болса келіп қалды, өзінің жирен шолжаңымен кездесуге асық-ты. Тезірек төмен күдіганы жөн. Бүгін тыныштық пен тақуа ойға әбден масайды. Мәлік шабыт қанатында қалқып, сәл қимылға ызың ететін домбыра шегіндей сезімде еді. Төмендегі дыбысқа жауап ретінде еріксіз әндетіп жіберді.

*Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап...*

Ол баяғы мұғалімі Әбугалиге еліктеп қоңыр дауыспен құлшына созды: өзінің тірі екеніне, жастығына, әлі де арман қуып алыс асулардан асарына нық сенген тәкаппар үнмен шырқады. Тюрингияның көк пүліш тоғайы мен Ильменаудың көгілдір қыраттары алғаш рет Абай әнін тыңдады. Кісі ғұмырында сирек ұшырасатын бақытты шақ бұл. Таң елі — Моргенландтың шетсіз-шексіз қиырын мекен еткен беймәлім жұрттың белгісіз тілінде шырқалған қоңыр сазды сап-сап тынши тыңдаған өлкеге қазақ даласының самұрық түні қалқып кеп қонақтағандай болды. Сұлу қанатын кеңжайып неміс тауына тәкаппар қонғандай сезілді. Мәлік осы бір марғау түнде Абайдың сылқым әні ғаламат қашықтықты көктеп өтіп Гетенің аруағына бас иген оқиганың тілсіз куәгері болды. Содан өз-өзінен марқайсын, шабыты тассын.

Әйгілі “Батыс — Шығыс жыр маржанын” оқыған Генрих Гейне бұл топтаманы, батыстың шығысқа жолдаған “сәлемі” деп атапты. Енді Гете кезбесінің әні кең даланың жусанды иісін сіңіріп, қанатын самарқау қаққан қаршыға мінездес қоңыр үн алып, шығыстың батысқа бағыштаған сәлеміндей Ильменау тауына жетіп отыр.

Тюрингия үстімен Абай әні қалықтасын!

Мәлік тап қазір Абай үшін, ақын сөзі үшін, өз жұрты үшін, әм өз ойынша ғұмырында жалғыз мәрте тебірене шырқаған әні үшін ұғындырып болмас мақтаныш сезінді. Гете, сенің құзырыңа бас ийдім! Абай аға, аруағыңнан айналдым!

Ән аяқталды. Табиғат ұйқы құшағына шомды. Мәлік әлгі әсерден айыға алмай жай аяндап етекке түсіп келе жатты. Сүрлеу сан бұратылды. Желке тұсында шың мұнартты. Өлеңнің, өнердің

бнигі туралы толғанды. Әр ұлттың, әр қилы тілдің өнер саңлақтары бір-бірімен рухани тамырлас, тағдырлас. Адамзаттың ең биік даналығы осында жатпасын. Бірін-бірі уақыт пен қашықтық бөліп тұрар, бірақ оз халқының арман-мүддесін жырлаған нағыз таланттар қайғы мен қуанышта, опыныс пен өкініште, ұмтылыс пен тебіреністе бір-бірімен тым туыс; ұлы ақындар түрлі тілсіз-ақ ұғыныса алады. Өйткені олардың ойы парасатты, жыры жүректі жарып шыққан; гасырдан гасырға адам мен адамның достығын, адамгершілігін, ағайыншылығын марапттап келді.

Тете мен Абай... Қос Мұнар тау. Олар бейне уақыт шөгіндісінен қалқып шығып, ізгі тілекті іске асырар фәни түнде тыныштық пен рахатты жырлау үшін, жұмыр жердегі барша кезбелер мен тақуаларға қуаныш, тоқшылық тілеу үшін әдейілеп кездесіп отырғандай. Немістің көне тауының қырқасында, тап осы жерде, кезбенің түпгі әні бейне қос халықтың, қос шыңның, ара ағайын ақын — ұлы халық перзенті Лермонтов арқылы бірін-бірі тапқан, ұғынысқан екі ақынның салауат сұрасуы секілді естілді. Осы ойдан өз-өзінді қайта танығандай сезінеді екенсің, керемет шалқып, жетіседі екенсің.

...Андрей өзін бұрылыстағы жалғыз шыршаның түбінен тосып алды.

— Әнді жақсы айтады екенсіз, жолдас капитан!

Мәлік үнсіз жымиды.

— Андрей, мына өлең есінде ме?

*Қараңғы түнде тау қалғып,  
Үйқыға кетер...*

— Әрине, жолдас капитан! Мектептен білемін.

*Шаң шығармас жол дағы,  
Сыбдырламас жапырақ.*

— Құба-күп! — деп қуанды Мәлік. — Ал кеттік ендеше.

Бүйірдегі тұмсықтан деревня оты быжынап шыға келді. Бейне үрке ұшқан алтын қанат қоңыз дерсің. Сол тіршілік арасынан шикылдақ гармонның жетім үні бебеуледі.

*Аударған Д. Досжанов,  
1974 ж.*

## АЛТЫ ҚЫРДЫҢ АСТЫНДА

Иен дала. Меңіреу шоқаттар. Шалқыған теңіз. Осынау далнған дүнненің жалғыз қожасы жұпыны ғана балықшы ауылы еді. Олардың лашықтарының тура маңдай алдында көк теңіз өкіріп тулап жатса, ту сыртында жусан мен теріскен, адыраспан өскен шетсіз-шексіз қуаң дала көсіліп жатар еді.

Айнала тым-тырыс, қыбыр еткен жан жоқ. Тек анда-санда көк теңіз ғана әлде неге ашу шақырып, мұрнының астынан күбір-күбір бірдемелерді айтып, ақырында ақырып тұра келіп жағаға ұмтылады да, ащы көбігін түкіріп тастайды. Елең-алаңда, әйтпесе қызыл інірде толқын үстінде олжаға таласып шаңқылдаған шағалалар үні естіледі.

Балықшы қауымы боз торғай шырылдамай жылы төсектерінен тұрып теңізге шығады, ауларын тексеріп ауызға түсетінін мұзханаға өткізеді. Сосын күні бойы құрал-саймандарын жөндеп, ескі қайықтарды қара маймен сырлайды, қалт еткенде жағалаудан жасыл құрақ орады. Кешқұрым, салқын түскен соң, тағы да теңізге шығады, аулардың орнын ауыстырып соныға салады. Даланы қою қараңғылық жапқан мезгілде кештетіп кейін қайтады.

Әйелдерге де тыным жоқ. Күніне әлденеше рет інгендерді сауады, сосын үйіліп жатқан балықтарды аршып, тұздап, кептіреді, сосын қыс қамы үшін құрт қайнатады, өрмек құрып алаша тоқиды, әйтеуір күйбің-күйбің тірліктен қолдары бір босамайды.

Балаларға да тыным жоқ: ертелі-кеш суға түсіп, құмға аунайды; әкелерін теңізге шығарып салады; атам заманда әлде кімдер салған, бұл күнде мүлдем жермен-жексен болып кеткен ескі азбардың қасында жасырынбақ ойнайды. Айнала кең жазира мен емін-еркін тіршіліктің рақатын көбіне осы балалар көріп жүреді.

Күндегі дағдысымен ерте тұрған Еркеш әрлі-берлі көзін уқалап, ұйқысын ашып алды да, көнетоздау шыт дамбалын апыл-гүпыл киіп, ауыл іргесіндегі боз төбеге қарай тұра жүгірді. Бір жылдан бері осы төбенің басына шығып, алакеуімде айдалаға сарылып қарап тұру оның айнымас әдетіне айналған. Соңғы уақтарда бала көңілін әлдебір буалдыр бөгде сезімдер билеп алған. Айналасындағы жүз таныс үйреншікті тіршіліктің өзі қай-қайдағы құпия сырларға тұнып жатқандай көреді... Тағы бір таң атып, жарқырап күн шыққанда, оның өмірінде керемет — не керемет

екені мағлұмсыз оқиға болатын секілді; сол кереметтің өзі анау жұпыны лашықтың іргесінен басталатын жалғыз аяқ жолдың бойымен келетін секілді.

Сонау қырдан бері қарай құлаған сұрапыл сарынның дабысы естіледі. Алтын табақ күн ілініп тұрған аппақ аспанның бауырында созылып жатқан жіңішке ақ жолақ сәуле бірте-бірте ұлғайып, түтеленген түбіттей ыдырай бастайды да, ақыры өшіп қалады. Сол сәтте баланың өне бойы шымырлап жүре береді. Басын шалқайтып, көзін сығырайтып, алақанымен алдын колегейлеп тұрып, осынау көгілдір тұңғықтың ішіне сіңіп жоғалып бара жатқан жолақ сәулеге үніледі. Әкесі де сөйтуші еді, баласы соны қайталаудан жалығар емес.

Теңіз жақтан түншыға шыққан гүілге құлағын тосады. Жоғарыға қарап еді, аспанда ақ жолақ түгін ізі қалыпты. Апасы осы ізді “самолеттің ақ табаны” деп атаушы еді. Мұны естігенде әкесі құлана күліп қоятын, оған баласы шамданып қалады: апырым-ау, ақ табан деп атағанда не түр екен? Ал бүгін, дәл осы жерде, мынадай бір ғажайып оқиға болса екен: боз төбенің сыртындағы тақтайдай тегіс далаға әлдеқандай бір самұрық күс келіп қонып, оның үстінен көк сауытқа оранған батыр жігіт түсе қалып, бұған былай десе, шіркін: “Ей, балақай, менің мына ақ табан жүйрігіме мінгесіп отыра қал, сені күннен де шырқау биікке ұшырайын!”

Балықшы ауылдың тұсынан өтіп бара жатып хат-пат, газет-журнал тастап кететін кездейсоқ жүк машиналарынан басқа, күрең жолдың үстінде ағылып жатқан жұртты айында-жылында көрмейсіз. Кей-кейде айдалада таңдайы кеуіп шөл қысқан бірлі-жарым бейсеубет жолаушының үй сыртына ат басын тіреп сусын сұрайтыны бар; сол жолаушы салқын шұбат пен шалапқа тойып алғасын, жалпақ теңізге бірер көз тастап, әлденеге күрсініп қояды да, жөніне кете барады. Әлдене қайда, алты қырдың астында бала көңілі әлі танып-біліп үлгермеген басқа, бөгде өмірдің бар екенін талай естіген. Мына даланың қиыр шетінде не бар екен? Алты қырдың астында ше? Көк теңіздің арғы жағында қандай ел бар? Шіркін, соның бәрін көрер ме еді... Бірақ мына далада үн жоқ. Күрең жолдың үстінен бұрқырап шаң көтерілмейді. Тек төбеде есі кетіп боз торғай шыр-шыр етеді...

Бала теңіз жағасына келіп, жүгірген бетімен суға қойып кетті. Қайранда шуақтап жатқан май шабақтардың тарыдай шашылғанын көріп, мәз-мейрам болды. Екі қолын су түбіндегі құмдауытқа тіреп

қойып, екі аяғын әрлі-берлі шалпылдатып асыр салады, сосын ауыз-мұрнын алақанымен бітеп тереңге сүнгиді, көзін бақырайтып ашып айналасындағы көлкіген судың қызыл күңгірт сәулесіне қарайды. Сосын епті қимылмен шалқасынан аунап түсіп, енді судың астынан аспанды көрмекке ынтығады; Сүлеймен патша иелік еткен тұңғиық дүниенің ортасында тұрғандай, бойын әлде қандай оқиша сезім билейді, құлағы шуылдайды, толқындар мұны аяулы алақанына салып ақырын тербеткендей; астындағы құмдауыт табан баяу сусылдап жылжитын секілді ме-ау. Бала кенет үрейлене бастайды: апырым-ай, мына толқындар мұны итермелеп, теңіздің түбіне тартып бара жатпасын! Жағалау да алыста қалғандай... бала қарғып тұрып, көзі жыпылықтап айналасына қарады, жоқ, әлгінің бәрі бұлдыр елес екен, аспан мен жер мелшиіп өз орнында тұр, теңіз жағасына келіп тірелетін сілем таулар қаз-қалпында. Бала судан шығып, анадайда қаңтарулы қалған қайықтың қасына келді. Бұл Әбілханның қайығы екенін біледі. Әбілхан осы биылғы көктемде бала-шағасын ертіп әлдеқайда ертіп көшіп кеткен, қайығын да қалдырған, оны жағаға шығарып тастауға уақыт таппаған шығар. Ол біреу емес тағы алты қырдың астында іш құса боп жалғызсыраған балықшылардың біразы осылай кетіп жатады. Қазір бұл арада тек жеті үйдің түндігінен түгін шығатын еді.

Қазыққа байлаулы тұрған жалғыз қайықта ұсқын қалмапты, бүйірін жасыл мүк басып, мүлдем шөгіп кетіпті. Бала қайықтың қара құсына келіп отырды. Қайықтың ығында ирелеңдеп созылып бір жіңішке түбіртек жатыр екен, соны көріп денесі тітіркенейін деді. Ертегілерде көп айтылатын аждаһаның баласы емес пе екен осы? Аждаһа ұйқысырап ауыр деп алады, анда-санда тырнақтарымен құмдауытты көсіп-көсіп жібереді. Маңдайындағы жарқыраған жалғыз көз кенет жасыл от шашып, құйрығымен жер сабалады. Баланың зәре-құты қалмады, қайықтан қарғып түсіп тұра қашқан.

Жағалауға отырып алып ол енді ылғал құмды айнала үйіп тастап, өздерінің жұпыны лашықтарынан айнымайтын кішкене үйшіктер жасай бастады. Көбік шашқан толқындар жылжып келіп осы үйшіктердің табанын жалап өтеді, сосын кейін қарай серпіліп қарсы алдынан шыққан жал-жал ағынға соқтығады да, баланың қолынан шыққан үйшіктердің быт-шытын шығарады, содан соң қуана ойнақ салып, теңізге қарай жүгіреді. “Құм қаланың” орнында теп-тегіс тақыр қалады. Осы кезде теңіз

төсінен мотордың тықылдаған таныс даусы естілді. Ақжал толқындардың арғы жағынан қылт етіп әкесінің қайығы көрінді. Міне, сол қайық тұмсығын көтеріп алып жағаға қарай заулап келеді, мотор үні енді тіпті анық естілді. Қара суға жеткенде мотор үні өшіп, қайық жағаға қарай сызып кетті. Қайықтың табаны жерге тигенсін әкесі қарғып түсіп, мықшындап қайығын бері қарай сүйреп шықты, сонсын құмға сіңірген темір қазыққа шынжырлап байлап тастады. Бала қолын сермеп әкесіне қарай жүгірді. Қайықтың түбіне үнілгенде, бүйірі жалтырап жатқан сары сазандарды, біз тұмсық шортандар мен әйнеккөз ақбалықтарды, ауыздары қарысып қалған қаяздарды, жалпақ бас лақаны көрді. Бәрі тым-тырыс бейбіт араласып жатыр, бірақ осының бірінің бүйірінен түртіп қалыңызшы, қызықтың көкесін әне сонда көресіз: ол болат серіппедей атылып, тісін ақситып, құйрығымен жер сабалап бұлаң-таланы шығады, қасындағы серіктері де тайдай тулап әбігерге түседі. Мұндайда тіпті қайық шайқалып кетеді. Тек момақан сазандар ғана қабыршақтары алтындай жалтырап, дөңгелек ауыздарын ашып-жауып, іргеде қимылсыз жата береді. Өзгелердің ойнағына қосылып кетуге еріне ме екен, әлде бұдан түк шықпасын сезе ме, әйтеуір тағдырға біржола мойын сұнған сиқы бар. Мұзхана жақтан носилка көтеріп, аяқтарын аннан-саннан бір басып қабылдаушы Адырбай шықты. Құлқын сәріден ащы суды қылқытып жұтып алған секілді.

Әкесі бір дәу сазанды желбезегінен ұстап күс басқан жалпақ алақанына салды да, әрлі-берлі салмақтап көріп, сүйсінген пішінмен кенеп қаптың ішіне сүңгітіп жіберді.

— Мә, Еркежан, шешене апарып бер. Жақсылап қуырсын, үқтың ба? — деді...

Бала мұрнын тартып қойып, кенеп қапты сүйретіп үйге қарай беттеді. Ошақтың қасында сары самаурын быжылдап, әлден-ақ мосының үстіндегі кішкене қара қазанның ішіндегі су шымырлап қайнай бастаған екен.

Барлық балығын Адырбайға өткізіп, кәрі балықшы да үйіне қарай аяндаған. Ақырын, ауыр козғалады. Еркеш әкесінің қартая бастағанын біледі, оның үстіне жас күнінде далада суықта қалып аяғына жел-күз жармасқан екен. Бүткіл өмірін балық соңында өткізіпті. Қазір пенсиясы бар, бірақ қолынан ауын тастағысы келмейді. Ал шешесінің пенсияға шығуына жылы жетпейтін секілді... Бұлар бастырманың астына отырып, майға қуырылған

сазанның дәмді етін жеп, сораптап шай ішуге кіріскен. Әкесі маңдай терін сүртіп, қайта-қайта жол қарайды.

— Бүгін-ертең Әлекең келіп қалуы керек, — дейді ол.

Осыдан бірнеше күн бұрын озат балықшылардың облыстық мәслихатынан қайтқан әкесі жуық маңда Әлекеңнің осында соғып кетуі ықтимал екенін ескерткен еді.

Сонда шешесі таңданып:

— Қойшы, өзі ме?! — деген.

— Иә, Әлекеңнің өзі.

— Ойпырым-ай, — деп шешесінің әбігері шыққан, — маскара болады екенбіз... Ондай қадірлі қонақты күту оңай ма...

— Ештеңе етпес, — деп әкесі жұбату айтқан, — балық жетеді, шұбат бар... енді не керек оған?

— Арак-шарап болмаса, сенің шұбатыңды қайтсін...

— Ештеме етпейді, мен балықшымын, теңізден арақ-шарап аулап жүрмегенімізді білетін шығар.

Әйтеуір шешеден маза кетті. Үйдің астан-кестенін шығарды. Бар көрпе-төсек, текемет, кілемдерді сыртқа шығарып шаңын қақты, бауырсақ пісіріп, маса кірмесін деп қонақұйдің есік-терезесін бітеп тастады. Көршілеріне:

— Несін айтасың, бізге сам Әлеке келмекші, — деп жүргенге ұқсайды.

“Сам Әлекесі несі бұлардың? — деп ойлады Еркеш. — Осындай да ат болады екен, ә?” Сөйтсе де, үйіне сол Сам-Әлекең келетінін айтып, балаларға бұ да мақтанып қояды.

Күндер өтіп жатты, бірақ Сам-Әлекеңнің қарасы көрінер болмады.

Ал әкесі жолға қарап отырып:

— Бүгін-ертең келіп қалар, — дегеннен танбайды.

Күткен қонақ ақыры күтпеген жерден сау ете қалды. Әуелі қырдың астынан шаң шықты, сол шаң шұбатылып созылып ұшып теңізге қарай жақындай берген. Еркеш таңданыпқырап, әкешесінің қабағын бақты. Түс мезгілі еді. Іргеде отырған әкесі шіри бастаған ау қазықты жонғылап мықшындап жатқан, шешесі қазан-ошақтың маңында жүрген. Сол сәтте қырдың үстіне шаң-борасынның арасынан екі жеңіл машина шыға келіп, кабинасының терезесі күнге шағылыса жырқылдап жағаға түсті, Әне-міне дегенше үй алдына жетіп солқ етіп тоқтай қалды.

Машинадан үсті-бастарын қағып, керіліп-созылып бес-алты

адам түсті. Бәрінің кигені мұнтаздай таза костюм, калпак, ботинка, көздерінде жалтыраған қара көзілдірік. Еркеш босағаға сүйеніп тұр. Шешесі самаурын көтерді. Әкесі қорбандап қонақтардың қасында жүр. Алдыңғы машинадан ауыр денелі еркек түсіп екі аяғын талтайтып тұра қалуы мұң екен, жұрттың бәрі соның айналасына жиналып, жампандай бастады. Әкесі де сол жуантықтың қасына барып қолын қусырып иіле қалыпты. Анау местей қарнын сипалап, менменсіп тұр. “Сам-Әлекесі осы болар”, — деп ойлады баласы.

Қонақтар үйге беттеді. Жұрттың алдында нөкерін соңына ертіп шайқактап Әлекең келеді, бұлардан кейін үлкен кәрзеңкелі екеулеп көтеріп шофер қозғалды. Кәрзеңкелінің іші толған көк мойын бөтелке екен. Әлекең босағаның алдында тұрған үй несі әйелді көріп, басын изеді. Балым көзін төмен салып:

— Шүкір... — деп сыбыр еткен.

Шофер бала әлгі көк бөтелкелерді іші мұзға толған ағаш бошкелінің ішіне сүңгітіп жатыр.

Үйдің іші қоңыр салқып, жанға жайлы екен. Қонақтар ақ текеметтің үстіне шығып, үй несі лақтырып тастаған жастықтарды қолтықтарына басып, омырауларын ағытып, маңдай терлерін сүртіп жайғасып отырды.

Төрдің төбесіне Сам-Әлекесі шықты. Өзі бір қоршекті кісі екен. Төбедей болып доңкиген неменің біраз сұсы барға ұқсайды. Қасындағы серіктері мұндайда тіпті кішірейіп кетеді екен. Үй қожасы көрпешенің шетіне келіп отырды. Күнге тотыққан, әбжіл қимылды шофер бала есік жаққа тізесін бүгіпті.

Жұрт жайғасып болғасын Әлекең үй ішіне олай-былай көз жүгіртіп, қырылдауық даусымен сөз бастады:

— Тұрмысың жаман емес екен, Бәке, а?!

— Құдайға шүкір, жақсы.

— Өзің тіпті қунақсың ғой деймін?

— Шүкір... аздап сегіз көзім сырқырайды... қарттықтың хабары шығар.

— Өмір деп осыны айт, а?!

Әлекең таңдайын қағып, айналасындағы нөкерлеріне қарады. Олар бастарын шұлғи жөнелді.

— Иә. Дұрыс айтасыз.

— Табылған сөз.

— Уайым-қайғысыз тіршілік қой бұл, — деп Әлекең сөзін



жалғады. — Балық аула... Қалағаныңша ішіп-же, тынық... Ештемеге алаңдама. Ал біздің көрген күнімізді ит жесін, тыным-тыныс жоқ, ұрыс-керіспен өміріміз өтеді. Қайдан денсаулық болсын...

— Иә, иә, дұрыс айтасыз.

— Ол — ол ма, бізді тағы мінеп-сынап жататындарын қайтесің. Жұртқа көңіл бөлмейді, алай-бұлай деп...

— Иә, иә, дұрыс айтасыз.

Әлекең миығынан күліп еді, нөкерлері де жадырап сала берді.

Үй иесі тізесін уқалап, бұрыл сақалын сипап үнсіз отыр. Әлекең аса сыйлы қонақ, ендеше оның көңілін аулайтын бірдеме тауып айтуы керек қой:

— Халықты басқару оңай емес, біреу андай, біреу мындай... — деді қарт балықшы.

Бірақ мұның сөзін ешкім қостаған жоқ. Қыстырылғанын дөкейлер жақтырмай қалды ма екен...

Қымыз күйған табақ көтеріп Балым кірді. Табағын күйеуінің алдына қойып, ожауын ұстатып, үн-түнсіз сызылып шығып кетті. Көрші үйдің қызы әлденеше фарфор шара әкеп берді. Салқын қымыздың қышқылтым иісі аңқыды. Шөліркеп отырған қонақтар ауыздарының суын жұтып, еміне түсті.

Кәрі балықшы асығатын емес, қолындағы ожаумен қымызды баппен сапырып отыр.

Осы кезде Әлекең жалпақ бет, бадырақ көз балақайды байқап қап:

— Ей! — деп қыр етті. — Кімнің баласысың?

Еркеш тырысып үндемеді.

— Немене, тілің байланып қалды ма-ей?!

Бәрінің назары енді қаршадай балаға ауыпты.

— Сөйле, балақай.

— Кімнің баласы екеніңді ағаңа айтсаңшы.

— Токтай тұрыңдар, ойлансын.

Қонақтар қолдарына фарфор шараларды көтерді. Салқын қымызды сіміріп ішіп, енді біреулері еріндерін жалай бастапты.

Бала басын көтерместен, күңк етті:

— Әкемнің баласымын да!

Әлекең мынаны естігенде бүткіл денесімен бұрыла қарап, танданған дауысымен:

— Ә, солай ма? — деді. — Бәке, мына тентек сіздікі ме еді?  
— Менікі, — деп балықшы миығынан күлді. — Кенжеміз.  
— Айда, Бәке! Көрдiңiздер ме?... Тағы сегіз көзім сырқырайды, қартайдым дейді-ау. Мынадай бала тугызған адамнан қарттық қашық жүретін шығар.

Әлекең ыркылдап күліп, мәз болып қалды.

— Белің ауырады, шал, ә?! Ық-ық-ық... Ішегім-ай!

Қонақтар да Әлекеңнің ыңғайына бағып, жамырап күле бастапты.

Әлекең тағы да балаға тесіле қалды. Төсіне қарай түсіп кеткен білеуленген бұғағы дір-дір етеді.

— Бәке, бүл сіздің көпейіңіз екен ғой онда? — деді.

Қазақтар кешеу туған қозыны осылай атайтын. Қонақтар бір-біріне ұрлана қарасып, тостағандарын алдарына қоя салды.

— Ха-ха-ха... көпей дейді...

— Хе-хе-хе... көпей...

— Әй, осы біздің Әлекең айтқыш қой!

Әлекең басын шалқайтып, көзін жұмып еді, кеудесінің терең түкпірінде әлденелер булығып-тулап жатты да, ақырында “ық”-“ық” деген сырылдауық дыбыс шықты. Бұл оның күлгені екен.

Бала үн-түнсiз ауыз үйге шықты. Шешесі тарелкаға сары май мен кәмпит, қант салып берді. Үй алдында екі бүйірінен демін алып самаурын түр екен. Бастырманың астында Адырбай күйбендеп үлкен бекіре балықты аршып жатыр. Ошақтың үстінде шіпілдеп тай қазан тұр.

Адырбай әлденеге даусын бәсеңсітіп:

— Әй, бала! — деп бұған қолын бұлғады.

— Немене?

— Тс-с-с... Былай ет... Әнебір бошкенің ішінен... өзің білетін... бір бөтелкені ал да, тығып таста. Түсіндің бе? Бірақ ешкім ештеме сезбесін. Ақ мойнақ ұзын бөтелкені де ұмытпа. Бол тез енді.

— Ол бөтелкелердің не керегі бар, ағай!

— Керегі болғаны сол, оны қайтесің, — деп Адырбай тізерлеп отырып қолындағы ұзын пышақпен әлгі бекіре балықтың төсін пәршалай бастады.

Бала қояр емес:

— Олардың не керегі бар?

— Тіфу, бәтшағар! — Адырбайды ашу қысты. — Үлкен айтқанды қазбалап тексермес болар.

– Онда өзің ал. Менің жұмысым жоқ бөтелкенде...  
Бала осыны айтып, машиналарға қарай жүгіре жөнелді.

\* \* \*

Қымыз ішіп, кара шайға қанып, бекіренің бес кеспесіне әбден тойыпалған қонақтар енді сыртқа желпінесе шықты. Мына ыстықта ауыр тартқан денелерін сергіту үшін суға түспекке ниет қылысты. Шешініп, жағадағы ыстық құмның үстіне аунап жата кетті түге; теңіздің айдынына қарасып, таңдайларын қағады. Серіктерінің арасында айбар шашып Әлекең отыр. Ол тізесіне дейін түскен ала дамбалының ышқырынан ұстап, ырсылдап-күрсілдеп суға түсті. Су кіндігінен аса бергенде кенет екі қолы ербеңдеп, жалп етіп етбетінен құлаганы – айналасына су шашылып, ойпаң-тойпаңы шықты. Нөкерлері де қалысқан жоқ, бәрі жапатармағай суға қойып-қойып кетісті. Жүзіп, сүңгіп, аяқ-қолдарымен су сабалап, мээ-мейрам болды да қалды түге.

– Ой, тамашасын-ай!

– Мынауың бейіштің өзі ғой!

Әлекең екі қолын сермеп-сермеп жіберіп, аһлап-уһлеп, оскырып-пыскырып екі-үш адым жерге жүзіп барды. Сонсоң судың ортасында тұрып ішін, төсін шапаттап, тікірейген қалың қысқа шашын сипады.

– Ей, Дулат! – деді.

Шофер бала мұның қасына жүзіп келіп, бастығының бір елі май басқан жалпақ жауырынына шеңгелін салып жіберіп әрі-бері жұлмалай бастады. Әлекең көзін жұмып, рахаттанды да қалды. Сонсоң жағалауға шығып құмайттың үстіне шалқасынан түсіп жата кетті. Қарны қампып мына жатысы жағаға шығып қалған жайынға ұқсар еді.

– Ой, шыбын жаным-ай! – дейді көзін жұмып.

Басқалары да судан шығып, Әлекеңнің төңірегіне жиналды. Біреулерінен карта табылды. Төртеуі “алпыс алты” деген ойынға кірісті, қалғандары жанкүйер болып, ортаға жиналған ақшаны санап әбігерленіп отыр. Әлекең көзірдің тұзын лақтырып тастап “қырықтан” басып, үш ұпай жинап, біраз ақшаны ұтып алды.

– Қалай, жігіттер, осы да жетпей пе? – деді сонсоң қасындағы серіктеріне қарап.

— Әрине, жетеді.

— Солай еткен дұрыс, — деп нөкерлері қостай жөнелді.

— Дулат, әкел манағыларыңды!

Бастығының жарлығын естіген Дулат тұра жүгірді.

Әп-сәтте ала мойын бөтелкелер мен қуырылған сазандарды самсатып алып келді. Ой, тамашасын-ай. Төбеден күн шыжғырса, теңіз жақтан салқын леп еседі. Кесенің ішіндегі қара қоңыр шарап шайқалып, көздің жауын алады.

— Алып қоялық, жігіттер!

— Сіздің саулығыңыз үшін, Әлеке!

Әлекең ернін кесеге тигізе берді де, кенет қабағын түйіп Дулатқа шатынай қарады.

— Әй, мынауың не?!

— О, неменс? — деп Дулат шошып кетті.

— Сенен сұрап отырмын ғой, бұның не пәле?

— Ко... коньяк, — деп міңгірледі шофер бала.

Әлекең айналасына алақтап:

— Ол құрғырың қайда тұрған еді? — деп сұрады.

— Ішіне мұз салынған бөшкеде...

— Тіфу! Дулат емес, орысша айтқанда, дурак екенсің ғой. Қай ақымақ коньяқты мұздай суға салып қояды, оны қайдан көрдің. Бұл шампан, әйтпесе сасық арақ емес қой. Сені адам қатарына қоса алмай шашым ағарды-ау!

Әлекең қатты бүлінді. Қолындағы кесесін лақтырып жібергенде, жаюлы жатқан газеттің үстіне қара қоңыр шарап айғыздалып ақтарылып қалды. Ызаға булыққанда бұл кісінің даусы шықпай, өңі түтігіп, имегі дірілдеп кетеді екен.

Жұрттың еңсесі түсіп, лезде көңілісіздік басты. Ішімдік жайына қалды. Дулатта мүлдем маза жоқ.

— Ой, надан! — деп Әлекең мұның жер жебіріне жетті. — Немене, коньяқты айран деп ойлап па едің? Әлде шалап па екен ол? Суықта тұрса оның татып кететінін білмеуші ме едің, шірік-ау...

Осы тұста нөкерлердің біріне тіл бітті.

— Әлеке, кешіре көріңіз... Әрине, ақымақшылық болды... қайдан білсін, бала емес пе. Мүмкін, шампан ішерсіз?

Бұдан кейін шампанның тығыны тарс етіп атылып, судың бетіне барып түсті. Бірақ қарсы ағын осы тығынды қанкөбелек ойнатып Әлекеңнің аяқ жағына әкеліп жағаға шығарып тастады...

Жұрт гуілдей бастапты. Ең үлкен кесеге көпіршіген шампанды толтырып құйып Әлекеңнің алдына қойыпты. Әлекең тартып жіберді. Қалғандары одан қалысқан жоқ. Демдерін алып, артынша тағы ішісті. Суга бір-бір сүңгіп шығып, тағы, тағы... ішті. Әлекеңнің ашуы қайтқан. Осыдан үш сағат өткен соң бәрі де тоқмейіл, сергек бейілмен кейін оралды. Ойда жоқта алдарынан теңселіп Адырбай шыға келген. Әкесін көргендей жарқырап қуанып тұр.

— Ал, Әлеке... қ-қ-қалай...екен...т-т-теңіз, а? — дейді.

Бөшкедегі бөтелке бұған да бұйырған болуы керек, өзі тым көңілді екен.

Әлекең бастаған топ бөгелген жоқ.

Қара қазанның буы бұрқырап, қонақтарды алыстан қол бұлғап шақырады. Ошақтың қасында мана түс әлетінде ауыл маңында бейжай жайылып жүрген бағланның үйітілген сыйрағы жатыр. Балым жеңгей сыпырасын жайып тастап еңкедеп қамыр илеп отыр.

\* \* \*

Әлекең қашаннан аң құмар адам еді. Осындай ауыл-ауданға жолы түскенде, дала кезіп, мылтық асынып киік қуып жүруді орасан ұнататын. Бүгін қас қарая шоферға:

— Кеттік! — деп әмір берген.

Машинаның артында бір уыс болып бүрісіп Еркеш отыр екен. Мылтығын іздеп жүрген Дулат мұны көре сала:

— Қане, түс! Саған не жоқ? — деді аларып.

Бірақ бала әрі қарай ығысып, күңк етті:

— Мен де барамын...

Әке-шеше, келген қонақтардың айтқанына мүлдем құлақ аспады.

— Барамын! — деп жер тепкілеп отырып алды.

— Жарайды, — деді Әлекең қиқар баланың көнбесіне көзі жеткен соң. — Мейлі, ерсін. Мүмкін, мына шалдың көпейі мол олжаға бастап тұрған шығар. Бірақ, балақай, айналаңа алақтамай тыныш отырасың, түсінікті ме? Машинаның зіркіліне шыдамасаң, өз обалың өзіңе.

— Мақұл... — деді Еркеш.

Бұлар ұзақ жүрді. Газик машинасы желді күні толқын үстінде сырғыған жеңіл қайыққа ұқсап қырат белдерден асып келеді.

Бір мезетте екі шоқ жарық сәуле тұтасып кетті де, тас түнектің арасынан шаңытқан дала жолы ағараңдап көрінді. Дулат рульге жабысып, алдына сергек қарайды. Әлекең әрлі-берлі ауыр теңселіп, қалғып отыр.

Еркеш болса алдыңғы орындықтың арқалығынан екі қолымен тас қып ұстап, үнсіз мелшиіп отыр. Ол гүрілдеп келе жатқан машина дауысын естімейді. Ол самұрық құстың қанатына отырып алып шырқау биікте самғап ұшып барады, табанының астында Жиделібайсын даласы жатыр, қарсы алдынан дауыл соғады, төменде даланың гүл-қызғалдақтары бұған қолын бұлғайды...

Бір бүйірден сасқалақтап қосаяқ шыға келді. Машинаның жарығына көзі шағылысып тәлтіректеп сәл тұрды да, сонсоң ұзын аяқтары серендеп жанұшырып зыта жөнелді. Енді бірде тұмсығын көтеріп кірпікшешен өтті. Құжынаған шыбын-шіркей мен маса-қоңыз терезенің сыртындағы көмескі жарыққа үймелеп ұшып жүр. Жолдың жиегінде әлде бір түсініксіз тұрпайы көлеңкелер қараң етті. Еркеш шошып қалды: жол тосып жүрген бұл пәлекеттер кәдімгі ертегілерде айтылатын жезтырнақ пен қара атқа мінген қан құйлы қарақшылар болмаса негілсын-ау!

Машина оң жағына кілт бұрылып, із-түзсіз жабайы даламен лағып кетті. Әлекең енді бойын жинап, мылтығын ұстап, бүйірдегі терезеден қараңғы далаға үңіле қарап сақ отыр. Дулат та мықшындап басып келеді. Машина шыркөбелек айналып, тыныш жатқан даланы даңғазға шуға толтырып жіберді. Жапан даланың қойнына сіңіп, өзі де жоғалып бара жатқандай еді...

Кенет Әлекең айқай салды. Машина оңды-солды жалт бұрылып, селкілдей бастады. Еркеш әлде ненің қараңдап айдалаға қаша жөнелгенін байқап қалды. Дәл осы сәтте оның құлағының түбінен гүрс етіп мылтық атылды. Жеңіл машина бас бермейтін асау атқа ұқсап біраз жерге дейін заулап өтіп кетті де, қайтадан қиыстап айналып келіп, кілт тоқтады. Елден бұрын Дулат, сонсоң Әлекең атып шықты. Еркеш те бұлардан қалыспай қарғып түскен.

Бәрі қызыл ала құйрығы салбырап қылжиып жатқан түлкінің қасына келді. Түлкінің алдыңғы екі аяғы айқасып қалыпты. Ақсиган тістерінің арасынан былжыраған тілінің ұшы көрінеді. Ұлма-жұлмасы шыққан, арық, жұпыны хайуанат екен. Сөйтсе де қызыл ала құйрық жүні өсік, сәулетті. Әлекең түлкінің тұмсығын аяғымен тұрткілеп, сонсын жиркеніш сезімімен түкіріп жіберді.

– Е, қор болған бейшара... Сасып кетеді-ау, – деді.

– Алмаймыз ба? – деді Дулат.

– Сен немене?.. Мұндай өлексені қайтпексін?

Осыны айтып ол машинаға қарай жүрді. Ала жаздай күнге күйіп қурап кеткен жусан шөп табан астында пышырлап езіліп жатыр.

Дулат газикті айналып өтіп, доңғалақты тепкілеп тексерістеп жүрді. Сонсоң қолын созып керіліп қойды.

– Қалай, жігіт, шаршаған жоқсың ба? – деді Еркешке.

Бала жауап берген жоқ.

Машина шаңға батып, секектеп тартып келеді. Бала жалығайын деді, ештемеге құлқы соқпады. Аяғын алдындағы орындыққа тіреп, құнысып үнсіз отыра берді. Мына түн, мына жүріс ғұмыры таусылмайтын шығар, әке-шешесін, теңіз жағасындағы таныс ауылды енді қайтып көрмейтін шығар. Құлағы тұнып, жүрегі айныды: аяғының астында азу тісі ақсанып өлген түлкі жатқандай ма, қалай...

Қалғып барады екен, қатты шайқалыстан оянып кетті. Әуелі түпсіз тұңғиыққа құлап түскендей сезінді. Машина арқанын үзіп кете алмай тұрған асаудай ышқынып, әрлі-берлі жұлқынды кеп. Өңі бозарып, үрпиген шофер рулге жабысып қалыпты, астындағы машина ырқына көнбей ме деп қорқа ма екен, әйтеуір сіресіп отыр. Әлекең де қопандап, шыдамынан айырылыпты:

– Айда! Тез! Бас! – дейді.

Машинаның алды-артынан үілдеп жел соғып, төбесі мен бүйіріне доңғалақтан ұшқан тас-кесек тарсылдап тиіп жатты; сабалап жауып тұрған бұршақ дыбысындай естіледі кейде.

– Айда, қызталақ. Бол!

– Машина қирап қалады, Әлеке!

– Өшір үніңді!..

Газик безгегі ұстаған адамдай селкілдей бастады. Әлдеқайда алыста үдере көшкен киіктің үйірі көрінді. Машина жақындаған сайын жандары шығып безіп барады. Бұрқыраған бозала шаңның ішінен бір топ киік бөлініп шықты. Мотор даусы олардың шапқан тұяқ дыбысын естіртер емес, жатаған жусанның үстінде серендеген жіңішке сұлу аяқтары ғана көзге әрең шалынады.

Бала енді ана жанұшырып қашып бара жатқан жануарлардың тілеуін тілей бастады. Апырым-ай, мына қуғаннан құтылып кетсе жарар еді. Алдарынан сай-жырасы құрғыр неге кездеспейді екен.

Шынында да, үдере қашқан топ киік құтылып кетуге айналды, машинаның жарығына жеткізбей алыстап барады. Бірақ бір кішкене құралай лақ өзгелерінен кейіндеп қалды. Алдыңғы аяғы шоқырақтап, әлденеше рет сүрініп те кетті. Үйіріне жеткісі келіп, ұмтыла береді, ұмтыла береді.

Әлекең құралайды қарауылға алды.

Кенет артта отырған бала шошына айқайлап, аңшының күжірейген жауырынына жармасты:

— Жоқ, керек емес. Атпа-а, ағатай!..

— Ой, күшік, әрі... Ененді ұрайын, мынау қайтеді?

— Атпа деймін!

Баланың енді ештеңемен ісі болған жоқ, әліне қарамай үлкен кісінің ту сыртынан кішкене жұдырығымен төмпештей берді. Машина жарығы сырғанап жүріп ақыры шоқырақтаған жалғыз құралайды тауып алған. Әлекең мылтықтың шүріппесін басты... Машина солқ етті...

Сонсоң жым-жырт тыныштық орнады. Шыт-шыт жарылып кеткен тақырдың үстінде жаралы құралайдың жаны шықпай тыпырлап қиналып жатты. Дірілдеген кең танауынан қанкүрең көбік ақты. Мәлдіреген мұнды көздері ұясынан шығып, күнгірт сәуле шашты. Сонсоң құрықтай әдемі ұзын мойнын көтеріп, алдыңғы аяқтарын тыпырлатты, онымен орнынан тұрып кетуге жануардың шамасы келмеді. Ұзап кеткен үйірінің артынан қарап, бейнебір қош айтқандай әлсіз дыбыс шығарды. Артынша басы сылқ түсіп, аяқ-қолы созылып жүре берді...

— Тездет, бала! — деп Әлекең күйбендейді.

Дулат құралайдың кеудесін тізесімен басып, оның тершіген тамағына жалақтатып пышағын таяды.

— Бісмілла... — деп сыбырлады.

Еркеш үйіне қалай жеткенін білген жоқ. Ол аяғының астында тамағы бауыздалып сұлап жатқан құралайға қарамауға тырысты. Әлекең баланың бұл қылығына онша түсініксіз емей:

— Ә, жабайы...отырмысың? — деп мұрнының астынан мырс етті де қойды.

Бұдан кейін тағы да бір рет гүрс етіп мылтық атылды. Тағы да Дулат машинадан түсіп, жүні жылтыраған дәу қоянды құлағынан ұстап сүйреп әкелді. Олжаға олжа қосылды.

Әлекең қоянның күмпиген сұрғылт бүйіріне көзін жүгіртіп:

— Бүгін жолымыз болды, бала, — деді райланып.



Үйдің қасына шаңға батқан газигін қаңтарып қойып, Дулат шофер есерленіп ұзақ сигнал берді. Күйсеп жатқан қойлар оре түрегелісіп, тым-тырағай қаша жөнелді. Атан түйе мойнын созып тұн қатқан суыт жүргіншілер жаққа қарап тұрды да, басын шайқап теріс айналып кетті.

Бала алдында көлденең жатқан құралайдың үстінен қарғып өтіп, үйге қарай жүгірген. Әке-шешесі жатқан ауыз үйге енгігіп жетіп келді.

— Апа, апа... анау құралайды атып... атып өлтірді! — деп шыр-шыр етеді.

Балым жеті түнде шошып оянды.

— Ақырын, балам. О не?

Бала шешесінің қойнына кіріп кетті.

— Апа, апатай... құралай ақсақ екен... соған қарамастан... өлтірді...

— Жарайды, күнім, қоңыр қозым. Мұның не? Тыныштала ғой, — деп Балым баласының басын сипады. — Барма дегенім қайда... тындамадың...

Есіктен ысылдап-пысылдап Әлекең кірді.

— Ей, ұйқышылдар, тұрындар... Бәке, бері кел, әкелген олжамыз бар!

Ішкі бөлмеде тынығып жатқан нөкерлер бастарын көтерді.

— Әлеке, көңілдісіз ғой... ауызға ілінерлік бірдеме таптыңыз ба?

— Енді қалай? Келіндер, көріндер...

Нөкерлер дабырлап сыртқа шықты...

Әлекең сүр қоянның терісін сыпырып, отқа қақтап пісіруге әмір етті. Түн ортасы ауып кеткенде тәтті тағам дайын болды. Қонақтар асықпай қоян етін жеп, сүйегін мүжісті, аңшының да мақтауын жеткізді. Әлекең ернін жалап отырып бүгін түні бастан кешкен хикаяларын жыр етіп айтып берді. Бұл хикаяның бас қаһарманы өзі екенін, әрине, ұмытқан жоқ.

\* \* \*

Еркеш төсектен кеш тұрды. Оң жақтағы бөлмеде қонақтар ертеңгілік шайын ішіп отырса керек. Көңілді дауыстары шығады. Бала үлкен кісілерге барып сәлем берудің орнына, көзін уқалап

далаға шықты. Жалаң аяғымен сәскеде қыза бастаған топырақты ақырын басып, өзіне таныс төбеге қарай кетті.

Бұл кезде қонақтар да үй алдына шығып, қайту қамына кіріскен еді. Машинаның қасында үймелесіп, үй иелерімен қоштаса бастапты.

Қарт балықшы сақалын салалап, сыпайылық ниетін білдіріп тұр.

— Әлеке, тағы да бірер күн жата жастанып кетпеймісіз? — дейді.

— Бөке, көп рахмет, — деп Әлекең көнер емес, — енді кідіруге уақыт жоқ. Жұмыс бар. Әлі жылқышыларға соғуымыз керек. Бізге демалыс жоқ қой.

Үй сыртында көлеңкеде жатқан құралайды нұсқап:

— Терісін сыпырып алып, мұзханаға жонелту керек. Әйтпесе, ештемеге аспай қалады, — деді ақыр соңында.

Кішкене құралайдың, ештемеге аспайтыны рас еді.

Әлекең машинаға жайғасып болғасын, теңіз жаққа сұқтана, қимай көз тастаған. Жағалаудағы боз төбенің үстінде селтініп тұрған Еркешті көрді.

— Ей, мынау көпей нені күзетіп тұр? — деп көңілдене күлгені.

— Теңізді күзетіп тұрғаны шығар, — деп Балым жеңгей сөзге араласты. — Кілең сөйтеді, айналайын... Кешегіден зәресі кете жаздапты өзінің. Енді, қарашы, даласын, теңізін бағып тұрғанын...

Әлекең ештеме ұққан жоқ, Балымға таңырқай қарады. Бірақ сыр білдірмеді:

— Апырым-ай, балаң қолыма жармасып... Мылтығыма жармасып... Берекемді қашырды гой кеше, — деді.

Қарт балықшы жай ғана:

— Бала гой әлі, — дей салды.

Жеңіл екі газик машина қырдың шаңытқан күрең жолына түсіп алып, қиыр шетте бұлдырап кетіп барады.

Еркеш алақанын маңдайына тосып тұрып күн астында көсіліп жатқан кеңдалаға көзі талғанша ұзақ қарады. Содан соң шаттықтан есі кеткен боз торғайдың қамсыз-мұңсыз жырына құлағын тосты.

*Аударған О. Сәрсенбаев,  
1971 ж.*

## ЕЛУ ҮШІНШІ ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕСІ

Айнала қалың қараған тұтаса өскен облыстық милиция басқармасының екі қабат үйінің майор Шевцов орналасқан бөлмесі сызды әрі алакөлеңке екен. Болме толы сығылысқан ескі шкафтар. Сыртта тағы да жаңбыр жауып, терезе әйнектері ағалсағал болды.

Бөлмесінің төрінде әрлі-берлі жүрген Шевцовтың босағада тұрған жүзі сүп-сүр жас жігітке әзірге назар салар түрі жоқ. Майор қабағын түйген қалпы терезе алдына дейін үнсіз тағы жүрді. Жер ауып келген жас жігіттің тым қайсарлығы шамдандырғандай. Оған әуелде-ақауыл немесе ауыл маңайы емес сонау қиырдағы Алматыға рұқсат берудің қиындығын түсіндіріп баққан. Беті бір қайтпайды. “Менің оқуым керек... Оқуға міндеттімін. М-мен... Түсінесіз-з ғой... Басқа амалым жоқ” және өзінің сөйлегенде қармаққа түскен балықтай аузының “О” әрпіне ұқсап тұртініп кететіні де қызық. Толқып тұрғаны дірілдеген дауысы мен жіпісіген маңдайынан да аңғарылып тұр. Ал тұрқына қарасаң, жұттан шыққандай шілмиген арық.

Жер ауып келген адамның осындай өтінішпен келуінің өзі де таңғаларлық жай еді. Жоғары оқу орнына бару көп жұрттың ойына кіріп те шықпайтын кез. Тіпті бұлардың жырғап оныншы класты бітіретіндері де шамалы болатын. Бұғаналары қатып, алтыншы-жетіншіні тамамдай сала ауыл маңайындағы механизаторлар курсына жүгіруші еді. Асып кеткендерінің барар жері — ФЗО. Осымен олар риза — бұлар тыныш болып келе жатқан. Тіпті жер ауып келген немістерден тынышы болмайтын. Ал мына біреуі сол болмағанда оныншыны медальмен бітіре жаздаған ба қалай? Оның үстіне жоғары білім... жоғары... деп таңдайы так-так етеді.

Майор тағы да босағада тұрған жас жігітке көз қиығын тастады. Қарай гөр өзін... Қос балдақты құшақтаған күйі жерден көз алмайды. Құлақтары қызарып, ерні дірілдеп тұр... Мұрны да босап кеткен. Енді болмаса ызадан жылап жіберердей. Бірақ комендант Шевцовтың қатысы нешік. Осындай тәртіпті орнатқан бұл емес қой. Өздері тауып алған сордың арқасы. Болмайды... Бітті! Ертең-ақ жер ауып келгендердің бәрі де оқығысы келуі мүмкін. Сонда рұқсатты оларға түгел беру керек пе? Ал, олардың облыс бойынша жоқ жері болсашы... Аудан түгілі ауыл-ауылдың

бәрі. Неміссіз ауыл жоқ десе де болғандай. Жо-жок... Әрқайсысы өз мекенінде... Өз жұмысында жүре берсін. Мұндайлардың көз алдында жүргені дұрыс.

— Сонда қайда бармақсың? Қолыңда шақыру қағазы да жоқ, — деп Шевцов жер ауып келген жас жігітке қабағын түйе сөйледі.

— Қайдағы шақыру қағаз?

— Институттан.

Жүзі бұрынғыдан да сұрлана түскен жас жігіт әуелі теңселе беріп, қолтығындағы балдағын түзеп алды да, нығындағы жол сөмкесінен бірнеше хатты будасымен бірақ суырып ұсына берді.

— Мінекиіңіз...

— Бұл не?

— Оқыңыз.

Жас жігіттің дауысы толқып шықты. Арық мойны қылқиып, жұтқыншағы да жоғарылы-төменді бұлкілдеп тұр.

Майор Шевцов тыжырынған қалпы конверт ішінен тасқа басылған жазулары бар қағазды шығарды.

“Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институты”. Екінші конвертті ашты. “Шет тілдер институты”, үшінші конвертті де қалдырған жоқ. “С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті”. Барлық хаттағы сөздер мағыналық жағынан ұқсас еді. “Сіздің сұрағыңызға берер жауабымыз: Милиция бөлімшесінен рұқсат хатыңыз болған жағдайда Советтер Одағының кез келген жоғары оқу орнында білім алуға хақылысыз”.

— Бұлар шақыру қағаздар емес қой! — деп Шевцов ашулы күйде ресми қағаздарды стол үстіне тастай салды.

— Әрине, — деп жас жігіт те бірден шақ ете қалды. — Бірақ Советтер Одағының кез келген жоғары оқу орнында оқу правосы анық айтылған ғой. Шақыру милиция бөлімінің рұқсатынан кейін болады. Әуелі рұқсат беріңіз маған!

— Мен саған орыс тілінде ұқтырдым емес пе? Шақыру қағазы келмейінше рұқсат бере алмаймыз деп...

— Ал, институт сіздерден рұқсат болмайынша шақыру қағазын бере алмайды. Сонда мен не істеуім керек?

Шевцов бұрылып терезеге жақындап барды да, саусақтарымен ағашты тықылдатып тұрып “Не істеуім керек? деп шырылдап тұрған мұныкі де дұрыс-ау. Расында жұртты

шатыстырып-бытыстырған нәрсе емес пе? Иван Петрге, Петр Иванга сілтегендей”, — деп ойлады. Әрине бұл тәртіпті майордың өзі де бұза алмайды. Іс қағаздарында анық жазылған. Бұл да сол қағаздың дегеніне бағынады. Неде болса жер ауып келген жігіттің өзі шешсін. Құлығы асып институттардың бірінен шақыру қағазын алдырып жатса, мұның бөгелмей-ақ рұқсат беруіне болар еді... Оның ар жағында жер ауышы барған жерінде тәртіп сақтап бірден жергілікті комендатураның есебіне тұрып жатса бір жөн... Мына кисық жігіттің санасында әзірге оқу ғана.

— Сен мені қиын жағдайға тіредің. — деді майор өзін-өзі зорлағандай күйде езу тартқан болып. — Сенің бұдан гөрі жоғарырақ бір жерге барғаның дұрыс болар ма еді.

— Жоғарыға ма? — деп жас жігіт тағы да шап ете түсті. — Мен жаздым ғой.

— Кімге?

— Ішкі істер министрі Круглов жолдасқа... Тағы да — Ворошилов жолдасқа.

— Солай де! Жауап та алдың ба?

— Мен алғаным жоқ. Бірақ аудандық милиция бөліміне қағаз келді.

— Онда не айтылған?

— Оқыған жоқпын. Ал Волченко жолдастың айтуы бойынша “Жалпыға ортақ тәртіп негізінде шешілсін” деген сияқты.

— Жалпыға ортақ тәртібі қалай?

— Оқысын дегені болар...

Майор Шевцов ойланып қалды. Ендігі жерде мына жас жігітпен абайлап сөйлесуі де керек сияқты. Хабарласпаған жері жоқ. Соның бәрін өз ақылымен істеп жүр ме, әлде көздеп отырған біреулер бар ма? Әрине, жер аударылғандардың арасында қызметкерлер де жоқ емес. Тіпті олар сол ауылда да бар. Сірә, солардың бірі қайрап жүргеннен сау емес шығар. Болмаса ауыл мектебін енді бітірген сары ауыз балаға мұнша ақыл қайдан біткен? Депутаттарға жазған. Үкімет орындарына жазған... Институттарға жазған... Қарай гөр өзін. Сталиндік конституцияға келгенде тіпті... тақылдап тұр. Оқымысты!

— Сен үш институтқа бірдей неге жазғансың? Сонда үшеуінде бірдей оқығың келе ме, әлде қайсысында оқысаң да бәрібір болғандығы ма?

— Әрине, бәрібір емес. Мен әуелде Халықаралық жағдай

институтына оқуды армандағанмын. Бірақ маған түсіндірушілер... мені-ің онда-а... түсуіме-е... мүмкіндік аз секілді...

Жас жігіт күмілжіп қалды.

— Тіпті біреулер күлді де. Сонан соң менің тілші әлде әдебиетші болғым келді. Қалай шешілерін кім білсін.

— Түсінікті. Жазатын да шығарсың?

— Былай... мақала... суреттеме сияқты... Аудандық газетке... тіпті облыстық газетке де шыққандары бар.

— Солай де... Ал, мен сенің фамилияңды кездестірген емеспін.

— Мен қазақша жазамын ғой. Оның үстіне бүркеншік атпен.

— Ал-л неге бүркеншік атпен?

— Енді...

Жас жігіт кішкене қысылғандай болды.

— Егер “Карлсон” деп қол қойсам, газеттер баспайды. Ал “Қарлыбаев” десем жөн бір басқа.

— Қарай ғөр.

Майор сағатына қарады. Балдағын қолтығына қыса түсіп тістенген күйі тұрған жас жігіт одан көзін алар емес. Майордың дауысындағы күмән келтіргендей ыңғайды да танып тұрып та ол қарсыласын біржола аңдуға алған қалпынан танған жоқ.

Комendantтың жасы әлі қырыққа жетпеген болуы керек. Толық әрі шымыр денесіне тықырлау алдырған шашы да жарасып тұрғандай. Оның шаршау жанарындағы аяу сезімін бұл қапы жібермей аңғарып қалған. Жас жігіт өзін түсінетін, түсінуге тиіс жердің нақ осы ара екенін ұққандықтан да әлі де шыдам сақтап әңгімені ұзарта түскісі келген қалпы бар. Кім білсін, дұдамал ойлардың шырмауында тұрған майор да бұған ақыры мейірі түсіп, илігіп рұқсатын бере қалса, одан арғысын көріп алар еді, шіркін... Әзірге бұл үшін ең қазабат облыстық милиция басқармасының жол жүру үшін беретін рұқсаты болып отыр. Қарғыс атқыр сол рұқсат қағазы қолына бір тисе ғой... Жо-жоқ, сол қағаз қолына тимейінше бұл босагадан кетуіне болмайды. Зорлап итеріп, қуып жібермесе. Тіпті бұдан басқа барар жер, басар тауы да қалған жоқ қой. Расында мұғалима апайы Мария Петровна әбден қысылған шақта облыстық комсомол комитетіне де соғуға болатындығын айтқан. Әрине, бұл да суға кеткен тал қармайды дегендей амалсыздан туған айла болар еді. Болмаса облыстық комсомол комитетінің жер ауып келгендерде шаруасы қанша? Бірақ олардың

да көмегі тиіп қалуы әбден мүмкін-ау. Ал, соның бәрінен де қайыр болмаса, одан арғы тағдырының қалай болары өзіне де белгісіз.

- Аяғыңа не болған...
- Сүйек туберкулезі.
- Көптен бе?
- Он екі жасымнан.

Шевцов әрлі-берлі жүріп тағы да терезе алдына тоқтады. Әрине, аянышты... Басқаша етер амалым жоқ деп шырылдауы да заңды. Расында да бұл бейбақ не істеуі керек? Тұйықтан шығар жол бар ма? Балдағын сүйретіп жүріп тракторшы не шофер бола алмайды... Ал, одан өзге ауылда қандай жұмыс бар? Мұндайларды әттең уақыттан шығарып-ақ тастауға болар еді. Бірақ заң бар ғой, заң! Біреуге жақсылық жасадың екен, бәріне түгел жасауың керек. Бәріне бірдей жақсылық жасау қайда? 48-ші жылғы үкім әлі күйінде. Ал, ол үкімде “мәңгілікке жер аударылды” деп анық жазылған. Дәл солай. Мәңгілік! Өз бетінше мекен өзгертсе – жиырма бес жыл түрме. Ал, мына жігітті жиырма бес жылға қалай қиярсын... Алғашқы жылы-ақ шаруасы бітеді ғой. Бұл байғұсқа енді не істеуге болады? Қала үсті шудаланған бұлттар. Алыстан найзағай үні естілді. Жауынның лай тамшылары шатырдан сүмектеп тұр.

– Мәселе былай, Гарри, – деді майор бұл үшін шын шаршап тұрғанын білдіргісі келгендей, жақындай түсіп. Ал, балдақты жігіт оның ендігі айтар сөзін үмітпен күткендей үнсіз.

– Мен саған рұқсат бере алмаймын. Түсін. Бере алмаймын... Оған правом жоқ.

– Со-онда-а... ме-ен... Жас жігіттің тағы да еріндері дірілдеп кетті. Екі беті қызарып көзіне жас үйірілді.

– Сабыр ет... – Майор енді жұмыс столына қарай бұрылды. Бөлмеде ауыр үнсіздік орнады. Бір сәт ойға беріліп комендант тұр. Көз жасын әзер тоқтатқан күйі, балдақтарын бауырына қыса түсіп жас жігіт те оны үнсіз баға қалған.

Осы сәтте облыстық милиция басқармасы үйінің ескі кірпіштен салынған қабырғаларын дір еткізіп күн күркіреді де жауын нөсерлетіп төгіп қоя берді.

– Былай етсек қайтеді, – деді бір кезде майордың дауысы жауын шуынан әзер естіліп. – Тәуекелге бел тігіп тұрмын. Түсінесің бе? Егер мен саған үш күнге рұқсат берсем, жеке басының шаруалары үшін деп. Әрине үш күн ішінде сен Алматыға жетіп қана үлгересің.

Одан артыққа мен де бара алмаймын. Үш-ақ күн ғана. Ал барған бойда сен ұчетқа тіркелесің. Барған бойда! Болмаса мені қнын жағдайға қоясың, балақай. Өзіңнің де жетіспейтіндігің өз алдына. Алматыдағы комендатураның адресі Пролетарская 10. Есіңе сақтап а.л. Ұчетқа тұрып болған соң емтихандарыңды тапсыруға кірісесің. Мүмкін жолың болып кетер.

— Рахмет... рахмет, — дей берді жас жігіт оның айтқандарына толық көзі жетпей тұрса да.

— Жарайды. Рұқсат қағазы үшін ертең сағат онда кел. Мен бәріп дайындап қоямын. Аудандық милиция бөліміне жазған хатыңды маған қалдыр. Сонымен бітті!

— Рахмет... рах-хмет... сізге... Сау болыңыз... Ертең сағат онда.

— Онда.

• Гарри балдақтарың соғылыстыра бұрылып коменданттың бөлмесінен шыққан бойда, қарақоленке әрі тар ұзын дәліздің сықырлаған ескі еденің шулата жүріп келіп шыға берістегі орындыққа асығыс ұмтылды. Аяқтары сал боп ұйып, қолдары дірілдеп тенселе басып, әлсіреп келе жатқан қалпында ол облыстық милиция басқармасы үйінің алдында “Балдақтарыма да не бола алмай гүрс құлап жатпасам етті”, — деп те ойлаған.

Әп сәтте жауың басылып, ыдыраған бұлттардың арасынан жанары жасқанғандай болып жүзіне күннің алғашқы сәулесі түсті.

Гарри балдақтарың жанына сүйей беріп, ауру аяғың жайластырып алды да, орындықтың арқалығына сүйеніп отырды. Санасында шым-шытырық ой. Сонда шынымен-ақ жолы болып кеткені ме? Егер ертең рұқсат қағазың ала қойса, онда ауылға оралып жатудың қажеті жоқ. Оляга телеграмма береді де өзі бірден поезбен Алматыға тартып кетеді. Одан аргысын тағы да көре жатар.

Ол қалалық баққа жетті де әуелі арзан еттен жасалған бәліш сатып жеп соңынан шырын су ішті. Сырттан келген жанға бұл жер де тосын. Айнала жарнамалар. Әр жерде әрдеңе сатқан дүкендер. Тир. Қызыл құм басқан бақ арасының жолдары мен би алаңы. Сыра сататын жерде жұрт қара-құрым. Даурыққан қатты дауыстар естіліп жатыр. Ал, бақтың бір бұрышындағы көлеңкеде алты картаның қызығына түсіп алған бір топ адам жан-жақтарына қарар емес.



Әбден қалжырап шаршаған Гарри кеше кешкісін баққа таяу маңда тұратын Хамза ақсақалдың есігін үрған. Қызыл Тудан келгендердің қай уақытта да түнемелік түсер мекені — осы үй. Хамзекеңнің үлкен демей, кіші демей қуана қарсы алып жатқаны. Басына ақ жаулық салып, үстіне қара пүлштен камзол киген Хамзекеңнің бәйбішесі Балым әже сол Қызыл Тудан болатын. Қызылжар қаласына ертеректе келген бұлар келім-кетімнің көптігінен Қызылтуда болып жатқан жаңалық-жақсылықтардан тыс қалып көрген емес. Өздері көптен бармаса да күн құрғатпай қатынасатын жандардай бәрін есітіп-біліп отырады.

Гарридің Қызылжарға жүретіні анықталған сәтте ауылдастары түгел жамырасып бұған Хамзекеңнің үйіне түсуді кеңес еткен. “Ойбай-ау, одан басқа үй іздеудің өзі әбестік. Туғанындай қарсы алмаса маған кел. Бөтендігің бар ма, айналайын-ау. Атығайдың бір баласындай болып кеттің. Үйіне кір де: “Ассалаумалейком, ата. Мен Қызыл Туданмын де. Сол ауылдың Қари деген баласы едім де... Ауыл түгел сәлем айтып жатыр де... Бітті”.

Айтқандары рас болып шықты. Гарри ағаш қоршаудың есігінен аттай берген сәтте-ақ уайым атаулыдан әп-сәтте арылғандай болды. Үй иелері ағаш сәкінің үстінде шай ішіп отыр екен. Шокша сақалды, шағын денелі шал малдасоқына отырған қалпы сүт қатқан шайды баппен ұрттап отыр да, кемпірі екі иінінен дем алған жез самаурынның жанында.

— Қызыл Тудан келдім дейсің бе? — деді шал көзінің құйрығын қолымен бір сүртіп қойып. — Төрлет... кел... Дастарқанның үстіне келгеніңе қарағанда жаман кісі болмассың. Отыр. Қонақ бол.

— Атым Гарри. Осында бір-екі күндік шаруамен келіп едім, — деді Гарри.

— Қари... Е, айналайын-ау, атың да қазақша екен ғой өзі. Қысылмай жайғаса бер... Шаруа жөнін жата-жастана айта берерсің.

— Е, е алла-а... — деді кемпірі де қонақ қолтығындағы балдаққа көзі түсе беріп.

— Өзің де әбден шаршағанға ұқсайсың. Демала ғой, қарағым.

Сойтті де май салынған тарелка мен туралған пандарды Гарридің алдына қарай ысырып жатты.

Қонақ бала тап бір туыстарының үйіне келгендей сезімде отырды да, дастарқан жиылысымен қарияларға ауыл жаңалықтары түгел баяндап берген.

Гарридің бүгінгі келісіне шал тіпті риза болды.

— Қайда жүрсің, айналайын-ау. Бір жағына адасып кетпеді ме екен деп, мына кемпір екеуміздің зәреміз ұшты. Әлде бір жағдаят болғаннан саумысың озің?

— Жоқ, ата, ештеңе де болған жоқ. Бақ ішін араладым.

— Бақтың ішін бекер-ақ аралағансың. Оның іші тола шпаналар ғой, күнім-ау. Әсіресе ауылдан келгендерді көзді ашып жұмғанша тонап жіберуі әбден мүмкін.

Шайдан соң Хамзекең иегін кеудесіне сүйеген қалпы үнсіз отырып Гарридің бүгінгі басынан кешкендерін тыңдады.

— Япыр-ай, ә, — деді бір кезде шал аса бір таңғалыспен.

— Менің мына ақ басым талайды көріп келе жатыр. Сөйте тұра түсінбейтін нәрселерім бар. Керман — бұл фашист. Бұл түсінікті. Ал, сенің оған қандай қатынасың бар. Құдайым-ау қаршадай баланың не жазығы бар? Сенің оқып кеткендігіңнен сонда кімге зиян келмек? Неден қауіптенеді олар? Түсінбеймін. Тіпті миыма кірмейді.

— Е, -е-е, Алла-а... Біз қайдан бәріне бірдей түсіне берейік, — деді кемпірі әңгімені жалғастырып.

— Жоға-а деймін-ау. Ақымақтық қой! Оқығымыз келмейді деп қашатын көшенің балаларын ұстап алып зорлап оқытып жатқанын көзіміз көріп отыр. Ал, Қари оқығым келеді дейді екен. Оны жібермейді. Сенбейді. Сондағы жазығы неміс болып туғандығы. Ал, болса ше? Орыс пен қазақтан несі кем екен мұның... Құдай біледі. Мына тіршіліктері мұсылманшылық емес олардың. Мұсылман деген бұлай етпесе болар.

Түнде Гарри көпке дейін ұйықтай алмады. Үйренбеген қала шуы елеңдетіп бітті. Алда болар өзгерістерге де көңілі алаң. Ертең ол рұқсат қағазын алады да поезға мінеді. Үш күннен соң оңтүстіктің атақты алмалы қаласына да жетеді. Әрине, алдымен ҚазПИ-дің жатақханасындағы кластастарын іздеуге шығады. Бағираның бөлмесінің табалдырығынан аттай бере “Міне мен де келдім!” — дейді. Сонда Бағира қайтер екен деші. Таңқалып қарайды да, қап-қара көздері ұшқын атып жүгіріп келіп мұны құшақтай алады. Ал, бұл оның қап-қара шашынан сипап бақыттан басы айналып тұрады-ау сонда.

Осы бір көрініс оның көз алдына қайта-қайта орала берді. Міне ол есік қағып тұр. Ішке кірді. “Міне, мен де келдім!” Таңданғаннан айқайлап жіберген Бағираның дауысы. Көзіндегі бақытты жарқыл.

Ол жүгіріп келіп мұның құшағына енеді. Қыздың ып-ыстық демі мен шашының иісін сезіп тұр.

...Сонан соң ол перронда жүрді. Міне поезд жүргелі тұр. Бірақ ол қанша іздесе де өз вагонын таба алмай қойғаны. Тіпті вагондарды түгел жағалады. Бірақ билетте көрсетілген вагоны жоқ. Ақыры алакөленкелеу жерден керек вагонының номері жарқ ете қалды да, бұл балдақтарын алға жылдамырақ сілтеп асыға қадамдап кетті. Тіпті екі-үш қадам-ақ қалды. Міне вагонның басқышы. Қазір ол балдақ ағаштарын оң қолына жинап ұстайды да, сау аяғын басқышқа салады... Солай вагонға кіре берем дегенде жолсеріктің: “Рұқсат қағазы?” — дегені паровоздың ашы айқайымен қабат естілгені. Ол балдақтарын жанына сүйей беріп қойын-қалталарынан енді рұқсат қағазды іздей бастады. Жоқ. Рұқсат қағазын таба алмады. Ол тасыр-тұсыр қозғала бастаған вагон дөңгелектеріне қарап тұрып: “А-аа-а!” — деп қатты айқайлап жіберді.

— Астапыралла-ай, тағы не боп қалды? — деген Хамза шалдың дауысы да естілді. — Бүрге шағып алмаса нетті өзін.

Гарри оянып кетті де, бірауық қайда, неге жатқанын түсіне алмай үнсіз жатты. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Тамағы құрғап қалыпты. Бұл жайды ол жақсылыққа жори қойған жоқ. Ол таңертеңгі бірінші автобуспен-ақ облыстық милиция басқармасы үйінің жанына келіп түсті. Бірақ кезекші милиционер оны ішке кіргізген жоқ.

Гарри бос көшемен әрлі-берлі жүрумен болды. Онсыз да ауру аяғы әбден әлсіреді. Шевцовпен кездесер уақытқа дейін әлі көп бар. Ол жақын маңдағы асхананы бір қарап өтті. Азық-түлік дүкенінің терезесінен де біраз үнілді. Істерге ісі болмаған соң бірауық орталық почта үйінің маңын да кезді.

Әрі бері отіп жатқандар Гарри үшін тіпті көңілсіз сияқты. Жүздерінде әлдеқалай мазасыздық бар ма қалай? Дүкен, асханада кездескен кісілер бір-бірімен жан-жағына жалтақтай қарап тұрып күңкілдесіп қана сөйлеседі. Қызық! Почта маңайында үймелескен әйелдердің әңгімелері Гарриді тіпті таңқалдырды. “Естідіңдер ме? Енді не болады сонда? Масқара! Бәрі жау. Бәрі шпирон. Газет, журналдарды өртемек! Масқара! Ой-ай!”

Осы бір мазасыздық облыстық милиция басқармасы үйінің ішінде де байқалып тұрды. Ұзын коридормен әрі-бері өткендердің қабағы түсіңкі. Әрқайсысы өз кабинеттерінің есігін тарс жауып

алған. Әр түрлі шаралармен келіп есіктерді күзетіп, қабырғаларға сүйеніп тұрған адамдарға ешқайсысы мойындарын да бұрар емес. Ешқайсын шақырған да жоқ. Біреуді біреу керек етпей қойғандай осы бір оқыс тыныштық әркімдерге-ақ түсініксіз еді.

Сағат онда Шевцов болған жоқ. Тіпті сағат он жарымда да оның кабинеті жабық тұрды. Кезекші милиционер: “Ол бүгін тіпті болмауы мүмкін”, — дегенді де айтты. Гарридің шыдамы да таусылды. Енді не істеуі керек? Тағы да кімге жолыққаны жөн. Үрейден аяғын ақырын басып Гарри бірнеше бөлменің есігін ашып байқады. Бөлмелердің көпшілігі бос еді. Ал, барларының өзі жұмыс столдарында үн-түнсіз отыр. Әлденеден шошынғандай өңшең өңдері қуарған жандар үрейлерін жасыру үшін ғана ештеңе білмегендей, естімегендей қалып танытатын сияқты. Ақыры Шевцов та келді. Ол да көңілсіз. Әлденеге мазасызданған күйі бар. Гарри орнынан тұра бере, оған ұмтыла түскен.

— Сәлеметсіз бе?

Жас жігіттің даусында үміт пен үрей аралас еді. Даусының осылай бәсең шыққанына оның өзі де ыңғайсызданғандай болды.

— Қазір... қазір, — деп мұны жолай қалдыра берді де Шевцов болмесіне кіріп кетті.

Шыдамы таусылған Гарри жиырма минуттан соң тәуекелге бел буып есікті ақырын ашып сығалап қарады. Майор жазу столының жәшігін қопарыстырып әлдебір қағаздарды іздеп жатыр екен. Көрші бөлмедегі кісілер де оған кіріп-шығып жүр. Бірақ қай-қайсысының жүзінен де көңілсіздік табы арылар емес.

Тағы бір сағаттай уақыт өтті. Майор Гарриді біржола ұмытқандай. Өз шаруасымен болып кеткен. Есікті тағы аша берген Гарри енді табалдырықта біржола тұрып қалды.

— Кеше-е... сіз-з ма-ға-ан...

— Немене...

Майор мұны бірінші рет коргендей шақырая қарады да:

— Ә-ә, ия... — деп, түншыға мінгірлеп қалды.

Сонан соң ол дәл кешегі жүрісін қайталағандай әрлі-берлі жүрді, терезенің алдына барды.

Арманының орындалмайтынын алдынала сезгендей Гарридің тұла бойы мұздап кетті.

— Кешіріңіз, — деді Шевцов ақырын сөйлеп. — Мен өз уәдемнен амалсыз бас тартқалы тұрмын. Мен саған рұқсат бере алмаймын.

— Кеше сіз уәде беріп едіңіз ғой, — деді Гарри жұлып алғандай.

— Жасай алмаймын. Бүгін жағдай өзгерді.

— Ол неғылған жағдай?

— Сен немене, радио тыңдамағансың ба?

— Жо-оқ.

— Тыңдау керек. Берияны тұтқындады.

— Қалайша? Лаврентий Павловичті? Сталиннің сенімді досын... Серігін?!!

Мынаушы шыны ма, әлде мазақ еткені ме дегендей Шевцов шұғыл бұрылған күйі жерауып келген жігіттің жүзіне қадала қарады. Жоқ. Бұл жолы күлкіге орын да жоқ еді.

— Ағылшын шпионы болып шықты.

— Шпион... Лаврентий Павлович пе? Сталиннің сенімді досы әрі серігі?!

Бір сәтке Гарри үшін рұқсат алу... сонан соң оңтүстіктің алмалы қаласына бару әрекетінің бәрі ел үшін, бүкіл дүние үшін болып жатқан мынадай үлкен оқиғаның жанында әншейін бос әурешілік болып көрінді. Рұқсат қағазы мен жер ауып келген адамның бітпейтін я қоймайтын талап-тілегі де сөз болып па? Көсемнің досы, халықтың сүйіктісі ағылшындардың тыңшысы болып шықса!

Бірнеше күндік шаршау Гарридің бойынан тарап кеткендей болды. Қалайша бұлай болғанын түп-түгел түсініп болмаса да, ол өзін жеңілденіп қалғандай сезінді. Кісіні таңқалдырғандай әлгі жаңалықтан кейін Шевцовтың уәдесінен айнып қалғандығын да көңіліне ауыр алған жоқ. Кенет оның ауылға тезірек қайтып кеткісі келді. Ауылға жетіп алып мына жаңалықтарды Мария Петровна мен Давид Павловичке баяндап берсе ғой. Ал, олардың ағылшын шпионы мәселесіне келгенде өздерінің бәлен күн жырлап тауыса алмас ескі есептері де болуы мүмкін.

— Осылай, Қарлсон, — деді енді майор ресми сөйлеп. — Дәл қазіргі жағдайдың тұсында ештеңе де шешу мүмкін емес. Уақыт керек. Қанша уақыт керек екендігін тағы да айта алмаймын. Тіпті бәрінің де қиындап кетуі мүмкін. Үйіне қайт.

Гарри ендігі жерде өзін еркін сезінді. Ол майордың қалай абыржып, сасып тұрғанын өз көзімен көріп тұр. Демек оның жерауып келген неміске көмектесердей дәл қазір шамасы да жоқ. Бастық сияқтанып ақылдылау әңгіме айта алмағандығын тіпті

аяп кетті. “Үйіңе қайт” дегені несі? Қанша күн аудандық милиция бөлімінің бастығы Волченконың есігін күзетіп, үш күнге әзер дегенде рұқсат алып, нөсер жауында қалып, екі күн машинаның ашық кузовында үстін шаң басып арман етіп жеткен Шевцовынан естігені осы-ақ болғаны ма? “Ештеңе шеше алмаймын. Үйіңе қайт”.

Кернеген ыза мен ойдан кеудесі біржола босап қалғандай. Мысқалдай уайым, реніш болсашы. Өзіне-өзі күлгісі келгендей бір сәт еріндерін қисандатып тұрдыма-ау. Ол енді абыржулы коменданттың жүзіне тіктеліп емін-еркін қарап тұрды. Әлдебір қағаздарды мағынасыз аударыстыра бастаған оның қазіргі күйі өте аянышты еді. Тіпті өзінде кәдімгідей үрей бар. Гарриге енді бәрі түсінікті. Мұнда ешқандай мақсат жоқ. Мақсат болмаған жерде үміт жоқ. Ал, үміті жоқ жерде кісіде сірә үрей болушы ма еді? Мүмкін емес. Ешқандай да мүдденің жоқтығы сол, ол енді майорға тіктеліп, сабырмен қарау бақытына ие болды. Рахат. Бұл енді одан ештеңе сұрамайды. Өтінбейді де. Шевцов дәл қазір еркін жүріп тұруға да правосы жоқ жер ауып келген неміс жігіті Гарри Карлсоннан да бейшара, мүсәпір болып көрінді.

– Рахмет.

– Не-е...

– Рахмет деймін. Сіз мені жұбаттыңыз ғой.

Гарри жымың етіп күліп те қойды. Тіпті оның өзін екі күн бойы әуре-сарсаңға салып қойған майордың жүзіне қарап тұрып қарқылдап күлгісі де келген. Ол балдақтарын қолтығына қатты қысып, осы бір ширыққан күйде саймайынан аққан терді де аңдаған жоқ.

Майор оған қарай берді де, назарын қайта бұрып әкетті.

– Волченконың рұқсатын қайтарып беріңізші енді. Сізде болғандығым жөнінде бұрыштама соғуды ұмытпаңыз. Болмаса сенбей жүрер.

– Ия... ия... Қазір.

Аудандық милиция бөлімінің жер ауып келген Карлсонға Қызылжар қаласына бару үшін берген тілдей рұқсат қағазының бетіне комендант Шевцов әлдебір жазуларды жазып жатты. Сонан соң мөр басып жатты:

– Бүгін жүрмекпісің? – деп сұрады.

– Солай етермін.

– Егер сіз-э... тағы да қалада болғыңыз келсе... менің екі-үш күнге ұзартуға хақым бар.

— Жо-жоқ. Рахмет! Жер ауып келгендердің үйлерінде отырғаны жөн.

Майор үнсіз қағазды ұсына берді.

— Тағы да рахмет сізге. Сау болыңыз.

Балдақтарымен еденді тақылдатып Гарри сыз бен шаң исі шыққан алақөлеңке бөлмеден ақыры шықты.

Қоршау сыртындағы орындық бос екен. Балдақтарын жанына сүйеп ол соған отыра берді де ал кеп жыла. Бұрын сонды көз жасына осылай ерік берді ме екен сірә! Өмірдегі көрген зәбір-жапа, бақытсыздығының бәрі түгел есіне түссе болар ма? Жер аударылуы... Мазасыз күндер... Үйсіздік пен аштық... әке өлімі... аға-апаларының бақытсыздықтары... ауру болуы... орындалмаған арман... Енді дүниеде бұл малданар не қалды өзі? Жо-жоқ. Ештеңе де... Аспанға тағы да бұлт үйіріле бастаған. Жауын иісі сезіледі. Гарри жылап отырғандығы үшін ешкімнен де қысылған жоқ. Тіпті оның өмір сүргісі де келмейтін сияқты. Жел айдаған бұлт болып әлдеқайда ұшып кеткісі келді... Жауын тамшысы болып жерге сіңіп кеткісі келді...

— Оңбағандар! Иттің балалары!

Жанына әлдекімдерге ашулана сөйлеген егде кісі келіп отырды. Қатты ашуланған ол аузы бұртаңдап сөйлеп отырып бас киімін де жұлып алып тізесіне бірақ ұрды.

— Шайскерле! Хундстрек! Доннерветтер! Енелерінді... өңшең...

Егде кісі ашудан бұрқырап отыр. Орысша-немісше боқтау дегендеріңіздің неше атасын жіберді-ай дейсің... Оның жел қағып қарайған қайсар қара сүр өңі ешкімге де бас имейтін жанның кейпін танытып отырды. Тіпті кірпікшешен етіп алдырған басының өзі оның қазіргі ызалы, ашулы жүзіне сондай жарасатын секілді. Ол орындықтың екінші шетінде отырған балдақты жас жігітті де сәлден соң барып аңдап, жалт бұрылды.

— Немене, сен де мына жерден шықтың ба? — деді ол, облыстық милиция басқармасының үйі жаққа тыжырына иек қағып.

— Ия, — деді Гарри ақырын үн қатып.

— Неміссің бе? Комендатураға шақырды ма? Кім? Не үшін?

Ол жөн сұрағаннан гөрі, тергеп отырған жанға көбірек ұқсайтын. Әр сөзі бетіңе салып жібергендей. Қатқыл еді. Гарри жайымен өз жағдайын айта бастады да, әлгі кісі тыржындап,

әлдекімді ұрып отырғандай қолын қайта-қайта сілтеп отырып тыңсады.

— Сен неғып қарадай босап отырсың енді? Сенікі дұрыс! Дұрыс! Тіпті кінәң жоқ! Сен өз дегеніңе жетуің керек! Білдің бе? Жарып от! Жеңіп шық!

— Айтуға оңай...

— Басқаша болмайды... Басқаша болса шаруаң бітті, көкетайым! Білдің бе? Неге де болса бас шұлғып отыратын кәдуілгі жер ауып келген иілгіш-бүгілгіш неміс боласың да шығасың.

— Ал, сіз кімсіз?

— Е, мен бе? Менің өмірім — роман, көкетайым. Өуретірлікпен келе жатқан мен де бір бейбақ. Әкемнің атын өзгертіп еңбек армиясынан қашып барып фашистермен соғыстым. Медальдарым бар. Берлинге дейін аман жеттім. Содан еркіндікте өмір сүріп жатқанмын ғой, көкетайым-ау. Осы таяуда енеңді... мен де жер ауған неміс болып шыға келдім.

— Әкеңіздің атын өзгерткеніңіз қалай?

— Онда тұрған не бар? Зельцерді Зельцин еттім. Бітті. Неміс емес орыс болып шыға келдім. Ешқандай указ... ешқандай комендантураның да керегі жоқ. Соғыстым, соғыстан соң жұмыс істедім. Рұқсат қағазынсыз-ақ әрі-бері жүрдім. Сайранды салдым...

— Ал, қазір ше?

— Қазір ме? Қазір-р... Көріп отырсың ғой, көкетайым-ау. Бәрі де бітті. Інкібідіге барамын... милицияға кіремін... Анаған жауап беремін. Зельцин емес қайтадан Зельцер болдым. Орыс едім неміс боп шыға келдім, көкетайым... тағдырдың тәлкегі дерсің.

— Қызық екен.

— Қызық түгі де жоқ. Оңбаған, салдақы әйелсымағым Антонинаның кесірі... барған да менің кім екенімді алдарына жайып салған. Құдайдың маған сондай сауатты әрі қырағы әйелді бергенін көрмейсің бе? Әрине, мына жақ — ол милиция басқармасы үйін нұсқап иегін бір көтеріп қойды — онсыз да бірдіңелерді сезіп отыр екен. Енді соңымнан қалар емес. Тексеріп жатыр... қазып жатыр... тінтіп жатыр... Кіммен жүрдім, кіммен тұрдым. Қайда болдым. Неге бардым. Құдайым-ау білгісі келмейтін нәрселері жоқ.

— Жағдайыңыз жаман емес екен.

— Амал жоқ. Қасіретті комедия дерсің. Өзің Волгаданбысың? Әлде Қырымнан?



– Волгаданмын. Энгельстетуылғанмын. Бірақ Пиаденфлюрдсн жер аударды.

– Солай де. Мен бәрінде білемін ғой. Блюменфельд, Нойдорф, Полеводино, Мангейм, Зихельберг, Мариенбург...

– Ата-анам Мангеймнен.

– Солай де! – Егде кісінің жүзі жылып, дауысы да өзгеріп сала берді. Аттары ұмытыла бастаған неміс селоларын атаудың өзі оны көңілдендіріп жібергендей.

– Ойбай-ау, жерлес-көрші болып шықтық қой! Тіпті қызық болды-ау! Біздің кантон Красный Кут деп аталынған. Оның жанында Шенфельд, Шендордф, Шенталь деген ауылдар болатын. Мен сол араданмын. Ал, жанымызда ғана – Ягодное, Семеновка, Николаевкалар болды. Мүмкін білерсің?

– Жок.

– Әрине, сен жассың ғой.

Ол бірауық үнсіз қалды. Зельцер-Зельцин кенет ұйқысы келген жандай көздерін жұмып отырды. Шәпкесін көзіне түсіре киіп біржағына қарай жантайған болды. Әлгінде ғана жұлқынып тұрған мінез енді мұң мен шаршауға тізе бүккендей. Сәлден соң ол оянған жандай қайта күбірледі.

– Ия, майн юнге... Біздің тіршілігіміз қисайды, көкетайым. Ең бастысы – не үшін және не жазғанымыз белгісіз.

Гарри онымен сөз таластырған жоқ. Өзі осы әңгімелерден соң бір түрлі жеңілдеп қалғандай сезімде отырды. Зельцер оған ұнады.

– Жарайды, қарағым. Менің кетуім керек, – деп бір кезде Зельцер орнынан тұрды. Жүзі сұрланып тұрып жағасын түзеген болды. Көздерінен қайтадан ашу ұшқындары білініп тұр.

– Салың суға кетпесін, інім! Мықты бол! Жүректегі мұң мен қайғыны жұлып таста! Қасқайып неге де болса қарсы тұр. Мына сасық саясат сені әлі біраз мыжғылағысы келуі мүмкін. Соған үнжырған түспесін. Соғыс алдында айтылып жүретін “Батпақтағы солдаттың әні” есінде ме? Буш айтатын. Сен де солай бол: “Эвиг каннс нихт винтер зайн!” Солай... солай... “Қыс мәңгілік болмайды, бауырлар”. Сөз жоқ! Қош бол, жерлесім! Жер ауып жүрген інім!

Ешкімге бас имейтін қайсар жан бірте-бірте ұзап бара жатты. “Осымен бәрі де бітті” деп ойлады Гарри өзінше. Енді Қызылжарда ол аландайтын ештеңе де қалған жоқ.

Күн тас тобеге тырмысып барады. Аспанға бұлт айналды. Егер тағы да жауын жауып беретін болса гой, бір тәулікте Марьинкаға жетуің оңай да болмас. Машиналардың мұндайда белуарына дейін батпаққа батып жататыны бар. Ал, елсіз далада қону дегеніңді душпанның басына бермесін. Манайдан мая шөп кездесіп қалса да бір сәрі... ептеп-септеп көз шырымын алуға себеп...

Есік алдындағы сәкіге жайылған текеметтің үстінде қолына таяқ ұстап әлдебір ойға шомып отырған Хамза-шал Гарри кіріп келгенде қуанып қалды.

— Ой, айналайын, келдің бе? Қандай шаршағаның өзін. Тіпті екі күннің ішінде кілмиіп қалдың гой. Түріңнен түр қалмады. Байқаймын, қала саған жақпайды екен. Әлде аяғың мазалап жүр ме?

— Ата, аяғым емес, жаным ауырады.

— Олай деуге саған ерте гой, балам-ау. Жанның не екенін білетін кезің бе? Ол мына біз сияқты кәрілерде болады. Кейде ауырады да. Ауырмағанда қайтсін құдайым-ау, жан деп жүргенің мұрнынның үшында ғана тұрса...

— Ата, енді ауылға қайтамын. Оқудан ештеңе шығатын емес. Рұқсат бермеді.

— Не дейді? Балам-ау, кеше айтпап па едің... Әлгі-і кім еді... Ком-м... гамендан уәде берді деп...

— Уәде берді де айныды. Жағдай өзгеріпті. Берияны тұтқындады дейді.

— Әлгі көзәйнек киген қасқабас па?

— Сол.

— Сол болса ше? Оның саған қандай қатысы бар. Ол сенің туысың емес қой. Меніңше, ол тіпті неміс емес.

— Әрипе. Неміс болмағанына да шүкірішілік.

— Е, балам, солай де. Оны сәл ертелеу немесе кештеу тұтқындауына болмап па?

— Енді қайтесіз... Менің шаруамның шалқаюына көрініп дәл келіп тұрса...

Кенет басын төмен салып шал өзінше бірденелерді күбірлеп жатты.

Түс қайта Гарри жолға жиналды. Хамзекен “тағы бір күн қон ертеңге дейін солай қарай баратын көлік те қарастырамыз” деп еді, Гарри оған көнбеді.

— Жоқ, ата. Есілдің көпіріне барып тұрамын. Сол жерден бірдеңе кездесер. Сізге де, Балым әжеге де рахмет.

– Бірбетсің, айналайын.

Гарриді шал қора сыртына дейін шығарып салды.

– Ауылға сәлем айт. Өзің осында келсең бар ғой, бірден үйге кел. Ұялма. Тағы айтарым, сен көп уайымдама. Жаман ойдан жүрек қараяды деген сөз бар. Қайсар бол, айналайын. Отқа ұмтылатын қасқырдай қайтпайтын батыр болсаң бәрін де жеңесің. Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Бәрі де бүгін былай, ертең алай. Дүние бірде бетін, бірде артын дегенді де бұрынғылар айтып кеткен ғой, балам-ау. Жаман заңды құдай бермейді, адамдар ойлап табады. Менің осы айтқандарымды ұмытпа. Бәрі де өзгерер. Бәлкім мен оған дейін өліп те қалармын. Оған да өкінбе. Өзің аман бол, балам! Жолың болсын.

– Рахмет ата! Әлі де көрісерміз.

Есіл жақтан самал соқты. Аспандағы бұлттар да әлдеқайда асыққандай жөңкіліп барады. Гарри жол сөмкесін иығына салды. Сосын балдақтарын екі қолтығына нық қысып жалтыраған қасқырларды асықпай айналып өтіп қала шетіндегі терең жыраға қарай беттеді. Жырадан әрі түс-түсқа бастайтын даланың шинмай-шатпақ жолдары жатыр.

*Аударған Т. Нұрмағамбетов,  
1990 ж.*

## АЛАСАПЫРАНДА

Теңбіл-теңбіл әлеміш конвертті олай да, былай да аударыстап, ұзақ қарадым. Бейтаныс жазу, бейтаныс ел, бейтаныс біреуден келген хат. Венесуэла. Қаракас. Унгефуг. Бұл кім болды екен?

Еуропаның кейбір елдерімен азын-аулақ қарым-қатынасым бар. Ал, Латын Америкасында кімнің менде не шаруасы болуы мүмкін?

Алессандро Унгефуг? Аты испандық. Фамилиясы немісше. Сәл-пәл таныстау естіледі.

Хат немістің әдеби тілінде жазылған. Бірақ Еділ немістерінің сөз тіркестері оқта-текте кездеседі.

Хат несінің қолына соо-на-ау Венесуэланың астанасы Қаракаста жазатайым өзіміздің Алматыда шығатын “Дойче альгемайне Цайтунг” түседі. Оқып отырса, әлдебір Бельгер дегеннің мақаласына көзі сүрінеді. Апырай, бұл қай Бельгер болды екен? Еділ оңірінде, бұрынғы неміс автономиясында, Гнаденфлюр кантонына қарасты Мангейм селосында соғыс алдында Бельгерлер тұрушы еді, солардың бір жұрағаты болмасын?! Өзі жазушы және депутат көрінеді... Мазасы кеткен зейнеткер Алессандро Унгефуг дереу Алматыға, газетке хат жазады. Солай да солай, сіздің Мангеймнен шыққан Бельгерлерге қатысыңыз болса, маған хабар беруіңізді өтінемін.

Өтінішін орындадым. Иә, мен өзім Энгельс қаласында туғанмын, әке-шешемнің туып-өскен жері – Мангейм. Бес-алты жасымда Мангеймде талай болғанмын, сізге сірә таныс Карл мен Аннаның тұңғышымын.

Қаракостағы Унгефугтың қуанғаны-ай! Ол әулетіміздің біразын білетін болып шықты. Қызыл әскер қатарына 1940 жылы шақырылған екен. Әскери парызын Украина жерінде өтеп жүргенде фашистермен қанды соғыс басталды да ол майданға аттанды. Көп ұзамай тұтқынға түсті. Фашистер оны орыс я “фольксдойч” деп ажыратпай концлагерьге тықты. Кейінірек бір бай немісте жалшылықта жүрді. Көрмеген қорлығы жоқ. “Руссише швайг” (орыс шошқасы) аталды. Туған-туысқандарынан хабар-ошарсыз. Тіпті, Еділ немістерінің автономиясы ыдырап, тұрғындары жаппай Сібір мен Қазақстанға жер аударылып, шаңырағы опырылып, быт-шыт болғанын да көп жыл өткен соң естіді. Унгефугтер отбасынан кімнің тірі қалып, кімнің қайда жүргені беймәлім.

Жат елде тұтқында итшілеп күн көріп жүргенде, американдықтар келіп, құлдықтан босатты. Әлбетте, тұтқындағы кенес әскерлерін дереу еліне қайтарды да, сол бойы оларды енді Сталиннің концлагеріне айдап тықты.

— Сен кімсің? — деді американдық тергеуші.

— Унгефугпын.

— Немісісің?

— Иә, — деді Унгефуг Еділ немісі екенін таратып айтпай.

— Қайда туып едің?

— Мангеймде.

Мангеймде туғаны шын. Бірақ, қай Мангеймде? Бір ғана Кеңес Одағында соғыстан бұрын төрт Мангейм болатын — Еділде, Одесса түбінде, Қавказда, Украинада. Оны американдық тергеуші қайдан білсін? Оның білетіні — Германиядағы Мангейм қаласы.

— А-а... жергілікті неміс екенсің ғой?

Унгефуг басын изеді.

— О кей! — деді американдық тергеуші. — Бара бер! Боссың!

Онысы: “Есің барда еліңді тап” дегені болды.

Сонымен Унгефуг туған еліне қайтпай, Германияда қалып қойды. Елі дейтін елі де жоқ. Қазақстан, Сібір дегенді естуі болмаса, елестете де алмайды. Тіпті қай жақта екенін де білмейді. Ресей немістерін аяусыз қудалап жатқанын еміс-еміс естіген. Туғандарынан еш мәлімет жоқ.

Күн көріс үшін не істемеді байгүс Унгефуг? Бағбан, карауыл, құрылысшы, наубайшы, теміржолшы, жүктасушы, сатушы, официант болды. Қорлық, қиямет, кесепат, тауқыметтің бар-барлығын басынан өткерді. Елі-жерінен, ағайын-туғаннан айырылып, шерменде болып, дәруіш-кезбенің күнін күйттеп жүрген адамның хал-жағдайы белгілі. Өңінде аузын ашпай тентіреп жүрді де, түсінде туған Мангеймін, іні-қарындастарын, Еділді көріп, құса болады.

Ақыры көрші Голландияға барды — сіңбеді. Канаданы біраз шарлады — бақыт құсы қонбады. Сол кездегі ит тірлігі — бір хикая. Не керек, тағдыр айдап, Венесуэладан бірақ шықты. Онда да бір басқа жетерлік нәубеттің ащы дәмін татты. Жергілікті бір әйелге үйленді. Орыс тіліне бұрын да шорқақтау еді, енді оны біржола ұмытты. Әйелі испанша сайрайды, өзі немісше күмілжиді. Балалы болды. Қаракастың күйбең тірлігіне еті үйренді.

Еділ бойындағы жайлы, тыныш Мангейм есінен шықпай-ақ қойды. Ал бір кездегі неміс мекені Мангеймнің орыстың Советское

селосына айналғаны қашан! Неміс автономиясының бүкіл қала-селендері сонау 41-жылдың қыркүйек айында-ақ орысшаланып шыға келген. Мангеймнің быт-шыты шығып, жермен жексен болып, ізсіз құрып кеткен. Орыс жүріп өткен жерде шөп шығушы ма еді?! Соры бес елі Мангеймнің байырғы тұрғындары Ресей империясының түкпір-түкпірінде құмға сіңген судай жоғалып, өздері орыс, өзбек, қазақ, башқұрт, чалдон болғаны қашан!

Оның біріненде Қаракастағы Унгефугтың хабары жоқ. Жарты ғасыр уақыт өткеннен кейін Бельгер деген таныс фамилияның кездейсоқ алдынан шыққанын қарашы!

Енді тіпті, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Менен хат алған соң, Унгефуг туған-туыскандарын сұрастырып, іздеуді өтінді. Әкемнің альбомынан — о, гажап — Унгефугтің шешесінің фотосуреті табылды. Жібердім. Суретті алып, жетпістің жуан ортасына келген Унгефуг жас баладай жыласын. Кейін әкем де Унгефугтер жайынан көрген, білген, естігенін жазып жіберді. Депутаттығымды пайдаланып, іздеу салып, көп басты отбасыдан тірі қалған Унгефугтің қарындасын өзіміздің Павлодардан таптым. Қаракастық жерлесімнің қуанышында шек жоқ. Қалған аға-іні, апа-қарындастары сұрапыл тағдыр-тәлкегінде Сібірде, Қазақстанда, Қарақалпақстанда, еңбек армиясында, қуғында жүріп шетінен шейіт болған. Ендігі арман — екі бейбақтың кездесуі. Павлодарлық аурушаң Марияның жер түбіндегі Қарақасқа барар жағдайы жоқ. Зейнетақымен ілдалдалап күн көріп жүрген жан. Қаракастағы мүгедек ағасының Қазақстанға жетуі оңай шаруа емес. Не амал бар? Германияның Қазақстандағы сол кездегі елшісі Бракло мырзамен кеңесіп едім, ол Унгефугтердің Германияда кездесуі іске асуы мүмкін дегенді айтты. Кезектесіп хат алысумен біраз уақыт өтті. Мария Унгефуг бала-шағасымен Германияға көшіп кетті. Бракло мырза — о, Құдайдың күдіреті! — Венесуэлага елші боп барды. Енді Унгефугты онымен табыстырудың амалын іздеу керек болды.

Унгефуг хаттарында мені “қадірлі інім” дейді, “жерлесім” дейді, “менің бағыма жаралған” дейді. Бір-екі рет тіпті посылка-пакет салып жіберді. Посылкасы: қалам, қарындаш, өшіргіш, кассета, тарақ, шоколад, кофе, блокнот. Қазақстан жайында түсінігі жоқ. Алматының көшесінде түйе, есек жайылып жүреді деп есептейді. Халық шетінен аш, әйелдері парәнжі киіп, еркектері тізесіне дейін сақал қояды деп түсінеді. Не дейсің?...

Сонсоң хат алысуымыз сап тиылды.

Бір жылдан соң Робертино деген ұлынан хабар келді. Хат шала немісше жазылған. Әкеміз Алессандро Унгефугтің халі мүшкіл. Жиі ауырады. Екі көзден айырылған. Ешқайда шыға алмайды. Тірнектеп жиган ақшасын инфляция жеп қойды. Пенсиясы мардымсыз. Қарындасымен ақыры көрісе алмады. Қайғыға беріліп, уайымдап, туған Мангеймін еске алады. Сізді жиі-жиі айтады. Дүниеде екеуімізден басқа мангеймдіктер қалды ма екен деп налиды...

Ай, сорлы жерлесім Унгефуг!..

Бұл күнде жер бетінде ізі де қалмаған Мангеймді еске алатындар бірен-саран ғана қалған болу керек. Оның да үшеу-төртеуі Германияда, бір-екеуі Канадада, бірі менің әкем — Ташкентте, ал, соңғысы — алматылық мен боламын.

Өмір де, бақыт та, шуақты күндер де, Еділ жағасындағы немістердің көңілді, шат кездері де, үміт оты да — бәрі-бәрі болған, болған, сонсоң адыра қалған.

Адамның басы — Алланың добы дегенді қазақ бекер айтты дейсіз бе? Шынтуайтқа келгенде әрбір адамның өмірі тұнып тұрған трагедия.

Тағдыр дейсіз бе, жазмыш дейсіз бе, жалған, опасыз дүние дейсіз бе — бәрібір.

Туған жерінен айырылып, ит-қорлықта, аласапыранда өмір кешіп жүрген мүсәпір пенде бұл заманда да аз ба?...

*2004 ж.*

## II бөлім

### ЕШ ҚАЛЫПҚА СЫҰМАҒАН

Даңқты жауынгер және жазушы, отставкадағы гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы қабағы түйіліп, айналасына суық көз салып, тікенектей қатты мұрты едірейіп, Қазақстан Жазушылар одағының баспалдақтарымен көтеріліп келеді.

Екінші қабаттағы әдебиетшілер жиі бас қосатын шулы алаңқай бір сәтке жым-жырт тына қалады. Түсі суық қонақтан жастары әлдеқайда кіші, белгілі жазушылар Ахтанов, Нұрпейісов, Бақбергенов, тағы “Жұлдыз” бен “Қазақ әдебиетінің” бірнеше қызметкері бар оншақты кісі оған жан-жақтан жамырай сәлем береді:

- Ассалаумағалейкүм, Бауке!
- Амансыз ба, Бауке!
- Қалайсыз, Бауке?

Дәл үңгірден шыққан аю секілді гүр ете қалған ол мұрты жыбырлап, әлгілердің сәлемін жылы қабылдайды, бәрінің қолдарын құлықсыздау қысады, сонан соң өткір көздерін алаңқайдағы дөңгелек үстелдің жанында отырған бет-жүзі қазаққа үксамайтын арықша келген, қой көзді жас жігітке қадайды. Жазушылар одағына жақында пайда болған бұл жігіт көп жазушыны “ұзынкұлақ” арқылы ғана білетін еді, сондықтан да олардың жанына жақындауға да батылы жете бермейтін. Ал енді сөйтіп жүріп аты аңызға айналған Баукеңе қалай жұғыспақ! Оған қол беретіндей-ақ бұл соншалықты кім? Сондықтан да мұның қазақшылыққа келіңкіремейтінін іші сезе тұра ол үстел басында қала берген-ді.

Топтан жарылып шығып, үш-төрт адым аттаған қатал қарт жауынгер жас жігітке жартасша төніп, өткір көзін қадайды. Жиналғандар отставкадағы гвардия полковнигінің тағы бір кезекті тентектігіне куә боларын іштей сезіп, сілтідей тына қалған.

- Сен кімсің?!

Жас жігіт жауап қатам дегенше гвардия полковнигіні тезірек қаһарлы райынан қайтаруға асыққан жазушылар жан-жақтан жамырап қоя береді.

- Ол аудармашы.



- Біздің бала.
- Қазақ мектебін бітірген.
- “Жұлдызда” жұмыс істейді.
- Неміс.

Енді Баукең мұртын жыбырлатып, сәл-пәл аңырап қалады, сосын шылым түтінінен сарғайып кеткен ұзын сүк саусағын пистолеттің ұңғысынша жас жігітке төндіреді.

– Спик ю англиш? – дейді гүр етіп.

Аяқ астынан не дерін білмей саскалақтаған жас жігіт үнсіз қалады. Бір-екі жүз ағылшын сөзін ол да білетін, бірақ “спикпін” деп қалай айта қойсын. Бірақ ішінен Баукеңнің сөз саптасына қарап, оның да ағылшыншасының пәлендей қырып бара жатпағанын аңғарған-ды.

Тыныштықты оның келесі сұрағы бұзады:

– Парле ву франсэ?

Ал “франсэшеге” жас жігіт мүлде жоқ еді. Алайда сұрау иесінің де французша осыдан басқа бірдеңені біліп жарытпайтынын сезіп тұр.

Гвардия полковнигі төңірегіндегілерді біраз қайран қалдыра алғанына риза секілді.

– Шпрехен зи дойч? – деді ол енді бір кезде қамшыны шарт еткізгендей.

Жас жігіт не дерін білмей саскалақтап, мүдіріп қалды. “Шпрехенмін” деу – ақымақтық. “Дойчтан” мүлде мақұрыммын десе – өтірік. Жас жігіт аузына су толтырып алғандай үнсіз.

Даңқты жауынгер ақырып қалды:

– Встать!

Өңі боп-боз боп кеткен жас жігіт түрегелді.

– Бауке, Бауке, – деді жазушылар оған қарай жапақтап.

– Отыр-р-р! – деді әмірлі үнмен.

Жас жігіт отырды. Жиналғандар мұны қалай түсінерін білмей аң-таң. Тағы да тыныштық орнады.

Баукең кілт бұрылып, қолындағы шылымын түтіндеткен күйі бірінші хатшының кабинетіне кіріп кетті. Топ тарай бастады. Жас жігіт ұяттан қызарып кетті. Осы жағдайдан кейін ол көпке дейін сол бір қаһарлы жазушының көзіне түспеуге тырысып жүрді.

Сол жас жігіт мен едім. Ал әлгі оқиға 1964 жылы болған-ды.

... Баяндалмақшы болып отырған Баукеңе қатысты келесі жағдай тағы да сол Жазушылар одағының екінші қабатындағы алаңқайда менің көз алдымда өтті.

Тағы да күтпеген жерден Баукең кіріп келді. Тағы да жазушылар мекемесінің белгілі бекбикелері оған қарай ұмтылды. Ол жылдары Жазушылар одағындағы өмір үнемі кенересінен асып, қайнап жататын.

Гүр-гүр етіп, шылымын бұрқылдатқан Баукең барлығымен амандасып болғаннан кейін айналасына қырағы көзін қадады. Оның өткір жанарына ұсталып қалған Морис Симашко майпандай басып Баукеңе жақындады да, өкшесін сарт еткізіп, оған өтірік-шыны аралас ізет көрсетті.

— Здравия желаю, Бауке!

Баукең гүр етті:

— Вольно!

Баукеңнен осылайша оп-онай құтылғанына масаттанған Морис Симашко жалт бұрылды да, әскери қадаммен дік-дік басып, шеткерірек барып тұрды.

— Си-маш-ко-о! — деп ақырып қалды Баукең бүткіл алаңқайды басына котеріп. — Бері кел!

Гвардия полковнигі сұқ саусағын қармақша иіп, оны өзіне қарай шақырды. Төңіректегілер тағы бір тамашаны күтіп, тым-тырыс тынған.

Морис Давыдович қайтадан кілт бұрылып, тағы да әскери қадаммен дік-дік басып Баукеңнің алдына келді де, қалшынып тұра қалды.

— Тыңдап тұрмын, Бауке.

— Си-маш-ко-о! Сен еврейсің бе?

— Дәл солай, Бауке, евреймін.

— Карл Маркс та еврей болатын. Бар!

Спектакль енді осымен аяқталған болар деп ойлаған Морис бұрылып, тағы да былайырақ барып тұрды. Бірақ бұнымен құтылу жоқ еді. Сәл-пәл үзілістен кейін Баукеңнің даусы қайтадан санқ ете түсті.

— Си-маш-ко-о! Бері кел!

Тағы да сұқ саусағын қармақша бүгіп, оны өзіне шыкарды.

Мазасы кеткені бет-жүзінен байқалып тұрған Симашко тырп-тырп басып, амалы құрып, Баукеңе қарай жақындады.

— Тыңдап тұрмын, Бауке.

— Сонымен бірге, — деп Баукең тағы гүр ете түсті де, сәл-пәл үзіліс жасады. Жиналғандар тым-тырыс. — Сонымен бірге... Лев Троцкий де еврей болатын. Бар-р!..

Симашко былай барып тұрды. Өз қылығына өзі риза болған Баукең жөніне кетті. Бұны қалай түсінерін білмей жазушылар гүлдесіп жатыр: ешбір қалыпқа сыймайтын жауынгер не деп кетті – Марке пен Трощкийді ишаралау арқылы Симашконы мақтап кетті ме, даттап кетті ме?

Сонымен ешкім ештеңені түсінбеген күйі тарқасты.

... Кейінірек Қазақстан жазушыларының съезі болды. Онда маған республикадағы неміс әдебиетінің жай-күйі хақында баян етуге тура келді. Үзіліс кезінде Жоғарғы Кеңестің ауласында Баукеңмен кездесіп қалдым. Ол жалғыз өзі темекі тартып жүр екен. Мені тоқтатып:

– Шамасы, сіз қазақша білесіз ғой деймін? – деді.

– Иә, Бауке.

Оның жүзі шырайланып, мұрты жайылып, даусы жұмсара түсті.

– Мен оны сенің “қазақ”, “қазақ әдебиеті” деген сөздерді таза қазақ мәнерімен акцентсіз айтқаныңнан білдім.

– Енді, – дедім мен масаттаныңқырап, – қазақ мектебінде оқыдық қой.

Ол сәл-пәл күлімсіреп, мені құптағандай нығыма қолын салды. Біз бір-бірімізді баяғыдан білетін кісілерше емін-еркін сөйлесіп кеттік. Ол менің қай жерде туғанымды, Қазақстанға қашан келгенімді, қай қиырда білім алғанымды, әке-шешемнің бар-жоқтығын сұрады. Міне, сол күннен бастап мен осы бір катал, бір қарағанда қол жетпестей биік көрінетін, арда өскен жылқыдай асау адамның алдында бұрынғыдай жасқаншақтамайтын болдым. Және мен көзіне түскенде оның әдеттегі суықтау жанарының жылып сала беретінін байқап жүрдім. Кейінірек оның ұлы Бакытжанның романынан Баукеңнің мені сыртымнан мақтап отыратынын оқып білдім.

Сол Жазушылар съезінің соңына қарай Баукең де сөйледі. Өкіметке қырын келіп, бірдеңені бұлдіріп жүре ме деп, оған сөз бергісі келмеген көрінеді. Бірақ Баукең дегеніне жетті, мінбеге шығып, әрі образды, әрі ақылды ой-пайымын қысқаша айтып шықты. Кейде ол өзінің жанары мен қылыштай ұзын сұқ саусағының қаһарынан құнысып, орындықтарына жабысып қалған президиумға жақтырмай көз қиығын салып қояды. Әсіресе денесінің толықтығына байланысты Олжас “Дон Жуан” деп ат берген (Олжастың бұл атауға жуандықтан да өзге мағынаны

сигызып жіберуі гажап емес). Орталық комитеттің секретары бірденеден секемденіп, берекесі қашып отырған сынайлы. Шынында да бір кезде Баукең сүк саусағын оған қадап: “Ниеті бұзық бұқа бұзаумен ойнайды”, — деп салды. Орталық комитеттің секретары жалынышты пішінмен мойнын жалпақ нығына тыға түсіп, амалсыздан өп-өтірік жымыған болып, табақтай бетіндегі кішкентай көздерін мүлде жұмып алды. Зал дүр ете қалды. Ол кезде өкіметтің “ниеті бұзық бұқалары” жөнінде бұлайша ашық айтыла бермейтін.

Сөзін бітірген Баукең мінбеден түсіп, Жоғарғы Кеңестің ұзын залын көктей өткен күйі сыртқы есікке қарай бет алды. Жазушылар түрегеліп, оған қошемет жасады. Президиумдағыларға да амалсыздан орындарынан тұруға тура келді. Баукең сән-салтанатпен орнектелген есікке жете бере кенет бірдеңе есіне түскендей, кілт бұрылды да, салмақты, нық қадаммен мінбеге қарай бет алды. Съезд делегаттары қол шапалақтап, “бүлікшіл” гвардия полковнигі демаршының жалғасын күтіп тұр. Ол мінбеге жетті де, ұмыт қалған козілдірігін алып, шығар есікті бетке алып өзінің жеңісті жорығын жалғастырды. Бұл сол жазушылар съезінен есте қалған ең бір елеулі оқиға еді.

Мен кейін де, ол қашан бақилық болғанға дейін даңқты Бауыржан Момышұлын әрқилы жағдайларда ұшырата жүріп, әрдайым оған таң-тамаша қалудан жалыққан емеспін: ешкімге емес, тек өзіне ғана ұқсайтын ол мынау жаппай қалыпқа түскен замандағы сол қалыптардың ешқайсысына сыймай өткен адамды. Әрі тентек, әрі жомарт, әрі шыншыл, әрі катал, әрі нәзік жан болатын. Оның бойында қазіргі кездері ұмытыла бастаған нағыз қазақы тектіліктің талай қасиеттері керемет бір үйлесіммен тоғысып жататын.

*Аударған С. Асылбекұлы,  
2000 ж.*

## ҒУБРАТТЫ ҒҰМЫР

Ол жылдар маған таныс қазақ қаламгерлерінің арасынан көбінесе онашалау жүретін салқын қабақ, тұйық мінезді, қара сүр кісі шешімі жоқ жұмбақтай ерекшелуі болып көрінетін. Ұстамдылығы, байсалдылығы, сыпайылығы мен әдептілігі, биязы жүріс-тұрысы, сөзге сарандығы, үсті-басының жинақылығы еріксіз көз тартатын. Жазушылар одағының сол кездегі улы-шулы көп жиындарына ол келе қоймайтын, есесіне партия жиналысын қалт жібермейтін. Жиналыстың басталуына он бес минут қалғанда коммунистер толы залға бейне бір студенттерге дәріс оқуға келген кәнігі профессордай жайлап басып, суық жымынып кіреді де, алдыңғы қатарға сол сызданған қалпы тік-тік болып жайғасып алады. Жан-жағына қарамайды, көп қазақтай дабырлап сөйлеп, дауыстап амандасып, хал-жағдай сұрасып, қауқылдамайды. Қанын ішіне тартып, сүп-сүр болып, президиумға жақтырмай салқын жанарын қадап, екі-үш сағат бойы қозғалмастан, үн шығармай сіресіп отырады да қояды. Қабағынан шаршағандықтың ізі байқалатын. Көзінде мұң, ой. Кейде біреуге тесіле қарағанда қарашығының түбінен сенімсіздіктің оты үшқындайды. “Сен осы кім едің? Мына жерде негіп отырсың?!” деп тұрғандай. Ішінде былайғы жұрт біле бермейтін және білуге хақысы жоқ, тек өзіне ғана мәлім сыр жатқандай. Жиналыс біткен бойда орнынан тұрып, маңайындағыларға сәл ғана бас изеп қоштасады да, бүгін ғана өтектен шыққан шалбарының қырын сындырмастан, тағы да бір шаруаның басын қайырғандай аяғын санап басып үйіне қайтады.

Жазушылар одағында оқта-текте кездескенде бұл қара сүр кісінің мәз болып күліп, шешіле сөйлеп, сыр ақтарғанын көрген емеспін. “Менің сенде ешқандай шаруам жоқ, сен де, айналайын, мазамды алмай әрі жүр”, – дейтіндей. Ал, айталық, баяндама жасап, пікір айтып, сөйлей қалса, сөзі де өзі сияқты жып-жинақы, артық-кемі жоқ, қасаң орыс-қазақ тіл ережелерінің қалыбынан шыққандай әсер етеді: бастауыш, баяндауыш орнында, анықтауыш, пысықтауыш өлшеулі, кәдімгі жан-жақты заңдастырылып, қиыстырылған, ақылға қонымды сабақтас, салалас, аралас құрмалас сөйлемдерді кірпіш қалағандай өріп отырады. Дауысын көтермей, ақырын, баяу сөйлейді. Пікірін де әлдебір айырықша сақ, қатаң цензормен алдын-ала пішіп, келісіп қойғандай, дау

туғызбас, шаң шығармас түрде өрнектейді. Бұл кісімен сөйлесудің өзі де мемлекеттік тергеушінің алдында есеп бергенмен парапар болар деп ойлайтынмын кейде.

Әлбетте, қабағы қату, қара сүр кісінің тағдырына қанық едім. 1937 жылдың нәубетін басынан өткізген ол, талай қуғын-сүргінге ұшырап, тар қапаста отырып, итжеккенде ондаған жылдар айдауда болып, туған елі, жері, тілі, әдебиетінен аластатылып, тар жол, тайғақ кешудің талайын өткеріп, өз үйіріне өмірінің аяқ шағында әзер дегенде оралған адамның мінез-құлқында қилы-қилы ерекшеліктердің болатыны ешкімге жаңалық болмас.

Бұл жалғыз менің түйсік-түсінігім емес шығар. Асқар Сүлейменовтың, әлі есімде, осы кісі туралы очерк жазғанда (“Жұлдыз”, 1964, №1) осыған ұқсас әсерде болғаны белгілі. Жетпісінші жылдардың басында менің әкем соғыс кезіндегі әріптесі Софья Тастеміроваға сәлем беру үшін сол үйге бас сұғып шыққанда, тандайын қағып: “Какой холодный, необщительный человек!” — деп таңқалған.

Иә, мен білер Хамзекең жұрт көзіне көбінесе осындай кейіпте көрінуші еді.

Бірақ, бұл үстірттеу көзқарас еді. Үй ішінде, өзінің шаңырағы астында, сенімді кісілердің ортасында, көңілі көтеріңкі кездерінде ол мүлдем басқаша адам болатын.

\* \* \*

Күнделікті күйбең тіршілікте де, азабы мол шығармашылық жолында да, азаматтық, дүние-танымдық болмыс-бағытында да оның мықтап ұстанатын өмірлік қағидасы шындық еді. Сөзі аз, ісі саз адам. Ол ақиқатты бүкіл жан-дүниесімен адал қабылдап, соған тайсалмай қызмет ететін. Осы адами қасиеті оны жазушылық өнерде нағыз шыншыл реализмге алып келді.

Өмірі де шым-шытырық уақиғаларға толы. “Ақ Жайық” — құр трилогияның атауы емес, арман-мүддеге, биік мақсат-мұратқа бағышталған шуағы мен ызғары аралас өмірдің философиялық мән-мазмұнын айғақтайтын символы іспеттес. Шынтуайтқа келгенде адам өмірінің өзі сулы, нулы арнасын елестетпей ме? Сол өмір-өзеннің тегеурінді толқынының ағысы жаңалық атаулыға жаны құмар ауыл баласын Анқаты жағынан ұлттық мәдениеттің

шыпына бір-ақ алып шықпады ма? Ұлы Мұханның (Әуезовтың) қайтыс болар алдында Т. Ахтановқа жазған хатында бір топ талантты қаламгер қатарында Хамза Есенжановты да атауы тегін емес.

Иә, Хамзекең жан-жақты білімі бар оқыған-тоқығаны мол, мәдениетті, парасатты, озат ойлы, нағыз зиялы адам болатын.

Әдебиетке де ерте келді. Қазақтың педагогикалық институтында оқып жүріп, ол өлең, рецензия, әдеби-сын мақалалар, әңгімелер жазды. Бейімбет Майлиннің редакциясымен 1930 жылы “Жаңа әдебиет” журналында азамат соғысы жайында тұңғыш әңгімесін бастырды. Ленинградтың аспирантурасында әдебиет, философия, тарих, өнертану ғылымымен шұғылданды. Алматыда филармония мен Опера театрының директоры, СССР Ғылым академиясының ол кездегі қазақ филиалында әдебиет секторында жетекшілік етті, XVIII-XIX ғасырдағы орыс әдебиетінен педагогикалық институтта дәріс оқыды, Гольдони мен Тургеневтің шығармаларын қазақ тіліне тәржімеледі, бастауыш пен орта мектепке арнап оқулықтар жазды.

Он жеті жылға созылған ұзақ үзілістен соң ол әдебиетке қайта оралып, аз жылдар ішінде өндіріп жазды: “АқЖайық” трилогиясы, “Көп жыл өткен соң”, “Ағайынды Жүнісовтар” романдары, “Елші трагедиясы” атты драмасы, бірнеше әңгіме, публицистикалық және сыни мақалалар, аудармалары мен жолжазбалары қазақ әдебиетіне үлкен үлес болып қосылды. Ауыр науқасына қарамай ол Қазақстанды көп аралады, талай шетелдерге – Америка, Англия, Дания, Франция, Греция, Египетке сапар шекті. Міне, Хамзекеңнің өмір жолы қысқарта айтқанда осындай. Қазіргі оқырман осының бәрін біле бермеуі де мүмкін-ау деген оймен әдейі еске түсіріп отырмын.

\* \* \*

1964 жылы, Жазушылар одағының кезекті жиналысынан соң Хамзекең ойламаған жерден қасыма келіп, хал-жағдайымды сұрап, “Тар кезең” атты романын орысшаға аударуын өтініп, үйге шақырды. Мен күмілжіп, келісер-келіспесімді білмей, инабаттылық танытып соңынан ере кеттім.

Қабағы қатыңқы, қара сұр кісі жол бойы ләм-мим деп аузын

ашқан жоқ. Мен де бір түрлі именіп, ыңғайсызданып, не дерімді білмей, іштей өзімді сөгіп, таяғыма сүйеніп, шоқандап келе жатырмын. Апырай, осы көңілшектігім-ай! Уақытым жоқ деп неге ғана бас тартпадым? Уақытымның жоқ екені де рас кой, оның үстіне денсаулық та шамалылау, үй-күйім де келісіп тұрған жоқ. Сыры беймәлім, үндемес шалмен не тақырыпта сөйлесуге болады? Қырсыққанда таяуда шыққан “Көп жыл өткен соң” романын да оқыған жоқ едім. Ай, бекер болды-ау! Ретін тауып, қалай ғана сытылып кетсем екен?

Сол үндемеген калпы жаяулап, жазушының үйіне келдік. Зайыбы ашық жүзді, жайдары, бүкіл түр-түрпатынан мейірбандық, ізгіліктің табы сезіліп тұрған Софья апа асты-үстіме түсіп, қарсы алып, бәйек болып жатыр. Менің аты-жөнімді, қай жерден екенімді біліп алғаннан кейін қара көзі тіпті жайнап, мені күшпактай алды. “Айналайын-ау, Ленин ауылынан екенсің ғой! Мен соғыс кезінде сенің әкеңмен бірге істедім ғой. Марьевкада, Көктеректе жиі кездесетінбіз. Ұзын бойлы, арықтау, дамыл таппай зыр жүгіріп жүретін адам еді...” Софья апа сол жылдары жер аударылып келген поляк дәрігерлерін, Көктеректің басқармасын, Лениннің ауылнайын, Қараталдың бригадирін еске түсіріп, тебіреніп, толқып кетті. Қара сүр кісі біздің әр нәрсенің басын шалған естеліктерімізді біраз тыңдаған соң жұбайына: “Жә, болды! Пельменіңді әкел. Қалғанын дастарқан басында сөйлесерміз”, — деді сәл ғана езу тартып. Байқаймын, оның да көзі кіреукеленіп, еңселігінің арасындағы қату сызық жазыла түскендей болды. Софья апа аудан орталығы Марьевкада қаза болған тұңғышын ескеріп, көзіне жас алды.

\* \* \*

Сол күннен бастап мен Хамзекене жиі қатынап жүрдім. “Тар кезенді” аудардым; көп ұзамай бұл роман И.Щеголихин екеуіміздің аудармамызда жарық көрді. Сонсоң “Көп жыл өткен соң” романы мен екі әңгіменің жолма-жол аудармасын да тамамдадым. Бірте-бірте бір-бірімізге үйреніскендей болдық. Ұзақ сонар әңгіме-дүкен құрамыз, әдебиет, тарихты, өткен-кеткен мәдени уақиғаларды судай сапырамыз, отбасының дәстүрлі асы сібір пельменін жарыса жеп, кейде шахмат ойнаймыз. Көңілі



көтерілген кезде Хамзекең мен Софья апа Сібірдегі өмірін еске алады, жазушы сарғайып кеткен тілдей қағазға сол кезде арап әрпімен түсіріліп, жастық ішінде жасырып сақталған романның үзінділерін көрсетеді, шкафтың түбінде орам-орам болып жатқан кадет партиясының мүшесі, Дума депутаты, заңгер Бақытжан Қаратаевтың колониализмді әшкерелеген қолжазбасын жыр ғып айтады, әлдеқашан жоспарланып, ойлап-екшеп, бірақ жазуға кезегі жетпей жатқан шығармалар жайында әңгімелейді.

Жалпы шығармашылық жайында бұл жазушының ертеден қалыптасқан көзқарасы бар екен. Саясаттан, әлеуметтік өмірден, азаматтық асқар талабынан тыс, “таза”, бірыңғай эстетикаға негізделген мазмұнынан бөлек көркемдікті, жасанды әдемілікті, жарқыл-жұрқыл, әлем-жәлемді мұрат тұтқан туындыларды ол мүлдем негізсіз, пайдасыз, тіпті зиян деп есептейді екен. Мәселен, И.Бунин, Ю.Қазаков сияқты суреткерлер оның түйсік-түсінігіне жат екен. Жазушыға да, оқырманға да “тихая заводь” (бұл тіркесті Хамзекең әрдайым орысша айтатын) керек емес. Кез келген ірі шығарманың өзегі – философиялық концепция, идеялық бағдар, дүниетанымдық қағида, өмір шындығы, ақиқат жолы. Міне, әдебиеттегі ең бірінші талап – осы. Бұл болмаған жерде сылдырлаған тіл, жасанды стиль, жалған әшекей, китүрқы сөйлемдердің құны бес тиын...

Осыны менің құлағыма әбден сіңіргісі келетіндей, әлдекімдермен қызу айтысқа түскендей Хамзекең бір емес, қайта-қайта астын сыза, баса айтады. Іштей бұл марксистік эстетикалық көзқарасқа түгелдей қосылмасам да көбіне-көп таласпайтынмын, өйткені қарсы пікірді Хамзекеңнің онша ұната қоймайтынын білетінмін.

Хамзекеңнің мінезінен хабардар әріптестерім онымен пікір таласқа түсуден сақтану керектігін о бастан ескерткен. Әсіресе өзінің шығармалары жайында сын айтушы болма, пәлеге қаласың дескен. Бірақ, жасымнан ала сөйлеп емес, адал сөйлеп, көлгірсуді білмейтін неміс басым ол ақылға құлақ аспай, Хамзекеңнің романдарынан алған әсерімді жасырмай айтатынмын. Анау жеріңіз шұбалаңқылау шыққан сияқты... тіліңіз де кейде тым жұпынылау, катқылдау ма, қалай... уақиғада дәстүрлі реалистік баяндау сарынымен өрістеп, оқушыны жалықтыра ма деп қауіптенем... негізгі кейіпкерлеріңіз де таптық тартыстың қалыбынан шыға алмай, соқтығысып, қақтығысып, арпалысып келіп, ақыр аяғында

о бастан белгілі тагдыр айналасында сенделе ме, қалай... деген сияқты түйткілдерімді ашық айтып, ал енді, Құныскерейіңіз, Ахметшеніңіз, Қаршығаныңыз, мен білсем, қазақ әдебиетіндегі тың тұлғалар деп, ара-арасында сынымды аздап жұмсартып та қоямын. Бір ғажабы, Хамзекең ренжімейді, намыстанбайды, тіпті қызарақтамайды да, зер салып тыңдайды, кейде айтқанымға иланады, көнеді, анау бейнені келер романда ашыңқарып, тереңдете түсемін, кейбір қайталауларды орыс тіліне аудару кезінде қысқартыңқырап жібереміз, сонсоң шынында да, социалистік реализмнің, революциялық даму кезеңдерінің көбінесе бірыңғай, ұқсас жолымен де есептесу керек қой деп ымыраға келетін.

Ол жылдары әдебиетшілер арасында “ескі романның дәуірі өтті”, “отбасылық романның қауқары таусылды”, “жаңа роман заманы туды” деген алып-қашпа пікірдің етек алып, талас тудырып жатқан кезі болатын. Хамзекең бұл пікірге үзілді-кесілді қарсы болып, осы бір жансақ ойды қолпаштап, таратып жүрген бірен-саран жас сыншылар мен әдебиеттанушыларға ренжитін. “Роман өлді”, “күні өтті”, “әбден таусылып, жауыр болған жанр” деген не сөз? Былшыл! Сандырақ! Керек десеніз, қазақ әдебиетінде роман енді-енді ғана бой көтеріп, қанатын еркін жайып келе жатыр. Біздің ұлттық тарихымыз, өткен-кеткеніміз әлі әдеби-көркемдік шешімін шын дәрежесінде таппай жатыр, кең тынысты эпикалық романдардың, дилогия мен трилогиялардың, тіпті тетралогия, романдар топтамаларының күні алда. Солай! Сонсоң өмір дегеннің өзі жанрға байланысты ма екен? Жанрды жазушы талғамайды, жанрды сол жазушы өмір сүрген тарих, заман, уақиғалар тартысы мен тоғысы тудырады емес пе? Буниннің “жазушы қаусап қалған үйшіктің төбесін, мүжіліп қалған галошты, еңкек жауырынды да суреттеуі керек” деген қағидасына ақи-тақи қарсымын. Шын суреткер тек адамзаттық, елдік, қоғамдық мәні бар, ірі әлеуметтік мәселелерді жіті байқап, осы тоңіректе тебірену керек. Менің түсінігім де, әдеби тәсілім де, азаматтық ұждан, парызым да осы...”

Қара сүр кісі осындайда толқып, шабыттана, қайраттана сөйлейтін. Бейне жалғыз менің алдымда ғана емес, үлкен мінбеден зиялы қауымның алдында сырын ақтарып отырғандай көрінетін.

“Жазушының бірден-бір сыншысы — өз ары. Анау-мынау мақтау я даттау сөзге көңіл аударып, мән бермеу керек. Жазушының өзінің жазғанына сенімді болуы жөн. Жұрт не дер

екен, сыншылар қалай қарар екен. цензура өткізер ме екен, бастықтардың көңілінен шыға аламын ба, баспа қабылдай ма деп жалтақтай бастасаң — өлгенің. Жаза беру керек. Жазғаның ақиқат болса — өлмейді. Түбінде бір іске асады. Оқушысына жол табады. “Қолжазба отқа жанбайды” деген сөз бекер айтылмаған... Мен, мысалы, қазір сонау жиырмамыншы жылдарда Арыстан Дәуітұлы Троцкийдің (қазақтар солай дейтін) Алматыға келгенін жазып отырмын. Көресің, сыншылар, баспагерлер, цензорлар гүрзілерін сілтеп, осыған шүйлігіп бағалды, қайтсе де өткізбеуге тырысады, мені жағамнан алады, сілкілеп, шаңымды қағады, партияның бюросында да бұйралайды. Ал мен бәрібір жазамын. Өйткені заман шындығы солай. Ол кезде анау мүртты грузиніңді жұрт білмейтін, Троцкийді Ленинмен қатар айтатын, білдің бе?! Міне, тыңда... оқып берейін...”

Хамзекең кейін біраз қысқартылып, жұлмаланып, қугын-сүргінге ұшырап, жалап-жүдеп шыққан “Ағайынды Жүнісовтар” романының алғашқы тарауын жөтеле отырып, демі үздігіп оқып берген-ді.

\* \* \*

60-жылдардың аяғында, саяси аспанымыз қара бұлттан сейіліп, ашыла бастаған кезеңде мен өз бетіммен сипалап жүріп, сонау 1941 жылдан бастап он бес-жиырма жыл бойына түншығып, тоқырап, үнін шығара алмай жүрген кеңес немістерінің әдебиетіне жол таптым. Естіген-білгенімді, кеңес неміс әдебиетінің байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде бас көтере бастаған кейбір өкілдері жайындағы ойларымды шет-жағалап Хамзекеңе айта бастағанымда ол бірден мені қостап кетті. “Оу, мынау тың дүнне екен! Бұл тақырыпты мықтап зерттеуің керек! Біздің бұдан ешбір хабарымыз жоқ қой. Сенің азаматтық борышың осы! Әрине, қазақ әдебиетін орыс тіліне аударуда сіңірген еңбегің әжептәуір, бірақ өзіңнің ұлттық әдебиетіңнің қамын сен ойламағанда, кім ойлайды?!”

Бұл салада мені жігерлендіріп, канат бітіріп, дем беріп, қамқорлық танытқан Хамзекең болды десем, ешбір артық айтқандық емес. Сол кісінің ақылымен қазақстандық неміс әдебиеті жайында менің тұңғыш мақалам 1967 жылы “Қазақ әдебиетінде” шықты. Содан бері осы тақырыпта мен әр тілде ұш-

төрт кітап, екі жүздей мақала, зерттеу еңбек, библиографиялық көрсеткіш жариялады. Жазушылар Одағына мүшелікке отерде маған кепілдік мінездеме жазып берген де осы Хамзекең болды. Өз қолымен жазып берген бір бет мінездемесі менің архивімде осы кезге дейін сақтаулы.

Ол өзі тұрған Орал өңірін ерекше мақтаныш сезіммен еске алып отырушы еді. “Аңкаты”, “Шідерті”, “Бұлдырты”, “Өлеңті”, “Қалдығайты”, “Көкпекті” деген жер атауларын сазды әуендей дауысын жылытып, созып айтатын. Туган жерінің тарихып кәнігі өлкетанушылардай білетін.

“Бұл өңірде Пушкин, Толстой, Даль, Жуковскийлар жайдан-жай болған жоқ, Пугачев, Суворов, Чапаевтардың бұл өлкемен тығыз байланысуы да тегін емес. Ал біздің жақтан шыққан өнер адамдары, акындар қаншама! Махамбет, Құрманғазы, Дина, Қажым, Тайыр, Жұбан, Сағынғали, Қадыр... Энгельсте туган сен де бізге жақынсың, көршісің... Саратов, Энгельс, Урбах, Маркштадт, Балыцер деген Еділ немістері автономиясының байырғы қалалары ат шаптырым жерде еді ғой”, — деп қуақылап күлетін.

\* \* \*

1974 жылы Хамзекеңмен қатынас аяқ астынан сирексіп кетті. Ауыр операциядан кейін төрт-бес ай бойы ауруханада гипс құрсауда сіресіп жаттым да, одан кейін тағы жарты жылдай ешқайда шыға алмай, қаланың шетінде телефоны жоқ үйімде мұңлы күй кештім. Хамзекең, естуімше, күнделікті әдетімен жұмыс істеп жүрді. Қостанай облысына барып қайтты, Соколов-Сарыбай комбинатын, өзі қырық жылдай болмаған колхоздар мен зауыттарды аралады. “Ағайынды Жүнісовтар” журналда басылды.

Күндер өтіп жатты. Аспанды бұлт торлап, қыстың ызғары біліне бастаған көңілсіз, сұрқай бір кез-тін. Желтоқсанның алғашқы күндерінің бірінде газет бетін ашып қарасам: “66 жасқа қараған шағында көрнекті қазақ совет жазушысы, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамза Есенжанов дүниеден өтті” деген суық хабарға көзім түсті.

Қиыршық қар аралас жаңбыр сабалап тұрған терезе алдында сілейіп ұзақ тұрып қалдым...

*1993 ж.*

## ЖАНЫМА ЖАҚЫН ЖҮБАНОВ

*(Композитор Ахмет Жұбанов туралы сыр)*

Уақыт көп нәрсені жуып-шайып жатыр ғой. Алайда, қырық жылдан астам өтсе де, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановпен сан рет дидарласып, әңгіме-дүкен құрған шақтар бүге-шігесіне дейін есімде. Сол кездерде қағазға түскен күнделік жазбалар да сақтаулы.

Әдебиетке енді келіп, тырнақалды еңбектерімді аудармадан бастап жүрген менің жағдайым ол кездерде ауру-сырқау, тұрмыс тапшылығынан анау айтқандай мәз емес-ті. Есесіне, үміт оты маздаған жаспын, елге белгілі айтулы тұлғалардың мейірім-шапағатынан да кенде емеспін.

Олардың көбі бүгінде өмірде жоқ, бірақ жарқын бейнелері жадымда, барлығының аруағына бас иіп, тағзым етіп жүремін.

Оның есімі мен ауыл мектебінде оқып жүргенде-ақ ауыздан түспейтін. Ал төменде баяндалатын әңгімелер кезінде атақ-даңқы барынша аспандап, аяқ-қолы жерге тимей тұрған болатын. Ірі ғалым. Белгілі композитор. Атақты “Абай” операсы авторларының бірі. Өнертану ғылымының докторы. Профессор. Академик. Қазақстанның Халық артисі. Көптеген көшелі сыйлық, үкімет наградаларының иегері. “Құрманғазы күйлері”, “Дәулеткерей күйлері”, “Қазақтың халық композиторлары”, “Ғасырлар пернесі”, “Замана бұлбұлдары” сынды кітаптардың авторы. Оркестр жетекшісі. Педагог-ұстаз. Қүдіретті де дарынды Жұбановтар әулетінің кошбасшысы. Керемет әңгімешіл. Зиялы. Дара тұлға.

Халық оны осылай біліп, қадір тұтты, сыйлады.

Сонымен, 1965 жылдың күзінде өзімнің әрі қолдаушы, әрі ұстазым, әдебиетке алып келіп, сары ауыз балапанға жем бергендей қамқорлық жасап жүретін Әбдіжәміл Нұрпейісов, менің қаржы жағдайымды жеңілдетуді ойласа керек, енді бір таяу уақыттардан кейін Ахаңның алпысқа толатынын, осынау мерейтойға орай оның “Замана бұлбұлдары” атты соңғы кітабын жедел орысшаға аударсаң дегенді айтты. Бұл маған таныс кітап. Халық композиторлары Біржан-сал, Ақан-сері, Мұхит, Балуан-Шолак, Жаяу-Мұса, Мәди, Естай тағы басқалары жайында да бұрыннан азды-көпті хабарым бар болатын. Көбінің әндерін ауылдағы

мектеп сахнасында аккордеон, мандолинада ойнайтынбыз. Алайда, кітапты аударуға құлқым соққан жоқ. Себебі, біріншіден, ол очерк түрғыда жазылған (мен Нұрпейісов прозасының көркемдік сөз құрылымына көбірек ден қоя бастағанмын), екіншіден, музыкалық терминологияға орашолақтаумын, аудару кезінде қазақтың кең тараған халық әндерінің әуездік құрылымын жеткізе алмай, киналарымды сезіндім.

Бірақ райынан оңай қайтпайтын Нұрпейісов әлденелерді айтып, көндірді-ау деймін, әйтеуір қарашаның ақырғы күндерінің бірінде Ахмет Қуанұлы Жұбановпен жүзбе-жүз танысып, сөйлесу үшін мені консерваторияға ертіп барды.

Адамдар ерсілі-қарсылы сапырылысып, ұлардай шулаған аудиторияда бізді орта бойлы, кең жауырынды, жиінақы киінген, иман жүзді, дегдар адам емен-жарқын іштарта қарсы алды. Шалқайта тараған қалың, бұйра шашына ептеп ақ кірген. Сол көзін сәл қысыңқырап қарайды. Қазақтың аздаған әзіл аралас жалпақ тілімен келісті сөйлейді.

Алғаш көргенде ол маған осындай әсер қалдырды. Бірқатар жасы үлкен қазақ достарым құсап, атымды “Гера” деп қысқартып айтқанмен, “сіз” деп сөйлеп отырды. Бетіме жымия қарап: “Алла бұйырса, алдағы жылы мамыр айында мерейтойым болмақ, — деді өзімсіне тіл қатып. — Уақыт тығыздау. Дегенмен, сол мерзімде кітап орыс тілінде шықса, жаман болмас еді. Айтушылар бұл жұмысты тек сіз ғана бөтен ешкімнің араласуынсыз әрі тез, әрі ойдағыдай атқара алады деседі. Сондықтан сіздің осы іске дереу кіріскеніңізді қалар едім. Кітап баспаның жоспарында түр. Мақұл десеніз, келісім-шартқа отыруға болады”.

Аханның (сол сәттен бастап қазақ рәсімінше оны “Аха” деп атап кеттім) сол жолы уақыты тым аз, лекция ма, шығарма тыңдау ма, әйтеуір сондай бірдеңеге қатты асығулы екені байқалып тұрды. Әйтсе де, жоғарыдағы шаруаны егжей-тегжей талқылап, жайбарақат ақылдасу үшін көп кешікпей үйіне шақырды.

Күнделіктен:

“1.12.65 ж.

Жұбановтың үйінде болдым. Алдағы аударма жайын әңгіме еттік. Орысша ешбір сөз, сөйлем қоспай, таза қазақ тілінде сөйлестік. Бәрі нақпа-нақ, айқын. Маған осы ұнайды. Келіссөз келесі күні баспада жалғасты. Мен салған жерден “Бұлбұлдарда” өлең көп екенін, оларды аударуға шамам жетпейтінін кесіп айттым.

Жұбанов таң қалды. Қалайша? Ол мұны күткен жоқ-ты. Кедрина “Ғасырлар пернесінде” өленді де, қара сөзді де тәржімелеген. Менде оңдай мүмкіндік жоқ. Тығырықтан шығуға аударма редакциясының меңгерушісі Нүзет Гумеров жәрдемдесті. Мен олендерді аудармайтын болдым. Қара сөздерді ғана аударамын. Ол да аз емес, шамамен 22 баспа табақ. Мерейтойға дейін жарты жыл. Асықпай болмайды. Мен сол замат қара сөздерді екі адам боп аударайық дедім. Сонда бәлкім, үлгерерміз. Нүзет қолдады, Жұбанов қарсы. Мағына екі түрлі болады дейді. Ал істің мүддесі үшін тіпті қажет болса, келісуі де ықтимал секілді. Әйтсе де: “Апырай, Гера, сіз бес жүз бетті қалайша жарты жылда игере алмайсыз? Мен қалталы адаммын, алаңдамай жұмыс істеуіңіз үшін қарызға қаржы беретін мүмкіндігім бар”, – дейді Ахаң. Баспаның әр баспа табаққа төлейтіні – 125 сом. Қайтейін... келістім. Ендігі әңгіме келісім-шартта.

Аударуға жан-тәніммен кіріскенім сондай, желтоқсан айының соңына қарай “Замана бұлбұлдарындағы” үш бірдей очеркті еңсердім. Содан бастап Ахаңмен жиі жолығысып жүрдік. Балуан Шолақ жайлы очеркті оқыңыз деп апарып бердім. Бір күннен қалдырмай оқып шықты да, көңіліне жағатынын сездіре отырып, екінші аудармашының көк тиынға керегі жоғын, тіпті ол туралы сөз қозғаудың қажеті жоғын айтты. Мұнысы маған қанат бітіргендей болды.

Бірақ бәрібір, өзім де алдын-ала шамалағандай, қиындықтың көкесі музыкалық шығармалардағы ауызша баяндап, суреттеу үрдістерін тәржімелеу үстінде алдан шықты. Мұндағы бір маңызды нәрсе, музыкалық терминологияны көзжұмбайлық жасап, жөнсіз бұрмаламай, керісінше, әуен мен әншінің орындау тәсілі жөніндегі түсінік-баяндауларды шама-шарқымша ұғымды жеткізу еді. Енді осы орайда қалам шіркін кібіртіктеп, әжептәуір тәлтіректейін. Сол халімді аңғарған Ахаң жарықтықтың асқан ізеттікпен қолтықтан демеп, Александр Затаевичтің сол шақтардың өзінде сирек ұшырасатын көне қазынаға айналған “Қазақтың 1000 әні” кітабын ұсынғаны неткен көрегендік десеңізші. Ғаламат дүниені үш күн, үш түн бас көтермей оқып, конспект түздім. Қәдеге асып, дәтке қуат болды.

Оның үстіне, сол шақтарда бұған дейін де әбден қажытып біткен, күнделікті жан бағарлық тиын-тебен табуға мойын бұрмасқа да болмайтын-ды. Оны білген Ахаң тағы да көмек қолын созды.

Күнделіктен:

“23.01.66 ж.

Ахаң екі жүз (200) сом әкеліп берді. Өте кішіпейіл, сезімтал, ұқыпты жан. Оған жұма күні соғамын деп ем, бірақ бара алмадым: көше көктайғақ, әрі аяғым басуға мүлде жарамай қалды. Ахаң екі күннен кейін жол көрсету үшін Нұрпейісовты тауып алып, ақшаны екеуі алып келді. Қатты толқыдым. Олар көп кідірген жоқ.

— Мен аударып болған соң оқып шығасыз ғой? — деп сұрадым.

— Оқитын шығармын.

— Мен қазақ өлеңдерінің бәрін біле бермеймін. Әннің әуендік құрылысын сипаттауда өтірік айтып қоюым мүмкін.

— Иә, ол солай, — деп жайдары жымиыды Ахаң. — Жазушы адамдардың кей-кейде өтірік қосып жіберуі мүмкін нәрсе.

Қонақтарды басқыш алаңына дейін шығарып салдым.

— Ал, сау бол. Үйіңе кір, суық тиіп қалар, — деді Жұбанов.

Шама-шарқымша алғысымды айтып жатырмын.

Күн сайын 6-7 бетті еңсеремін. Онсыз мерзімді уақытқа үлгермеуім мүмкін”.

Табандылықпен жұмыс істедім. Қазақтың халықтық ән шығармашылығына дендеп бойлағаным соншалық, Біржан-сал, Естаймен бірге күйініп, Балуан-Шолақ, Жаяу-Мұсамен бірге шаттандым, Құсни-Қорлан қасіретіне жыладым. Біртіндеп өзімнің де жандүнием байи түсті. Шіркін-ай, теңіз түбіндегі маржанға ұқсас осындай аса сирек мәдени қазыналар орыс аудиториясына жете бермейді-ау деп налыдым. Сондықтан да “Замана бұлбұлдарының” аудармасы өте қажет әрі маңызды екеніне сенімім нығайған үстіне нығайды.

Ендігі жерде қымбатты Ахаңа барып-келуді едәуір жиілеттім. Онымен әр жолыққаным мереке-мейрам. Әрдайым тұрқы өзгермейтін кең кабинетінде қуана қабылдайды. Сол қапталда күйсандық, қарама-қарсы есік жақта кітап толы шкафтар. Жаны ашық, кісілікті қарт (нә, оны дәл солай деп танығанмын, өйткені жасы менен екі есе үлкен болатын) мені көрісімен қутың қағып, бірден бауырға тартады. Ара-тұра сықылықтап, сол көзін ойлана сығырайтады да, өз өмірінен алуан түрлі айшықты да қызықты хикаялар шертеді. Біресе өзінің ескі досы, сыралғы әріптесі Латиф Хамидидің қылықтары, біресе базбір атақты тұлғалардың тосын іс-әрекеттері мен оқыстау мінез-құлықтары жайлы қаузаиды.



37-38 жылдардың қайғылы оқиғаларына келгенде, алдымен сол кездерде өзінің репрессияға ұшырап, жазықсыз атылған туған ағасы, филолог-тюрколог ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановты есіне алып, бұған дейін де аузынан тастамайтын: “Қашанға дейін қорқа береміз?! Шындықты айтатын мезгіл келді емес пе?” — дейтін үйреншікті сөзін қайталайды. Ғылым академиясы мен Композиторлар одағындағы, өкінішке қарай, таусылып бітпейтін өсек-аяндарды да іле кетеді. Қысқа қайырылатын әңгімелері мен анекдоттары қандай мәнді. Шұрайлы монологтарын сол кездерде ізін суытпай жазып тастамағаным өкінемін. Ол қағаздарын ақтарып-төңкеріп, әлденелер табады да, тәптіштеп түсіндіре бастайды. Сирек ұшырасатын құндылықтардың керек тұстарын түртіп отырамын. Мұндайда ол өз қарамағында оқитын аспирант қыздардың бірінің шаруасын да тындыра отырады. Осындай шынайы пейілден жан семіріп, кеудеге нұр толады, серпілесін, қуанасын.

Күнделіктен:

“16.03.66 ж.

Жұбановта екі рет болдым. Соңғы барғанда төрт сағат отырдым. Сүйкімді, жұғымды, жайдары шал. Соншалық рахаттанып, жаным жай тапты. Ол толып жатқан кітап, қолжазбалар, әлдебір көне құндылықтар мен газет қиындылары секілді маған керек-ау деген нәрселерді іздеп, таба отырып, А.Виноградовтың “Паганиниді соттау” романын аударғанын айтады. Тіпті, қызды-қыздымен екі-үш бетіп оқып та жіберді. Сөздерін зейінмен тыңдап, қостаумен бірге, қажет материалдарды тынымсыз көшіремін. Кабинеттің бұрышындағы фортепьяно жанында Аханның үлде мен бүлдеге оранып, тоты құстай түрленген оқушысы — жас қыз отыр. Ұсқынына карағанда, мені жақтырмайтыны көрініп тұр. Құйсандықта құлықсыздау ойнап, нота қағазына Аханның скрипкаға арналған романсын (си-минор) жазғансыды... Мен үшін аса жағымды, жақсы отырыс болды. Шалың мықты. Нағыз осы заманның озат ойлы адамы. Әзілі қандай. Көрші бөлмеде әйелдер бір-бірін баса-көктеп, сәмпылдап жатқан-ды. Бір сағаттан соң ғана үндері өшті. “Аллаға тауба, — деп мырс етті Ахан. — Бітті-ау деймін”.

Онан соң әңгіме айтты: “Қазақтар екі әйел базар, үш әйел жәрмеңке дейді, — деп. — Білесіз бе, сотталған екі әйел түрменің бір камерасында үш жыл бірге отырыпты. Босанып шыққан соң,

үйлеріне асығудың орнына, түрменің сыртында бір жарым сағат мылжындасып тұрыпты”.

Ахаң осылай деді де, саңқылдай күлді.

Онан соң Сәбит Мұқановтың “Жас тұлпар” құрамындағы жастар үстінен органға шағым түсіргені, яғни революциялық-большевиктік қырағылық танытқан хақында пікір сабақтады. “Қайтесің, — деді күйрек үнмен. — Алжыған шал. Жетпіске келіп, жиырмадағы баламен ұстасады. НКВД-ға арыз жазыпты. “Жас тұлпар” саяси теріс үйірме депті. Әуезовтің өзі өлгенмен, “Әуезовщина” қалмапты депті арызында. Ол шал талайдың түбіне жетеді әлі”.

Ахаңнан небір қызықты да керемет нәрселерді білдім. Қызы Ғазизаны жуырда Орталық Комитеттің мүшелігіне сайлапты.

Күнделіктегі қысқа жазбалардан бір мәселені айқындай кетейін. А.Виноградовтың Паганини туралы романын қазақ тіліне аударғанын маған зор сеніммен хабарлай отырып, Ахаң бұл іске тек тәлім-тәрбиелік мақсат, негізінен консерватория студенттері мен жас музыканттар үшін барғанын қадап айтқан-ды. “Біздің казактар, — деді ол, — көбінше табиғат сыйлаған дарын мен құдай берген қабілетті ғана малданып, күн сайын аяусыз тер төгіп, еңбектену керегін ескере бермейді. Міне, Паганиниді алыңыз. Құдай оған бәрін берген. Ерен қабілет. Сирек дарын. Данышпан! Әне, сондай адам скрипкада күн құрғатпастан, тәулігіне 12-14 сағаттан ойнаған. Көрдіңіз бе? Оның сирек өнерінің күпиясы да сонда”.

Онан соң Ахаң сарғайған папка ішіндегі қомақты қолжазбаны меңзеп, қалған 27 бетті аударуға уақыты болмағандықтан кітапты баспаға бере алмай жүргенін кинала баяндады. Кейбір жанашырлары “басқа біреуге-ақ аударта салсаңызшы” дегеніне көнбей, қайтсем де өзім тындырамын деп қасарысатын тәрізді. “Жиырма жеті-ақ бет пе? — деген сөз еріксіз шығып кетті аузымнан. — Бұл дегеніңіз бес-алты-ақ күндік жұмыс емес пе?” “Солайы солай ғой, — деп келіскен сыңаймен күрсінді Ахаң. — Бірақ сол бес-алты күнді қайдан алмақпын?”

Осынау аяқталмаған еңбектің кейінгі тағдыры маған белгісіз. Көп жылдардан кейін Ғазиза Ахметқызы Жұбановамен кездейсоқ ұшырасып, шет жағалап сұрағанымда, ол ештеңе білмейтінін, бұл жөнінде бірінші рет естіп тұрғанын айтып, танданыс білдірді. Мен де естен танғандай болдым. Қолжазба жоғалғаны ма сонда? Ахаң ол туралы қалайша айтпаған? Қайда қалды екен? Маған көрсетіп

кана қоймай, бірнеше жерінен үзінділер оқып, аударылмаған 27-ақ бет қалды демеп пе еді?

1966 жылдың көкек айында Ахаң ақыр түбі “Абай” операсы баспадан шығатынын қуана хабарлады. Оның да кейін немен аяқталғанын білмеймін.

“Замана бұлбұлдарын” мерзімінде аударып біттім де, Ахаңның қолдап-қуаттауымен жедел баспаға табыстадым. Бірақ кітап Жұбановтың 60 жылдығында бәрібір жарық көрген жоқ. Алғашында қасақана созбаққа салған – редактор мен суретші, онан соң – баспахана. 1967 жылғы наурызда көптен күткен “сүйінші” даналар, ал көкекте 8 мың боп күллі кітап басылып шықты. Көлемі – 25 баспа табақ. Оқырмандар жылы қабылдап, қас-қағымда тарап кетті. Кейіннен кезекті мерейтойларға сай кітап қайта басылса екен деп қаншама шырылдасам да, амал нешік, даусым ешкімге жетпеді, сөзім өтпеді. Өкінішті-ақ... Қазақтың ән мәдениеті жөнінде баға жетпес деректер жинақталып, халық әнші-композиторлары туралы сирек те көшелі ғылыми материалдар топтастырылған кітапты қайталап басу бүгінгідей тәуелсіздік алып, дербес мемлекет атанған, қазақ мәдениетінің көне бастауларына ықылас арта түсіп отырған мезгіл үшін орны бөлек құндылық болар еді. Бірақ өкінішке орай, қазіргі нарықтық қатынас қырсығынан талай жарқын бастамалар өркен жая алмай, үміт үзілгендей күй кешіп жатқан жоқпыз ба?

Қазақстан Жазушылар одағының 1967 жылдың көкек айындағы көркем аударма проблемаларына арналған пленумы есімде қалыпты. Оған Ахмет Қуанұлы да қатысып, үзілісте менімен іштарта әңгімелесті, кітабының аудармасын бас шұлғи күптап, алғыс білдірді. Өзіне ертеден дос-жар Зоя Кедрина, Алексей Пантилевтермен таныстырды. Құрдасы Сәйділ Талжановты әжуалап, қалжыңдасумен болды. Түске дейінгі уақытта қашанда үйде болатынын ескертіп, мені пәтеріне шақырды.

Күнделіктен:

“22.IV.1967 ж.

Жұбановта болдым. Үйіне жақындай бергеннен көріп, атымды атады да, тез маған қарай қозғалды. Бұрышта такси күтіп тұрған беті екен. Таяуда қолға “Замана бұлбұлдарының” қаламақысы тиіп, Ахаңа ертеректе қарызға алған 200 сомды қайтардым. Ательеге костюмге тапсырыс берген екен, соған керек еді деп, мээ бола қуанды. Онан соң машинисткаға қанша төлегенімді сұрап,

мөлшерін білісімен: “Онда жүз сомын бер де, қалғанын алып қал. Обал ғой. Өзі азғантай гонорар”, – деп қабағын шытты. “Ой, қойыңыз, Аха! Қарыздың аты – қарыз. Екі жүз алдым, екі жүз қайтарамын”, – деп уақытында қайтара алмағаныма кешірім сұрадым.

“Ол не дегенің?!” – деп Ахаң кекжең етті. Сол екі арада такси келе қалды да, екеуміз машинаға бірге міндік. “Менің “Құрманғазымды” аударып берсең, уақытың болса. Көлемі 13 баспа табак”. “Жоспарда бар ма еді?” “Жоспарға кіргізем ғой, аудармашы болса”. “Онда аударуға болады.” “Ендеше, 68-ге жоспарға енгізем”. “Күп болады!” Хамза Есенжановтың үйінің жанында мен түсіп қалдым. Ахаң әрі кетті. Сол жолы Әбіштің әңгімесі туралы да пікірлесіп ек”.

Бұл шамасы біздің актық кездесуіміз болса керек. Ұзамай “Ахаң жаман ауруға шалдығыпты” легенді құлағым шалды. Ол кезде мен ең болмаса телефоны да жоқ тұйық үйде дамылсыз жұмыс істеп, екі аяқтан бірдей айырылғандай күйде едім. Ізіңше үш жарым ай ауруханада жаттым. Сол шақтарда – 1968 жылғы 30 мамырда – ауыр науқастан кейін Ахмет Қуанұлы қайтыс болды. Қаза қайғысына аурухана төсегінде газеттердегі азанамаларды оқу арқылы ортақтастым.

Содан бері қырық жылға жуық уақыт өтті. Тағдыр маған жақсылығын аяған жоқ. Қалыптасу кезендерімнің барлығында қазақтың ұлттық мәдениетінде із қалдырған зиялы қауым өкілдері, көрнекті тұлғалар – Мәлік Ғабдуллин, Хамза Есенжанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Әбу Сәрсенбаев, Ахмет Жұбанов сынды алыптармен етене араласу бақытына ие болдым. Оларға деген шексіз махаббат, риясыз құрмет сезімім ғұмырымның соңғы сәтіне дейін өзгермесіне иманым кәміл.

*Аударған З. Асабаев,  
2001 ж.*

## ТЕКТІ ТҮЛҒА

*(Мәлік Ғабдуллин жайлы сыр)*

... 1954 жылдың қыркүйек айы.

Ол Совет көшесі, 32 үйге орналасқан ҚазПИ жатақханасындағы алқам-салқам, жұпыны бөлмеге күтпеген жерден кіріп келді де, Э.Ласкердің ескі оқулығындағы шахмат партияларына талдау жасап отырған мені байқаған бойда:

— Ал, қане, Керей, ойнап жіберейік, — десін. Мен аңтамын.

Ол жөнінде мектеп қабырғасында жүргенде “Қазақстандық Совет Одағының Батырлары” дейтін кітаптан, “Батыр Мәлік” атты поэма, соғыстағы ерліктері хақында көптеген хабар, мақалалар оқығанмын. Ауыл баласының ұғымында ол дегеніңіз аңызға бергісіз, қиял-ғажайып іспетті батыр-тын. Бүгінде фольклорист-ғалым, филология ғылымының кандидаты, доцент, институт директоры. Кіндік қаны Көкшетауда тамғандықтан менімен жерлес десе де болғандай.

Мінеки, сол келбетті, толқынданған қап-қара шашын шалқайта тараған, тамаша костюм, мәуіті шляпа, мүйізді қалың көзілдірік киіп, галстук таққан, мұқият қырынып, сыланған Мәлік Ғабдуллин суық жатақханаға кенет кіріп келеді де, менімен бейне ескі танысындай ашық-жарқын сөйлесе кетеді... Бұған дейін жер аударылған халықтың өкілі болғандықтан мені оқуға алмай қойғанда бір-ақ рет көргенмін. Ол көмектесер халі жоғын айтып, Білім министрлігіне сілтеген. 25 баллдан 24 балл алған абитуриентке жәрдемдесе алмағаны үшін батырлығыңа болайын деп өкпелегенім рас-ты.

— Ал, Керей, жүр! Бас, бас!

Фигуралар тізілді, мен ақ тастарды оған ұсындым да, қысылықырай ойландым, қайтсем екен, шындап ойнайын ба, әлде, ығына жығылып, жортақтай берейін бе? Ойынға құлшына кіріскен ол бірден шабуылға көшті. Теорияны ескермей, көзжұмбайлыққа басады. Мен болсам қарапайым тосқауылдар қойып, дебюттік схемалар іздеймін.

— Қәне, Керей, батылырақ қимылда! Жүр, жүр! Әзер болса, қасқа сиыр кетер!

Кейіннен “әзер болса, қасқа сиыр кетер” оның үнемі айтып жүретін сөзі екеніне көзім жетті.

“Керей” деп ол мені шамасы Гера атыммен үндесетіндіктен айтса керек. Қазақшаға келіп-ақ тұр. Солтүстік Қазақстан жағында әлгіндей ру бар.

Миттельшпилге жеттік.

— Қазақша боқтай аласың ба?

Мәссаған! Батыр, ғалым, ұстаз-педагог осылай десе...

— Ой, ағай... — деп қызарақтаймын. — Аздап білемін ғой...

— Ауылында қалай боқтайды? Әкеден бе, шешеден бе, әлде қызыңды... дей ме? Ойна, ойнай бер. Немене сонша, сиырынды ұтқызардай!..

— Болмайды, ағай!

— Не болмайды?

— Сіздің көзіңізше боқтық сөз айта алмаймын.

— Ой, ынжык! Қорқақ! Ез! Сені де Керей, қазақ дейді, ә?!

— Сіздің алдыңызда өйте алмаймын, ағай... Ұят, ыңғайсыз.

— Түү-у!.. Осы жерде немістігің көрінді-ау. Әкең бар ма?

— Бар.

— Кім болып істейді?

— Фельдшер. Медпункт меңгерушісі. Акушер...

— Е, онда қазақтың жалаңаш әйелдерін көп көрген десейші! Ендеше сен Бельгер емес, Балгер екенсің. Керей — Балгер.

Сөз таластырғаным жоқ. Балгер — қазақша тәуіп. Әкемнің мамандығына орайласса да, маған ауырлау.

— Ей, жүрсейші! Е, королің маттың ауылына жақындады, шахпен мұрны бұзайын... Ал шах! Тағы да шах! Бол, бол, кәне!

Қайсарланып, құмарланып, екілене ойнайды. Бірер сағатта бес-алты партияны еңсердік. Қызына түскен мен де бір-екі рет жеңіске жеттім. Мәкең тең ойынды мойындамайды екен. Кепет тұрды да, алғыс айтып, әлгінде мұнда қалай келсе, солай шығып жүре берді. Сырбаз да сымбатты, сергек жан.

Менде бәрібір үрей басым. Институтқа үлкен машақатпен түскенмін. Ол жылдары немістерді жоғары оқу орындарына жолатпауға тырысатын. Ондай қиындық жалғыз немістер емес, репрессияға ұшырап, “сенімсіз” саналатын шешен, ингуш, грек, поляк т.б. бәріне ортақ болатын. Менде паспорт та, арнаулы комендатураның рұқсаты да жоқ-ты. Қиқарлығым ұстап, Алматыға келісімен комендатураға есепке де тұрмағанмын.

1948 жылғы жарлық бойынша мұндай қылық үшін жаза қатан. Ал мені институтқа Қазақстан комсомолының орталық комитеті және оның екінші хатшысы, жерлес азаматтың жебеуімен, “жатақхана берілмесін” деген шартпен алған. Сол тұста “мақта” науқаны басталды да, студенттерді Мақтааралға айдап, мен мұнда солардың анау-мынауы, мүлкіне қарауыл есебінде қалғанмын. Бұл сырым енді, міне, басқа емес, директордың өзіне белгілі болды. Шаңымды бір-ақ қағып, жатақханадан қуатын шығар деймін.

Бірақ бәрі керісінше болды. Екі апта өтер-өтпесте деканатқа шақырып, жатақханадан заңды түрде орын берілетінін айтты. Бұл керемет менімен жуырда шахмат ойнаған жоғары мәртебелі директордың арқасы екенін ұқтым.

Сол күннен бастап ол маған ең болмаса екі партия шахмат ойнауға келіп тұруды әдетке айналдырды (бас корпус жатақхананың түбінде болатын).

Біртіндеп Мәкеңнің жүріс-тұрыс, өткір әзіл, астарлы сөз, қылжақ-қалжыңдарына үйрене бастадым. Кейде жақын маңда аз-мүз серуендейміз. Арагідік дүкен аралаймыз. Ондайда жап-жас сатушы қыздарға екіұштылау китүркы сұрақтар беріп (“Қарағым, қарындасым, галошыңыз нешінші размер?” — деген сияқты), естерін шығарады. Менімен жүргенде үлкен ағамдай боп, өзін қарапайым, еркін ұстайды. Үнемі денсаулығымды, онан соң қыздар жайлы сұрайды. “Екі кеңірдегіңе сақ бол, Балгер”, — дейді. Ишарасын ұғамын. Әйтсе де, мен сияқты ауыл баласына олардан қауіп жоқ. Бірінші “кеңірдекке” қалта тайыз, екіншісіне тәжірибе, жігер аз.

Мәкеңнің сол кездерде айтқан талай әзіл-оспағы мен өткір сөздері есімде. Институтта оқыған төрт жылда шахматты үзбей ойнадық та, аспирантурала жүргенімде сиреді. Ол мені Керей және Балгер деп, өзімен тең санайтын. Алайда, “Аяз әліңді білді” қатты ұстанған мен оның сондай ықылас-пейілін ешқашан жеке мүддеме пайдаланбадым. Бірдене сұрап, арыз-шағым айтқан жерім жоқ. Меніңше, ол мұнымды бағалады-ау деймін.

Дей тұрғанмен, бірер өтініш болғаны да рас.

Бірінші курста әдебиет факультетінің екі бөлімшесінде оқитын он төрт жігіт от жағылмайтын тастай суық бөлмеде тұрып, екі қабатты кереуеттерде ұйықтайтынбыз. Сүмдық қолайсыз. Бірде студенттер ақылдасып, осы туралы директордың өзіне шағымданайық дестік. Арыз-тілегімізді көлдей етіп жаздық та,

баса-көктеп Мәкеңнің кабинетіне кіріп бардық. Онда ғылым жөніндегі орынбасары, атышулы желөкпе Ц.Л.Фридман және шаруашылық жөніндегі орынбасар мен партком хатшысы отыр екен. Солардың көзінше жыламсырай тұрып, жазғанымызды оқып бердік. Сол жақ бетін қасыған Фридманның мойны салбырап, қалған екеуі теріс бұрылып, терезеге қарасты.

Мәкең жанындағылар түсінбеу үшін қазақша:

– Ей, жігіттер, – деді жайлап. – Түрлеріне қараңдаршы. Қазір бір ұрып, атанды құлатар шақтарың. Бір тепсеңдер темір қазық жерге кіреді. Әрқайсыңда кіндіктеріңнің төмен жағында мұз тескендей бір-бір тоқпақ бар. Алматыда не көп, жалғыз басты қатын көп. Құдай берген сол тоқпақтарыңды пайдаланбай, болмашы нәрсе үшін маған келулерің қалай?! Сол қатындармен уақытша бас қосыңдаршы, көресіңдер сонда сендерді қалай жылытатынын. Тамақтарың да тоқ болады. Жігітке одан өзге не керек, а?! Ой, бетім-ай! Ұят-ай! Барыңдар!

Амал не, “тоқпағы бар” он төртіміз бір-бірімізге қарадық та, үнсіз сүйретіліп, тысқа беттедік. “Ал онда кеттік, қыздырынуға”, – деп күмілжи әзілдеді былай шыға, осы істі бірінші бастаған старостамыз. Мен: “Бәлкім, содан керемет ештеңе болмас, генерал?” – деп қосып қойдым.

... Тағы бір оқиға.

Аспирантураға түсу оңай болмады. Сол жылы (1960) тюркология мамандығы бойынша не ҚазПИ, не ҚазМУ, Ғылым академиясына ешкім алынбады. Тюркология менің бірінші курстан арнамым-тын. Институттағы қамқоршыларым құжаттарымды осы жылы ашылып, таяуда аяқталып, айдаудан оралған Евгений Исаакович Ривлин жетекшілік ететін сабақ беру әдістемесі кафедрасына тапсыруға кеңес берді (Ривлин жазасын мен мұғалім боп істеген аймақта өтеген-ді). “Ойбай-ау, әдістеме ғылым емес қой”, – деп қасардым. Бірақ тез сабаға түсіп, құжаттарды өткіздім. Себебі, шалғай түкпірдегі Байқадамда гүмыр кешу дозақпен бірдей, қайтсем де кету керек еді.

Алайда, аспирантураға қабылдай ма, жоқ па, белгісіз. Байқадамдағы күндізгі және кешкі мектептерде екі жыл істегенде білімім қоңылтақсып, едәуір қарайып қалғанмын. Өмірден артта қалдым десем де болады. Рас, менде ептеген көзір бар, бұған дейін салыстырмалы грамматикадан екі еңбегім жарық көрген. Оған қоса, институт оқытушыларының ішінде бүйректері бұратын ескі көздер де жоқ емес.



Бірінші емтихан – орыс грамматикасының теориялық курсынен сүріндім. Бір орынға талапкер төртеу. Марксизм-ленинизмнен ұпайым сәл түзелді. Қалғаны – шет тілі. Аспирантураға түсу-түспеу соған байланысты.

Бұларды тәптіштеп отырғаным, Мәкеннің сол шақтарда қолтығымнан демеп, аспирантураға түсуіме тікелей себепкер болғанын айту.

Неміс тілінің грамматикасынан “бес” алам деп иегім қышыған жоқ. Бірақ “төрт” деген баға ауадай қажет-ті. Өзімді бұл тілді өзге бақталастардан қалайда жақсы білемін деп жұбатамын.

Емтиханды үш адам қабылдады: Цезарь Львович Фридман, доцент Ефраим Мессерле және – ол да доцент – бір әйел. Ұсынған немісше мәтіндерін оқып шыққан соң орысшаға аударып, мазмұнын немісше баяндап бердім. Еркін әңгімеде сұрақтарға жауап қайырдым. Кей тұстарда сүрініңкіреп, волга (гессенша) диалектіне ауыңқырай берсем де, жалпы, бәрі дұрыс сияқты еді. Бірақ қазымыр Е.Мессерле етістік сөз табының толып жатқан бейтаныс қырларын қолденең тартып, жолыма тосқауыл құрсын. Алты жаста жер аударылып, неміс мектебінің ісі мұрныла бармаған басым олардың барлығын қайдан білмекпін? Етістікті дұрыс талдай алмай, шатасқаным жаңы келген Мессерле ашуга басады. Фридман жоғары, әйел төмен қарап, екеуі де тырс етпейді. Бет-аузы қып-қызыл Мессерле тықсырып барады.

Кенет есікті серпе ашып, аудиторияға институт директоры Мәлік Ғабдуллин келе қалсын. Сәл тыныштық орнап, емтихан қабылдаушылар директорға кезек-кезек қол беріп, маңғаздана амандасады. Демімді іштен алып мен отырмын. Маған көз қиығымен қараған директор, шамасы, мүшкіл халімді сезе қойғандай, мырс етті де:

– Балгер қай тілден емтихан тапсырып жатыр? – деді.

– Неміс тілінен, – деп миңгірледі Фридман.

– Иә, қалай?

– Грамматикадан нашар, – деп күңк етті Мессерле.

Көзілдірік астынан қулана жымың еткен Мәкен:

– Е, сөйтіп шет тілден екен ғой, – деді.

– Иә, – деді Фридман.

– Сонда қалай, Балгерге неміс тілі шет тілі ме?

– Енді ше? Бізде ағылшын, француз, неміс тілдерінің бәрі шет тіл. Қалағанынан тапсыруға құқы бар.

– Дұрыс. Бірақ неміс тілі Балгердің ана тілі ғой. Демек, ол емтиханды басқа тілден тапсыруы тиіс, — деді директор.

Емтихан қабылдаушылар абдырап, бір-біріне қарасты. Мен де әрі-сәрімін. О, Алла! Енді не ағылшын, не француз тілінен тапсыр десе қайттім?

Үнсіздік. Меніңше, институт директорының түпкі ойын түсініп отырған ешкім жоқтай. Көп ұзамай Мәкең:

– Балгер үшін шет тіл — қазақ тілі, — деп дүңк еткізді. — Сондықтан емтиханды қазақ тілінен тапсырсын.

– Бірақта... — деді Цезарь Львович жалтыр маңдайын тыржита ыңыранып. — Ережеде қазақ тілі шет тілі деп көрсетілмеген ғой...

Мен елең еттім. Міне, қызық. Олай болса, манадан бері немісше етістікпен есімді кетіріп отырған Мессерлені енді мен неге қазақша салалас, сабақтас, аралас сөйлемдер және жеті септеумен тығырыққа тірмеймін?! Үшеуін де түсірмеймін бе қара терге?!

Емтихан қабылдайтындар асып-сасып отырғанда, Мәкең менімен қазақша ұзынсонар әңгіме соғып, қайда, қалай тұрамын, үйлендім бе, жоқ па, Байқадамда қандай рулар бар, сөйлеуі солтүстік қазақтарына ұқсай ма, әлде басқа ма, бәрін сұрап, біліп алды. Емтихан комиссиясының мүшелері қазақша түсінбейтіндіктен, сөзімізге араласқан жоқ.

– Қалай еткен жөн? — деп ыңырсыды маңдайы қыртыстанған Фридман.

– Комиссияны қайта құру керек, — деді директор. — Бұл емтихан есепке енбейді.

– Немене, бір Бельгер үшін бе? — деді Фридман ішегін тартып.

– Ол барлық емтиханды тапсырып бітті ғой.

– Грамматикадан білмейді, — деді Мессерле ызбарлана.

– Ештенесі жоқ, — деді директор жайбарақат түрде. — Бұл айрықша жағдай, кейін үйренеді.

– Мүмкін, мүмкін... — деп жортақтады әйел.

– Мүмкіннің не? — деп көздерін алартты Мессерле оған.

– Оқыса үйренбейтін несі бар? — деді Мәкең.

– Әлбетте, — деп лып етті Фридман.

– Үйренбейді, — деп қасара түсті Мессерле.

– Ал жарайды, Балгер қазақ тілінен тапсырады, — деді Мәкең, осымен сөз бітті деген сыңаймен.

— Бельгер жолдас, бір минут шыға тұрыңызшы, — деді Фридман маған қарап.

Мен коридорға шықтым. “Бір минут” дегендері жарты сағатқа созылды. Бір кезде шақырды. Бәрі ызаланып, булығып отыр. Фридманның сол беті ақ таңдақтанып кеткен. Қалың қастарын жоғары керген Мессерле жарылуға жақын. Әйел маған жылыұшырай қарайды. Мәкең сыр бермейді.

— Комиссия сізге шет тілден “төрт” қоюға шешім шығарды, — деп хабарлады Фридман.

Сонда шет тілдің қайсысынан “төрт” деуге октала бергенімде, Мәкеңнің жорта түсін суытып қарағанын аңғардым да, тез жөнімді табуға асықтым.

Әйтсе де, Мессерленікі расқа шықты: неміс грамматикасын бәрібір үйрене алмадым. Бәлкім, аргы дүниеде үйренермін...

Мәкеңе қатысты келесі оқиға былай.

Төртінші курстың мемлекеттік сынағы алдында қараптан-қарап үш әріптен тұратын атышулы мекеменің қырына ілігейін. Әлденені көлденең тартып, сілкілеуге көшсін. Жұрт дереу менен іргелерін аулақ ұстап, ұстаздарым да қашқақтай бастады. Неткен сұмпайылық! Ақылды тергеуші бұл жерден екі-үш жыл қараңды батыра түр деп ыздияды. Жамбыл облысындағы Байқадамға бардық. Тұрмыс тапшылығынан қысылып-қымтырылып тұрып жаттық. Сол жерде партия мүшелігіне кандидаттыққа өттім. Аспирантураға түскен жылы кандидаттық мерзім аяқталды. Институт партбюросы арыз жазып, үш адамнан мінездеме әкел деді. Алдымен доцент Ландауга бардым. Екі жыл ілгері ол менің курстық жұмысыма жетекші болып, тілектес тәрізді көрінген-ді. “Кешіріңіз, — деді Ефим Иосифович. — Сіз ғажап студент едіңіз, бірақ соңғы екі жылда мен сізді білмеймін. Сондықтан тілегіңізден бас тартуға мәжбүрмін”. Бұл сөзден абдырап, әрі тіксініп те қалдым. Қорқынышты мекемемен Ефим Иосифовичтің де қарым-қатынасы оңды емесін білетінмін (оның бірнеше жылдан соң өз-өзіне қол жұмсауына дәл сол жағдай себеп болды). Сондықтан өткендегі “күнәларым” шамасы, әлі ұмытылмаған екен-ау, партияға кіруім кезекті пәле боп жабыспаса неғылсын деп ойладым. Бірақ бәрібір күдер үзбей, факультет деканы М.А.Глазманға өтініш айттым.

Онша елпілдей қоймаған Мира Александровна да: “Ойланайын. Жауабын ертең беремін”, — деді. Келесі күні салқын гана: “Ғафу етіңіз. Қолымнан келмейді”, — деді.

Жолым болмасына көзім жетіп, шегіне тұруға бел будым. Кандидаттық мерзімді алты айға ұзартуды сұрап, парткомға арыз жаздым. Олай ету жарғыға қайшы емес. Парткомдағылар мақтай жөнелсін: нағыз жігіт, жауапкершілікті сезеді екен деп.

Енді арызды жалпы жиналыста қарап, бекіту шарт. Ол шақта институттағы коммунистер саны екі жүзден асатын. Жиналыс жүріп жатыр. Кезек маған келді. Партком хатшысы дауысқа салды. Осы тұста Мәлік Ғабдуллин президиумдағы дағдылы орнынан атып түрегеліп:

— Ей, бұл қалай? — деді ширығып. — Сынақ мерзімі неге ұзарады?

— Өз өтініші ғой, — деді партком хатшысы.

— Сөз-ақ... — институт директоры бастырмалата жөнелді. — Ау, ол бұрынғы студентіміз емес пе?! Оқу озаты! Оны бәріміз жақсы білеміз. Өзіміздің қазақ! Қазақ мектебін бітірген. Белсенді, қоғамшыл!

— Солайы солай ғой, — деді хатшы. — Бірақ арызын бюрода қарап, бекітіп жібергенбіз.

— Бекісе қайтеміз?! — деп санқ етті Мәкең. Шамалауымша, ол менің бұған дейін табаннан тозғанымды білмесе керек. Не керісінше, өте жақсы біледі. — Мен оны лайықты коммунист деп санаймын, — деп сөзін жалғастырды директор. — Әрі ол коммунистің баласы. Сондықтан осы бүгін қабылдауымыз керек! Кейін қалдырып керегі жоқ. Жеке өз басым қабылдансын деп ұсыныс жасаймын. — Мәкең қолын көтерді. — Дауысқа қоямын. Кім қолдайды, кім қарсы?

Тек партком хатшысы ғана:

— Бірақ... — деп кібіртіктелді. — Мінездемелері жоқ...

— Ол түк емес! — деді Мәкең. — Керейге кез келген коммунист мінездеме береді. Оған күмән болмасын!

Ең соңында иығын қиқаң еткізген партком хатшысы да қолын көтерді.

— Е, бәсе! Міне... — деп көңілденді Мәкең.

Партияға осылай өттім.

Ертеңіне ондаған қадірлі педагогтар мінездеме берейік деп еді, мен өзімше қыр көрсетіп, ең елеусіз деген спорт кафедрасының меңгерушісі, таныс аспирант, тағы бір коммунист студенттен алдым.

Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин маған бұл жолы да осылайша көмек қолын созған-ды.

... Мезгілсіз қайтыс боларынан сәл бұрын Мәкеңмен “Алматы” қонақүйінің жанында ұшырастым. Калинин көшесімен ойға шомып келе жатыр екен. Көңілі күпті тәрізді. Денесі ауырлап, аяғын әрең алады. Қарсы келе жатқан мені байқар емес. Қатарласа бере қаттырақ дауыстап амандастым. Бетіме жөндеп қарамаған ол селқостау “сәлеметсіз...” деді де, өте берді. Көңілін бөлуге батпадым. Әйтсе де, бес-алты қадам жүріп барып Мәкең артқа бұрылды да:

– Әй, Керей! – деді әлдене есіне түскендей. – Сенбісің ей? Қалайсың? Қайдасың?

Мені тындай тұрып, әлдеқайда бұрылып қараумен болды. Көзілдіріктің қалың шынысы астындағы көздері жалт-жұлт етеді.

– Анау қара баланы көрдің бе? – деп, иегімен қонақүй жақты нұсқады. Кіре берісте шынардай тіп-тік, аямай боянып-сыланған сары шашты әйел түр. Жанында қолынан қатып ұстаған дүрдік ерін, бұйра шаш, бойы сырықтай, мүсінді, он жастар шамасындағы негр балақай.

– Қарашы! Ай, тастап кеткен ғой қасқалар!

Шынында да анау балақай негрдің құйып қойған көшірмесі. Шыбықтай жіңішке, сымбатты, келбетті. Кескін-кейпінен жалғыздық лебі еседі, үлкен ала көздерінен қайғы-мұң білінеді.

– Жақсы, Балгер. Аман бол!

Жылы қоштасып, әрқайсымыз өз жөнімізге кеттік. Ұзамай газеттерден әдебиеттанушы, фольклорист-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің алпысқа жетпей дүниеден озғаны туралы қаралы хабар оқыдым. Тағдырымда аса қымбат, ұмытылмастай із қалдырған осынау текті тұлға әрдайым жадымда.

*Аударған З. Асабаев,  
2002 ж.*

## ТАХАҢ КЕЛЕ ЖАТЫР...

Мен тұратын махалланың өзіндік “Гайд-парки” бар. Ол Шоқан ескерткішінің маңы. Елге танымал жазушы, ғалымдар, ығай мен сығай кешкілік серуенге шығады. Арамызда сталинистер де, коммунистер де, интернационалистер де, оңшыл консерватор мен солшыл радикалдар да, ештеңеге зауқы жоқ либералдар да, тіпті заман ағымынан бейхабар тоғышарлар да кездеседі. Кейде кәдуілгідей қызарақтап, айтысып та қаламыз. (“Гайд-парктың” бір кездегі белді мүшелері: Мырзабек Дүйсенов, Әнуар Әлімжанов, Бердібек Сокпақбаев, Әди Шәріпов, Балғабек Қыдырбекұлы, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов т.б. — бүгінде арамызда жоқ). “Президентіміз” Тахаң. Ол көбінесе Төлебаев көшесі жағынан асықпай, аяғын нық басып, арыстандай гүрілдеп, гүжілдеп келе жатады. Аппақ қою сақалы (“Менің сақалымның қасында анау Маркстың сақалы сақал болып па?!” — дейтін ол.) күнге шағылысады. Басын шалқақ ұстайды. Көзінде күлкі. Қолды онды-солды сермейді.

— Әне, Тахаң келе жатыр! — деп біразымыз сәлем беру үшін алдынан шығамыз.

— Ойбай, анау келе жатыр... — деп енді бір топ жан сауғалағандай жолдан кілт бұрылып тайып тұрады.

— Әне, Гера, көрдің бе?! — деп масаттана дауыстайды алыстан Тахаң. — Көрдің ғой сталинистерді! Мені көрсе, бетті басып, қатты сасып жалма-жан тұра қашады. Әй, миы қатып, сарғайып кеткен өңшең бишаралар!.. Ескі заманды көксейді еше!..

Тахаң келді! О, енді аңгіме қыза түседі. Неше түрлі хикаялар айтылады. Ду-ду... Гу-гу...

\* \* \*

Тахаңның өзіндік юморы, “бөспөбайлығы” болатын. Онысы және өзіне жарасатын. “1921 жылы Александр Алехинмен шахмат ойнап, оны жеңе жаздағанымда, сол атышулы чемпионның: “Ойпырмай, Таха, өзің де бір ит екенсің!” — дегені бар”, — деп бөсетін.

“Әй, сен мені Нұрпейісов деп отырсың ғой! Олай емес, бала!

— деді ол бірде “Боранның” тарауларын орысшалап жүрген маған.  
— Менің тілім Нүрпейісовтың тілін он орайды!”

\* \* \*

Тахауи Ахтанов деген жазушыны елуінші жылдардың басында қазақ мектебінде оқып жүріп естігенім бар-ды. Бір қызығы — Тахауи мен Әбдіжәмил деген екі есім менің санама қосарланып ұялағанды. Есіл өніріндегі қазақ ауылына екеуінің есімі “Курляндия” мен “Қаһарлы күндер” арқылы жеткен. Қазақ әдебиетінен азын-аулақ хабары бар маған олар әжептәуір әсер қалдырды.

\* \* \*

Ал алғашқы кездесуіміздің жөні былай.

1963 жылдың қоңыр күзінде бір шаруамен (“Қан мен тердің” жолма-жол аудармасымен шұғылдана бастаған кезім) Әбенің (Әбдіжәмилдің) үйіне келсем, қалың бұйра шашты, кеуделі, тығыз денелі, шымыр, бір қарағаннан-ақ адамды баурап алатын қалтқысыз ашық көңілді, жылы шырайлы бейтаныс қазақ көсіліп сөйлеп отыр екен. Сөзі ірі, өткір. Шылымын бұрқыратып, көк ала түтінге қақалып, гүжілдейді-ау келіп. “Тахаң гой”, — деді Әбе біздерді таныстырып.

Екеуінің алдында бір түрлі абыржып, именіп, қысылып қалдым. Аузыма дені дұрыс сөз де түспеді. Бірақ, сөз беретін Тахаң да көрінбейді. Аққұйрық сигаретін әлсін-әлі сораптап қойып, қарқылдап күледі.

Бір кезде екеуі шахматқа отырды. Ойындары қызық. Сарт-сұрт. Ноздрев пен Чичиковтың дойбы ойнағанындай. Шахмат теориясында кездеспейтін дебют. Жаңылысса, жүрістерін дереу қайтып алады. Оқта-текте бір-бірінің қолына жармасады. Тіпті қыза-қыза келе екі жүрістен қатар жасайды. Салдыр-гүлдір. Шахмат емес, дода ма дерсің. Бір уақытта қалай болғанын білмеймін, Әбе Тахаңның ферзисін қағып түсірді. Тахан: “Қайтып бер!” — деп гүр ете түссін, ферзісіне жабыссын кеп. “Е, неге қайтып берем?!” — деп Әбе де көнбей, қасарысып отырып алды. Тахаң жалма-жан оның қолына жармасты. Біраз шуылдасқаннан

кейін аңдаусызда опат болған ферзі қайтадан тіріліп, тақта бетінде ойқастай жөнелді. “Шах! Шах!!” – деп қояды Тахаң өршеленіп. “Ни қойя... ондай шахтан кісі өлмейді”, – деп Әбе ыңылдап қояды. Бірақ, байқаймын, жағдайы мәз емес, “маттың” ауылы да жақындап қалған тәрізді. Әттең – о, тоба! – Тахаң мат берейін десе, қарсыласының королі жоқ. “Әй, королің қайда?!” – деді Тахаң қаһарға мініп, көзі шатынап. “Қайдам...” – дейді Әбе мінгірлеп, қалтасына қолын сұға түсіп. “Ау, сонда матты кімге беремін?!” “Өз короліңе бер...” Екі жазушы ауылдың тентек балаларындай шек-сілесі қатып, мәз болды. Мұндай ойынды менің де өмірімде бірінші көруім. Қан майданда от кешкен әскери офицер, майталман жазушы, ресми саясатқа әрдайым қыңырлау қарайтын, қайшылау келетін ойшыл сыншы, ақ көңіл, ақ пейіл, ақ жүрек, аңқылдаған бала мінезді, сұлу пішінді осы бір еркек маған салғаннан ұнады.

\* \* \*

Тахаң елуге келгенде мен Каблукова жақта телефоны жоқ шағын үйде тұратынмын. Жер шалғай, көлік жоқ; аяғымның сырқаты асқынып, үйкүшік болып жатқан көңілсіз кезім. Бір күні ойда жоқта Тахаң жетіп келді. Қолында дорбасы бар. “Әй, Гера... көрінбей кеттің ғой... Міне, тойымның сарқыты”, – деп дорбасынан бір коньяк, бір шампан, бір қорапша кэмпит, бір піскен шұжық шығарды. Шала байып, қуанып қалдым. Жас жағынан арамыз онша қашық болмағанмен (небәрі он бір жас), біздер екі буынның өкіліміз ғой деген пікір айттым. “Олай емес, – деп жымиды Тахаң. – Жылдар өте біз енді жақындаса түсеміз де, бара-бара құрдас болып кетуіміз де мүмкін”.

Жнырма жылдан соң Тахаң жетпіске келгенде сол бір сөзін есіне салып едім, ол мәз болып күлді. “Әй, мен де көреген екенмін! Сен ғой таяуда алпысқа келесің... Сүйтіп бір күні мені де қуып жетесің-ау.

\* \* \*

Тахаңмен отыз жыл аралас-құралас жүріппін. Осы мерзім ішінде менің Тахаңның таланты мен табиғаты жайындағы түсінігім кеңейіп, тереңдей түскенмен, оның адамгершілігі, парасаттылығы,



өрлігі, азаматтық мінез-құлқы сол баяғы тұңғыш кездескеніміздей жарқын да әсерлі қалпында қалды.

\* \* \*

Қайтыс боларынан бірнеше ай бұрын 9 мамырда Тахаң мені телефон арқылы Жеңіс күнімен құттықтады. “Әй, Гера... гутен таг... әлде гутен морген бе? Ес лебе... зиг хайль... менің немісшем осы ғана. Мен сенен кешірім сұрайын деп отырмын... Ойлап қарасам, мен сені бекер-ақ жеңген екенмін. Қайран ақымақ басым, сол кезде оны түсінбедім ғой. Сені жеңіп нем бар еді?! Сен енді мені кешір. Бекер болған екен...”

Осыны айтып, ол сақ-сақ күлді. Мен де күлдім. Мұндай астарлы әзіл тек Тахаң мен Асқардан (Сүлейменов) шығатын.

\* \* \*

Мен баяғыша Шоқан ескерткішінің маңындағы “Гайд-паркта” қыдырыстаймын. Тобымыз сиреп, көңіліміз құлазып, пәсейіп қалған. Жан-жағымызға елеңдеп қараймыз. Жамбыл мен Шоқанның қиылысынан Тахаңның таныс сұлбасы көрінгендей болады. Біреулердің көңілді дауысы құлаққа жеткендей:

— Әне, Тахаң келе жатыр...

*1997 ж.*

## КӘРІЛІК

(эскиз)

Қарттықтың оңай емесін, кей-кейде тіпті, жас кездегі шәләй-бәләйлер үшін зауал екенін мен стилист-жазушы Ғабит Махмұдұлы Мүсіреповтің өмірінен көріп, көзім жеткендей болды. Ғабенді ондаған жылдар бойы жақсы білдім. Көзін көріп, аралас-құралас болдым, сөзін тындап, әңгіме-дүкен құрдым, бәзбір дүниелерін аудардым да. Шығармаларын мектепте жүргенде оқығанмын.

Не дері бар, жүзі жарқын, бетті адам-тын. Өзіне тән мінезі болатын. Тазалық, тектілікті қалайтын. Өзін көрсете білетін. Арагидік актерлігі де байқалып қалатын. Жас кезінде әжептәуір сері болған деседі. Жинақы, байсалды, паң, ине-жіптен жаңа шыққандай таза киініп, шетелдік қымбат шылым шегетін, әр сөзін таразылап, маңғаздана сөйлейтін. Ойы өткір, мысқылшыл, оқығаны да, тоқығаны да көп. Дегдар, сымбатты, сәнқой – міне, жұртшылық оны осылай біліп, осылай қабылдады, қазір де айтылып жүретіндей, оның өмір салты дәл солай болған. Онымен салыстырғанда Сәбит Мұқанов ауылдың қарапайым қазағы сияқты. Ал Ғабит Мүсірепов өз бағасын жақсы білген.

Бұлардың бәрін кең көсіліп, рет-ретімен нақты факті, байқау-бақылаулар, күнделік жазбалар мен есте қалғандар бойынша баян етуіме болушы еді, әрине. Көптеген азамат қостап, қуаттар да еді. Амал нешік, жылдар зырлап өтуде. Ғабенді оқитындар азаюда, дәурені өтті, үшқыр ағысы көп-көп нәрсені басқа тұрмақ, замандастарының жадынан да өшіріп жатыр. Иә, уақыт өткен сайын замандастарының қатары да сиреуде. Аяулы жандардың үлкен тобы бақиға аттанып жатқанына куәлердің бірімін.

Халықтың еркесі, серкесі болған суреткер өмірі мезгіл жеткенде күңгірт те аянышты, дәрменсіз қарттыққа ұласты. Осыған орай, ғаламат сөз зергері ғұмырының саркылуга жақындаған тұстағы мұнды кезеңінен бір эпизодты баян етуге бекіндім.

Жасы 80-ге толар қарсаңда Ғабит Мүсірепов мені өзіне шақырды. Одан бұрын өмірден ерте өткен дарынды сыншы Сағат Әшімбаев телефон шалып, классик-ақсақалдың өтінішін айтқанды: осыдан сәл бұрын “Қазақ әдебиетінде” жарияланған “Жол-

жәнекей” атты очеркін орысша аударса деген. Ол орындалған. Енді автордың өзіне көрсету керек.

Айтылған сағатта Ғабеннің пәтеріне келдім. Кең үйде бір өзі екен. Бұл жолғы көріп тұрғаным мүлде басқа Мүсірепов. Әбден шөккен, екпіні басылып, үнжырғасы түскен, жөнді көрмейтін, жөнді естімейтін, шалбары мен кеудешесі ұйма-жүйма, аяқта көне шәркей, құты қашқан қарт адам. Көз алдымда күні кешегі сергек те қунақ, ойнақы, миллиардты қырғиша соғатын зипа жазушы тұрды.

Мені “Бэлгэр” деп қарсы алды да, қалбаң қағып, орысша-қазақшаны араластыра сөйлеп, кабинетіне бастады. Жазу столының қарама-қарсысындағы тозығы жеткен, ескі креслоға отырғызды. Пәтер ішінде қалыпты өмір білінбейді, бәрі ескі, көнерген мебель, жартылай бос кітап сөресі, (баспасөзде жазушы жеке кітапханасынан жерлестеріне мындаған томды сыйға берді деген хабар болған), жазу столдың шет жағында ұзақ жылдар бойы табыс етіліп, өңі қашқан құттықтау папка, қолжазбалар, басқа да уақ-түйектер: қарындаш, резеңке, үлкейткіш шыны, қалың әйнекті көзілдірік, қаламсап т.б. Бұрышта қолға ұстайтын неше алуан әшекейлі таяқтар.

Ол жылдарда мен деген қазақ әдебиетшілерінің көбінің үйінде болғанмын. Олардың мұнтаздай таза, жинақы бөлмелерінде асүй жақтан неше қилы дәмді тағамдар ісі келіп, мұрын жаратын. У-ду, әңгіме-дүкен. Ұлап-шулаған балалар, немере-шөберелер. Аяғынан тік тұра қызмет ететін апа, жеңгелер...

Ал мұнда олардың бірі жоқ. Өлі тыныштық. Жалғыздық. Кәрілік. Терезе түбіндегі көлденең қойылған жазу столы көнеріп, тозған. Үйреншікті орнында жарбыып Ғабен отыр. Шалды аяйсың, ішін қан жылайды.

— Баста, Бэлгэр, — деді қария. — Құлағым сенде. Тек сәл дауысыңды көтеріңкіреп, асықпай оқы.

Өзі шашы сиреген үлкен басын шалқайта, әлсіз денесін түзу ұстауға тырысып, креслода жоғары қарап отыр.

Мен аудармамды оқуға кірістім. Ол қостаған сыңаймен: “Иә... ә...ә...”, — деп қойып, зейін қоя тындайды. Кейде кідіртіп: “Асықпа”, — дейді. “Әрі қарай”, “Жайырақ”, — дейді. Ойланыңқырайды да: “Мына жерін ұштау түсу керек”, “Мына тұсты басқаша келтірген дұрыс”, — деп ескерту жасайды.

Ұмытпасам, машинкаға басылған очерктің көлемі 15-18 бет секілді еді. Жарты сағатта тең жарымын бітірдік.

Кенет есіктің қоңырауы шырылдады. Ғабит Махмұдұлы естімейді. Қоңырау құлақты жара үсті-үстіне шырылдайды. Бәрібір естімейді.

— Ғабе, — дедім қазақшалап. — Біреу есік қағып тұр.

— Ә, солай ма? — деп селт етті.

Креслодан тұрды да, аяғына жылы шәркейін әрең іліп, тенселе басып, коридорға қарай қозғалды. Мен демімді әрең алып отырмын. Үй жағдайындағы бейресми Мүсіреповке көндіге алар түрім жоқ. Менің ұғымымда қалыптасқан бейне мүлдем басқа. Мен оның егде тартса да өңін бермей, өзінен әлдеқайда кіші, жап-жас актриса Р.Мұхамедияроваға үйленіп, серілік құрған сәттерін көргенмін. Екеуі Қазақстан Жазушылар одағының холында қолтықтасып, Ғабеңнің паңдана басып жүретін тұрпаты басқа еді. Ондайда кабинеттерінен атып-атып шығатын әдеби кеңесші ақын-жазушы жігіттер: “Лейла мен Мәжнүн”, “Ромео мен Джульетта” деп бір-біріне көздерін қысатын. Содан бері санаулы-ақ жыл өтті, Мәжнүн қартайды, қаусады. Ай, заман-ай!

Шынымды айтсам, кәрілік жеңіп, басына жалғыздық түскен Мүсіреповті бұған дейін жазушылардың Алматыдағы шығармашылық үйінде әлденеше рет кездестіргенім бар-тын. Тұғырдан тайып, қайраты қайтқанын пайдаланып қалғысы келетін әдебиет төңірегіндегі кей пысықайлардың шалды майлы ішектей айналдырып, күмәнді дүниелеріне жағымды алғы сөз жаздырып алуға жан салып жүретіндеріне жыным келетін. “Күлсең, кәріге күлді” малданып, кәрі арыстанды кәдімгідей басынып, келемеждеуді қызық көргендер де болмай қалған жоқ.

— Мен базарға бара жатырмын, — Әкірендеген әйелдің өктем даусы естілді. — Ет ала келейін. Қанша керек?

— Рахмет. Қазір, қазір... — деп ашықтан-ашық әйелдің ыңғайына көнген Мүсірепов сүрініп-қабынып кабинетіне келді. Столдың жәшігіне қолын жүгіртіп, қағаз ақшаларды алып шықты да, тырп-тырп, былқ-сылқ басып, сыртқы есік жаққа қайта кетті.

— Осы-ақ па? — деп тепсінген қақсал әйелдің зәрлі даусы шықты. — Неге жетеді бұл?

— Солай ма?.. Қанша керек? — деп кішірейе тіл қатты Мүсірепов.

— Тым болмаса, тағы осынша!

Шаптыққан әйел терісіне сыймай тұр.

— Қазір, қазір...

Кожайын кабинетке тағы келді, жәшікке кол сұқты, әлгіндей қағаздың екеуін шығарып, әйелге апарып берді-ау, әйтеуір. Сыртқы есік жабылды. Демін әрең алып, ырс-ырс еткен үй иесі әжептәуір қысылған күйде креслоға кеп жайғасты. Көзілдіріктің қалың әйнектерінен ілтипатпен қарады да:

— Білесіз бе, Бэлгэр... — деді жайлап. — Қазір жалғызбын. Әйел ауруханада. Сөйтіп, солай...

Мен әрі қарай оқи бастадым. Кейбір сөйлемдерді екі-үш рет қайталаймын. Соңына да жеттік. Жалпы, автордың аудармаға риза екенін сезіп отырмын.

— Жаман емес, Бэлгэр — деп Ғабең жайлап, ыңырана тіл қатады. — Ендігі менің сізден өтінерім, материалды Мацкевичке апарып беріңіз. Мерейтойыма “Известия” сұрап жатыр.

— Ғабе, бәлкім, өзіңіз берерсіз? Менімен кім санасады? Телефон соқсаңыз, келіп алып кетеді.

— Жо...оқ!.. Сіз аудармашысыз. Телефонмен алдын-ала келісілген. Және мұны бүгін беру керек.

Мен түрдым да, “Известияның” Қазақстандағы меншікті тілшісі Эдуард Мацкевичке тарттым. Ол оқымай жатып:

— Очерк пе? — деп сұрады. — Не жөнінде? Көлемі көптеу екен. Қысқарту керек!

— Қысқарту? Қазақ әдебиетінің классигін бе? — деп шыр-пыр болдым.

Әбдіжәмил Нүрпейісовпен ұзақ жыл жұмыс істегенде, көзім жеткен бір нәрсе — жазғандарын қызғыштай қорғап, ешкімге бір сөзіне тиюге рұқсат етпейтін. Редакторлық күзеу-жөндеуге көнбейтін, тіпті жалғыз сөйлем үшін мәскеулік алпауыттардың өздерімен жан алысып, жан берісуден тайынбайтын. Ал мына жердегі әңгіме қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі хақында! Мұндайды өз басым түсіне алмаймын.

— Қысқарту керек?! — деп өзеуреді Эдуард. — Алты бетке дейін!

— Қалайша? — деп ашу шақырамын мен. — Біртұтас очерк. Қысқартқан соң не қалады?!

— Газет бүкілодақтық басылым. Шалға алты бет жарайды. Рахмет айтсын!

Қысқартуға қолым барған жоқ, әрине. Мүсірепов материалының үштен екісін қысқарту! Ешқашан! Қорлық қой бұл?! Эдуард қалада тәрбиеленген, мен ауылда қазақша оқып,

жасы үлкендерді сыйлап өстім. Көзі тірі классиктердің жөні бөлек. Ашуымды баса алмаған күйі қайтадан Ғабит Махмұдұлының үйіне бардым. Ол мені кабинетіне ертіп кіріп, асып-сасып сөйлеген сөздерімді зейінмен тындады. Енді ол ашуланар деп ойладым. Оның орнында Нүрпейісов болар ма еді, ол мұндайда қағаздарды жыртып-жыртып, лақтырып тастар еді, Чаковскийді де, Баруздинді де аямасы анық. Дәп қазір классик те сөйтеді, дереу Мәскеуге телефон шалып, ондағы басшысымақтарды тәубесіне келтіреді, олар ақсақалдан кешірім сұрап, очеркті қысқартпай басуға уәде береді және сөйтсе әбден жөн болмақ деп ойлаймын. Басындырмау керек! Өзі классик, академик, депутат.

Кенет бұл бассыздыққа бас иген, көнген, жасып-жабырқаған үн естіледі.

— Бэлгэр, бұлардың айтқанына көну керек қой деймін. Келісу керек шығар. Газеттің бүкілодақтық басылым екені шын, кең тарайды. Алты бет деген де жаман емес.

— Ғабе, Сіздің еңбегіңізді қысқарта алмаймын. Онда өзіңіз жасаңыз.

Үнсіздік. Қожайын ұзақ ойланды, әлденені таразылап, сарапқа салатын сынайлы. Бір кезде барып:

— Жо-жоқ, Бэлгэр. Сіз бұларды жақсы жасайсыз. Ертең әйелім ауруханадан шығады, халі ауыр. Мен оның бабын табуға тиіспін. Шайын беремін дегендей. Менде уақыт жоқ, — десін.

Мелшііп тұрмын. Мұндайды кім күткен.

— Иә, иә... Өзіңіз жасаңыз. Сөйтiңiз де Мацкевичке апарып берiңiз.

Классиктің төменшіктеп, бейшаралық жасаған пенделігінен көңілім қалған мен пақыр тағы да Мацкевичке барайын:

— Ғабит Махмұдұлы қысқартуға қарсы емес. Сөйт деп маған жүктеді. Бірақ ол менің қолымнан келмейді. Өздеріңіз қысқарта беріңіздер.

— А, солай ма?! — деді Мацкевич айы оңынан тугандай. — Өте дұрыс. Қам жеменіз. Бәрі дұрыс болады. Мүсіреповты сыйламайтын кім бар? Жазғаны шығады. Хабарласып тұрсын, сәлем айтыңыз. Мен де оған телефон соғармын. Сізге де! Ренжімеңіз, дос!

Көп ұзамай Ғабит Махмұдұлының очеркке де, мерейтойға да мойын бұруға шамасы болған жоқ.

Очерк осы күнге шекті үйімдегі шкафта жатыр.

Екі жылдан соң жазушының өзі де бақиға аттанды.

Көп жылдар өткеннен кейін, осынау үлкен жазушы, ірі тұлға Ғабит Мүсірепов жайлы ойлай қалсам, онымен әр кезеңде диалдасып, әңгіме-дүкен құрғаным, сырласып, ашық сөйлескен сәттерім еске түседі. Басына бақыт құсы қонып, абыройы көкке орлеген, шексіз ілтипатқа бөленіп, тасы өрге домалаған, еш нәрседен кенде емес, төрт құбыласы тең адам жадымда. Олар да, жазушының кісілік келбеті, өмірінің кейбір өзім білетін басқадай қырлары да күнделіктерімде көрініс тапқан.

Өмір – баянсыз, өткінші. Фәни жалғанның қызығымен бірге, шыжығы да аз болмайтынын қазақ та білген, айтқан: “Аяғы дүниенің ырың-жырың”, – деп. Қызық дәурен, өшпестей көрінетін шадыман шақ түптің-түбі жым-жылас, құрдым. Жастық шақ – сағым. Бұйырғаны – қарттық, кәрілік, жалғыздық. Олар да сарқылады, суалады. Артында өшпес із қалса, ганибет сол. Міне, бұл жағынан Ғабең шексіз бақытты, жұлдызы мәңгі сөнбейтін аяулы тұлға.

Қайтыс боларынан сәл бұрын қазақ тілінде үш томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Бірін Әбдіжәміл Нүрпейісовке ұсына тұрып, ұзақ гүмырында жазған дүниелерінің мәйегі осы дегені – тектілік, әрине. Қалғандары да сорлы емес қой. Бірақ өзі солай деген соң, не шара!..

Кей-кейде ойлаймын: ХХІ ғасырда Мүсіреповтен не қалар екен деп. Меніңше, бірнеше шұрайлы әңгімелері мен екі пьесасы қалатын шығар. Онан соң, әрине замандастарының ізгі ниет-тілек, естелігі, шексіз сүйіспеншілігі.

Суреткер үшін бұл аз емес.

*Аударған З. Асабаев,  
2002 ж.*

## ЖҮРЕГІ УАҚЫТПЕН ҚАТАР СОҚҚАН

(Күнделік дәптердің беттерінен)

### Қыркүйектің 3-і, 1963 жыл.

Әбдіжәмілге бардым. Ахтанов отыр екен. Таныстық. Ақылды еркек екені көрініп тұр. Шуы көп екені де рас, көп сөйлейді. Түстік іштік. Олар тауга кетті, мен үйге қайттым. Әбең менің 2-ші кітапты тезірек қолға алғанымды қалайды. Мен оған “ақырын, ақырын” деймін. Ол “әбден тиянақты” болсын дейді. Менің жағдайымның бәрі бұлыңғырлау. Аспирантураның мерзімі бітуге таялып келеді.

\* \* \*

### Қаңтардың 15-і, 1964 жыл.

Мені Әбдіжәміл іздеп тауып алды. “Сені Мұстафин шақырып жатыр”. Ал мен болсам, тұра жөнелдім. Көңілім қатты қобалжыды. Сегізінші класта “Миллионер” романы туралы ауқымды баяндама жасағаным есіме түсті. Сол сәтте кейін қазақ әдебиетінің тірі классигі мені әңгімелесуге шақырады деп ойлаппын ба? Сірә?!

Екеуден екеу әңгімелесіп отырмыз. Жұмсақ, байыпты, ақсақалдардың кәдімгі, ғибратты әңгімесі. Қайда тудың? Қайда өстің? Әкең бар ма? Қайда істейді? Қайда оқыдың? Нешедесің? Әйелің бар ма? Қайда істейді? Балаларың бар ма т.с.с.

Біраз сөздің басын шалған соң, сары шал: “Мен саған ағалық ақыл-кеңес айтпақпын”, — деп, қазіргі аударманың нашарлығын, маман аудармашылардың жоқтығын, бұл жұмыспен мүкіят шұғылдану керектігін, т.с.с. әңгімелей бастады. “Тілшілер бізде бар. Әзер болса, көп кандидаттың бірі боларсын. Ал аудармашы болсаң — саған конкурент жоқ. Жалғызсың. — Шал өзіне-өзі риза болғандай кеңілдеп күлді. — Саған да жақсы, бізге де жақсы болады. Жас кезінде адам әр нәрсенің соңына түседі. Сен соның бәрін қойып, аудармаға жақсылап кіріс. Бұдан артық, бұдан қымбат мамандық жоқ. Кім көрінгеннің подстрочниктері біздің әдебиетті мазақ қылып бітті”.

Осы тақырыпта сары шал жиырма бес минуттай сөйледі де: “Айтайын дегенім осы еді. Сені сырттай біраз уақыттан бері білем.



Әбдіжәмил ылғый айтып жүреді. Жұмысқа келгеніңді де білемін. Бірақ ауызба-ауыз сөйлесуге уақыт болмай жүреді. Бүгін ақыры сөйлестік. Жақсы, сау бол, қарағым!” — деп сөзін аяқтады. Мен рахмет айтып, қоштасып шығып кеттім.

Бұл ол кісінің көп әңгімелесуінің бірі шығар, ал менің көңілім көтеріліп қалды.

\* \* \*

### **Сәуірдің 27-сі, 1966 жыл.**

Үш апта болды — аласапыран бір шақ. Сұмдық көп жүруге тура келді, тіпті, аяғым бастырмай қойды. Жұбановқа бес рет бардым. Хамзаға үш рет бардым. Әбеңнің үйінде бірнеше рет болдым. “Ымырт” туралы жақсы пікірлер дүрілдей бастады. Әбдіжәмилдің көңіл-күйі көтеріңкі. Еланчик Хамзекеннің романын редакциялап шықты, суретші безендіру жұмыстарын бітіріпті. Кеше редсовет болуға тиіс еді. Содан соң кітап өндіріске кетеді.

Новиков Жұбановтың кітабын редакциялап жатыр. Менің білуімше 100 беттейін бітірген болу керек. Әзірше бәрі ойдағыдай. Ешқандай кикілжің жоқ. ҒА-дағы машинистка бар күшін сала басып жатыр.

Жазушылардың съезіне дейін одаққа тағы бір топ жаңа мүшелер қабылданбақ. Мен туралы пікірлерін (өте жылы) Шеголихин, Н.Габдуллин, Хамзакең жазып берген. Құжаттарымның бәрі дұрыс сияқты. Қабылдау комиссиясынан өтіп те қойдым. Енді бәрі де төралка мәжілісінде шешіледі. Әдiмен Хамза да, Әбең де сөйлесіп көрген. Оның өзі де мені біледі. Шынымды айтсам, жүрексініп жүрмін, құжаттарымды әзірше бергім де келмеп еді. “Бір жылдан кейін беремін” деп ойлағанмын. Бірақ Әбең үгіттеп болмады, өзім де көне салдым. Енді мені кері итеріп тастаса, өкінішті-ақ болар еді. Жарайды, көрерміз.

\* \* \*

### **Желтоқсанның 10-ы, 1966 жыл.**

Кешке Асқар келген. “Бетекең” — Бетховеннің 9-ші симфониясын бес қайтара тындаған шығармыз. Асқар өзінің

әңгімесін оқып берді. Жақсы, мүмкін аздап ауырлау, қайғылылау, шамшылдау ма екен. Ананы-мынаны әңгіме еттік, он екіге қарай ол Әбдіжәмілге арналған тағы бір “жамауды” апарып бермек болып алды да, үйіне қайтты.

\* \* \*

#### **Қаңтардың 9-ы, 1967 жыл.**

Кешке қарай Әбдіжәміл мен Әбіш соғып кетті. Хамза мен Тахауи республикалық Мем. сыйлықтың лауреаттары болыпты.

Дудинцев “Көп жыл өткен сонды” аударуға келісіпті.

\* \* \*

#### **Қаңтардың 27-сы, 1968 жыл.**

Жазушылар одағы төралқасының мәжілісі баяғыда болып өткен. Мені, әрине, одаққа қабылдамай тастады. Қарсы сөйлегендер: Қаратаев, Моргун, Молдағалиев, Шәріпов. Мүсірепов пен Нүрпейісов мақтапты. Ол екеуін Ахтанов, Ғабдуллин, Тәжібаев қолдаған. Бір сөзбен айтқанда, сұмдық. Жаман. Ештеңе етпес... Шыдармыз...

\* \* \*

#### **Мамырдың 10-ы, 1974 жыл.**

Әбдіжәміл үшін ақ қағаздың беті — шайқас алаңы, оған осы алаңның астаң-кестең болып жатқанын көру ұнайтын сияқты. Кескілескен күрестің ізі мәңгілік көрініп тұруы үшін. Ақ қағаздың беті неғұрлым айғыз-үйғыш көп сызылса, шайқастың да соншалықты қанқұйлы болғаны, содан да жеңістің дәмі тәттілеу. Бірақ маған мұндай күреске үйрену қиын болып тұр, осынау көлденең де, жоғарыдан төмен қарай да түгел шимайланған, әрбір жолы қабат-қабат ала беттер менің төбе шашымды тік тұрғызады. Мұндағы сансыз көп жұмбақ белгілерді ажыратудың өзіне әжептәуір даналық керек. Ал мен болсам, осынау қырсығы арылмаған беттерді әуелі таза қағазға тездетіп көшіріп алуға

тырысамын, тек содан кейін ғана маған әрбір сөз орнында тұрғандай, біреуін алып-қосуга енді мүлде болмайтындай көрінеді. Бірақ Әбдіжәміл сол сәтте-ақ көшірілген таза бетті алдына алып, езу тарта жымыып қойып, оны қайтадан басынан аяғына дейін ерекше бір құлшыныспен сызуға, шнмайлауға кіріседі. Оның жазғанынан түзетуі, редакциялауы, қайта көшіруі көп.

\* \* \*

### **Сәуірдің 20-сы, 1975 жыл.**

Әбдіжәміл бүгін маған былай деді: “Ойпырмай-ай, анау күні ауырғаным соншама, өліп кетем бе деп ойладым. Өлуін жұрттың бәрі өледі ғой. Бірақ адам деген бірдеме бітіріп өлгісі келеді емес пе? Не де болса, ісінді бітіріп алып өлгенге не жетсін”.

\* \* \*

### **Қарашаның 13-і, 1975 жыл.**

Әбең екеуміз әңгімелесіп келе жатқанбыз. “Проза жазу, ой, невероятно қиындап кетті”, — деді ол кенет. Әбең өзінің повесінің бас жағын қайтадан жазып шығыпты. “Осы не жетпейді деп көп ойладым. Ой бар, образ бар, тіл бар... Сөйтсем бұл құрғырда движение жоқ екен ғой. Енді соны тапқан сияқтымын.”

“Ерте қайтқан тырналар” туралы әңгімелестік. “Шыңғыс кей-кейде сентиментальщинаның құзын жағалап кетеді”, — дедім мен. “Ал бұл қажет, — деп қарсы пікір айтты Әбең, — Заман қиын, қатал, тіпті, қатігез. Сондықтан оқырманға сентиментализм керек. Үлкендерге де, жастарға да”.

Мен оған Фолкнер туралы, оның “Гон спозаранокынан” алған әсерлерім жайында әңгімеледім, содан соң Кэрол Оутсты мақтадым. Сол сәтте Әбең бірден елігіп кетті: “Осыларды тауып берші. Тезірек. Жазуға отырар алдында осыларды оқып алайын”.

Мен “Аз и Я” туралы жазылған Владимировтың мақаласын мақтадым. Әбең сол бойда Владиславқа телефон соғып, оған менің қандай пікірде екенімді, өзінің де дәл қазір газеттің сол санын сатып алуға баратынын айтты.

\* \* \*

### **Маусымның 9-ы, 1976 жыл.**

Әбең үйінің балконында екеуміз оны-мұны айтып әңгімелесіп тұрғанбыз. Кенет Әбеңнің жүзі нұрланып, даусы жарқын шықты:

— Әне, Тахаң келе жатыр!

Мен көшедегі адамдардың арасынан Ахтановты бірден ажырата алмадым.

— Оу, көзілдіріксіз қайтіп тани қалдыңыз. Мен әзер шырамыттым.

— Е, Таханды танымай не бопты маған?!

Төлебаев көшесінің бойымен асықпай, сәл теңселе басып, қалың шашты үлкен басын шалқақ ұстап Ахтанов келе жатты. Әбең алыстан оған күле қарап, екі қолын шаттана жоғары көтеріп тұр.

Біз балконда, Ахтанов — жерде, жиырма минуттай әңгімелестік.

Жеңіл, шулы, көңілге жағымды, өте достық райдағы, таза жүректен шыққан әңгіме.

— Сұлу адам, — дедім мен кетіп бара жатқан Ахтановтың соңынан сүйсіне қарап тұрып, — оның тұлғасына сырттай қарап тұрудың өзі көңілді өсіреді.

— Ой, айтпа! Көп қырт қазақтың ішінде нағыз адам ғой. Әттең Қ. күртты ғой. Әйтпесе депутат қылып, жазушылардан нағыз сөйлетіп қоятын жігіт қой...

\* \* \*

### **Қыркүйектің 23-і, 1977 жыл.**

Әбдіжәмилге телефон арқылы үзінді-үзінді түрінде, бірақ түгел дерлік Асқардың “Болмыспен бетпе-бет” деген мақаласын оқып бердім. Бұл мақаланы маған берген адамның езуінде күлкі тұрған. Сондықтан да мен оны Асқар жақсы көретін тұтасқан әшекей-өрнектер көп болар деген күмәнмен оқи бастадым. Бірақ бір рет оқып шықтым. Жартысын түсінбедім, алайда мұның мықты әрі терең дүние екенін ішім сезді, екінші рет оқып шықтым — одан сайын ұнай бастады; үшінші рет оқыған кезде Асқардың өзіне ғана

тән дауыс ырғағын сол күйі естігім келіп, тексті дауыстап оқуға аңсарым ауды. Ал таңертең Әбең телефон арқылы төртінші рет оқып бердім. Сөйттім де Әуезов туралы тек осылай ғана жазу қажеттігін толық түсіндім. Қаптаған сүренсіз мақаласы — мақтау мен жадағай зерттеулердің, Горький айтпақшы “Әрбір шыбын үлкен адамның өмірінде өз ізін қалдыруға тырмысқан” жәдігөй естеліктердің бәрін жинағанды осы мақаланың бір өзіне татыр ма екен?

Әбең тындап шықты да мақаланың өзіне де ұнағанын, Сейдахметтің күдігін сейілту үшін қазір оған телефон соғатынын айтты. Шкловский жөнінде, стиль жайында, әркімнің өз ерекшелігі болатыны туралы әңгімелеп кетті. “Асқар адамның ойлау қабілетін өнерге айналдырды. Өспейтін әдебиет разнообразнені сүймейді. Бізге миымызға сіңген ұғымдар ғана керек. Түсі өзгеріп келгенде біз қабылдамаймыз. Мұның бәрі өреміздің тарлығы”.

\* \* \*

#### **Қарашаның 18-і, 1977 жыл.**

Бір-екі күн шамасында Әбдіжәмілге кіріп шыққанмын. Ол қамыққан, қапалы көңіл-күйде екен. Повесінің жазылып біткен бөліктерін оқып шығып, кілт бұзылыпты: бұлай жазуға болмайды. Болбыр. Ауыр. Оқылмайды. Бірақ не істеу керек? Қалай жазу қажет? Повесть ойдағыдай болып шығуы үшін не қажеттігі жөнінде екеуміз ұзақ әңгімелестік. Әбең Габриэль Маркестің “Жүз жылдық жалғыздық” кітабына өте қатты үміт артып отырды. Оны Мүстай Кәрім салып жіберуге уәде етіпті, осы кітап туралы М.А.Дунин де Әбең көп нәрсе айтыпты (Қайсысының мерейтойы үстінде).

Әбеңмаған “Қан мен тердің” соңғы басылымына енгізген өзінің қыруар түзетулерін көрсетті. Ұрыс көріністерін қысқартатыны, Тәңірберген желісін тереңдетіп, кеңейтетіні, Ақбала мен Еламан образдарына бірдемелер қосатыны жайында әңгімеледі.

Мен бүгін оған тағы да бардым. Әбең ұйықтайтын бөлмесіндегі төсекте жатып алып, “Қан мен тердің” жаңа басылымының жиек-жиегіне түзетулер енгізіп жатыр екен. Өзге дүниені ұмытқан. Әбден беріліп алған. Жанында, еденде Е.Букетовтың қолжазбасы жатыр. “Ой, сіз де жалықпайды екенсіз...” — дедім мен. Ол абдырап қалды: “Осы “Қан мен терден” гениальный кітап шығаруға болар

еді. Көзім соған жетті”. “Онда “Сең” мен “Туған жерді” тастап, осыған кірісіңіз. Айтайын дегеніңіздің бәрін армансыз айтыңыз”. Ол жымып күлді. “Жок... Анау екеуін бітірмей бұған көшпеймін де, қайта да шыгартпаймын”.

Дәл осы сәтте Мұстай Кәрімнен бандероль келді. Әбең шыдамсыздана сыртқы қабын жыртып жіберіп, ішінен “Жүз жылдық жалғыздықты” суырып алды да, соңғы сөзінен бірнеше сөйлемді оқып үлгерді. Бірақ мен бастаған партиямызды бітіру қажеттігін айтып, оның назарын өзіме аудардым.

\* \* \*

#### **Желтоқсанның 29-ы, 1977 жыл.**

Кеше Әбең телефон соқты. Ауырып отырсам да жұмыс істеп жатқаным үшін маған қатты ұрысты. “Машинаға айналуға болмайды ғой. Онсыз да айналамыз толған машина...” Содан соң жаңа повесінің, баяғыдан бері толғанып жүрген дүниесінің сюжетін айта бастады. “Между нами говоря, алғашқы жазылған 80 бетті тастаймын. К чертовой матери! Қайта жазам”. Одан әрі ойындағының бәрін айтып болып: “Қалай?” – деп сұрады. Мен сол сәтте тіліме оралған сөздерді айта салдым: “Желісі түзуленген секілді. Сюжеттің етегінен мықтап ұстаған тәріздісіз”. Бірақ өзім ішімнен ойлап тұрмын: “Өзгертеді. Міндетті түрде әлі бірнеше рет өзгертеді”.

\* \* \*

#### **Желтоқсанның 6-сы, 1978 жыл.**

Екі күн болды. Әбеңнің Айтматов мерейтойында сөйлейтін сөзін дайындап отырмыз. Жұмыс баяу жылжуда. Қағаз қиындыларына қалай болса солай – кездейсоқ, мағынасы бұлдыр, грамматикалық қателерге толы, тіпті кейде ақылға қонымсыз қыруар сөйлемдер, сөз тіркестері, әлдебір ойлардың үзіктері жазылған. Әбең солардан сөйлейтін сөзін құрастырып отыр. Бір рет көшіріп жазады, екінші, үшінші рет көшіреді, нәтижесінде күрделі, жүз жерден түйінделген әлдебір қыл арқан тәрізді ұзын сөйлемдер пайда болады. Мен осы бір ақылға сыйымсыз алып

құрылымдарды, осы бір — Райкин айтқандай — “рекбустар” мен “кроксвордтарды” түсінуге тырысамын. Ненің неге қатысты екенін бұлдыр ұғынып, бастауыш пен баяндауыштарды орнына қоямын, содан соң оларға қыруар анықтауыштарды, қыстырма сөздерді, есімшелі мен көсемшелі сөйлемдерді кіріктіремін. Осылайша әрең дегенде керуен-сарай тәрізді абажадай сөйлемді құрастырып болып, оны Әбеңе дауыстап оқи бастаймын. Әбең қатенің үстіне қате жамап, оны қайта жазып шығады. Мен қайтадан түзетуге кірісемін, мұндай жұмыстың мән-мағынасыздығынан және қапаланудан менің құлағым қызарып шыға келеді.

Ал Әбең бір түрлі жың қаққандай ашушаң, күйгелек. Үй ішіндегілердің бәрі бір түрлі түсініксіз, мазасыз. Қыздары ауырып калыпты. Бәрінің киюы қашып кеткен. Әбең кенет жазып отырғанын тастай салып: “Осы тезірек өлсем екен”, — деді. Содан соң ары қарай тағы да бірнеше сөз жазып болып, ешқандай байланыссыз былай деді: “Осы крематорийді қашан жасайды? Жерге көмгенді ұнатпаймын. Жанып кеткеннің өзі дұрыс болар еді...”

Мен таңқалдым. “Е, не болды соншама?!” “Әй, осы өмірде түк қызық қалмады...”.

\* \* \*

### **Сәуірдің 6-сы, 1979 жыл.**

Әбдіжәміл, әрине, үлкен тұлға. Және барлық кесек тұлғалар сияқты қарама-қайшылығы мол. Онда әр түрлі қасиеттер тоғысқан. Мінезі де оңай емес. Оның бойынан жағымсыз деп аталатын нышандарды да, кейде бүрқ ете қалатын таза “қазақбайлық” қасиеттерді де табуға болады. Талай жыл бойы мен Әбеңмен аралас-құралас бола жүріп мұндай мінездерімен сан рет ұшырастым, сондықтан оның “көлеңке” жақтарын бір жерге жинақтап сүйкімсіз тип жасап алудың онша қиынға түспейтініне мен сенемін. Бірақ екінші қырынан қарасақ, оның бойынан қаншама (сірә, көбінесе) мейірімділік, адамгершілік, жанашырлық, ізгілік, елгезектік, белсенділік, қамқорлық, нәзіктік, сәбилік, аңғалдық таба алар едік. Айтып-айтпай не керек, өте күрделі адам, қасарысқан кезінде ол өте субъективті, әрі адам төзгісіз. Ал жайдары шағында қарапайым да аңғал. Нәзіктік те оның жанына жат емес.

Бүгін ол мені тағы да таңқалдырды. Мен осы жақында мойным жар бермей, өзімді өзім зорлай отырып “Сеңнің” соңғы сегіз бетін аударып біткенмін. Аудармам оған ұнаған жоқ. Бірге отырып жондей түсуге келіскенбіз. Кеше мен тағы бір бетті қайта көшіріп шықтым. Сеземін, бұрынғыдан тәуірлеу шыққан тәрізді. Сондықтан мен бетті машинкаға бастым да, бүгін Әбекеңнің төрелігіне ұсынғанмын. Аударғанымды оқи отырып, ортасына дейін жеткенімде оның ынталана тыңдай бастағанын анық байқадым, ал аударманы аяғына дейін оқып бергенімде, Әбең мұның өзі күткендей болып шыққанын, менің интонацияны дәл аңғарғанымды, творчестволық аударма жасағанымды айтты да, содан соң, өзі қайталап оқып, ең бір оңтайлы табылған сөздерді атап көрсетті, жайрандап, орнынан ұшып тұрып, шай қойды, “Посольский” арағын, армян коньягін, “Пшеничный” арағын тасып әкеп, Ажарды оятты. Менің табысым туралы ауыз жаппай айтып жүр, айтып жүр... Мен ойлап қоямын: әдейі істеп жүр, сірә, менің көңілімді орнықтырып, жігерлендіргісі келетін болар. Байқап қарасам, олай емес, кәдімгідей-ақ қуанып жүр. Сірә, мен шынымен-ақ қажет нәрсені дәл тапқан болуым керек. “Жарайды, олай болса... — дедім мен. — Осы бағытта жалғастыра беруге тырысамын. Бітірген соң, бірге тағы да отырамыз”. Ортақ шешім осы болды.

\* \* \*

### **Қарашаның 19-ы, 1981 жыл.**

Әбеңнің ұйқысы қашып жүр. Бұл жағдай оны қатты күйіндіреді. Қаншама уақытын босқа өткізгені де оны өкіндіріп жүр. Мен оған: “Уақыттың алдында біздің бәріміз де қылмыскерміз, тап бір алдымызда мәңгілік өмір тұрғандай алтын уақытымызды мәнсіз нәрселерге жұмсап құртамыз, — дедім. — Мәселенің мәні тұрақты түрде, күн сайын жұмыс істеуде ғой: сонда ғана көп нәрсе бітіріп үлгеруге болады”. “Сен дұрыс айтасың, — деп қамыға келісті Әбең. — Өміріміздің жартысынан көбін біз босқа өткіздік. Мені тапжылмай отыратын, еңбекқор және өзіне-өзі талап қойғыш жазушылар қатарына жатқызады емес пе? Ал мен не істеп жүрмін? Өзіңнен өзің жиренесің. Әне шахтерлер құдай сыйлаған бір күнін де құр жібермей жер астына түседі, күн мен жарықты көрмейді,



күн сайын, гүмыр бойы солай жұмыс істейді. Ал біз болсақ жылы жерде отырамыз. Мұнтаздай болып, күншуақта, ал жұмысқа алты сағат уақытымызды қимаймыз ғой. Неткен сорақылық!”

\* \* \*

**Қарашаның 24-і, 1981 жыл.**

Әбең телефон соқты. “Сын твой, земля” деп аталатын грузин фильмінің бірінші сериясынан алған әсерін айтты. Мен оның үнінен толқып тұрғанын аңғардым. “Осы көткеншек Көшен өзім ғой деймін. Ілгері кетіп жазудың орнына, кіл жазғанымды редакциялаймын. Анау Көшен, Еламан, Судыр Ахметтің ауылы жайындағы жер есінде ме? Сол жаман жазылмаған. Ал мен оны тереңдете түстім. Өй, керемет болды! Сколько у человека возможностей, а?”

\* \* \*

**Маусымның 11-і, 1982 жыл.**

Әбең маған бүгін былай деді: “Өнерде жалпы шек болмайды ғой. Өнерге шек қойып жүрген жалғыз қазақтар”.

*1994 ж.*

## ШАЛ-АҚЫН ТУРАЛЫ

Қазақ ауылында өскен неміс баласының құлағына Шал-ақынның есімі, жаңылмасам, тұңғыш рет сонау 50-ші жылдардың басында шалынған. Қаратал деген көрші ауыл төңірегінде сонау Бұхар-жырау замандарында Күлеке атты батырдың Тілеуке деген ақын ұлы болып, ол кейін қалың жұртқа Шал-ақын аталынып, бүкіл қазаққа мәшһүр болды дегенді алғаш Ғалым Малдыбаевтан естігенмін. Сол кезде Шал-ақын айтыпты-мыс деген бірең-сараң өлең жолдары да жадымда қалған. Мысалы:

*Кедейлік ер жігітке намыс емес,  
Жоқ болса, досың дағы таныс емес.*

Немесе:

*Ағайын жат болады, алыс болса,  
Жат та жақын болады таныс болса.*

Қазақ халқында Абайдан бұрын да неше түрлі дүлдүл ақындардың болғанын сол балалық кезімде де білетінмін. Және олар қандай көп десеңізші! Өлеңдері түгілі, аттарының өзі неміс баласының шақшадай басына сия бермейді екен. Жиенбет жырау, Ақтанберді, Тәттіқара дейсіз бе, әлде Бұхар-жырау, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шөже, Шернияз, Сүйінбай, Майлы-қожа дейсіз бе... әйтеуір қазақтың кеңбайтақ даласына әзер сыйып жатқан көл-көсір рухани байлық. Оның бәрін білу, бәрін игеру мүмкін емес.

Қазақтың арасында өскеннен соң қазақтың жершілдік патриотизмі жүкпай қоя ма? “Апырай, біздің жақта да тіпті екі-үш ғасыр бұрын мықтылар болған екен ғой!” – деп ішімнен масаттанып та жүретінмін.

Бірақ Шал-ақын жайында түсінігім саяз еді. Кейінірек, жылдар өте, әр түрлі жинақтардан, зерттеулерден Шал-ақын туралы мағлұматымды кеңейткен болдым.

Таяуда қағаздарымды ақтарып отырсам, мектеп дәптерінен жұлынған, сарғайып қалған бір парақ шықты. Он шумақ өлең екен. Тақырыбы: “Шал-ақынның сөзі”. Аяғында: “Ергали қарттың аузынан 1967 ж. августтың 10 күні жазылып алынған”, – деген сілтеме бар екен.

Ауылымызда Ергали деген қария болған. Өзі өлең жазатын. Сол кісіден осыдан отыз бір жыл бұрын Шал-ақынның қырық жол өлеңін жазып алған екенмін.

*Адамға талай жерді көрген артық,  
Танысып, әркімдерді көрген артық,  
Мысырға патша болып, отырсаң да,  
Болмайды туып-өскен жерден артық.*

Ергали қартәрбір шумақтан кейін теке сақалын салалап, басын шайқап қойып: “Бұл да сөз-ақ!” — деп тамсанып отыратын.

Сол бір жапырақ қағаз менде осы күнге дейін сақталып келіпті.

Осыдан, менің пайымдауымда, екі қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, Шал-ақынның ғибратты, өсиет, нақыл сөздері халық ауызында осы кезге дейін сақтаулы екен. Екіншіден, егер пәлен ғасыр бұрын өмір сүрген қазақ ақынына неміс азаматы кәдуілгідей мән беріп, сөзін қағазға түсіріп, оны отыз жылдан астам уақыт бойы сақтап жүрсе, бұл да Шал-ақынның күдірет рухы бар екеніне дәлел бола алмай ма?

Айтайын дегенім осы еді. Рахмет!

*1999 ж.*

# ШЫНАШАҚТАҰ ШӘКІР ШАЛ

*(Шәкір Әбенәв туралы эссе)*

Бұл 1989 жылғы хикая. Қойын дәптердегі жазулар да сол шақтарда, Шәкір Әбенәвтін көзі тірісінде хатқа түскен.

Иегінде шешендердікіндей шоқша сақалы бар, жан-жағына алақ-жұлақ қарайтын, жеңілтектеу, сөйлемпаз, қыршаңқы тілді, шағын денелі, шынашақтай шалыңыз — Шәкір Әбенәв. Атағы бір Семей емес, күллі Қазақстанға мәлім.

Кезінде тілінің ұзындығынан пәлеге ұрынып, абақтыда жатқан жап. Көп жыл айдауда болып, азап шеккен. Соған қарамай әлі асау, ұрыншақ. Қазір жасы тоқсанда. Алғашқы шығармалары 1916 жылы жарық көрген.

Онымен Абай аудандық партия комитетінде ұшырастық. Менімен бірден ескі танысындай сөйлесе кетті. “Сені білем. Сөзінді дұрыс көрдім. Ал қайным — прәпесір көкіп кетті”.

Ізінше былай деп қосып қойды: “Менің жолым Шәкәрімнен басқа ғой”.

Естуі жақсы. Сөздері тікенектей. “Мен дұрыс адамды ұнатпаймын. Қисық адамды жақсы көрем”. Болар-болмастың бәрін цитатпен айтады немесе өлеңдетіп баяндайды. Есте сақтауы ғаламат. Орыстар мен шетелдіктердің фамилиясын қазақ ыңғайымен атайды: Батәнин (Потанин), Көте (Гете).

Менің ақсақ екенімді байқасымен: “Өзі ақсақ екен ғой... Нешауа, Байрон да ақсақ болған”, — деді зілсіз кейіппен.

Мырс етті де: “Ақылдылардың ішінде ақын кездестірген емеспін. Ақын дегеніміз ақымақ”, — деп бір тастады.

Ылғи да орыс сөздерін қыстырып отырады екен: “логика — кисын”, “домашний шаруам бар” дегендей.

Менің “Гете мен Абай” атты еңбегімді көріп, парактап шыққанын мәлімдеді де: “Кітабында асыра мақтау жоқ па? Абайды Гетемен салыстырыпсың. Онынды чересчур көрдім”, — деді.

“ҚЖӨ” деп аталатын өлеңдер жинағын әзірледім”, — деді. “ҚЖӨ” деген не? — деймін. “Қылмысты жылдар өлеңдері”.

Үстімізге аупарткомның әлдебір қызметкері кіріп: “Иә, шал, хал қалай?” — деді сайқал жымыыспен. Оны көзге ілмеген шал да салған жерден зәрлене: “Екі енегімді терезеге қойып кетіп едім, қайтып келсем мысық жеп қойыпты. Енді екі енегім жоқ”, — деп қиқар жауап қайырды.

Аупартком қызметкері тыжырына кері бұрылып, шығып кетті.

Шәкір маған қарап: “Ойпырмай, Алматыда ақын көп-ау деймін. Осынша газет-журналды қалай толтырады?!” — деді.

Шалың қушыкеш. Сөйлесу жеңіл.

Автобуста да екеуіміз қатар отырдық, жол бойы әзіл-қалжыңға қарық қылды. Алдан бірнеше киіз үй көрінді. “Оу, түтіні шықпайды ғой! Қап, қой сойса, сорпасын ішер едім”.

Пәлсафа да соғады: “Өтірік шындыққа сыйса, ол өтірік емес. Бетімен лағып кетпесе болғаны”.

Әлдебір кемпірге көңіл білдіріп келемеждегенін айтты. Кемпір бірден кесіп, меселін қайтарыпты: “Токсанға келдім деп құтырма! Ақылы бар адамның ұзақ жасағанын көргенім жоқ”.

Жолшыбай автобуста селкілдеп отырып, шал маған өтірік-шынды талай әңгіме айтты. Патша заманында Жұмабек деген біреудің: “Патша мені асырайд”, — дегенде, өзінің: “Патшаға насрайт”, — деп жауап бергені үшін орыс әкімқарасының қырына іліккені т.б.

Киіз үйдегі дастарқан басында қарт қонақтардың өздерін қалай ұстап, қалай сөйлеп, тіпті ішіп-жегені, тентек суды кім қандай мөлшерде татқанына дейін зер салып, бақылап отырды. Ішімдікті әлепті ішіп, сыпайылық сақтай алғандарды құптап, кейбір ә дегеннен еліріп, сабадан шыққандарға түңілгендей түр аңғартты. Қонақтар ішіп-жеп жатқанда Шәкір ақсақал маған Шәкәрім аударған “Дубровскийді” түгелімен жатқа оқып берді. Соңынан құлашын тіпті кең жайып, Мағжанның “Батыр Баян” дастанынан үзінді оқуға кірісті.

Дастарқан соңына қарай 90-дағы қартыңның мейлінше желпініп, әсерленгені сондай, Абай шығарған “Татьянаның хаты” әнін әуелете шырқады. Неткен жүрек! Сезім-түйсік! Бәрін өз басынан кешкендей толғаныс. Біздің де жандүниеміз балқып, керемет күй кештік.

Келесі күні режиссер Нұрлан Ахтанов мені Шәкір Әбенев хақында сценарий жазып, әрі онымен арамызда болған сөздерді қағазға түсіріп беруге үгіттей бастады. Кеше ол Шәкір екеуіміздің достық әңгімемізді күні бойы тыңдап, ізінше сондай тоқтамға келсе керек.

Кейіннен Шәкір қарт маған қолжазбаларын жіберді. Мен егжей-тегжейлі баяндаған өз пікірімді жолдадым. Шәкір шалды соңғы рет 1991 жылы Республика Сарайында Тәуелсіздік мерекесіне орай Президентке бата берген кезінде көрдім. Не дері бар, шіркін, шынашақтай Шәкір шалың мықты еді ғой! Көп жасап, көп көрген, көкірегі сара, өзі дана, біртуар шал!..

*2002 ж.*

## ҰСТАЗ

Ұстаз, ұлагат, тағылым, тәлім-тәрбие, имандылық, іждағаттылық, білік-білім, зейін-ынта, руханият, құштарлық, “білімдіден шыққан сөз”, “ұстаздық еткен жалықпас”, мейірімділік, инабаттылық, парасаттылық, ізденгіштік, жаңашылдық, ізгілік, әдеп, әуестік — міне, осы тектес терең де көп мағыналы ұғымдардан шынайы азамат Сейтен аға Сауытбекұлының адами, қоғами, рухани кескін-келбетін құрастырып, оның әмбебап тұлғасын зерделеуге болады. Секең ақсақалды есіме алсам, ойға ең алдымен осы типтес ұғым-атаулар оралады. Секеңнің ұстаздық, әдістемелік өнерін мен өскен Есіл өңірінде аңыз қылып айтып отыратын. Мен Ленин ауылындағы (бүгінде Ыбраев атындағы ауыл) қазақ орта мектебінде оқыдым. Бүкіл Октябрь ауданындағы (қазіргі Шал ақын ауданы) бірден-бір атышулы қазақ орта мектебі. Ауданымыздың жеті жылдық мектептердің түлектері жан-жақтан ауылымызға ағылып келіп, оқу-тоқуын жалғастыратын. Қызы-ұлы аралас я интернатта тұратын, я пәтер жалдап орналасатын. Сол 8-10-шы сынып (ол кезде класс дейтін, сынып деген парсы тілінен бұрмаланып енген сөзге мен қазір де іштей қарсымын) оқушылардың ішінде Балуан жеті жылдық мектебінің түлектері өзіндік қасиеттерімен, білім-тәрбиесімен ерекшеленетін. Шетінен үздік оқиды, алғыр, пысық, әр нәрсеге қызыққш, өнер атаулыға бейім, ұйымшыл, намысқой. Бірі есеп-қисапқа жүйрік, бірі спортшы, енді бірі сурет салады, плакат безендіреді, өлең жазады, шахмат-дойбы ойнайды. Әйтеуір бірдемеге үйір, зерек, қоғамшыл. Қара жұмысқа да кет әрі емес.

“Ау, сен қайдан келдің?”

“Балуаннан”.

“Бұл өнерді саған кім үйретті?”

“Директор ағай”.

“Оның кім?”

“Сейтен Сауытбеков”.

“Қай пәннен береді?”

“Көп пәннен. Математика, физика, география, тіл-әдебиет, сурет-сызудан...”

“Апырай, универсал болды ғой”

“Ия, суретті де келістіріп салады, ән де үйретеді, шахмат ойнатады, арабша жазу-сызу біледі, өлең жазады...”

Таңқаламыз. Қызығамыз. Біздің директорымыз Шияп Садықов та осал адам емес. Бірақ, осыншама өнері жоқ-тын. Мұғалімдеріміз алдына жан салмайтын сияқты. Көбінің жоғары білімі бар, танымал мамандар. Мектебімізді мақтан тұтамыз. Ауданымыздағы орыс мектебінің балалары мемлекеттік емтиханды біздің ауылға келіп тапсырады. Соған қарағанда біздің мектептің деңгейін шамалай беріңіз: оқу жүйесі, әдістемелік шамасы әжептәуір болғаны ғой. Оны өзіміз де сеземіз. Мектебімізді бітірген шәкірттердің барлығы дерлік Москва, Алматы, Қарағанды институттарына еш қиналмастан түсіп жатады. Сүйтсе... Балуанның жетіжылдығында да мықты ұстаздар бар екен-ау...

Мен мектепті 1953 жылы тамамдадым. Ауылда қазақ балаларының арасында жүріп, өзімді басқа ұлттың өкілі екенімді, Еділ бойынан жер ауған “келімсектігімді” тіпті сезінбейтінмін, мән бермейтінмін, тегімнің, руымның басқалығы қаперіме де кірмейтін. Тек ай сайын ауылға ауданнан комендант келіп, біздерді үркітіп, жер ауып келгенімізді еске салып, үкіметтің қатал заңдарын ескертіп, қол қойдырып алатын. Әлбетте, мұндайда көңіл құлазитын, әділетсіздік жас жүректі жаншитып, “бұл неге, қалай болды” деп мұңаятынмын.

Жан азабына аттестат қолыма тигеннен кейін тап болдым. Ең алдымен алтын медальдан құр қалдым. Сонсоң санама “спецпереселен”, “спецкомендатура”, “депортация”, “репрессия” деген сөздерді ұялатты. Сонсоң паспорт бермей қойды. Сонсоң оқуға жібермеді. Жолым бөгелді. Көп нәрсеге көзім ашылды. Оқу озаты, белсенді комсомол, большевиктің ұлы болып жүріп, көп нәрсенің мәніне бара алмай жүр екенмін ғой. Сталиндік конституция мен кеңес үкіметінің заңдары көз алдау екенін түсіндім.

Дегенмен арпалысып жүріп, әкемнің коммунистігін арқаланып, облыстық комендатурадан жылап жүріп, үш тәулікке ұлықсат қағаз алып, Қарағандының политехнына түсуге талпынып едім, ештеңе шықпады. Емтиханды тапсырып болған бойда елу үш баланы сақтық ұйымның ұйғарымымен бір күнде шығарып жіберді. Тізімді қарасам — дені неміс, қалғандары чешен, ингуш, поляк, грек сықылды “сенімсіз” ұлт өкілдері екен. Не амал бар... арып-ашып, ауылға оралдым. Өзімді дүниедегі ең бақытсыз адам сезіндім. Ешкімге керегім жоқ. Ешкімге сенім де жоқ. Жасым он тоғызда. Денсаулығым кем. Қияли болып кетуімнің аз-ақ алдындамын. Ұйқы жоқ. “Қапамын, мен қапамын, қуаныш жоқ көңілде, қайғырамын,

жатамын, нені іздеймін өмірде?” — деп ертелі-кеш күбірлеймін. Қаңғып кетейін десем, паспортым жоқ. Аудан шекарасынан әрі асып кетуге тыйым салынған. 1948 жылдың қатаң үкімі бойынша коменданттың ұлықсатынсыз жолға шықсаң, спецпереселенді жиырма жылға каторгаға айдайды. “Қайда барсаң — Қорқыттың көрі”, — деген осы.

Үйде отырамын. Сарылып кітап оқимын. Ешкіммен сөйлеспеймін. Өкімет адамдарына, министрлерге, депутаттарға ұзақ-сонар арыз-хат, шағым жазамын. Комендатура айтады: “Институттан шақыру қағаз келсе, ұлықсат етеміз”. Институт айтады: “Комендатурадан ұлықсат қағаз алсаң, оқуға шақырамыз”. Тұйыққа тірелген жерім осы. Не істеу керек? Не амал бар?

Осындай бір қиын жағдайда жүргенде бір күні біздің үйге мектептің жаңа директоры Сейтен мұғалім келді. Ескі таныстай үлкен көзін төңкерсе, жылы жымыиып:

— Ия, халің қалай? — деді.

— Халім қайыр дей алман, — дедім.

— Аһа! — деді Сейтен мұғалім қабағын сәл шытып, бірақ менің көңіл-күйімді бірден аңғарып. Сонсоң бір ауық үндемей отырды. Столдағы кітаптарыма үнілді. — Чернышевский. Добролюбов. Ахшарумов... Оһо! — Маған тінтей қарады, шашы сиреген басын сипады. — Жағдайыңнан хабардармын.

— Отырмыз енді, сары уайым сапырып...

— Аһа! — деді директор. — Қашанға дейін үйде омалып отырмақсың?

— Заманымыз түзелгенше.

— Аһа! — деді тағы да Сейтен мұғалім. — Заман қашан түзеледі?

— Құдай біледі. Түбі бір түзелер.

— Аһа, аһа!..

Өңі бір қалыпты. Сабырлы. Салмақты. Мандайы қыртыстанып, қабағы оқтын-оқтын түйісіп қалады екен. Мұндай адамдар бір ашуланса, қатты кетеді. Бірақ ұстамды. Үлкен көздері ойға толы. Сынай қарайды. Ірі. Басы Лениннің басындай. Артық сөйлемейді. Мектебіміздің жаңа директорын алғаш көріп отырғаным. Іштей ұнатып отырмамын. Мүдірмей сөйлейді.

— Жұмысқа шақырсам, барар ма едің?

— Қандай жұмысқа?

— Мұғалімдікке, аһа.



Не дейді мына кісі? Қайдағы мұғалімдік? Кеше ғана аттестаты қолына тиген, оқудан аластатылған, көңілі пәс, аурушаң ауыл баласынан мұғалім шыға ма? “Аһа”-сы не? Осы бір қысқа ғана қыстырмалы сөзінде қаншама мағына, астарлы реңк жатыр! Күптау да, сұрау да, сенім де, күмән да, қайрау да, екі ұшты ой да – бәрі сыйып тұр-ау.

— Енді былай, — деді директор маған еңсеріле түсіп. — Айялдар (әйелдер дегені) декретке шықпай тұра ма? Құлшара көршің алдағы аптада декретке шықпақ. Мұғалімді қайдан іздейміз? Амансау босанып шыққанша, екінші мен төртінші класстарға бас-көз болсаң...

— Қалайша? — дедім аң-таң болып.

— Кәдімгідей, аһа.

— Ал, сонсоң?

— Сонсоң Зура декретке кетеді. Екі ай химиядан бересің. Одан кейін Күляш декретке шығады. Оның орнына орыс тілінен сабақ бересің. Ар жағын көре жатармыз.

— Қолымнан келе ме?

— Неге келмейді? Келеді! — деп нығыздады Сейтен мұғалім.

— Апырмай, күтпеген нәрсе екен.

— Ойлан. Сенеміз. Көмектесеміз. Аһа.

Көңілім алаң. Мына кісі біреулермен алдын-ала келісіп, ақылдасқан ба, қалай? Әлде осы тоқтамға өзі келді ме екен? Онысы ертең өзіне пәле болып жабыспасына кім кепіл?

— Ағай, — дедім мәселенің тоқ етеріне көшіп. — Мен, өзіңіз білесіз, комендатураға тәуелді адаммын. Демек, еш жазықсыз болсам да, сезіктілердің ауылына қосып қойған. Оқуға да қабылдамады. Паспортым да жоқ. Ертең шатақ болмай ма?

Директор сәл ойланып қалды. Қабағының арасына терең сызық түсті.

— Ол жағына басың ауырмасын. Маған қалдыр. Аһа!

“Аһа!” дедім мен де іштей. Мұғалім ағайдың өзі де, сөзі де ұнады.

Сонымен 1953 жылдың күзінде ойламаған жерден жанашыр тауып, өзім таяуда ғана бітірген мектепке мұғалім болдым да шықтым. Аяғы ауыр мұғалімалардың орнына сабақ беремін. Екі ай бастауыш класстардың мұғалімі, екі ай — химия оқытушысы, екі ай орыс тілінің оқытушысы, екі айдан астам лаборант болып істедім.

Еңбек жолым осылай басталды. Буыным бекіп, көңілім орнықты. Оң-солымды таныдым. Сенім (өзіме де, басқаларға да) оралды.

Бұл оқиғаны тәптіштеп жазып отырғаным — өмірімнің қиын кезеңінде шынайы ұстаз Сейтен Сауытбекұлының маған кезігіп, қол ұшын беріп, парасаттылық, адамгершілік танытқанын еске түсіру. Мұндай ерлік (соғыстан кейінгі саяси жағдайды еске алыңыз) анау-мынау адамның қолынан келмейтіні анық қой.

Сол бір тұста Секең маған үлкен демеу, қамқоршы болды, сенім артты, қолдады, ақыл-кеңесін берді. Ондай жақсылықты ұмыту мүмкін емес. Секең кездеспегенде, тағдырым қалай болар еді деп кейде ойлап та қоямын. Көп жылдан соң Секең Алматыға көшіп келді. Ұлттық кітапханада араб тілінің маманы болып қызмет атқарды, жас оқырмандарға арнап гибратты әңгімелер тудырды, өлең-поэмалар жазды, газет-журналдарда еңбектерін бастырды. Оқта-текте әр тақырыптың төңірегінде сұхбаттасатынбыз, андасанда кездесетінбіз, бір-бірімізді үйге шақыратынбыз. Секеңнің әңгімелері, ойлары, сөз саптауы, заман ағымына көзқарасы мені әрдайым қызықтыратын, ол кісінің жаңалық атаулыға үйірлігі, байқағыштығы, адам танығыштығы, даналығы мені тәнті қылатын. Өмірінің соңына дейін Секең қалың қауым ортасында сыйлы адам болды. Таныс-достары да көп болатын.

Оның көп сырлы “Аһа”сы осы кезге дейін менің құлағымда. Бір қызығы — әкесінің бұл машығы, сөз мәнері, мақамы оның қызы Зейнетке де жүкқан. Ол да дәл әкесіндей сөйлеп отырып жиі-жиі “аһа”лап қояды. Зейнет те әкесіне тартқан инабатты, тиянақты, салмақты, жан жылуы мол адам. Онымен сөйлесу мен үшін ганибет.

Секеңнің шәкірттері көп. Мен Секеңді әрдайым ерекше қадір тұтқан адамдардың бірімін.

*2003 ж.*

## ОЛ

(“Қаз-қалпында” топтамасынан)

Ол палатаға ентелей басып кірді. Сірә, тым асығыс болуы керек. Қапелыница астында жатқан мені бірден байқап, бірақ атымды есіне түсіре алмай, босағада аңтарылып бір ауық тұрып қалды.

— Оу, Таке, мұнда неғып жүрсіз? Батырлар да ауыра ма екен?!

— А-а... — деді күлімсіреп, ыңғайсыздана басын сипап. — Вот... давление. Мейрам күндері астанаға барып, анда-мұнда жүріп, немного не рассчитал силы. 82 жас оңай ма екен! Укол алмасам...

— Қан қысымыңыз қанша?

— О, 180-нен асып кетті. Қазір түсірер. Түстен кейін тағы келіп, система алармын. Уақытым да жоқ.

Сүйкімді қазақ әйелі, дәрігер бәйек болып, батырды төсекке жайғастырып, бірдемелерді түсіндіріп жатыр.

— Я сам... сам... Что вы?! Неудобно... — деп батырың күбірлейді, кішіпейілдік танытып.

Іле-шала инесін көкке көтеріп, үлбіреген жас медбике қасына жетіп тоқтай қалды.

— В ягодицу?! — сасып қалды батыр.

— Ну, да! — деді медбике шыдамсыздана.

— Ай, ай... ұят болды гой... Қап! Такая молодая, красивая, ал мен шалбарымды шешіп, бөксемді жалаңаштауым керек. Ай, позор!!

Укол алғаннан кейін тағы да рахметін жаудырып жатыр.

— Ай, айналайын-ай... Даже незаметно. Жаксы болды гой... Ну, вы мастера, білемін гой...

Шалбарын белбеулеп, аяқ киімін киіп, күлімсіреген қалпы палатадан шығып кетті.

— Сау болыңыз. Асығыспын. Үште тағы келемін.

... Ертеңіне палатағы бір уақытта келдік. Әңгімелесіп жүріп, қатар төсекке жайғастық. Ескі таныстардай шүйіркелесе қалдық. Талғат Бигельдинов, Кеңес Одағының екі дүркін Батыры, әйгілі әскери ұшқыш өте қарапайым, ақкөңіл, сыпайы, ашық, парасатты

адам болып шықты. Укол алып, капельница қабылдап, екі сағаттай сұхбаттастық. Әңгімені Такең айтты, мен тыңдаумен болдым.

– А-а... вон как! Энгельстен болдыңыз ғой. Мен онда болғам... соғыс алдында. Онда жақсы аэродром болатын. Саратовтың әскери ұшқыштар дайындайтын мектебін де білемін. Қазақ ауылында остіңіз бе? Бәсе, қазақша менен артық, еркін сөйлейсіз...

Ия, жас келіп қалды ғой. 83-ке қарай аяқ бастым. Но ничего... Жүріп жатырмыз. Бәрі бір Алланың еркінде ғой. Достарымның көбі жоқ...

– Достарыңыз кім еді?

– Е-е... біздерден үлкен Баукең ше? Мінезі шатақтау, асау болғанмен, керемет адам еді ғой. Білем, сіздер, жазушылар, одан сескенетінсіздер. Рахымжан Қошқарбаев менің жақсы досым еді. Әзілкеш болатын. Оның қуақы әңгімелерін тындағанда ішек-сілең кататын.

– Баукең жайында менің де жазғаным бар.

– Что вы говорите?! Баукеңді білген болдыңыз ғой! Здорово!

– Ия... аздаған таныстығым болды. Ал, Қошқарбаевты естіген көргенім болмаса, араласым болған жоқ.

– Жаль! Очень простой был человек. Дені сау сияқты еді. Неге ерте кетіп қалғаны түсініксіз.

– Мәкең... Мәлік Ғабдуллин одан да ерте кетті емес пе?

– О! Мәкең де ғажап адам еді. Спокойный. Соғыста танысқан едік. Не істейсің... жүректен кетті. Ия... Сергей Луганскиймен де жақсы дос болатынбыз. Бірақ, шыны керек, қатты ішуші еді. Ішуші еді деген жұмсақтап айтқаным ғой. Өлердей сілтеуші еді, жарықтық.

– Орыс па еді? Әлде...

– Орыс қой. Ой, мен бір стакан ішсем, ол кейде екі литрді оңешіне бірақ құятын. Ғажап! Содан мнына зақым келіп, ақыры өліп тынды. Бір күні таңертең, сағат алты болмай ауруханадан телефон шалды. “Луганский өліп қалды”, – деді. Дереве жүгірдім. Денесін өз қолыммен моргқа апардым. Бұлшық еттері әлі жұмсақ скен, денесі қата қоймаған. Вот так... Е-е... бұл арақ талайды күртты ғой.

– Өзіңіз ішпейсіз бе?

– Соғыс кезінде іштім, шылым да тарттым. Кейін бәрін қойдым. Қазір аузыма алмаймын. Қазіргі жейтінім тек бал ғана.

– Бал?!

– Иә, кәдімгі бал. Мен омарташымын ғой. Жетпісінші жылдан бері осы кәсіппен шұғылданам. Ол жайында докторлық диссертация қорғауыма болады.

– Сонда неше омартаңыз бар?

– Бір кездері отыз болатын. Қазір он бес. Соның өзі де көп пе деймін. Неге десең, омарта қоятын жер азайып қалған. Шөпті күртқан. Сорлы араға жайылым жоқ. Қайда барсаң — құрылыс, шу, машина, адам. Омартаны прицеппа салып, машинамен жайылым іздеп, кейде 100-200 шақырым жер жүрем. Жақсы жер тапсам, араларымды еркіндікке жіберіп, өзім шайымды қайнатып, айдалада жалғыз отырам. Ой, рахат! Таза ауа, шөптің иісі танау жарады, тыныш... дүниедегі қайғы-қасіреттің бәрін ұмытасын. Аралар гуілдейді, нәр жинайды, алғысын айтып, айнала ұшады, би билейді, қолыңа, басыңа қонады... Ой, несін айтасың!

– Қауіпті емес пе? Шағып алмай ма?

– Неге?! Шақпайды. Өздері-өздерімен мәз. Мен олармен кәдімгідей сөйлесем. Олар бәрін түсінеді. Настроениенді қалтқысыз сезеді. “Айналайындарым менің, — деймін оларға мен. — Мен сендерге тиіспеймін. Сендер де маған тиіспеңдер”. Бәрін сезеді, бәрін түсінеді. Тынымсыз еңбектенеді. Аналықтарын күтеді. Арам тамақ, жатып ішерді араларынан тырқыратып қуады. Өндетеді, гулейді. Ой, несін айтасың, керемет қой, гажап қой! Көңіліңді табады, рахметін жаудырады. О! Удивительно благодарное существо! Әттең бәрі қиындап кетті. Қазір кейде 350 шақырымға шығамын. Қауіпті. Қарауылшы керек. Жалғыз өзін не істейсің? Айдалада сені запросто өлтіріп кетуі де мүмкін ғой...

Та-ак... Герольд шырақ, жатқанымызға қанша болды? О, біраз болып қапты ғой!

Байқаймын батырдың қолындағы сағат өзгеше екен. Алтын. Неше түрлі бұрандамасы бар. Сәнді. Салтанатты. Циферблатында қос жұлдыз.

– Путиннің берген сағаты ғой, — деді Такен. — Қабылдауында болғанымызда берген еді. Көрдіңіз ғой? Именной! Маған ұнайды. Кеңестер Одағында 65 қос жұлдызды Батыр бар еді. Қазір тірі қалғаны бес-ақ адам. Оның үшеуі төсек тартып қалған, жүре алмайды. Путиннің қабылдауында екеуіміз ғана болдық — мен және бір генерал-майор. Орыс. Ай, Путинге риза болғанымыз-ай! Сондай тебірене сөйледі. “Вы наши отцы!” — деді. Көзге жас үйірілді. Айта біледі екен. Очень мне понравилось. Айтпақшы, сіз қаншадасыз?

– Жетпіске тақап қалдым, Таке.  
– О, счастливчик! Жетпіс деген не тәйірі...  
– Спортпен шұғылданасыз ба?  
– Әрине, бұрын көп шұғылдандым. Қазір сақтық жасаймын, жүрекке салмақ салмаймын. Дегенмен таңертең жеңіл зарядка жасаймын. Аяқ-қолымды біраз ербеңдетемін. Жұмысты қойғаныма тоғыз ай болды. Нағыз бездельникпін. Бұлай жүруге болмас. Аурухананы айналшықтап қашанғы жүрем? Бірдеме істеу керек шығар. Сіз, немене, кеткелі жүрсіз бе?

– Иә, Таке, осы тойғаныммен кету жөн болар. Жамбасқа, қарыма екі укол алдым, бір капельница қабылдадым, шайымды іштім, енді не бар?

– Қап! Вы хороший собеседник. Жатсаңыз да болатын еді.

– Менің де жұмысым бар ғой, Таке.

– Конечно, конечно... түсінем ғой.

– Сізбен кездескеніме ризамын. Айтқаныңызды күнделігіме түртіп аламын.

– Ай, маладес! — деп Такең сол жатқан күйі бос қолын созды.

Мен қоштастым, палатадан шығып кеттім. Қос жұлдызды батыр-ұшқыш маған қатты ұнады.

... Бүгін мамырдың 17 күні, тағы да сол үшінші палатада кездестік.

Ол көңілді көрінді.

– Бәрі дұрыс сияқты. Шешінбей-ақ қояйын. Дәрігер қарап, үйге жіберер, — деп Такең менің қасыма орындыққа жайғасты. Өтекелген ақ көйлек, бұтында көк жеңіл шалбар. Селдір шашын кейін қарата тараған. Әңгімеміз бірден саясатқа ауысты.

– Мен Жоғарғы Кеңесте, СССР заманында 10 жарым жыл депутат болдым. Ұлттық кеңесте. Шантрапалар келіп, Совет үкіметін құлатқанша. Біздер де бірдеме білетінбіз. Құшақ-құшақ қағаз қарайтынбыз. Сіз мені әншейін можантопай ұшқыш деп ойламаңыз. Академия бітірдім. Институт бітірдім. “Капиталды” оқыдым.

– “Капиталды” да ма?!

– Иә, кәдімгі “Капиталды”.

– Апырай, мен де, Таке, институт, аспирантура бітіргенмін. Бірақ, сол “Капиталдың” он бетін әзер тауыстым.

– Қойыңыз! “Капиталды” білмей... қалай... Осы кездің

билеушілері “Капиталды” оқымай-ақ халықты басқарып жүр. Бекер! Анау күні “Общественное мнение” деген хабарды тыңдадым. Сонда Президенттің бір кеңесшісі ұялмай-қызармай соғып отыр. Өзі де бір дікілдеген сұмырай екен. “Политика – прежде всего. Начало всех начал”, – дейді. Қалғанының бәрі жай нәрсе деп қояды. Ал, не айтасың? Ақымақтың сөзі емес пе? Экономикасы қайда? Экономикаға негізделмеген ол не саясат?! Это опасно! Это вредная позиция! Осындай ұғымдағы адам қайтып Президентке кеңесші болады? Так нельзя!.. Жалпы қазіргі көп нәрсені түсінбеймін. Осы сенат, вы меня извините, керек пе? Не үшін керек? Депутаттарды халық сайлайды. Сонда халық сайлаған депутаттарды неге сол халық сайлаған Президент таратып жатады? Осында бір қайшылық бар. Халық қалаулыларына Президент сенбейтін сияқты. Сонда сайлау дегенді өткізбей-ақ неге бәрін шетінен өзі таңдамайды? Кімді-кім алдап жүр? Не понимаю!

Дәрігер келіп, Такеңнің қан қысымын өлшеді. Қабағын түйінкіреді.

- Не болды, айналайын?
- Давлениенің көтеріліп кетті. Қап!
- Қанша?
- Жүз алпыс.
- Е, ничего! Бірақ неге?
- Бәсе, неге?
- Қайдам? Өзімді тәуір-ақ сезініп жүрмін.

Дәрігер келіншек екінші қолының қан қысымын өлшеді.

– Тоже самое. Жүз алпыс. Жатыңыз. Укол саламыз. Капельница қоямыз.

- Тағы ма?

Дәрігер келіншек өкшесін тақ-тақ басып, шығып кетті. Такең төсегін салып, киім ауыстырды. Аппақ майка, алабажақ пижама. Жуынып алып, төсегіне қисайды. Іле-шала медбике келіп, укол салды, капельница дайындады.

– Сіз жақсы тыңдайды екенсіз. Мне с вами приятно, – деді Такең жайғасып алып. – Менің түсінбейтінім: баяғыда бес жылдық жоспар болатын. Соны үш-үш жарым жылда орындауға күлшынып кірісетінбіз. Алда айқын мақсат бар еді. Ал енді ше? Ертең не болады? Білмейміз. Ештеңе білмей, ештеңеге талпынбай өмір сүреміз. Ну, так же нельзя! Перспектива жоқ қой! 2030 программасы – просто абстракция! Соны тым болмаса

кезең-кезеңге бөлмей ме? Жыл сайын бір жолдама болады. Тыңдасаң — ылғи біркелкі сөз. Бір айтқанды он айтады. Сонда қалай? Ай, білмеймін. Что-то не так. Сүйтіп жүріп Кеңес заманын жамандаймыз.

Әлде уақытта менің тұрып жатқанымды көріп:

— Сіз не? Болып қалдыңыз ба? Қайда асықтыңыз?

— Шаруам да бар, табанымды жалтыратқаным жөн сияқты.

— Неге?

— Дәрігерге келсем, мазам кетеді. Бүйрегімді емдеймін деп, жүрегімді әлсіретіп алдым.

— Жүрек маңыздырақ қой. Бүйректі ауыстырып алуға да болады. Соғыс кезінде менің бір таныс ұшқышым самолетті қондырғанда екі бірдей бүйрегін зақымдап алды. Москвада емделіп, эскадрилияға қайта келді. “Не болды?” — десем: “Екі бүйрегімді алып тастап, орнына қоянның бүйрегін салды”, — деді.

— Қойыңыз?! Қоянның?!

— Иә, қоянның.

— Қалжың шығар.

— Жок, шын деді.

— Зақымданған бүйректі адамның бүйрегімен алмастырады дегенді естуім бар, бірақ қоянның бүйрегін салады дегенді сізден естіп тұрмын.

Біраз үндемей қалды. Бүйрек мәселесі шынында да ойландырылған болу керек. Мен төсегімді реттеп, кетуге ыңғайландым. Такең мені тоқтатты.

— Шай ішіп кетіңіз. Қайда асығасыз? Мен сізге бір эпизод айтып берейін.

— Ал, тыңдадым, Таке.

— Ол әйгілі Курск шайқасының алдында болған еді. Белгород қаласының түбінде. Мен кіші лейтенантпын, штурмовикпін. Нысананы көздеп, ұшып келем. Соңымда бір истребитель мені қорғаштап жүр. Бір уақытта радиоқабылдағыштан: “Горбатый, сзади мес!!” деген үрейлі дауыс естілді. Оң аяғыммен ойланбастан газды басып қалдым, дәл маңайымнан пулеметтен оқ боратып, немістің бір “Мессершмиті” зу етіп өтіп кетті. Құдай сақтап, аман қалдым. Терезеден қарасам, номер 47-ші истребитель анадай жерде ұшып өтті. Кешке бәріміз — бомбардировщикі, штурмовигі, истребителі бар — бір асханада тамақтанамыз. Көршіден “47-ші нөмірлі истребительдің ұшқышы кім?” деп сұрасам, шеттеу онаша



отырған бір орысты нұсқады. Дереу соған бардым. “Сіз мені бүгін өлімнен құтқардыңыз”, — дедім. “Қалайша?” “Горбатый, сзади мес!” деп ескерткен сіз емессіз бе?.. “А, солай ма?” — деді жайбарақат. Қалтамда жартылығым бар еді, столға қойдым. “Давно бы так!” — деді әлгі орыс бірден көңілденіп. Сергей Луганскиймен сонда таныстым. Лейтенант екен, финн соғысына қатысқан. Танысып, дос болып кеттік. Вот так!..

— Гажап, Таке! Үйге барысымен қағазға түсіремін. Бір сөзіңізді өзгертпей. Қаз-қалпында!

— Мейліңіз. Бірақ өтірік қоспаңыз. Мен жайында сіздің бір жазушыларыңыз, атын айтпай-ақ қояйын, қайдағы жоқты көкіген. Жұрттың алдында ұятқа қалдырды... Е, ладно! Сау болыңыз. Бекер асықтыңыз. Бірге жата тұрсақ та болатын еді. Бірақ, что поделаешь?..

*Мамыр 2004 ж.*

### III бөлім

## САҰЛАНЫП ШЫҚСА СЫРЛЫ СӨЗ

*Айтсам тілім күйеді,  
Айтпасам ділім күйеді.*

Халық мәтелі

#### I

Әлдеқалай орыс, неміс таныстарымның арасына түсе қалғанда олардың әңгіме қыза-қыза келгенде маған тұтқиылдан сұрақ қоятыны бар: “Осы қазақ тілі қалай өзі... бай тіл ме?” Бір ауыз сөзбен қысқа қайырып, “бай” десем, бәрібір сене қоймайтынын білемін. Сондықтан сөзім дәлелді болу үшін мен де жауап берер алдында өзімше ойланып, атаң қазақ “біреу ойнап сұраса, сен шындап жауап бер” деген қағидасын ескеріп, әуелі қазақ тілінің грамматикалық құрылысы, септеу мен жіктеу, етістіктің күрделі формалары жайында бірен-саран мағлұмат беріп алып барып, сонан соң ғана лексикаға көшемін. Лексикаға көшкенде орыс, неміс тілдерінде тапшы келетін мал атауларын ұзақ-сонар әңгімелеп, тізіп ала жөнелемін. Атап айтқанда жылқы, түйе, сиыр, қойға қатысты неше түрлі сөздерді тізіп шыққаннан соң, тыңдаушыларыма жымия бір қарап қойып: “Ал енді бүркітке келейік”, — деймін. Онсыз да бағанадан бері жағасын ұстауға әзер отырған кісілер: “Бүркіт?!.. Ол не тағы?!” — деп танданысады.

Әрине, өзіміздің қазақстандық немісіміз болмаса, сонау ГДР-дің, яки ФРГ-нің немісі бүркітті қайдан білсін?! Менің де аңшылық-саятшылықтан білетінім жоқтың қасы. Өзім шеккен тірлікте азды-көпті кітаптардан оқып-тоқығаным бар. Бәрінен бұрын баяғы бала кезімде ауылдасым марқұм Әбілмәжін шалдың бүркітті қалай ұстап, баулығанын көрген едім. Сол кезден бүркіт пен бүркітшіге байланысты біраз қазақ сөздері жадымда қалғаны. Мәселен: балапан құс, қан түбіт, тірнек, тас түлек, мұзбалақ, көк түбіт, томаға, тұғыр, қансоқта т.с.с. Ал осы сөздердің көбінің баламасын орыс және неміс тілдерінде қолыңызға шырақ алып іздесеңіз де таба алмайсыз. Соған көзі жеткенде әлгі таныстарым: “Апырай, а!” — деп бастарын шайқайды. Әлбетте — шыны керек

– “Апырай-а!” – демейді. “Ах, зоо! Вундербар!” немесе “Смстри-ка! Поразительно!” – дейді. Бірақ оның мағынасы қазақемнің “апырай-а” дегеніне пара-пар.

Ал, туған-туысқандықты, аталастықты, құдалы-жекжат, нағашылы-жиен сияқты қарға тамырлы түп-түқиян, ұрпақ, жұрағаттан өрбитін қым-қуыт тірлікті бейнелеуге келгенде қазақ тілінде түп жоқ қой! Кішігірім энциклопедия дерліктей! Бұл атаулардың көбісін Европа елдерінің тілін былай қойғанда, күнделікті аудармашылық тәжірибемізде орыс тілінің өзінен іздеп, бірін тапсақ, бірін таба алмай әлек-шәлек болып жатамыз. Бұл – бұл ма, ал кәдімгі малдың ағынан жасалатын таза қазақы тағамдардың түрі қанша! Ақселеу Сейдімбеков өзінің “Күнгір-күнгір күмбездер” атты кітабында қазіргі жастардың көңілінен алыстап, ұмыт болып бара жатқан көп-көп көнені қайта тірілтіп есімізге түсіреді. Баяғы бала кезден есте қалған малдың ағынан жасалатын сусындар мен тағамдардың қайсы бір жадымда қалғандарын Ақселеудің әлгі кітабы есіме қайта салғаны: қымыз, шұбат, айран, қатық, балқаймақ, кілегей, ақ қаймақ, ақ ірімшік, саумал, шалап, қойыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, сүт кеспе, сүт салма, уыз, сірне, құрт, торақ құрт, ежегей құрт, сықпа, сүзбе т.б. Ал енді бар-ау, бұл сөздердің орыс, неміс тілдерінде дәлме-дәл эквиваленті жоқ.

Осы сықылды тек қазақ тілінің тілдік қалыптасуына, тек қазақтың нелер ықылым жылдардан бермен қарай мал тұяғынын соңында өткен шаруашылық қарекеті мен болмыс-тірлігіне бірме-бір тікелей қатысты сөздер, ұғымдар, атаулар қазіргі қазақ прозасының, әсіресе, тарихи жанрында жеткілікті. Бір Кекілбаев, бір Мағауин, бір Досжанов, бір Сматаев соңғы кезде қаншама қолданудан қалып бара жатқан көне сөздерді құдды күл арасынан үрлеп тапқан шоқтай қайта тірілтті. Бұған біз, сөз жоқ, сүйсінеміз. Қуанамыз. Өйткені оқушы қауыммен бірге біздің өзіміздің де дүниетанымымыз кәдімгідей кеңейе түседі. Оның үстіне қазақ тіл әдебиетінің табыстарымен бірге Шекспир, Гете, Толстой, Достоевский шығармаларының қазақ тілінде қайта туындап, қазіргі қазақ оқырманына кеңінен тарап, рухани азыққа айналып жатқан жайын ескерсек, қазақ тілінің бұрынғыдан да әшекейлене, әрлене, байи түскеніне сеніміз артады.

Осының бәрін жіпке тізгендей неге айтып отырмын? Сондағы көздеген көкейдегі мақсат не? Ол мақсат мына тезистерге саяды:

а) Қазақ тілі – мейлінше бай тіл. Қазақ тілі де әрбір ұлттық тіл сияқты арғы түбі ата кәсіппен тамырласып, салт-сана,

үрдіс-тұрмыстық, экономикалық, этикалық, этнографиялық, эстетикалық мән-мағынаны бойына жан-жақты сіңіріп, өзіне тән ажар, көрік, бояу тапқан, қалыптасқан, кемелденген тіл.

б) Осы кезге дейін кейбір қадау-қадау тарихи және “ғылыми” еңбектерде, әр түрлі алып-қашпа әңгімелерде әлі де көрініс тауып отыратын көшпелілер тірлігі мен ой-өрісінің жұтандығы, қарапайымдылығы, анайылығы, жабайылығы жайындағы көзқарастың жалған, кертартпа, мүлдем негізсіз екеніне назар аудару.

в) Қазақ прозасын орыс тіліне аудару ісімен шұғылданып жүрген талапкердің алдында қиын да жауапты, машақаты, мехнаты көп міндет тұрғанын дәлелдеу. Өйткені, басқа тілдерде баламасы жоқ байырғы өзіндік қазақ сөздерін қайтсе де ретін, жолын тауып, айтуір аудару керек қой. Онсыз аударманың аударма болмайтыны бесенеден белгілі.

## II

Қаншалықты дұрыс-бұрысына көзім жетпейді, айтуір ойындағы пікірді ортаға салудың ыңғайы келгесін айта кетейін: менің байқауымда қазақтың қазіргі әдеби тілі дәстүр мен жаңашылдықтың дәл қиылысқан жеріне кеп, түмсық тіреп тұрған сияқтанады. Дәстүрсіз тіл жоқ. Ал қазақ тілінің дәстүрі әрі бай, әрі ұлттық топыраққа тамыры терең бойлап кеткен. Мен бұл арада қазақ халқы басынан кешкен қасіретті қиын жолды өнеріне өзек еткен сонау XVII-XIX ғасырларда жасаған алып ақын-жырауларды айтқалы отырғам жоқ. Сол сияқты осы кезге дейін ғылыми жүйеге, немесе сықынып, қатып қалған тіл заңдарына онша көңісі келмей, таудан құлаған тасқындай бүрк-сарқ қайнап жататын қазақтың ауыз әдебиетін айтудан да аулақпын. Менің айтпағым: қазақ тілінің үстірт көзге көріне қоймайтын ішкі күш-қуаты мен философиялық түбегейлі, терең толғамы, ой оралымдылығы, бейнелілігі, “өзегі тола ақ жалын” атқылаған өжеттігі. Елу жыл жасаған ғұмырының, міне, биыл дәл айтсақ — қырық үш жылын қазақтардың арасында, қазақ тіліне құлағымның құрышын қандырумен келген екенмін. Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың сонау кеңпейіл, мейірбан, дарқан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көсем тіл. Тек сол оралымды бай тілді “қиыннан қиыстырар ер данасы” керек. Өз басым осылай түсінемін.

### III

Тіл жалғыз дәстүрмен шектелмеген. Оның көз түгіл көңіл жете бермейтін түпсіз тереңінде бір сәт дамыл таппай, бұрқ-сарқ қайнаған астыртын ұлы процесс жүріп жатады. Жер бетіндегі және қоғам өміріндегі үздіксіз жасару, жаңғыру құбылыстары сияқты тілде де әрбір жаңалық қашаннан қалыптасқан дәстүрдің тас қабырғасын талқандап, өзіне жол тапқан. Жаңалық атаулы тілдің сөздік қорына, лексикасына сыбаға болып қосылып қоймай, сол тілдің сан-салалы мәдени дәрежесін көтеруге де септеседі. Бұны тектен тек айтып отырғам жоқ. Өз басым жиырма жылдан бері қазақ жазушыларының шығармасын қол үзбей, жан-тәнімді салып, орыс тіліне аударып келе жатқандықтан осы тілдің ыстық-суығына мен де біраз күйген адаммын. Және қазақ әдеби тілін тіл маманы ретінде емес, тек аудармашы есебінде қабылдайтын жайым бар. Сол өзім қалап тапқан кәсібімнің биігінен көз салғанда маған қазақтың қазіргі әдеби тілі жолында тосқауыл, боғет кездеспей сары далада қанат жайып, сарқырап аққан алапат тасқын сияқтанады. Сонда осынау күдіретті нөпір ішінде неше түрлі алтын, күміс, лағыл, маржан, інжумен бірге қиыршық күм, саз, балшық, қой тас, кесек, шөп-шалам — бәрі-бәрі ұлы ағында аралас бара жатса да өзі білсін. Маған осынау қойыртпақ тасқын жуық арада лайсаңынан арылып тазара қоймайтын сияқты болып көрінеді. Менің ұғымымда ол жаңа ғана күшіне мініп, шарасынан шығып, кенерінен асып келе жатыр. Бұл өзі тасқын болғанда да табиғаттың сұрапыл құбылысы іспеттес тасқын. Оны күні бұрын тізгіндеп, қол-аяғына тұсау салып, байлап-матаймын деу күр әурешілдік. Шын мәніндегі әрбір құбылыстың шарықтап, шегіне жетіп барып тоқтайтын мерзімді кезі болады. Шын мәніндегі құбылыс адамның ықтияр-еркіне әрдайым көне де бағына да бермеген. Қымыз да уақытысынан бұрын ашымайды ғой. Бұғалықты үзердүлей асаулықты басынан өткізбеген ат та арғымақ болып жарытпасы белгілі. Асылы, дәнді қауызынан аршып алу үшін де ең алдымен қауыз ішінде дән жату керек. Қотандағы қой екеш қой да ақсағымен мың болады. Сонан ғой қазақтың “Төлге төл қосылса — егіз, көлге көл қосылса — теңіз” дейтіні. Адам да, мал да ала-құласыз болмапты. Ендеше адам тілі де неге иесіне тартып, ала-құласы аралас жүрмеске? Меніңше ұлттық әдебиеті мен мәдениеті кемелденген дәуірдегі қазақ тілінде жаппай жанару,

жан-жақты баю, туындау, түлеу, түрлену, қалыптасу процесі қым-қуыт, шұғыл да шапшаң жүріп жатқан шағы. Ал осындай қауырт, қарбалас процестің экспериментке ұрынбай аман өтуі, қатал талап пен батыл ізденістің тезіне түспеуі, көл-көсір жетістікпен бірге кемшілікке соқпай өтуі әсте де мүмкін емес.

#### IV

Шамамен айтқанда кейінгі жиырма жылдың ішінде қазақ әдеби тілінің барлық лингвистикалық компоненттері мен өлшемдерін есепке алғанда тіл байлығы мен тіл мәдениеті күрт шырқап өскені даусыз. Әрине, ондай күрделі құбылыс әлде қалай өз-өзінен туа қалмайды. Белгілі бір бай дәстүрдің арқасында болады. Шынында да, ойша болса да, осыдан жиырма жыл бұрын өзім аударған қазақ прозасының сондағы тілі мен бүгінгі қазақ прозасының тілінің арасындағы айырманы еске түсіріп көрелікші. Аға буын өкілдері бәлкім бұл пікірді құптай қоймас. Келіспес. Мүмкін үстірт, қате пікір болар. Әйтсе де, айталық Сәкен Жүнісовтың алғашқы әңгіме-повестерінің тілін оның қаламынан кейін туған “Ақан сері” романының тілімен салыстыруға бола ма? Немесе Дүкенбай Досжановтың ілгеріректегі “Отырар”, “Тұлпардың ізімен” повестерінің тілі оның кейінгі бірер жылдың ішінде жазған шығармаларының тілінен біршама қораш, жұпыны емес пе? Сол секілді Әбіш Кекілбаевтың соңғы романдарында тілдік қуат, лексикалық байлық көзге ұрып тұрған жоқ па? Немесе Сайын Мұратбековтың “Менің қарындасым” мен “Күсен-Күсеке” әңгімелеріндегі тілдің бояуы, сәні, сипаты бірдей деп айта аламыз ба? Тіпті жиырма жыл бұрынғы сын-мақалалардың тілін қазіргі сыни мақалалардың тілімен қатар қоюға, шенестіруге бола ма? Әдебиет те жер бетіндегі басқа да үздіксіз жаңғырып, жасарып, дамып отыратын мың-сан құбылыс сияқты бір орында міз бақпастан тұрып қалмай, үнемі адам қоғамымен ілгері қарай аяқ басып, биіктен биікке өрмелеп, жылжып отыратынын диалектикалы заңдылық негізінде мойындасақ, қазіргі қазақ әдеби тілінің күні ертең бүгінгіден де гөрі бір биік белеске көтерілетіні ақиқат шындық деуіміз керек.

Қазіргі қазақ прозасының тілі әлдеқалай әңгіме болса, сыртқарыселқосқалған кісіні көрген емеспін. Еңаржағы пенсионер қарттар жасыл жапырақ саясында Терренкур бойымен я жоғары, я төмен қарай бір әуенмен ілбіп келе жатып та ара-тұра проза тілін тілге тиек қылып жатқаны. Кешкілік көшеге серуенге шыққан қазақ интеллигенттері де тіл төңірегіндегі мәселеде шұқырасып жатқандары. Той-думанда да әдебиеттен аулақ елде біреулер қазақ тілі сөз болса, таңдайы тақылдап қоя береді. Баспаларда, Жазушылар одағында, газет-журнал беттерінде де тіл дертінің азабы күн тәртібінен түсіп көрген емес. Біреулер: “Ай-ай!” – деп бастарын шайқаса, екінші біреулер: “Бұл не боп кетті өзі?!” – деп ежірендейді, тағы біреулер үндемей-ақ ішінен күрсінеді. Әнебірде қызу қанды ауылдасымның жағамнан ала кеткені бар: “Білгіш болсаң, кәне, дәлдүріш деген не, айтшы!” Тағы бір танысым мақаламнан “ақи-тақи” дегенді кездестіріп, кәдуілгідей ренжіп қалды. “Әй, сен солтүстіктің қазағы емес пе едің? “Ақи-тақиың” не? Біздің арқа жақ ақыр-тақыр демеуші ме еді?!”

Тіл жайындағы айтыс кейде маған Остап Бендер мен ксендәздердің құдай жөніндегі қызыл кеңірдек дауын еске түсіреді. Бір қазақ: “Біздің ауылда осылай сөйлейді”, – десе, екінші қазақ тұрып: “Ал біздің ауылда бұлай сөйлемейді”, – деп өзеурейді. Сонда көбінесе айтыс-дау тугызатын жергілікті сөздер, диалектизмдер. Мен өзім тегім, табиғатым бөлектеу “қазақ” болғандықтан ба, әйтеуір, көп жұртты қызыл шеке қылып жатқан қазақ диалектілеріне үркектемей-ақ қараймын. Қой ішіне кірген қотыр ешкідей біз мұрын шүйіретін сол диалектінің көбісінің ойлап қарар болсақ өзіндік реңін, логикалық мағынасын, ерекшелігін, дәмі мен иісін байқау қиын емес. Есіме отызыншы жылдардағы орыс әдебиетіндегі диалектизмдер жайындағы айтыс түседі. Сол кезде сыншысы, тілшісі, оқытушысы бар, бәрі білек сыбанып, шыға келіп, орыстың диалект сөздеріне қырғидай тиісіп бергенде, айналасы он-он бес жылдың ішінде әдебиет тілін қан-сөлінен сығып алып, мектептің кәдімгі қатып-семіп қалған грамматикасына иіп, қақитып қалыпқа салып тастағандай болып еді. Жылдар өте садағаң кетейін жазушылар, әсіресе Федор Абрамов, Виктор Астафьев, Василий Белов, Валентин Распутин, Владимир Личутин өздерінің шығармаларымен тарылған тынысты кеңітіп,

орыс әдеби тілінің қол-аяғынан тұсауын алды. Енді қазір бәріміз сүйсініп, “неткен бейнелі, шұрайлы тіл” — деп таңдайымызды қағамыз. Ал осы жазушылардың онсыз да бай тіліне бояу беріп, нәр, ажар, көрік беріп, мейлінше құнарлы, шұрайлы қылып тұрған басты бір компонент, байқап қараңызшы, әлгі ат-тонымызды алып қашып жүрген жергілікті сөздер, жергілікті халықтың сөз саптау мәнері-ау! Қазақ әдебиетіндегі қазіргі таңдағы хал-ахуал да дәл осы жағдайға түсіп отырған жоқ па? Диалект атаулының барлығынан бәле көргендей ат-тонымызды ала қашуымызда не жөн бар? Қайдам... қайдам... Меніңше уақыт деген күдірет сіз бен біз қызыл кеңірдек болып жатқан осы бір тас түйінге айналған мәселені соңыра кезегінде қиналмай-ақ шешер.

## VI

Дей тұрсақ та, тіл мәселесін тебірене ойлағанда қазіргі оқырман қауымның көңіліне күдік түсіретін, санасына әжептәуір абыржу салатын, сүйтіп бір бөлек мазасыздық тудыратын себеп те, сылтау да бар ма деп қаламыз. Ие, бар. Бар болу керек. Егер жоқ болса, әдейілеп Пленум ашып, қалам безеп, құлаш-құлаш мақала жазып, кеңірдек жыртар ма едік? Тіл маманы болмағандықтан өз басым, әрине, бұндай қиын мәселенің түп-тамырына терең бойлап, бара алмаймын. Әйтсе де аударма өзім уқалап жүрген терінің пұшпағы болғандықтан қазіргі таңда өзімді кинап жүрген қазақ әдеби тілінің кейбір жайларын ортаға салмақпын. Атап айтқанда:

а) көпсөзділік. Оның дәлірек баламасы — бейпіл, бөспелік, ал оның көркем әдебиеттегі бел баласы — болбырлық.

Әр аудармашының өзі тұтынған қағида-принципі бар десек, менің қатты тұтынатын қағидам — түпнұсқаны ара-арасында сөйлем, абзац қалдырмай, мүмкіндігіне қарай мейлінше толық және дәл жеткізу. Бұндай тәсілмен аударма жасағанда әрқашанда түп-нұсқадағы болбырлық, дәлірек айтқанда басы артық сөздер ерекше көзге ұрып тұрады. Өйткені орыс тілі бұлшық еті бұлт-бұлт ойнаған шымыр, серпінді, ширақ, нақтылы, дәлдікті қалайтын қалыптасқан тіл ғой. Аударма үстінде әлгі бір босбелбеу, болбыр сөйлемдер әсіресе әрі қашып, жүдеп шығады. Белгілі, тәжірибелі прозаик былай деп жазады:

“Профессор қосағының алыстан жазған хатын ортасынан



қақ бөліп, терезенің ашық тұрған форточкасынан сыртқа қарай лақтырып жіберді”.

Бір қарағанда басы-аяғы тұзу, ойы анық, тәп-тәуір сөйлем сияқты. Ал, ішіне үңіліп, орысшаға аударсаң бастасаң болғаны, олақ, орашалақ сөйлемнің болбырлығы салғаннан-ақ білінеді. Айталық, аталмыш хаттың алыстан келгені оқушыға онсыз да белгілі, демек “алыстан жазған” деп тәптіштеудің бұл арада еш реті жоқ. Форточканың ашық тұрғаны да өз-өзінен түсінікті емес пе? Жабық болса әлгі хатты сыртқа лақтыра алмас еді ғой. “Терезенің форточкасы” деген тіркесте бірінші сөз тағы артық. Форточка терезенікі болмағанда есіктікі бола ма? “Сыртқа” да орынсыз. Өзің үй ішінде отырсаң форточкадан ішке қайтып лақтырасың? Мен мысалды әдейі қарапайым ғана, жай сөйлемнен келтіріп отырмын. Ал текстегі сөйлем үнемі аралас құрмалас, салалас, сабақтас болып келсе ше? Е, онда құр дыбыс қуалаған қызыл ала бос сөз сабын езген көбіктей көпіріп кетеді. Мұның бәрі сайып келгенде салақтық пен асығыстық деген індеттің арқасында қалай болса солай, жеңіл-желпі, көсіліп сөйлеп, сілтеп жазудан шыққан нәрсе.

Ал, неге сөйлеміз? Әлгі өзіміз айта беретін ұлы Толстой, ұлы Флоберлердің творчество үстіндегі бір сөзін он, он бес, жиырма өзгертіп, жан азабына қалатын үлгілері қайда? Жә, көп айт, аз айт: “Тәрбие, өнеге жоқ жерде жақсы шығарма қайдан шықсын”, – деген Сомерсет Моэм.

Қазақ прозасында қатты байқалатын тағы бір нәрсе –

б) лепірме ділмәрлік. Атап айтқанда, шығармада эстетикалық талғамнан, айтатын ойдың дәлдігі мен нақтылығынан айырылып қаламыз.

Танымал прозаик белгілі романында былай дейді:

“Домбраның егіз екі ішегі азалы шерден күйік қайырғанда, тау мен тастың тарғыл тағысы тар соқпақта таласпай табысып, татуласып тарасқан”.

Бір сөйлемде осынша “та”ны үйіп-төгіп, әрлеп, әстерлеп, жұртты жаңылтпашқа салып, “тақылдағанда” жазушы, кәне, не ұтты? Әлде реалистік прозаның мәні мен сәні әлгіндей аллитерацияда ма екен? Инструментовканың мұндай жасанды, жалған, “шылдырмақ” түріне баяғыда символист ақын Константин Бальмонттың өте-мөте әуес болғаны белгілі. Есімізге оның мынандай өлең жолдары түседі: “Вечер. Взморье. Вздохи ветра.

Величавый возглас волн...” Немесе “Чуждый чистым чарам счастья, челн томленья, челн тревог”. Мұндай оңды-солды сілтейтін шарадан тыс бейпілдік шын прозаның қадірін түсіреді. Бұндайда аудармашы қайтпек керек? Түпнұсқаның ізі мен сүресінен шықпай, бірыңғай дауысты, яки дауыссыз дыбыстарды қуалап кетуі керек пе? Сол романда “посад адамы” Федосий қазақтың шешен билерінше көсіледі:

“Жоқшылық – жорғалатады екен, кедейлік – қорғалатады екен. Аспаннан тілемей, біз жерден еміндік. Еміндік те еңіредік. Көрінгенге көз сүздік. Аларымыз бен табарымыз аз болды. Біреуде жер көп, басқаларда шер көп”.

Аудармашы “посад адамын” дәл осылайша орысша сөйлетіп қойса, орыс оқырмандары не дер еді? Гүл терген баладай сөздің қызыл-аласын қуалап кеткен әншейін әуесқойлық әдебиеттің баяғы балаң кезіне жарасса да, ал бүгінгі таңдағы мәдениетті прозаға лайық деп айту қиын. Бұның бәрі әсіре қызыл, алдамшы сөзуарлық. Қазысы төрт елі семіз сөз сезімсіз келеді. Ол тек асқа тойып, ықылық атқан және әдебиетке ермек деп қарайтын әлдеқандай тоғышарды ғана қызықтыруы мүмкін. Өкінішке орай дәл осындай қызыл тілді безеген ділмәрлік кейінгі кездегі қазақ прозасында бел алып бара жатқан сияқты.

в) Орыс тілінен енген, орысша қалыптасқан тіркестер, сөйлемдер, яки русизмдер қазір тіпті жиі кездесетін болып жүр. Олар көбіне қазақ тіліне көшеден енген қотыр-қожалақ жаргон, әлдеқандай ресми сөз, олпы-солпы, олақ құрылған, күнделікті көгілдір экран, эфир, газет-журналдары сияқты талғам тезінен өтіп үлгірмеген шұбар сөздер. Оның үстіне, мен білсем, қазір ойлауын орысша ойлап, жазуын қазақша жазып жүрген әдебиетшілер аз емес. Бұндайда қазақ прозасы байырғы орыс прозасының я нағашысы, я жиеніне ұқсап тұрады. Әлбетте орысша құрастырылған қазақ сөйлемін қайыра орысшалау аса қиын. Дап-дайын блоктарды көтеріп апарып, сөз тіркестерінің арасына қоя салуын салсаң да, қиюы келмей, жымдаспай қиқы-жиқылау тұрғаны байқалады. Ондай “қотарманың” аудармашыға да қызығы жоқ, әдебиетке де пайдасы шамалы. Оны айтасыз ба, соңғы кезде тіпті орысша құрылған атаулар да кездесетін болып жүр. “Ғасыр наны”, “Сенсіз және сенімен” деген шығармалардың аты қазақ құлағына тұрпайылау естілетін сияқты. Тіксініп қаласын. Ал өңін айналдырып, бұрмалап қолданған орыс сөздері тіптен

көп! Мысалы: “кәнділат”, “жалонжа”, “іспейсот”, “бығыбыр”, “пүртекел”, “езбөзшік”, “пірешкі”, “почот кирәждан” т.т. Бұл сөздерді Бейімбет Майлиннің әңгіме мен повестерінен алып отырмын. (Классик жазушының бір томдығында мұндай сөздер екі жүзден асады). Көне заман қирап, жаңа дәуір жас баладай жаңа-жаңа “тәй-тәй” басып келе жатқанда, “слободаға” қолы жетіп, өзін адам сезіне бастаған кешегі Мырқымбайлардың орыс сөзіне құмарлығы әбден түсінікті де заңды да. Ал, енді сонан алпыс-жетпіс жылды артына салған қазіргі қазақ прозашыларының мұндай сөздерге әуестігі (“пенжег”, “балон плащ”, “кіреп-жержет”, “кірбіжигит”, “автоқұлып”, “мәндеден”, “жүн шөлкі”, “пірнәуәйт қылмайды”, “көбеңке” т.т.) өмір мен логика шындығына онша сәйкес келмейді.

г) Қазақ тілінің табиғатына тән қасиеттердің бірі салыстыру, теңеудің жиілігі мен бейнелілігі. Ежелден образды, бейнелі сөзге құмар қазақ бірді-бірге теңеп, әрдайым салыстырып отырады. Ауыз екі сөзде де, кітаби жазба тілінде де — дай, — дей, — тай, — тейі журналдарынан әрі-берідесін құлағың сарсып, көзің тұнады. Теңеу оралымдарын орысшаға жалғыз-ақ жол — “как”, “будто”, “словно”, “как будто”, “точно” сөздері арқылы жеткіземіз. Сондықтан да олар аударма тектінде әр сөйлем сайын дерлік кездесіп отырады. Мәселе тілдің кемшілігінде, я артықшылығында емес, тілдің өзіндік табиғи заңдылығында. Аудармашы бұл заңдылықты ескеріп, шама-шарқы келгенше балама іздегені жөн. Әйтсе-дағы аударма тәжірибесінде біздерді көбінесе қолдана-қолдана ақ қағаз бетін әбден жауыр қылған, бір шығармадан бір шығармаға үзбей көшіп жүретін ақпаптал теңеулер қинайды. Мәселен, түннің қараңғылығын айтса, қазақ міндетті түрде “тастай” дейді, айлы түннің жарықтығын суреттесе — “сүттей” дейді. Сол сияқты ұйқы “шайдай” ашылады, мидай жазық дала “мұхиттай” болып келеді, сұлудың шашы “мойылдай” я “көмірдей” қап-қара, аяқ-қолы “октаудай” түзу, күлкісі “күмістей”, “қоңыраудай” сыңғырлақ, мүйіз болса “қарағайдай”, жуан қол “келсаптай”, бұлт “түтілген түбіттей”, жуан қарын “қабақтай”, кішкентай атаулының бәрі “жұдырықтай”, “басбармақтай”, “шынашақтай”, “тығырықтай”, орамал, газет дегенің “етектей”, қыздар “қыр гүліндей” толықсиды, “талшыбықтай” майысады, дене “ақ сазандай” ойнап, бұлқынады, ал “қадалып” деген сөз болса, оның қасында сөзсіз түрде “тас кенедей”, “ұшып” болса, оның қасында “желдей”, “қалқыптың” қасында “қаздай” т.с.с. қосарланып жүреді.

Оқырман ғана болсам, әрине, мен де ондайға назар бөлмей көз жүгіртіп өте шығар едім, аудармашы болған соң еріксіз қиналасың. Қашанғы “темно, как в могиле”, “ширь, как море”, “величиной с мизинчик”, “впился, точно клещ”, “гибкая, словно тальник”, “несется, как ветер” деп жатасың. Орыс ағайындар әрі-беріден соң: “Мынаның одан басқа білері жоқ па?!” — деп қабақ шытуы мүмкін ғой. Әлде аудармашы өзінше тың теңеу іздеуге тиіс пе? Немесе әлгіндей мезі қылған теңеу атаулының бәріне қолды бір сілтеуі керек пе? Ғәп осында.

д) Шынайы творчествоның еркіндікке талпынатыны белгілі. Жазушының бірден-бір құралы — тіл де емін-еркіндікті, азаттықты қалайды. Бірақ азаттық алған тіл аяғынан тұсау алған ат емес, кең далаға бет ауған жаққа құйғытып шаба жөнелмейді. Тіл морфологиялық, орфографиялық, синтаксистік ережелерге бағынады. Қазақ прозаиктері осы ережелерді кейде мойындамай, стильдік-синтаксистік нормаларды белден басып, сөйлемді қалай болса солай құрай салады. Аударма үстінде қиюы кетіп, қисыны қашып, былқ-сылқ сөйлемдерді белгілі бір заңды қалыпқа иіп әкелемін деп әуре боласың — ол оныңа қонбейді. “Бұл не пәле?!” — деп ар жақ-бер жағына үңіле қарасаң, сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы бір-біріне мүлдем қабыспай, үйлеспей тұрғанын аңғарасың. Бастауыш ойға қарай тартса, баяндауыш қырға қарай тартып, дәл бір арбаға жеккен әлгі аққу, шортан, шаянның қылығына ұқсайды да шығады. Қәне, сен оны аударып қор!

## VII

Мені әрдайым ойландырып, кейде тіпті еріксіз күмән келтіріп, қобалжытып жүрген мәселе — сонау ерте заманның тірлігі тұяқ соңынан өтіп келе жатқан халықтың осыншама бай, бейнелі, тапқыр да оралымды, шешен тілінің орыс тіліне аударылғанда бояуы, әрі солып, көбінесе тұтығып, кекештене қалатыны несі?

Меніңше, бұның екі себебі бар. Біріншіден, орыс пен қазақ тілдерінің табиғатында әжептәуір ара-қашықтық, алшақтық, айырмашылық барын біліп-сезінген қайсыбір аудармашылар қазақ тілін мейлінше орыс тілінің ерекшеліктеріне, әбден қалыптасып қалған заңдылықтарына еріксіз иіп әкеліп бағындыру әрекетінде қазақ тілінің байырғы стихиялық көркем қасиеттері мен сөздік реңкінен айырып, аршып, жалаңаштап, ой-өрісін тарылтып.

жұтандатып, анайылатып алады. Әлбетте оны әдейі тұрпайылатып жібермейді. Сол қазақ сөзінің ішкі қуат, шымырлылығын, бейнелілігін, нәрі мен әрлілігін көрмейді, естімейді, сезінбейді. Сезіну үшін ол тілді аз да болса білу, түсіну керек. Ол жүректен кіріп бойыңды алуы керек қой. Әйтпесе, “Кермиығым, кербезім! Керіскендей шандозым. Құландай ашы дауыстым! Құлжадай айбар мүйіздім! Қырмызыдай ажарлым! Хиуадай базарлым!” – дегенді орысша қайтып жеткізесің? Немесе Әсет ақынның: “Шырқатып, шығандатып, шалықтатып, шапшытып, талықсытып, тамылжытып, орғытып, саңқылдатып, сар желгізіп, ұрынтып, өршелентіп, бәсендетіп, сергітіп, сумандатып, сексен ырғып, қырық қарғып, тоқсан толғап, бес өрлетіп”, – дегенін орысшаға қайтіп аударасыз? Абай сөзінің философиялық көп мағыналылығын, көркемдік астар мен қуаттылығын орысша қалай ғана бере аласыз? Сондықтан да әлсіздігін, білімсіз бейшаралығын мойындағысы келмеген кейбір аудармашылар: “бұл орысша шықпайды”, “орысша былай деуге болмайды”, “орыс оқушысы мұны түсінбейді” деген бір күмәнді қағиданы тауып алған да, байқауымша, қазақ прозаиктерінің біразын соған иландырған. Әрине, барлық тілде аударылмайтын сөздер, оралым-тіркестер, ұғымдар, образдар аз кездеспейді. Дей тұрсақ та, барлық ұлт әдебиеттері тек қана орыс оқырманының құлағына жағымды, үйреншікті, қалыптасқан дәстүрлі “орыс” ұғымының шеңберінен шықпау керек деген түсінік дұрыс бола қояр ма екен? Орыс тілі де әбден сіресіп, қатып қалған, жаңалық атаулыға үркектене қарайтын тіл емес қой. Оның үстіне қазіргі орыс тілі де тек орыс ұлтының тілі болмай қалды емес пе? Сол тілде әрбір ұлттың өзіндік сыбағасы бар емес пе? Оның да дәстүрлі тілдік қорын, ауқымын, стильдік-бейнелік шеңберін орысша жазатын Ш.Айтматов, Ю.Рытхэу, В.Санги, К.Икрамов, Т.Пулатов, Ф.Искандер, Т.Зульфикаров, ағайынды Ибрагимбековтер, Анар, Ч.Гусейнов, өзіміздің Ә.Әлімжанов, О.Сүлейменов, М.Жұмағұлов, Б.Момышұлы, С.Санбаевтар немесе басқа ұлттар тақырыбына жазған иә жазатын орыс қаламгерлері – В.Ян, С.Бородин, М.Шевердин, И.Калашников, М.Симашко біршама кеңейтіп, тереңдетіп, түрлендіріп, байытып, жаңа бояу, жаңа мағына, соны реңк беріп жүрген жоқ па? Ендеше “бұл орысша емес”, “орысша былай деуге болмайды” дегенге сақ қараған жөн.

Ал, осы мәселенің екінші бір жағы – қазақ прозаиктерінің өз шығармаларының орысша аудармаларына селсоқ, немқұрайды,

жауапсыз қарауы. Өз туындысының жолма-жол, иә көркем аудармасының басы-қасында отырып, бастан-аяқ қадағалап, мұқият қарап, мүмкіндігінше өзі де көмектесіп, ақыл-нұсқау беріп, аудармасы ұнамаған жағдайда, одан бас тартып, шығартпай қоятын қазақ прозашылары бізде некен-саяқ. Көбісі — жасы, кәрісі бар — “Әй, мейлі! Әйтеуір шықса — болды” — деп күні бұрын қолын сілтеп, барды қанағат тұтып, машақаты мол аударма тірлігінен бойын аулақ ұстап, жайбарақаттыққа салынып жүреді. Жазушының мұндай пиғылын байқаған, әбден “ауызданып” алған аудармашы да пәлендей талаптанбай шіп-шікі жолма-жол аударманы белінен басып, балталап, өзінің үйреншікті калыбына салып, уфит-суфиттеп, көзді ашып-жұмғанша тағы да бір ортақол “қотарманы” дүниеге келтіреді.

Менің топшылауымша қазіргі қазақ тіліндегі кемшіліктерге: көпсөзділік, бөспелік, лепірме ділмарлық, орысша қалыптасқан орамдар, русизмдер, салыстыру мен теңеулердің жиілігіне байланысты. Әлбетте тіл кемшіліктері бұл айтылғандармен шектеле қоймас. Бұл тек аударма барысында аудармашының көңілге түйгені ғана.

Творчестводағы асығыстық тілдегі шалағайлық пен салақтықты менің жазушы достарымның біразы ашық мойындайды. “Сиясы кеппей тұрып, қолжазбаны баспаға өткізе саламыз”, — деді бірде ойын-шыны аралас бір прозаник. Енді бірі жайбарақат күрсініп қойып, өзін-өзі жұбатқан болды: “Түбінде қартайып, пенсияға аман-есен шыққаннан соң, кітаптарымның тілін-стилін бір қарап шығармын. Әзірше оқушы қауым осыны лаждай тұрар”. Кейде мынандай да жағдайға тап боласын. Жазушы шығармасын аудармашыға ұсынып тұрып: “Сен енді, айналайын, жаныңды салып... былай... дұрыстанқырап, қанатын жайыңқырап, бояуын қоюландырып, ажарландырып аудар”, — деп тілек білдіреді. Мұндайда, әрине, жымиясың да қоясың. Шынында да “қанатын жайыңқырап аудар” дегенді қайтіп түсінеміз? Аудармашы барды ғана аудармай ма? Жоқты қайтіп аударасың? Жоққа жүйрік жете ме? “Қанатын жайыңқырап аудару да” сол көзбояушылықтың бір түрі емес пе?

Сайып келгенде мұның барлығы негізсіз, құр бекер, бос әңгіме. Дегенмен, Расул Ғамзатовтың: “Өзің дарынсыз болсаң, аудармашы саған талант қосып бере алмайды”, — деген пікірін еске сала кетсек артық емес.

Журналист Ф.Фахрутдинов “Просторда” (№8, 1983 жыл) жарияланған хатында орыс тілінде баламасы жоқ қазақ сөздерінің әр түрлі жазылып, түрліше түсіндіріліп жүргенін айтады. Мысалы, шаңырақ, насыбай, қазы тағы сондай сөздер көбінесе әр мағнада түсіндіріледі. Мәселен, “Қоржын” орысша — қоржын, қоржун, хорджун, хурджун деп төрт түрлі жазылып жүр. Мұндай атауларды бірізге салып, тұрақты емле ережесіне үйлестіру кезеңі әлдеқашан-ақ келген сияқты. Менің ойымша:

а) Қазақтың айран, қымыз, қазан, ауыл, шапан типтес сөздерін әр кітап, әр шығарма сайын түсіндіріп жатудың реті жоқ.

б) Мән-мағынасы контекстен-ақ белгілі болып тұрған сөздерге де балама іздеп, әуре болудың жолы жоқ.

в) термин, реалий дегендеріңіз тілде көбінесе бір мағыналы болып келеді. Бірақ қырсыққанда қазақтың өзіндік сөздері де көп мағынаға ие. Мәселен, “шаңырақ” орысшаға әр түрлі аударылып жүр деп Ф.Фахрутдинов жолдас ренжиді. Ал енді сол шаңырағыңыздың өзі әр мағынада қолданылса не амал бар? Сөйлемдегі орны, мағынасына қарай ол орыстың бірде “основа юрты”, бірде “потолочный круг”, бірде “дымовое отверстие”, бірде “кольцо, соединяющее ууки”, енді бірде “купол”, “очаг”, “священный кров”, “дом”, “опора”, “святыня” деген ұғымдардың бәріне пара-пар. Аудармашының мұндай жағдайда сөздің ішкі нәзік сырын дұрыс аңғарып, дәл жеткізуі қажет.

Ал, енді осы айтылған мәселелердің соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тіліне қатысы қандай? Көркем аудармамен көркем тіл бір-біріне тікелей қатысты емес пе? Абай айтатын “дерт” аударма өнеріне де тән емес пе? Ендеше аудармашылар “дертке тым жиі шалдығып”, ауырдың үсті, жеңілдің астымен кетіп жүрген жоқ па? Ал, бұл неліктен? Аударма өнеріне көңіл толмай қомсынудан туа ма, әлде өз өнері олқылау соғып жата ма? Бұл да осы тұста ортаға салып, ойласар бір гәп...

## VIII

Ұзаққа созған ойымызды қорыта келе айтарымыз — қазақтың кара сөзінде түп жоқ, оралымдылығы өз алдына, мейлінше сырлы, бейнелі, бай. Қазақ тілінің байлық қоры халықтың ежелден бермен тірлігіне талшық етіп келе жатқан ата кәсібінің харакетіне, дүниетанымына, болмыс-тірлігіне, мәдениет-тарихына, салт-санасына тікелей байланысты. Қазақ “Жол атасы — із” деген ғой, соның ақиқат шындығына біз кәдімгідей иланамыз, күптаймыз, сол сияқты

әрбір ұлттық тілдің түп атасы — сол ұлттың ата кәсібiнен туындап шығатыны тiптен айдан анық. Ендеше әрбір халықтың өсiп-өнген географиялық ортасы мен ата кәсiбi сайып келгенде сол халықтың тiлiн екi жақтап қолдасып дамытатын, ол — ол ма, оған ұлттық сипат, ажар, көрiк берiп, сұңғыланып қалыптасуына бiрден-бiр ықпалын тигiзетiн, кемелдендiре түсетiн екi арна есептi.

Тек мен байқап жүретiн бiр нәрсе... осындай оралымды бай тiлге кей-кейде қайсыбiр көлденең кiсiлердiң ернiнiң емеурiнiнен шүбәлана, сенiмсiздене қарайтынын аңғарып қаламын. Әрине, жұрттың аузына қақпақ болу қиын. Сүйтседағы сондай күдiк неге туады? Неден туады?

Менiңше бұған жалғыз жауап бар: бiлмеуден, бiлiмсiздiктен.

Қисынын тауып, сөйлете бiлген жағдайда қазақтың қара сөзi қазiргi кемелдеп шарықтау шегiне жеткен ойлы да сезiмтал прозаның небiр психологиялық нәзiк нiрiмдерiн, адам жан дүниесiнiң қатпар-қатпар астарларын, табиғат көрiнiстерiн дүнге жүзiлiк алдыңғы қатарлы әдебиет дәрежесiнен бiр де кем түсiрмей, тамаша бере алатынын атақты қазақ жазушыларының шығармаларынан көруге болады. Әттең қазақ әдеби тiлiн — тағы да айтамын — орнын тауып, сөйлете бiлсең, несiн айтасың, бұл бiр адам жанына жол тапқыш тiл ғой. Бұл мұнаяды, налиды, жылайды, жүрек жара күрсiнедi, бұл жұбатады, шаттандыра да алады. Сөз жарықтық та адам iспеттес. Оның да жаны бар. *Тiптi нәзiк жанды. Ел-жұрт болып, алақанда мәпелеп ұстаған қыз бала сияқты халық болған халықтың бойындағы рухани күдiрет күштiң, қуаттың бiрден бiр айғағы болып танылатын тiл байлығына әсiресе ақын, жазушылардың немқұрайды, салақ қарауы, оны жәбiрлеп, кемсiтiп, қорлау — обал-ақ! Иә, айып, қылмыс десе де болады.*

*Тамаша аудармашы — германист марқұм. Лев Гинзбург өзiнiң өмiрiнiң ақырғы шағында аяқтаған эссе-романында былай деген болатын: “Сөздi де тiрi адамдай тепкiлеп, азаптап, мертiктiрiп жарымжан қылатын ноқайлар табылады. Сөз өлтiредi деймiз. Сөздi де өлтiретiндер болады”.*

Мұнан артық не десiн! Мұны әдебиетке қатысы бар, әрбiр көзi ашық, көңiлiнде саңлауы бар сауатты адам (жазушы да, әлбетте, сауаттылардың санатында) қаперiне қатты сақтағаны жөн ғой деп бiлемiз.

1984 ж.



# ГЕТЕ МЕН АБАҰ

эссе

*Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.*

Абай

Мен өзімді кейде Абайды түсініп-түйсінетін деңгейге жақындап жүргендей сезінемін. Бұл жерде мәселе әлбетте “мен” есімдігінде емес, “түсініп-түйсінетін” деген тіркесте болып отыр.

Бәлкім, қателесуім мүмкін, бірақ бұл сөзімде астамшылық нышаны жоқ. Әйтеуір маған солай көрінеді.

Сірә, творчество атаулының қадір-қасиетін ақылмен танып, салқын санамен түсінуден гөрі, көңілмен ұғып, ыстық жүреппен түйсіну әлдеқайда маңыздырақ болса керек. Шынында да, есі түзу адамның біраз нәрсені пайымдап, танып білуі әбден заңды. Бірақ, соны күллі жан-дүниенің елегінен өткізіп барып қабылдау — оп-оңай шаруа емес. Бұл да дарын іспеттес, яки шынайы махаббат секілді сирек ұшырасатын қабілет. Мұндай қабілет біреуде — бар, біреуде — жоқ екені белгілі. Ал, жоққа жүйрік жетпейді.

Бұл жөнінде Абайдың өзінен асырып айту қиын:

Ақылмен ойлап білген сөз

Бойыңа жүқпай, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар!

Бұл ойдың сыбағалы салмағы “жүрек” деген сөзге түсіп тұр.

Немістің ұлы ақыны Гете де осы Herz — жүрек деген сөзді әрқилы мағынада өте-мөте жиі қолданған. “Жүрек” — Абай творчивостыңда да көп айтылатын, ең сүйікті, әмбебап образдардың бірі.

Мұның бәрі, әрине, кездейсоқ құбылыс емес. Демек, ақыл-оймен болжап білген сөзден гөрі, жүректің өзіне жетіп жатқан сөз қымбат. Жүрекке жеткен ол сөздің аты — поэзия!

Менің Абайды тануым Гетені түсінуден басталуға тиіс сықылды

еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ аулында өстім дегенмен, неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен әуелі Абай арқылы Гетені таптым. Бұл әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гетенің әйгілі “Жолаушының түнгі жыры” атты өлеңін мен әуелі Абайдың “Қараңғы түнде тау қалғып” деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың “Тау шыңдары” арқылы бойыма сіңіріппін.

Қалай десек те, танып-білудің жолы кейде осылай иір-шиыр болады екен...

\* \* \*

Менің тағы бір таң қалатын нәрсем — біздің беделді де білімдар әдебиет зерттеушілеріміздің осы кезге дейін “Гете мен Абай” тақырыбына назар аудармауы. Қателеспесем, бұл тақырып зерттелмек түгілі, тіпті әлі күнге дейін баспа бетінде әңгіме болған емес. Ұлы адамдардың, оның ішінде әр халықтың дана ақындарының арасында рухани жақындықтың, рухани тамырластықтың, тіпті туыскандықтың бары анық болса, сол жақындық, сол туыстық Гете мен Абай творчествосында айрықша айқын білінеді. Әр түрлі тарихи-географиялық ортада, әр түрлі қоғамдық формация мен тарихи кезеңдерде, тіл мен әдеби дәстүрі бір-бірімен мүлдем алшақ жағдайда өмір сүргендеріне қарамастан, Гете мен Абай тағдырында, дүниетанымдарында, ізденістерінде, адамгершілік ынта-талабында, ұлттық мәдениетті дамытып, ұлттық сана-сезімді ояту бағытындағы орасан еңбектерінде үндес, сарындас әуендер жиі кездеседі. Екі ұлы ақынның творчестволық үндестігі мені сонау студент кезімнен қызықтырып, толғандырып жүр. Сол үндестіктің философиялық, эстетикалық, тарихи-қоғамдық заңдылығы мен астары бар екенін көмескілеу болса да сеземін. Гетенің “Жолаушының түнгі жыры” негізінде туындаған Лермонтовтың “Тау шыңдары” мен Абайдың “Қараңғы түнде тау қалғып” өлеңдерінің үндес әуендерін мен кезінде біраз зерттеп, ол жайында үлкенді-кішілі мақала, эссе, әңгіме жазғанмын. Зерттеу барысында жұрттың бәріне мәлім небәрі сегіз жолдық миниатюраның түп-тамыры көне грек ақыны Алкманға барып тірелетініне көзім жетті. Осы бір ғана қызықты деректің төңірегіндегі ойларым мен топшылауымды бірер жыл бұрын шыққан “Үндестік” /орысшасы “Созвучие”/

атты кітапшамда білдірген болатынмын. Бұл арада, бірақ, мен “Жолаушының түнгі жыры” жайында емес, мүмкіндігімше Гете мен Абай творчествосындағы үндестіктің әрқилылығы, поэтикалық рухтың сарындастығы жайында әңгіме қозғамақпын. Гететанушы да, Абайтанушы да емес екенімді, әрине, жақсы түсінемін, бірақ. Абай атамыздың “Болмасаң да ұқсап бақ” деген қағидасы кейде нар тәуекелге итермелемей ме?..

\* \* \*

Гете мен Абай. Мәселені дәл осылай төтелеп қою жөн бе? Екі ақынды қатарластыра атауда ең алдымен қандай қисын бар? Мұның өзі зорлап қиюластырған субъективті пікірге ұқсамай ма? Немістер айтпақшы: “шашынан сүйреп шығарудың” өзі емес пе?

Иә, осындай сұрақтардың туындайтыны даусыз. Әрине, екеуі де — ұлы ақын. Ұлттық данагөйлер. Бірақ екеуін қатар қойып зерттеу үшін мұндай оңай анықтама жеткілікті болар ма екен? Әлбетте, біз білетін қазіргі модерншіл әдебиетте уақыт пен кеністік фантастикалық заңдылыққа сәйкес оп-оңай орын ауыстырып, алмасып жүре бермекші. Тіпті әдебиеттану ғылымында осындай ұғымды білдіретін термин де — диахрония — ойлап табылған. Мысалы, Анна Зегерстің “Жол үстіндегі кездесу” атты новелласында автордың қалауымен әр заманда өмір кешкен Гоголь, Гофман, Кафка үшеуі Прага кафеcінде бас қосып, сұқбат кұрып отырады. Әрине, мұның бәрі көркемдік тәсіл екені белгілі.

Сол сияқты, егер көркемдік қиялдың күшімен Гете мен Абайды бір дастарқан басында кездестіретін болса, бұлардың бір-біріне айтары аз уақыттың ішінде таусылып бітпес еді деп ойлаймын. Зегерстің новелласында суреттелетін үш мықтыға қарағанда, неміс ақыны мен қазақ ақынын туыстыратын ұқсас жайларды бәлкім көбірек ұшырастырар ма едік... Бірақ біз бұл арада қиял жетегінде кетпей-ақ, реализм әдісін мықтап ұстансақ та, дүниетаным үндестігі, поэзия міндеттерін ұғыну, музалардың өзара тілдесуі төңірегінен де талай қызықты құбылыстарды аңғаратынымыз ақиқат.

Иоганн Вольфганг Гете атын атағаннан-ақ алуан сырлы атаулар тізбегі, сол заманды марапаттап айқындайтын символдық белгілер көкірегіңізде ояна кетеді. “Ұлы неміс”. “Таңғажайып

талант”. /Ф.Энгельс/. Алып ойшыл. Адам баласы көркемдік ойының асқар тауы. Неміс романтиктері. Неміс философтары. Гегель. Кант. Шиллер. “Фауст”. Ақыл-ойдың соңғы байлауындай естілетін: “Кім табандап күн құрғатпай күрессе, бақытты еркін өмір соның сыбағасы болмақ”. Сонсоң: күдіретті Гете көзі тірісінің өзінде бүкіл Европа елдеріне танылып, көзі тірісінде талай томдық кітаптары дүркін-дүркін басылып шыққан.

Ал, Абай атын айтсақ, әлгіндей асқақ ассоциативті заман сипаттары сырт көзге әлдеқайда жұпынылау, қораштау болып шығар еді. Үйреншікті сыртекі ұғыммен қарасақ, сол баяғы ұшы-қиырсыз сары дала... ат тұяғының дүбірі... домбыраның тыңқылы... рулық таластар... барымта... халықтың ән-күйлері... аузымен орақ орган шешендер... патриархалдық қоғам... т.т. елестер еді. Даланың қырыққа жаңа келген ұлы ақыны: “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” деп, немесе: “Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық” деп текке күрсінбеген ғой. Осындай ақынның кітабын өзі өлген соң бес жылдан кейін ғана баспадан шығыпты.

Сонымен екі ақын өмір сүрген уақыт басқа, заман басқа, заң басқа. Тарихи тәжірибе, әлеуметтік орта, өсу-өркендеу сатысы – бәрі-бәрі бір-біріне ұқсамайды.

Абырой-атақ қызығына қарық болып, Гете қартайып қайтыс болғанда Абай дүниеге әлі келген жоқ еді. Гетенің қазақ даласындағы замандастары – жан алдында қасқайып шындық сөзді айта білген Бұқар жырау, Күлеке ұлы Шал ақын еді. Шортанбай, Дулат, Махамбет жас жағынан Гетеден көп кіші болды.

Ал, сонда Гете мен Абайды жұптастырып жатқан кеген жіп қайсы? Жұптастырған ғана емес, екі халықтың данышпан перзенттерін бауырластырып жатқан ортақ сипаттар шынында да аз емес.

“Театрдағы прологта” /“Фауст” трагедиясы/ Ақын былай демеуші ме еді:

*Жоқ, асықпай жетіліп жылдар бойы,  
Саф алтындай сомдалып, піссін ойың.  
Сыртын емес, сөзіңнің түзе сырын,  
Кейінгіге мұра боп қалсын жырың!*

*/М.Құрманов аудармасы/*

Абай да “Көкірегінде оты бар ойлы адамға” сөз арнап, “әр сөзін бір ойланып, салмақтануға” шақырады, өйткені “жүрекке

жылы тиіп” ой қозғайтын, “іші алтын, сырты күміс сөз жақсының” қадірін жоғары бағалайды. Гете мен Абайдың ақылымен жүрер болсақ, дәл осылай – сырты жылтыраған арзанға қызықпай, іші мағыналы қымбаттың сырына үңілсек қана ақиқатқа қолымыз жетпек. Екі ұлы ақынды жалғастыратын философиялық-эстетикалық безбенді де осы төңіректен іздеуіміз керек.

Мәдени, әдеби қарым-қатынас пен байланыстардың көп қырлы, көп мағыналы болып келетіні белгілі. Ондай байланыстар кейде сырттай қарағанда бір-бірінен алшақ құбылыстардың арасында да кездеседі. Мәселе тек сол сыры мол тақырыптық, идеялық-көркемдік, философиялық байланыстардың қырларын жан-жақты байқай, іждағатты анықтауда болып отыр. Академик В.М.Жирмунский шотландықтардың “Эдвард” балладасы мен қазақтың әйгілі эпосы “Қозы Көрпеш – Баян сұлудың” арасындағы ұқсас әуендердің барлығын дәлелдеген жоқ па еді!? Сол сияқты, әр халықтың батырлық эпостарындағы Зигфрид, Ахилла, Исфендиар /Фирдоусидің “Шахнамасынан”/, Алпамыстардың ортақ қасиетке /“мотив неуязвимости”/ не екенін жіті байқап ашқан да осы – В.М.Жирмунский. Белгілі германист Н.Н.Вильмонт өзінің “Достоевский мен Шиллер” атты көлемді зерттеу кітабында да немістің ұлы романтик ақыны мен орыстың ұлы реалист жазушысының арасындағы көптеген философиялық, моральды-этикалық, эстетикалық, психологиялық, идеялық, көркемдік сәйкестіктердің, параллельдердің, ортақ ізденістердің барлығын нақты мысалдармен жүйелі түрде терең ашады. Вильмонттың пікірі бойынша тіпті Данте мен Достоевский творчествосында да әдеби-философиялық параллельдер кездеседі, өйткені Достоевский романдарында “Данте тақырыбы” – адам рухының күйреуі мен қайта туындауы әңгіме болады. Әдебиеттену саласында мұндай мысалдарды көптеп табуға болады. Менің бұл жердегі айтпағым: “Гете мен Абай” тақырыбына да дәл осындай философиялық-эстетикалық үлкен мақсат, биік тұрғыдан барған жөн.

Абайдың “жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын” /М.Әуезов/ білсек, сол саланың бірі – қазақ ақынының Европа мәдениетімен сан түрлі байланысы осы кезге дейін түбегейлі зерттелген жоқ. Меніңше, мұндай зерттеуді Гете мен Абайдың рухани байланыстарынан бастаған абзал.

Иоганн Вольфганг Гетенің Абайдан бұрын өмір сүргенін жоғарыда айттық. Гете, әрине, қазақ фольклорының өнегелерімен таныс емес еді. Бірақ, ол Шығыс поэзиясының жарқылдаған ою-өрнекке, жанып-күйген сезімге, философиялық ықылымға толы нұсқаларын недәуір білген. “Батыс-Шығыс диваны” аталатын – махаббат пен сұлулық гимніне, адамшылық асыл мұраттардың катехисисіне айналған бірнеше циклдан тұратын көлемді шығармасы соның айғағы. “Ақынды танып-білу үшін оның ел-жұртын көріп, тану керек” деген поэтикалық дүниетанымның қағидасына айналған әйгілі сөзді Гете осы шығармасында жария еткен. “Күдіретті Шығыс! Күдіретті Батыс!” деп, дүниенің ажырамас бірлігін паш еткен.

Ал Абай Гетені оқып білген бе? Абай өлеңдерінен, қара сөздерінен Гетенің атын кездестірмейміз. Замандастары айтқан азды-көпті естеліктерде де ондай деректер жоқ. Бірақ Абайдың Гетені білгенін анықтайтын қосалқы мәліметтер аз емес. Солардың кейбіреулерін еске салайық.

Абайдың Пушкинді, Лермонтовты, Гогольді, Тургеневті, Л.Толстойды, Салтыков-Щедринді, Белинскийді, Чернышевскийді, Добролюбовты, Писаревті қадағалап, іждағатты оқығаны мәлім. Ал олардың еңбектерінде ұлы неміс ақынының аты жиі айтылады. Олар Гетені уағыздаған, аударған, талдап-талқылаған, мадақтаған, не керісінше, айтысып, әшкерелеген. Мұның бәрін Абай байқамады деу мүмкін емес.

Бүкіл ХІХ ғасыр бойына Гете шығармалары орыс тіліне аударылып, көптеген журналдарда /“Современник”, “Отечественные записки”, “Вестник Европы”, “Сын Отечества”, “Русская мысль” т.т./ жарияланып жүрді. Өткен ғасырдың 80-90 жылдарында Абай Пушкинді, Лермонтовты, Қрыловты қазақ тіліне ерекше құштарлықпен, қызыға аударды. Ол тұста орыс журналдарында Гетенің өмірбаяны, творчествосы жайында сансыз мақала, неміс ақынын орыс тілінде сөйлеткен Губер, Струговщиков, Вронченко, Вейнберг, Феттердің тәржімелеріне рецензиялар басылды. Гетенің шығармалар жинағы шықты. 1891 жылы Гете өмірінің соңғы жылдары жайында Эккерманның естелік кітабы Д.П.Аверкиев аудармасында жарық көрді. Осы аталған

кітап, журналдардың барлығы бірдей Семейдегі Гоголь атындағы қалалық кітапханасының белсенді оқушысы Абайдың назарынан тыс қалған жоқ шығар. Ендеше, Абайдың Гетені аттап өтуі мүмкін бе?

Абай ғылымның әр саласынан хабардар болып, тарихты, философияны, экономиканы зерттеп оқыған. Платон, Спэнсер, Спиноза еңбектерімен танысқан. Америка саяхатшысы Джордж Кэннан Абайдың тіпті Д.Милль, Г.Бокль, Дж.В.Дрэпер еңбектерімен танысып, батыс Европа философиясына ынта қойғанын жазыпты. Дрэпердің “Европадағы қоғамдық ой-сананың даму тарихын” оқыған Абай Гетеден хабарсыз болды деу ақылға сыймайтын сияқты.

Абайдың ең жақын достары Евгений Петрович Михаэлис пен Александр Львович Блек — орыс арасына сіңіп кеткен немістер еді. Абай мен Михаэлис арасындағы қалтқысыз достық жиырма жылға созылды. Блек болса, 1883-84 жылдары Семейде айдауда жүріп, Абайдың өзі мүше болған Статистика комитетінде қызмет істейді, қалада музей, кітапхана ұйымдастыруға қатысады. Блек әрі Москвадағы “Аудармашылар мен баспагерлер қоғамымен” қарым-қатынаста болған. Михаэлис пен Блектің орыс классиктерін қазақ тілінде сөйлетіп жүрген Абай мен Гете туралы сұқбаттаспауы тағы мүмкін емес.

Сол сияқты Пушкиннің “Сцена из Фауста” деген шығармасы Абайдың көзіне түспеуі мүмкін бе?

Гетенің “Жолаушының түнгі жырын” Лермонтов аудармасы арқылы қазақшалаған Абай орыс ақынының барлық кітаптарында көрсетілген “Гетеден” деген сөзге мән бермеді дейсіз бе?

Рас, Гетенің аты Абай шығармаларында кездеспейді. Бірақ онда тұрған не бар? Мәселен, “Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға” деген Абай аудармасының түп-төркіні Шиллер өлеңі екені белгілі. Ал, Абай шығармаларында Шиллердің аты аталынбайды. “Көңілім менің қараңғы, бүлбүл ақын!” өлеңінің түп-төркіні — Байрон. Абайда оның да атын кездестірмейсіз. “Қара сөздеріне” қарағанда, Абай Монтеньді де білген. Шығармаларында бірақ Монтеньнің аты жоқ. Гете де солай.

Қалай дегенмен, Абайдың Гете жайында хабарсыз болуы көңілге қонбайды.

Базбір білгіштер: “Ау, жүз том еңбек жазған Гетені небәрі екі томдық мұра қалдырған Абаймен салыстыру артықтау емес пе?” деп қыршаңқы сауал қоюы мүмкін.

Артық емес!

Біріншіден, екі халықтың екі алабын теңдестіріп, теңдестіріп жатқан ешкім жоқ. Әр тау өзінше биік, өзінше көркем көрінбек. Екіншіден, рухани байлықтың құны еш уақытта көлеммен белгіленбейді. Өйткені көркем әдебиетте, жалпы творчество атаулыда сан әрдайым сапаға ауыспайды. Мәселе сөздің көптігінде емес – сыбағалы салмағында. Осы тұрғыдан қарасақ, Абай, сөз жоқ, өлеңнің қадір-қасиетін терең түсінген алып ақын. Абай поэзиясы – шексіз-шетсіз жатқан сұлу әлем. Оның әр жолын оқып шыққанда, дүние сырына қанығып, ойға – ой, сезімге – сезім қосасыз. Кейбір кіп-кішкене миниатюраның өзі тұтас бір философиялық-көркемдік жүйені аңғартып отырады. Абай жайында жақсы кітап жазған Т.Әлімқұловтың /“Жұмбақ жан”/ “Абайдың әр өлеңі кітапша болмаса да, дербес мақала жазуға тұрады” деуінде артықшылық жоқ. Шыны сол! Абайдың, айталық, “Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма” өлеңі бір кітаптың жүгін көтеріп тұрған жоқ па? Немесе “Тоты құс түсті көбелекті” еске түсірейікші. Соңғы төрт жолда қаншама мағына, қаншама философиялық ой, түйін жатыр!

*Әркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек!*

Қалай? Гегельдің диалектикалық қағидаларындай әсер етпей ме?

Абай сөзінің шымырлығы, қуаттылығы, бейнелілігі, көп мағыналылығы шынында да таңқаларлық. Абай өлеңдерінің орысшаға аударылғанда өзінің көркемдік деңгейінде шықпай жатуының бір себебі де осы қасиеті болса керек. Абайдың кез келген бір жолын орысшаға аударып көріңізші. Аударма алмайсыз! Әлденеше вариант жасап, түсініктеме, сілтеменің көмегімен мән-мағынасын әзер түсіндіресіз. Мысалы:



*Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?*

Бір қарағанда бәрі де түсінікті сияқты. Ал, енді орысшалаңыз-шы. Ай, қиын-ау!

Немесе, екі ғана сөз — “бойы бұлған” дегенді орысша қайтіп бересіз? Бір академик “хвастун” депті. Ал, шынында, бір “бойы бұлғанды” орыс тіліндегі “гуляка”, “праздно шатающийся”, “воображуля”, “нарядно одетый”, “выхваляющийся”, “бездельник”, “спесивый”, “пустопляс” сықылды сөздердің бәрі қосылып, мағынасын бере алмайды.

Абай сөзінің салмағы дегенде мен оның осы қасиетін айтамын.

Мұның барлығын мына жағдайға байланысты айтып отырмыз. Гетенің ұғымында, көркем творчествода рухани өнімділік деген болады. Сол рухани өнімділіктің шығармалардың санына, көптігіне еш байланысы жоқ. Бір-екі үздік шығарма қалдырған жазушы рухани өнімді болуы мүмкін де, жүз том кітап қалдырған “жазғыш” рухани өнімсіз саналуы әбден ықтимал. Рухани өнімді талант — шын бақытты. Сол рухани өнімділіктің шырқау биігіне жеткен даналар — Рафаэль, Моцарт, Шекспир, Гетенің пікірінше, рухани өнімділік — мәңгілік деген ұғымға пара-пар. Абай:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған? — дегенде де осы бір ойды мегземей ме? Меніңше, Абайдың екі томдық мұрасы Гете айтқан рухани өнімділіктің куәсі бола алады. Рухани өнімділіктің шырқау биігі Абайға да тән. Шығармаларының мәңгілігі де осында. Демек, осы тұрғыдан қарағанда, Гете мен Абайды қатар қойып зерттеуде ешбір артықшылық жоқ.

\* \* \*

Ал енді Гете мен Абайдың генезисіне назар аударып көрейік. Бұл жерден де біраз ұқсастық пен үндестік табамыз. Өйткені даналар дүниеге кездейсоқ келе бермейді екен. Қауым атаулының қажетімен даналар тумаушы ма еді? Белинский өзінің “Александр

Пушкиннің шығармалары” атты еңбегінде: “Адамды табиғат жаратқанмен, оны өсіріп, тәрбиелейтін – қоғам”, – деп тектен тек жазбаған.

Гете 1749 жылы алауыздық пен алакөздіктен әбден жүйкесі тозған, жеке князьдіктер арасындағы соғыстар сорын қайнатқан Германияның меңіреу бір түкпірінде дүниеге келіпті. Бұл Германияда феодализм үстемдік құрған қапас заман еді. Надандық пен қараңғылыққа қаны қас жас Гете Италияға қашып кетеді. Өзара қырық пышақ болып қырқысып жатқан елін тастап, жат жерді мекендеген ақын енді гректің ежелгі миф-аңыздарын, тарихи шежірелерін оқып зерттейді. Өз бойындағы қажыр-қайратты тежеп, тұрпайы тұрмыс-тіршіліктен безінеді, Innerlichkeit – жан тыныштығын іздеп, ішкі жан-дүниенің рақатын көксейді.

Бірақ мұның бәрі бос қиял, өнімсіз әрекет еді.

Абай болса, 1845 жылы феодалды-патриархалды ортада дүниеге келеді. Мешеу дала. Өзге рухани әлемдерден оқшау тұрған ескі тұрмыс. Ақ патша үкіметінің отаршылдық саясаты. Зар заман жырлары. Қітаби сөз. Орыс демократиялық мәдениетінің алғашқы лебі. Даланың о шеті мен бұл шетіне көшіп-қонған ауылдар. Рулық айтыс-тартыстар, феодалдық қақтығыстар. Осының бәрі қиялшыл бала көкірегіне сәулесін түсіріп, көңілін күпті қылмақ. Осы ортадан алысқа кеткісі келеді. Бірақ қайда бармақ? Көңілге жұбанышты қайдан таппақ? Семейдің діни медресесінен бе?

*Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Науаи, Сағди, Фирдауси,  
Қржа Хафиз – бу һәммәси  
Медет бер шагири фәрияд! –*

деп Шығыс ақындарының әруағына снынып, көңілге медеуді сол жақтан іздейді.

Жас Гете де, жас Абай да өз пешенелеріне жазылған тағдыр үлесінен, әрине, хабарсыз еді.

“Гетенің әкесі Франкфурт қаласындағы империялық кеңесші еді, әрі сол жердегі тұрмысы оңды буржуа болатын. Өзі есебінен жаңылуды білмейтін парасатты, байсалды адам, екінші жағынан Германияда кеңінен тараған бюргер-формалист қауымының нағыз адал өкіліне жататын”, – деп жазады А.Шахов /“Гете және оның заманы”, 1908 ж., 33-бет./

Гетенің әкесі жан-жақты сипаттайтын осы сөздерді оқып отырғанда, біздің есімізге – алыстағы қазақ даласын жайлаған,

Шыңғыстаудың стегінде бүкіл өмірін өткерген Құнанбай түседі. Абайдың әкесі Құнанбай да, Әуезовтің суреттеуінше, ақыл-парасаты, амал-айласы бір басына жетіп жатқан жуан феодалдың өзі болған.

Гетенің шешесі Катарина Элизабет Текстор, замандастарының айтуына қарағанда, аса мейірімді, ақкөңіл кісі екен. Оның үлкен ұлы Гете ақындық талантын анасынан дарыған деп біледі. Гетенің “Қайран шешем” аталатын өлеңі ананы қадір тұтып, өле-өлгенше сыйлап өтудің өнегесін танытады.

Абайдың шешесі Ұлжанда айналасына қадірі өткен, парасатты, орнықты адам болған. Шынжыр балақ, шұбар төс Құнанбайдың өзі осы бәйбішесінің қабағына қарап отырған. Ұлжан өзінің сүйікті ұлы Абайдан бар мейірім-шапқатын аяп қалмаса керек. Абай кейініректе:

*Атадан алтау,  
Анадан төртеу —  
Жалғыздық көрер жерім жоқ, —*

деп жазса, ақынның өстіп жалғыздық көрмеуіне септігін тигізген ең жақын адамының бірі — анасы Ұлжан болса керек.

Гете жоқшылық көрмей, жасында қамсыз-мұңсыз өскен. Тіпті кейініректе зор байлыққа, зор мансапқа да қолы жеткен. Байлық пен мансапқа немқұрайды қараған адам болғанмен, тұрмыс тапшылығынан бойын аулақ ұстап жүрген.

Абай да жоқшылық көрмей, жасында қамсыз-мұңсыз өскен. Далалық өлшеммен қарағанда, алдында — мал, үстінде — ақ отау, дастарқаны молшылық еді. Бірақ ол айналасындағы елдің кедейшілік, кембағалдық тұрмысына жаны ашып, солардың сойылын соғып, сөзін сөйлеуді өмірлік мұратына айналдырды.

Франкфурт қаласының империялық кеңесшісі өз ұлы Иоганды 1772 жылы көктемде Ветцлерге оқуға аттандырғанда, әрине, ақын болып қайту үшін жіберген жоқ еді. Әкесі Гетені болашақта заң қызметіндегі төре болады деп үміт етеді.

Дала билеушісі Құнанбай да баласын ақындық жолға дайындаған жоқ. Ол Абайды рулық дәстүрлерді жетік білетін ел билеушісі, өзінің адал мұрагері болады деп есептеді. Ол Абайды Семейдегі діни медресеге оқуға аттандырғанда, ісләм заңдарын үйреніп қайтқан баласын кейін қалың бұқараны басқару ісінде қолғанат, көмекші болады деп ойлады.

Ветцлерге оқуға барған жас Гетенің империя заңдарын

оқып үйренуге құлқы болмай, ақындар творчествосын зерттеуге кіріседі.

Семейге оқуға барған жас Абай діни оқуға құмбыл кірісіп кетудің орнына, молдалардан жасырынып жүріп, орыс тілін, орыс жазуын үйренеді. Шығыс ақындары творчествосын зерттеуге кіріседі.

Гете Ветцлерге көп аялдаған жоқ.

Абай Семейде үш-ақ жыл оқиды.

Гетенің бүкіл өмірі ауыр еңбекке, күреске, рухани ізденіске бағышталған еді.

Абайдың да бүкіл өмірі ауыр еңбекке, арпалысқа, рухани ізденіске толы болды. Дала билеушісінің ұлы жасынан арзан қызық, оңай атақ іздеп көрген жоқ. Қырыққа келген ақынның көкірегі уайымға тұнып тұр. Мыңмен жалғыз алысқан дананың өмірі трагедияға кенде емес.

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,*

*Алдамаған кім қалды тірі жанда, –*

дейді Абай. Ағайыны көп, руласы жеткілікті, өзі Құнанбай баласы бола тұрып:

*Ағайын бек көп,*

*Айтамын ептеп,*

*Сөзімді ұғар елім жоқ, –* дейді Абай.

Ал неміс ақыны Гете өзінің хатшысы Эккерманға бірде былай дейді: “Мені жұрт жолы болғыштың өзі болды деп ойлайды. Әрине, менің тағдырға, өмірге өкпем жоқ. Бірақ мен өмір бойы ауыр бейнеттен арылмай келемін, тіпті осы жетпіс бес жыл ішінде бір ай жан рақатын көрмеппін. Қаншама күш жұмсап бақсам да, ауыр жартасты орнынан қозғай алмаппын”.

*Баяғы жартас – бір жартас,*

*Қаңқ етер, түкті байқамас! –*

деген Абай сөзімен үндесе айтылған пікір емес пе бұл?

Гете болса:

*Біреуге ұнау үшін жыр жазбаймын,*

*Өнеге іздеп тапсаң болғаны тек! –*

/сөзбе-сөз аударма/

деп өзінің творчестволық кредосын ашады.

Абай болса:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,*

*Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.*

*Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермен үшін, —*

деп алдына ізгі мұрат қояды.

Бірақ Гете мен Абай өздері өмір сүрген ортадан баян таппай, сергелденге түседі.

*Тобырменен дос болып, шықтым жолдан,  
Танып соны, ақыры қалдым жалғыз! —*

/сөзбе-сөз аударма/

деп күніренеді Гете.

*Моласындай бақсының*

*Жалғыз қалдым — тап шыным! —*

деп оған Абай үн қосады.

“Неміс ғұламасының өмірі дегеніміз немене? Онда бір кісі сүйсінерлік нәрселер табылып қалса, соны айтып жатудың өзі қисынсыз секілді. Ондай құйма құлақ тыңдаушыны қайдан іздеп табарсың?” — деп Гете қапаға түссе, Абай “Бірінші сөзінде”: “Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, неғылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де қайранмын”, — деп уайымға батады. Ал тағы бір өлеңінде: “Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?” — деп налиды.

Өз айналасындағы былық-шылықты тәртіпке келтіріп, қоғамдық қатынастарды жөндеу үмітімен Гете 1775 жылы кішігірім Саксен — Веймар герцогтік мемлекетінің сарайын төңіректеп жүріп, ақыры Карл Августтың министрі болып тағайындалады. Оқыған абсолютизм идеяларына шын сенген ақын немістің осы ергежейлі мемлекетін өркендету үшін тау-кен өндірісімен, театр құрылысымен, ғылым жетістіктерін насихаттаумен белсене айналыса бастайды. Веймар сарайында он жыл министр болған Гете ақыр соңында осы әрекеттерінің түкке аспайтын құрғақ қиял екеніне көзі жеткесін, бәрін тастап, біржола поэзиямен, өнер-ғылыммен қоңсы қонбаушы ма еді?

Осыдан тура жүз жыл өткен соң, 1875 жылы Абай Қоңыр Көкшенің болысы болып сайланады. Ондағы мұраты — халықтың көзін ашып, тұрмысын оңайлату, өнер-білім ұрығын егу болады. Осы асыл мұратын іске асыру жолында ақын қолдан келгеннің ешқайсынан аянған жоқ: күштілермен, надандармен, жікшілдермен алысты-арпалысты, жеңді-жеңілді. Бірақ бәрібір үш жылдан соң Абай бұндай биліктен бас тартуға мәжбүр болды.

Бәрі айналып келгенде, баяғы Гете жазған Вертердің: “Дүниенің аяғы ырың-жырыңмен бітеді” деген сөзіне саяды.

Әлбетте Вертер “ырың-жырынды” білмеген, “люмперай” деп жазған. Бірақ немістің “люмперайы” қазақтың “ырың-жырынына” дәл әкеледі.

Гете романының бас кейіпкері Вертердің осы ойын Абай өлеңмен әдемі өрнектеп шығады:

Өмірдің алды — ыстық, арты — суық,

Алды — ойын, артқы жағы — мұңға жуық.

Гете мен Абайдың генезисін әрі қарай жалғастыра беруге болар еді.

1830 жылы Италияда Гетенің жалғыз ұлы Август дүниеден қайтады. Бұл қаза ақынды үлкен рухани күйзеліске ұшыратады.

1895 жылы Абайдың ең сүйікті ұлдарының бірі Әбдірахман дүниеден қайтады. Бұл қаза рухани күйзеліске ұшыратады. Әкесі баласына арнап әлденеше өлең жазады.

Гете әлденеше тілді жетік білген. Абай өзінің ана тілінен басқа орыс, араб, парсы, түрік тілдерін игеріп, Пушкинді, Лермонтовты, Хафизді, Рудакиді түпнұсқасынан оқыған.

Гете поэзиядан басқа, сурет өнерімен айналысқан. Абай өз өлеңдеріне ән шығарған.

Мұның бәрі, әрине, кездейсоқ нәрселер болуы мүмкін. Бірақ екі алып ақынның арасындағы рухани үндестіктің бары даусыз. Гете мен Абайды туғызған әлеуметтік ортадан, рухани әлемнен туындап жатқан екі ұлы ақынның ортақ тағдырындағы кездейсоқтық — кейде заңдылыққа ұқсап кетеді.

\* \* \*

Енді Гете поэзиясы мен Абай поэзиясының көркемдік, түрлік ерекшеліктеріне аз да болса назар аударып көрейік.

Бірақ алдын ала ескерте кететін нәрсе: қазақ тілі мен неміс тілінің ереже-жүйелері бір-бірінен алшақ жатады, сондықтан тоникалық өлең әлемі мен силлабикалық өлең өлшемі де — екі басқа дүние.

Гетенің неміс әдеби тілінің негізін қалаушы қайраткер болғаны баршаға мағлұм. Германист-тілшілердің айтуынша, XVIII ғасырдың басына дейін немістің көпшілікке ортақ әдеби тілі толық қалыптасып бітпеген еді. Өзара пәленбай князьдіктер мен ерегейлі мемлекеттерге бөлініп өмір кешкен халықтың бәріне

бірдей түсінікті ортақ тілді жасау үшін ол заманда талай тілші ғалымдардың, философтардың, әдебиетшілердің қызмет етуіне тура келді. Олардың жұмысына неміс тілінің кейбір диалектілік, жергілікті ерекшеліктері недәуір нұқсан келтіргеніне қарамастан, ақын Гете бастаған оқымыстылар осы абыройлы міндетті түбегейлі атқарып шықты. Дегенмен, бұл арада біз Гете мен Шиллердің халық тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді жемісті пайдаланғанын айта кетуіміз керек. Мәселен, Гете шығармаларында франкфрут диалектісінің, Шиллер шығармаларында швабтардың тілдік ерекшеліктерін айқын аңғарамыз.

Ал Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалады. Әрине, қазақ тілінде диалектілік алшақтық жоқтың қасы, бұл жөнінде М.Әуезовтің белгілі пікірі бар. Бірақ Абай қазақтың дәстүрлі өлең жүйесін мағыналық жағынан да, түр жағынан да ересен байытты. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, Абай қазақ өлеңіне жиырмаға жуық жаңа өлшемдер енгізді. Ол ежелгі силлабикалық өлең үлгісіне тоникалық үйлесімді дарытқан ең алғашқы қазақ ақыны болды десек, қателеспейміз.

Гете де немістің дәстүрлі өлең жүйесін ересен байытты. Мәселен, ол “Рим элегиясында” ерте дәуірдің өлең өлшемін пайдаланса, “Батыс-Шығыс диванынан” шығыс поэзиясы өрнектерін тану қиын емес.

Қазақ поэзиясында кең тараған өлшемнің бірі — он бір буынды қара өлең екені мәлім. Мұның ұйқас жүйесі әдетте *ааба* болып келеді. Бұдан басқа жеті-сегіз буынды өлең өлшемі бар, мұның ұйқас жүйесі — *абаб*. Әрине, қазақ поэзиясында бұл екеуінен өзге әлденеше өлшемдер бар /әсіресе ауыз әдебиетінде/, бірақ біз бұл арада оларға тоқталып отырғанымыз жоқ. Осы он бір буынды, жеті-сегіз буынды өлең өлшемін Абай да жиі қолданған.

Қазақ поэзиясында жиі кездесетін *ааба* ұйқас жүйесі неміс поэзиясында жоқ. Ондай үлгіні Гете шығармаларынан да іздеп таппаймыз. Оның есесіне, Гете шығармаларында “книттельферзе”, “Фаустферзе” үлгісінде жазылған, егіз ұйқасқа *ааббвв* құрылған өлеңдерден аяқ алып жүре алмайсыз. Мұндай ұйқас жүйесі Абай поэзиясында тым сирек ұшырасады десек те болады. Сол секілді *абвб* ұйқас жүйесі қазақтың дәстүрлі дәстүрлі өлеңінде кездесе қоймайды. Бірақ ол Абайда бар. Дәл осындай үлгі Гетеді де кездеседі. Бұған көз жеткізу үшін Гете мен Абай кітаптарын түпнұсқадан салыстырып оқып шықсаңыз, жетіп жатыр.

Абай қазақ өлеңіне алты буынды ауыспалы үйқас үлгісін енгізді. Мысалы:

*Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.*

Әйтпесе:

*Ысытқан, суытқан  
Бойыңды бір көңіл.  
Дүниені ұмытқан  
Кұмарлық тозар, біл.*

Дәл осындай өлең өлшемі Гетеге де жат емес. Неміс тілін білетін қазақ оқырманының көзін жеткізу үшін бір-ақ шумақты мысалға келтірейік:

*Tage der Wonne  
Kommt ihr so dald?  
Schenkt mir die Sonne  
Hügel und Wald?  
("Frühzeitiger Frühling")*

Гетенің әйгілі "Май жыры" да осындай өлшеммен жазылған.

Өлең өлшемдерінің осындай тың үлгілерін іздеу Гетеге де, Абайға да поэзияның музыкалылығын, үнділігін арттыру үшін қажет болған секілді. Гете халықтық дәстүрде бірнеше өлеңдер жазса, олар іле-шала композиторлардың назарын аударып, оның ішінде "Даланың раушан гүлі" секілділері, мысалы, неміс тілінде сөйлейтін елдерге тез тарап кетеді. Өйткені бұл өлеңдер ерекше әдемі әуезділікке, ішкі иірім-ырғақтарға, жан сырына тұнып тұр.

Абай ақын өзінің жаңа тұрпатты өлеңдеріне арнайы әндер шығарып, оның ішінде "Сегіз аяқ", мысалы, қазақ жеріне тез тарап кетеді. "Сегіз аяқ" — Абай тапқан ең тамаша үлгілердің қатарына жатады. Оны оқығанда, ішіңізден күбірлеп, әндетіп отырасыз.

*Алыстан сермеп,  
Қиядан тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиудан шауып,  
Қисынын тауып,*



*Тағыны жетіп қайырған.  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.*

Бір қызығы – Гете жазған “Жаңа жыл” өлеңінің де әрбір шумағы сегіз жолдан тұрады. Оның түпнұсқадағы үлгісі мынадай:

*Zwischen dem Alten,  
Zwischen dem Neuen,  
Hier uns zu freuen,  
Schenkt uns das Glück,  
Und das Vergangne  
Heisst mit Vertrauen  
Vorwärts zu schauen,  
Schauen zurück.*

Абай жазған “Сегіз аяқтың” ұйқас жүйесі – *аббввбгг*.

Гете жазған “Сегіз аяқтың” ұйқас жүйесі – *аббвгддв*.

Абай алты жолды шумақ жүйесін де шығарған. Мысалы:

*Бай сейілді,  
Бір бейілді  
Елде жақсы қалмады.  
Елдегі еркек  
Босқа селтек  
Бағып, елін қармады.*

Осы өлеңнің өлшемі ғана емес, әуезі де Гетенің “Фауст” трагедиясындағы “Перінің асханасындағы” мына жолдарға ұқсап түр:

*Познанья свет  
Для всех секрет,  
Для всех без исключенья!  
Порою он,  
Как дар, сужден  
И тем, в ком нет мышленья.*

/Н.Холодковский аудармасы/.

Әйтпесе, осы трагедиядағы Гретхеннің әніне құлақ түрейікші:

*Где шумно, людно,  
Дышать мне трудно.*

*Поднять глаза на посторонних – срам.  
А дома волю  
Слезам от боли  
Даю, и сердце рвется пополам.*

/Б.Пастернак аудармасы/.

Осы өлндерден “Сегіз аяқтың” ырғағы анық естіліп тұр.

Сол секілді, Абайдың “Бойы бұлғаң” өлеңі мен Гетенің “Екі дүние арасы” өлеңінің ырғақ-әуендері бір-біріне өте жақын. Бұл өлеңдердің ұйқас жүйесі де – *аабввб* – бір-бірінен айнымайды.

Енді Абайдың “Ем таба алмай” өлеңін Гете трагедиясындағы Мефистофель жырымен сырттай салыстырып оқиықшы. Абайда:

*Босқа ұялып, /а, 4/  
Текке именіп /а, 4/  
Кімді көрсем, мен сонан /б, 7/  
Бетті бастым, /в, 4/  
Қатты састым, /в, 4/  
Тұра қаштым /в, 4/  
Жалма-жан. /б, 3/*

Гетеде:

*Was machst du mir /а, 4/  
Vor Liebchens Tür, /а, 4/  
Katrinchen, hier /а, 4/  
Bei frühem Tagesblicke? /в, 7/  
Lass, lass es sein! /с, 4/  
Er lasst dich ein, /с, 4/  
Als Mädchen ein, /с, 4/  
Als Mädchen nicht zurücke. /в, 7/*

Әйтпесе, Абайдың “Сен мені не етесің” өлеңін “Фаустағы” аруақтар хорымен салыстырып /орын үнемдеу үшін және баспахана мүмкіншілігін ескеріп, мен бұл жерде екі ұзақ үзіндіні келтірмей-ақ қояйын/, экспрессияға, ой-сезімнің арпалысына толы жолдарды оқығанда, сыртқы өлшемнің, ішкі ырғақтың ұқсастығын көргенде, Абай Гетені біліп қана қоймай, зерттеп оқыған-ау деген ойға қаласыз.

Бірақ бұл тек жорамал ғана. Әрі-беріден соң, мәселе онда емес. Өлеңдегі өлшем, ырғақ, ұйқас, тұр – дербес ұлттық бояу-

нақышы бар нәзік материя. Екі ұлы ақынның реформаторлық ізденіс пен тәжірибелерінің үндес, сарындас, ұқсас келуі бір жағынан тапқаларлық болса, екінші жағынан рухани өсіп-өркендеу барысындағы заңдылық демекпіз.

Гете де, Абай да ұлттық поэзияны дамыту, байыту мақсатында бір соқпақпен жүріп отырған-ау...

\* \* \*

Гете мен Абай поэзиясынан рухани туыстық іздегенде осы екі суреткердің өздері өмір сүрген ортаға деген көзқарасқа ерекше назар аудару керек. “Адам — белгілі дәрежеде уақыттың құлы”, “Ең ұлық суреткерлердің өзі өз заманының ықпалынан озып кете алмайды”, — деп жазады Гете. Неміс ақынының шығармаларында сол дәуірдің әлеуметтік, саяси, тіпті күнделікті тұрмыстың шындығы көрінетіні рас. Гете жас күнінен өмірлік мұратын дұрыс таңдап, бүкіл ұзақ өмірін халқының рухани қызметшісі болуға жұмсаған. Оның ұстанған қағидасы: “des Lebens Leben — Geist” — “өмірдің мәнісі — рухани тіршілік” дегенге саяды.

Абай да өз дәуірінің перзенті болды. Сол тұстағы феодалдық-патриархалдық жікшілдікке бөлінген даланың барлық қам-қарекеті, уайым-қапасы оның кеудесін жайлап алды. Абай — даланың көкірек көзіне айналды. Абай — даланың лүпілдеп соққан жүрегі еді. Абай — халық даналығының таразысы бола білді.

Осы ретте Гете мен Абай дүниетанымынан ұқсас жайттарды көптеп табуға болады. Бірақ бұл арада Гете мен Абайдың өздері өмір кешкен ортаның дүниетанымын білдірумен шектелмейтінін, олардың рухани мұрасының қашан да ескірмейтінін айта кетуіміз керек. Гете мен Абай — мына біздердің де замандастарымыз секілді. Гете мен Абай шығармаларынан адам баласы тіршілігіне ортақ мәңгі құбылыстарды табамыз.

Бұл жағдайға әсіресе екі ақынның лирикалық өлендерін оқығанда көзіңіз жеткендей болады. Бұлардың лирикасында тірі адамға тән ой-сезімдердің барлық түрі кездеседі десек, қателеспейміз. Мәселен, Гете табиғат лирикасын көп жазған ақын. Оның атақты философ Б.Спинозаның жолын қуушы, “құдай дегеніміз — табиғат” деген пікірдің жақтаушысы болғанын білеміз. Гете табиғатты адам өмірімен бірлікте жырлайды, өмірге құштар

адамның әдетімен оны әсірелеп, әшекейлеп көрсетеді, сондағы ақынның ізгі мақсаты — адамды табиғатқа, табиғатты адамға жақындату болып шығады.

Абай табиғаттың төрт мезгілін жырға қосады. Ақын дала суреттерін ақ қағаз бетіне түсіргенде, жарқын, жарық бояулар табады, ұлттық образ негізінде жүрекке жылы тиетін әуез-үн табады. Менің түсінігімше, Гете мен Абайдың лирикасында үндестік, туыстық аз емес. Ең бастысы — екеуінің жаратылысты жырлаудағы эстетикалық принциптері ыңғайлас. Оны нақты мысалдармен дәлелдеу қиын емес.

Гете творчествосында махаббат лирикасы маңызды орын алады. Бұл ретте оның “Зезенгейм жырларын”, “Рим элегиясын” еске түсірсек те жетіп жатыр. Бұл өлеңдерде ақын бірде лапылдап жанып, бірде салқын сабырмен, философиялық тереңдікпен әйел затына деген құштар сезімді аспанға көтеріп әкетеді. Оның “Батыс-Шығыс диваны”, мысалы, алпыс бес жасқа келген Гетенің Марианна Виллемерге гашық болған кезінде дүниеге келсе, “Құмарлық трилогиясы” атты циклында қолға қайтып түспес бақ дәурен, сезім-құштарлық жайы айтылады.

Абай ақынның жырлауындағы махаббат — қолға түсе бермейтін бақыт, жан дүниенің тазалығы, көңіл-көкіректің үндестігі, былайша айтқанда, тіршілік тірегі. “Махаббатсыз — дүние бос!” — деп жар салады Абай. “Махаббатсыз — тіршілікте жан жоқ!” — деп жазады Гете. Гетенің ұғымында, дүниедегі бар жақсылық, бар сұлулық та махаббат күдіретімен жасалған. Абай болса, махаббат лирикасын адамгершілік мұраттармен қатар өрбітеді.

Екі ақынның философиялық лирикасында да табысатын, туысатын тұстары аз емес.

Тіпті Абай поэмалары мен Гете балладаларының желісінде ортақ жайлар кездеседі екен.

Бірақ бұл айтылғандар жеке зерттеуді қажет етеді. Реті келсе, ол туралы кейінірек тоқтамақпыз.

Гете шағын философиялық этюдтерді біраз өндіріп жазған ақын. Мұнда оның өмір-тірлік туралы қысқа пайымдаулары топтастырылған. Әрине, мұндай тәжірибелер әлемдік әдебиетте бұрыннан бар: Платонның “Диалогтарын” айтпағанның өзінде, Монтеньнің “Тәжірибелерін”, Ларошфуконың “Қысқа қайырымдарын” еске түсірсек те жетіп жатыр.

Абайдың “Қара сөздерін” оқысақ, олардың Гетенің ойларымен үндесіп, қабысып жататынын байқаймыз. “Немістердің айналасы азғындыққа толып барады емес пе?!” — деп күйінеді Гете Эккерманмен әңгімесінде. “Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға томендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді...” — деп қапаға түседі Абай /“Үшінші сөз”/.

Одан әрі Гете рухани жағынан кедей адамдардың күдікшіл болатынын айтады. Абай: “Кеселді кісі ер келетұғыны несі?” — дейді /“Қырқыншы сөз”/.

Гете: “Әрбір талантты адамның өсіп-өркендеуі үшін соны туғызған ұлттық өнер-білімге жақын тұруы шарт”, — деп жазады. Өнер-білімнің қадір-қасиетін Абай да жоғары бағалайды. /“Қырық бірінші сөз”/.

“Біздер, немістер, күні өткен жұртпыз”, — деп жазады Гете. Өз ортасынан қайыр таппаған Абай: “Қайратты күнімде қазақты қиып, бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен”, — деп зар айтады. /“Тоғызыншы сөз”/.

Енді ел қатарына қосудың қиындығын айта келіп, Гете: “Қаталдықпен не қайырымдылықпен біраз нәрсе тындыруға болар, бірақ ешкімнің беделіне қарамай, әділдікпен, білгірлікпен істеген іс артық”, — деген қорытындыға келеді. Абай да дәл осындай пікірді жақтай келіп: “Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ — өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды”, — дейді /“Төртінші сөз”/.

Мұндай салыстыруларды жалғастыра беруге болар еді. Гете өзінің қысқа қайырымды “Максим және рефлексий” атты еңбегінде Эсхилдың: “Ақылды адамдар бір-біріне ұқсас келеді”, — деген пікірін келтіреді. Гете мен Абайды салыстырып оқысақ, данышпандардың бір-біріне жақындығы одан да гөрі айқынырақ па деп ойлайсыз. Данышпандарды жақындастыратын рухани туыстық. Ол туыстық дүние-тірліктің мән-мағынасын, ақиқатты, әділеттілікті, сұлулықты іздеуден шығады.

Әр елдің, әр халықтың мақтанышына айналған ұлы азаматтары болады. Мәселен, біз Данте атын естісек, көзімізге Италия жұрты елестейді. Сондай-ақ, Шекспир аты Англиямен,

Гете аты Германиямен, Пушкин аты Россиямен қатар жүреді. Қазақ даласында Абайдан бұрын да талай ұлы ақындар, ұлы батырлар өткен. Бірақ бәрібір Абайдың орны бөлекше. Абай десек, біздің есімізге қазақ халқы бойындағы ең асыл, ең озық қасиеттер елестейді. Абай есімі — жарқын символ секілді. Ру-руга, жік-жікке бөлінген көне заманда Абай есімі елдің бірлігінде, ұлттық мүдденің биік туындай естілген болуы керек.

\* \* \*

Гете мен Абай творчасы көл-көсір дүние. Мұхтар Әуезов айтқандай, олардан бәріміз де шөміштеп қалқып алып отырмыз. Гете мен Абайды оқып, түсініп-түйсініп, тану үшін бір адамның ғұмыры аздық етеді. Оларды оқу — өнер. Оларды танып-білу — еңбек.

Ұлкен ақыл-білім иесі Гете Эккерманмен әңгімелесіп отырып, кітапты дұрыс оқып-түсінудің қиындығына тоқтала келіп, өмірінің сексен жылын оқу өнеріне арнаса да, осы өнерді түбегейлі игере алмай жүргенін мойындап еді.

Абай не оқыса да — түп-тамырына жетуді мақсат тұтқан. Джордж Кеннанмен кездескенде, Абайдың индукция мен дедукция тәсілдерін сұрауы тегін емес. Гете мен Абайды да осылай асықпай, ойлана, толғана, әлсін-әлі қайта соғып, күбірлеп, әр сөзінің дәмін алып оқыған жөн. Онсыз олардың таңғажайып дүниесіне басыңды сұға алмайсың.

Өз басым Абаймен тоғыз жасымда кездестім. Ол кезде қазақ мектебіне оқуға түсіп, қазақ тілін енді-енді үйрене бастаған едім. Оқу программасы бойынша, мұғаліміміз Құлшара Қасимова Абайдың “Қыс” аталатын өлеңін жаттап келуге тапсырма берді. Есілдің жағасындағы кішкене қазақ ауылы қарлы боранның астында қалған. Сол жылғы қыс сұмдық қатал болды. Біз бұрынғы дәрігерлік пункттің бір бөлмесін паналап отырғанбыз. Терезені жел ұрғылайды. Кішкене қаңылтыр пештің іші гу-гу етеді. Жетілік шамның сығырайған жарығының астына алба-жұлба оқулығымды қойып, күбірлеп Абайдың өлеңін оқып мен жатырмын.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*

*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*

*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*

*Басқан жері сықырлап келіп қалды...*

Мен Абайдың өлеңін оқысам, анам кішкене қарындасыма әлдилеп немісше өлең айтады:

*Röslein, Röslein, Röslein rot,  
Röslein auf der Heiden.*

Шешемнің айтып отырғаны — кейін білдім — Гетенің “Даланың раушан гүлі” атты өлеңі екен.

Сөйтіп, менің санама Гете мен Абай бейнелері қатар сіңіпті.

Бірақ Абайды бұрынырақ танығаным рас. Өйткені біздің ауылда үлкен-кішілер Абай өлеңдерін, Абай әндерін көп айтатын. Ауылсахнасында “Абай” спектаклін қоятын. “Абай жолы” романын елдің бәрі таласып оқитын... Қазақ тілін еркін игеріп алған соң, өзім де Абай тереңіне бас қойдым.

Кейініректе Гетені іздеп таптым. Енді екі ұлттың екі заңғар биігіне қарап отырамын да, таң-тамаша қаламын. Гетені оқысам, Абайды танығандай боламын. Абайды оқысам, Гетені танығандай боламын.

Тілі басқа, тілегі бір ақындарды түпнұсқадан оқып, түсінгенім үшін әжептәуір марқайып қаламын. Сол қуанышымды бөлісу үшін осы мақаланы жаздым.

*1985 ж.*

## ДАНЫШПАН ТАҒДЫР ТАҢДАМАС

Ойға шомған Абай атам шексіздікке көз тіккен. Өзі соншалықты биікте тұр еді, содан да оған, әрине, гранит тұғырының етегінде жүрген менен гөрі Алатау шыңдарымен тілдесу оңайлырақ. Жүрегім лүпілдеп, именшектей келіп, оны ұлы тыныштығынан алаңдатпақ болғаным да бекершілік екен.

— Армысыз, Абай ата!..

Ол менің сәлеміме бірден жауап қата қойған жоқ. Бәлкім мен оған үнін естісем, жөнін білсем деп көп іздегенімен “қаңқ етер, түкті байқалмас” баяғы жартас болып елестеген шығармын.

Төңірек топырлаған тобыр. Шулы көше қиылысында ерсілік-қарсылы ағылған машиналар қағып кетердей күйіндатып өтіп жатыр, тежегіштердің шыңылы естіледі, қара күйе будақтатқан ірі-ірі автобустар әлдеқайда асыққан адамдарды лек-легімен лоқытып келеді. Зәулім мейманхананың маңайы да абыр-сабыр. Тіршіліктің осы бір тынымсыз күйбеңі, күнделікті күйгелек иірімі әңгімелесуге байып бермей, ескерткіш түбінде үнсіз тұрдым.

“Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел, — деген таныс сөздерді естігендеймін. — Алдыңғы толқын — ағалар, артқы толқын — інілер. Кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер”.

Иә, дүние шексіз, шетсіз. Болмыстың бақилығын түйсіну біздей пақырларға жазбаған. Бұл — данышпандар еншісі. Өйткені данышпан тағдыр таңдай алмайды. Ол — Әлемді мекен еткен жан. “Бәз-баяғыдай жаныңыз жай таппай тұр-ау, Абай ата? Ой қамап, оңашалап алмап па еді?”

“Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп, қамалып қалмақ, ол — өзі де бір антұрғандық...”

“Алайда бір кезде: “Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін... Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты”, — деп едіңіз. Қазір де — дүниежүзі танып, барша халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп отырғаныңызға көзіңіз жеткенде де, — сол пікірдемісіз?”

“Адам өмірі хикметтермен, бұралаңдармен және қайшылықтармен әдіптелген. Оның мән-мағынасы тек бір Аллаға аян. Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Соның еркімен тәнім менің әлдеқашан күлге айналған, ал Рухым әлі тірі. Жұбанышым да сол, даңқымды шығарған да сол”.

“Дұрыс айтасыз, Абай ата. Жүректің “хош” дегенін көбінесе ақыл “сап” деп тыйып тастайды. Керісінше де болып жатады. Өмір дегеніміз жеңілісі хақ, жеңістен үмітсіз үздіксіз күрестен тұратын



қасірет қой. Өйткені, құбылыстың байыбына барсақ, жеңісіміз әмәнда жеңіліс болып шықпақ, ал жеңілісіміз жетерміз-ау деген жеңіске келіп болмақ. Жер бетіндегі бар тірлік осыған құрылған. Көзімнің жеткені осы”.

“Бұл арада екеуміз үндес болып шыққандаймыз, бейтаныс ұрпағым менің. Мұндай байламға келгеніңізге көп болып па еді?”

“Көп болды, Абай ата. Пенделік гүмырым сіздің жасыңыздан да асты ғой”.

“Ә-ә... Ақынбысыз? Философпысыз? Ағартушымысыз? Әкімбісіз?”

“О не дегеніңіз, Абай ата?! Жай ғана ептеп қалам түртетінім бар. Сосын ұлылардың ісін үкқым келеді, шама-шарқымша ішкі сырларын ашып, жан дүниелерінің бір-бірімен қалай үндесіп жатқандығын аңғарсам деймін”.

“Жақсы-ақ талап екен... Бұл жөнінде айттым білем:

*Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!”*

“Білем, Абай ата... “Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма...” Бұл түн-түнек “мыңның” да мың сан түрі бар. Көбінесе олар өкімет кейпінде ұшырасып жатады. Солай емес пе?”

“Солай шығар...”

“Дарын шамасына қарамастан кез келген суреткердің түн-түнекпен яки, айталық, өкіметпен қарым-қатынасы ежелден күрделі болған”.

“Өз Заманымен, өз Дәуірімен қасіретті қатынаста болады дер едім. Бар гәп сонда”.

“Түкке тұрғысыз біреулер кейде заманға үстемдік етіп тұрмыз деп күпінеді-ау”.

“Лаққан екен! Баянсыз бос тыртың! Заман күш пен ақылға бағынады, сондықтан да бұлар дүниені билеп тұр. Ал кімде-кім бар ауыртпалығын заманға салса, ол опа таппайды”.

“Мұны үкқаннның бағы бар, Абай ата”.

“Адамдар кейде маған тобыры басым тұрған мән-мағынасыз дүниеде өмір сүріп жүргендей болып көрінеді. Әрбір адам, тіпті жаратқанның жарылқаған адамының өзі де, бәрібір өз заманының перзенті болып қалады. Бәлкім, тіпті құлы десек те болар. Тек

санаға сәуле кірген зәуде бір сәтте ғана тіршіліктің шаң-тозаңын сілкіп тастап, түлеп ұшпақ. Бұл енді данышпандық қасиет”.

“Бұл қасиет сізде де бар. Тағдырыңызға және заманыңыздың қатігездігіне жиі-жиі налынганыңызбен, осы орайда сіз бақытты адамсыз”.

“Нем бар, нем жоқ екеніне төрелік айту қиын маған. Менікі деп жүргенім шындап келгенде Оныкі болып шығады. Білетінім бір-ақ нәрсе: өлгеннен кейін шыққан атақ-даңқыма өз басымның қасіретін, балаларымның, немерелерімнің, туған-туыскандарымның, бүкіл әулетімнің қасірет-қайғысын бодау еттім. Егер дүниеде тепе-теңдік заңы, обал-сауабынды есептейтін мұңкір-нәңкір деген бар болса, онда ондай заң менен, менің тағдырымнан айғақ табар еді. Шын бақыт не дегенге ешқашан ешкім де жауап берген емес. Нашардың бақытқа балап жүретіні көбінесе дабыра, даңғойлық, арзымас жалтырақ бірдеңелер ғана болып келеді. Бақыт — көз арбар алдамшы нәрсе. Таң алдындағы тұман тәрізді. Одан әрдайым қасірет тұздығы татып тұрады. Дегенмен мұның бәрі маған дейін әлдеқашан белгілі болған. Сана — бұл да дерт. Мұндай дертке шалдыққан жан өмірдің күйігін де біледі”.

Маған Абай атам қажып тұрғандай болып көрінеді. Жақында ғана артындағы ұрпақтары мен бүкіл дүниежүзіндегі ардақ тұтқан адамзат баласы болып өткерген ұлан-асыр мерейтойынан да, ескерткіш етегінде не бір өлеңшілер ақтер-көктер болып, өңештері жыртылғанша көп тілде өлең оқыған жыр кештерінен де, өкімет адамы атанған не қилы шолақ белсенділердің тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, мерекелік ұзын-сонар сөз сапырыстарынан да қажығандай. Бәлкім, қажытып тұрған мүлде бұлар емес шығар? Басында мәңгілік тыныштық байыз тапқан (Германдық бауыры Гетенің: “über allen Gipfeln ist Ruh” дейтіні есіңізде ме?) көз жетпес шындарды мекен етіп, барша заманалардағы барша халықтардың рухани алыптарымен сырласып жүрген гұлама ақын өткінші әбігершілікті қайтсін. Ол, бәлкім, мерейтой салтанаты күндерінде аяғының астынан күркіреп жатқан арнау жырларды естімеген де болар.

Абай атам кекесінмен мырс етті: иығынан сусып бара жатқан кең етек тас шапанын түзеп қойды.

“Естуін естідім ғой... Мені мақтап, мадақтап не айтпады дейсіз? Не бір қызыл сөз ағындап ақтарылмады дейсіз? Аяғымның астында қызыл сөз дегеніңіз тасыған дала өзеніндей көбік шашып, бұрқырап жатты. Ұяттан балқып кеткендеймін. Мәңгі қар басқан

Алатау шыңдарынан ыңғайсыз болды. Олар да, тобемдегі шексіз аспан да маған мысқылдап қарап тұрғандай еді. Тіпті балашағамның алдында да ыңғайсыз болды. Жалпы, айта кетуім керек, сол бір мерекелік жылы сөз жарықтық басыма теңіз болып, мұхит болып ақтарылды. Мен бұл толайым сөз толқынын гумбульдизм деп атар едім...”

Абай атам басын әнтек сілкіп тастап, майда күлкіге берілді.

“Қалай? Қалай дедіңіз?” — деп қайталап сұрадым.

“Гумбульдизм”.

“Түсінбедім, Абай ата. Бұл арада Гумбольдтің не қатысы бар?

Ол ағайындылардың қайсысын айтып тұрсыз — Александрды ма, Вильгельмді ме?”

Абай атам одан бетер төгілдіре қаттырақ күлді, мына қара, көзінен жас моншақтағалы тұр.

“Анаусы да емес, мынаусы да емес. Тіпті атымен Гумбольдт емес, кәдімгі қазақтың күмпілдегін айтып тұрмын, яғни даурықпа, асыра мақтампаз, суайт, сөзуар, ойсыз қыртты айтамын. Бұлар тек менің заманымда ғана болған шығар деп ойлаушы едім, сөйтсем...”

Абай атам ауыр денесін селкілдете күлді, тіпті ту сыртындағы сарайдың қабырғалары солқылдап кетті. Мені де күлкі жеңе бастады.

“Оу, Абай ата, күмпілдек қырт дегендеріңіз бұл күндері қара қырттай қаптап кеткен. Олар піспекпенен саба-саба қымыз піскендей қара судың өзін де көпіртіп жібереді”.

“Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын білетін шәкірттерімнің қалмағаны ма? Олар үшін шығармашылық — өлермендігі жоқ, абырой-атақ кумас рухани қажеттілік, қасиетті іс емес пе еді?”

“Бұған мен төрелік айта алмаспын, Абай ата. Ондай шәкірттеріңіздің бары анық-ау деп ойлаймын. Өйтпегенде не?! Бірақ күнкөрістің қамымен сақалын сатып, сөз сауатындар көп. Қайсыбір “күмпілдектер” сыйлықтың, лауазымның, соның алдында күрдай жорғалайды, енді біреулері ұрынарга қара таппай әлек, төртінші біреулері көлеңкелерімен шүйіркелесуде”.

“Апырай, бұйткендері несі? Сенімдерінен айрылғандары ма? Түңілгендері ме? Шарасыздықтары ма? Азғандықтары ма?”

“Заманның оңбағандығына налиды. Өздерінің істен алғысыз болып, алыпсатарлардың тайрандап жүргендеріне күйзеледі. Бар ізгі талпыныстарды заман жуып-шайып, өшіріп, таптап, күлге айналдырады деседі. Бір кездері Абайдың өзі заманды өзгертпек болып жеңіліс тапқан, бізге не жорық деседі...”

“Сол баяғы жанды жеу. Жігерсіздердің жалынышы... Қандай таныс жай! Бірақ мен мыңмен жалғыз алыстым ғой! Суреткер өз қадірін өзі білу керек. Оған қашанда қиын соққан. Шыдау да мүмкін емес! Пушкин не деп еді? “Сен — құдайсың, жалғыз жүр!” деп еді ғой. Міне, хас ақынның маңдайына жазылған бұйрық сол. Ол биліктіге илікпес, көпке көнбес.

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*

*Әуре етеді ішіне қулық сақтап.*

*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап, —*

демеп пе едім. Суреткерлік дарын — құдай сыйы. Шығармашылық — парыз бен жауапкершілік, ермек емес. Ақын — пайғамбар, адамдар мен нұрлы күштердің арасын жалғастырар буын. Сондықтан да жер бетіндегі кез келген өкімет ол үшін түк те емес! Егер сен ақын болсаң, халыққа солай танымал болсаң, онда саған әр түрлі жылтырақтың не қажеті бар?! Маған халық жазушысы деген атақты тіпті тобықтының да бермегенін біліңіз. Онысы да жөн: жақсы атамағаным өкпелеп қалған ғой. Қазақ ПЭН-клубына да мүше емеспін. “Парасат” орденін де алған жоқпын. Бірақ осыдан қор болған кезім бар ма?!”

“Ал қазіргі қаламгерлердің кейбіреулері сіздің атыңыздағы сыйлықтың иегері болмағандарына қапалы. Олардың өз жандарын өздері азапқа салып жүргендерін көріп жаныңыз ашиды. Қандай әуре-сарсаң! Қандай қорлық! Маған салса, солардың бәріне де жапа-тармағай лауреаттық атақ беріп, академик пен генералдықты да қоса тапсырар едім, шіркін. Қарық болсын бір!”

“Иә, иә... қандастарымның мұндай әлсіздіктері бар енді. Бұл бір дауасыз дерт. Бойына шақ келмес шапанды жамылып алып, тәкаппарсып, құрбақадай күнініп жүргендері. Содан барып сөз атасы бөтен сөзбен былғанған. Сөз де бір дарынсыздың қолындағы отқа құяр май болды”.

“Немесе ел тізгінін ұстағандарға жағудың амалына айналды”.

“Бақайесеп жандардың ондай күпірліктері де бар. Ал шын мәнінде бәрі де айдан анық. Хас суреткер өкіметтің емес, адамзаттың адамы болмақ. Бар гәп атаның ұлы болмай, адамның ұлы бола білуде. Қазіргі өкімет суреткерді қажет етпей, сол баяғы “бойы бұлғаң, сөзі жылмаң” алыпсатарды артық көреді екен деп есептеймін. Амал не... әркімнің өз қалауы бар. Өкіметке суреткер

қажет болмаса, бұған да құдайға шүкір. Демек, ондай өкімет суреткерге де қажетсіз болмақ. Солай емес пе? Өкіметтің өзімен-өзі болмағы — рухани құлдықтың бір түрі. Ал суреткер үшін бұл төзбестік нәрсе: “Данышпандық пен жауыздық — бір-бірімен сайыспайтын екі бөлек дүние”, — дейді Пушкин. Суреткер мен өкімет те сайыса алмайды дер едім мен. Әкімсымақтар мұны ешқашан түсіне алмаған, түсіне де алмайды. Өйткені олар қазіргінің құлы, уақытша жүрген жандар, ал суреткер мәңгілікпен үндеседі. Пушкин, Лермонтов, Толстойдың тудырғандары — ғасырлар мұрасы; бұл ешқандай да өкіметке бағынбайды. Олардың өздері Рух әміршілері. Өлмес өнердің мәңгілік тылсым сыры да осында. Қайталап айтайын, сондығымен де ақын — пайғамбар, ол ел тізгінін ұстағандардың қызметшісі, малайы емес, ауылдан ауылға, елден елге той қуалап шапқылап, арнау тақпақтарын шығарып, жексұрын “күмпілдектіктен” абырой-атақ жинайтын мадақшы емес. Өкімет, әдетте, мұның бәрін түйсікпен сезеді, өзінің кем-кетігін де біледі, сондықтан өйтіп-бүйтіп данышпанның даңқына жабысады, оған жарамсақтанып, ыңғай танытып, бауырына тартуға, қолына қондыруға тырысады, сөйтіп өзі де жалғыз прогрестің әлем-жәлеміне малынып шыға келеді. Көбінесе мұндай тыраштар күлкілі көрініп, әзіл-оспаққа ұшырап жатады”.

“Дұрыс айтасыз, Абай ата. Бұған біздер, өзіңіздің ұрпақтарыңыз, аттап басқан сайын көз жеткізіп отырамыз”.

“Өзгенің даңқына әсіресе шенеуніктер шыбындай үймелегіш келеді. Қай заманда да осылай болған. Егер күшті биліктің көкsegені өзі болса, сорладым дей бер. Айтқандайын, тағы да бір қауіпті зорды — “жоғарыдағылардың”, өкіметтің билігі емес, тобырдың, төмендегілердің, Жұман қырттардың билігін де айта кетейін. Бұларға тәуелді болу — одан бетер қорлық. Ақын көпке еліге алмайды. Оны алдап-сулап ішке тартам деу — өліммен тең. Тобыр данышпандарды жақтырмайды. Ақиқатты көп емес, аз ұғады. Жер бетіндегі тандаулы жандар ғана түсінеді. Суреткер жер бетіндегілерге емес, мәңгілікке иек арту керек. Бәрінен бұрын мені түсінбегендері жаныма батты, қазір енді түсіне бастаған сыңайлы, соған қуаныштымын”.

Қыстың қысқа күні байып бара жатты. Алатау шыңдарынан күн көзінің әлсіз сәулесі шалынады. Өзінің есімімен аталатын абыр-сабыр кең даңғылдың бойына көз жіберіп Абай атам тұр. Әлде ол сол бір сәтте бірсыпыра өлеңдері мен әндері дүниеге келіп, бүкіл Далаға тараған атамекені — Қарауылтөбені яки Ақшоқыны

көрдi ме екен? Мен оның ойын бөлмей, жай ғана ескерткiш етегiн төнiректеп жүрiп, таныстарымды ұштастырумен болдым. “Оу, Гареке! – дейдi олар маған. – Соңғы уақытта көрiнбей кеттiңiз гой. Мал-жан аман ба?” “Шүкiр, – деймiн мен самарқау. – Тiрi жүрмiз, ептеп ауырыңқырап тұрдым...” “Е, не болып қалды? Жеңiл-желпi бiрдеңе шығар?” “Ә, жай әшейiн... жүрек қой...” “Оу, байқаңыз. Жүрекпен ойнауға болмайды... Бұл арада не қылып жүрсiз?” “Мына... Абай атамды көрмегелi екi айдай болып қалып едi. Соған келдiм... сәлем берейiн деп... әңгiмелесейiн деп...” Таныстарым таңырқасып, езу тартады, не ойлағандарын құдай бiледi. Әйтеуiр: “Дұрыс, дұрыс... Жөн...”, – десiп, өз жөндерiмен кетiп жатты. Соңғы уақыттары жалғыз серуендеп жүретiнiмдi, өз-өзiммен оңаша болғанды қалайтынымды, ауа райы қандай болса да күн сайын ескерткiштерiне барып, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановпен, Жамбылмен үнсiз тiлдесетiнiм туралы оларға айтып жатқым келмедi.

Абай атама қайтадан жақынырақ келгенiмде, ол белгiлi өлең жолдарын күбiрлеп түр екен:

*Ишiм толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермiн түк өндiрмей...*

“Мұныңыз бекер ендi, Абай ата. Сенiңiз: егер әрбiр ұлттық әдебиеттен тек бiр ғана жазушыдан қалар болса, онда немiстерден Гете, ағылшындардан Байрон, итальяндықтардан Данте, орыстардан Пушкин, қазақтардан Абай, өзбектерден Науаи...”

“Оу, сiз менiң ұлы сырластарымды, шер тарқатар мұндастарымды атадыңыз гой...”

“Иә, Абай ата, сiз солардың сапындасыз. Сiздiң шығыстық бауырларыңыз – Фзули, Сағди, Ғафиз... Сiз өз халқыңыздың даңқын шығардыңыз, Абай ата. Ал халқыңыз Сiздi даңққа бөледi. Мен мұның бақытты куәгерiмiн. Ұлы Гете дүниежүзi әдебиетiнiң бiрiгерiн баяғыда-ақ болжаған. Ол тiптi “Вельлитератур” деген терминдi де қолданысқа енгiзген. Мiне, Сiздiң еңбегiңiз нақ осы пайымнан дүниежүзiлiк әдебиет аясында қарастырылады. Сiздiң “жұмбағыңызды”, туа бiткен көрiпкелдiң, ұлттық данышпанның “жұмбағын” шеше отырып, ұрпақтарыңыз Сiзге осы тұрғыдан келудiң лайықтылығына көз жеткiздi.

“Тетенiң рухани бiрлiк, дүниежүзiлiк әдебиет туралы ойы көкейiме қонады. Бiрақ онысы маған тым әрiдегi шаруа сияктанып

көрінген. Бізге, қыр қазақтарына, дүниежүзілік өркениетке жету қайдан келсін деп ойлаушы едім. Маған жер бетіндегі халықтың бәрі де дамып, жетіліп, бізден озып кеткендей көрінетін. Содан да қазақтың кердеңсіп, паңсып жүретіні, көке мылжың қырттығы жыныма тиюші еді. Жігерімді құм қылатын! Түңілдіріп те жіберген. Ешқандай да мәдениеттің оқшау өркендей алмасы даусыз, солардан гибрат алып, қай елдің мәдениеті болсын дамуына жаңа қарқын қосады. Өз мәдениетімізді жақынырақ білу үшін Шығыспен айналыстым деген еді Гете. Батыспен және Ресеймен айналысқанда менің де ойым осы болатын. Менің Шығысым Батысқа айналды дегенімде, мұным сол кездері кейбір қандастарыма ұнамаған. Бірақ маған, Шыңғыс тауының маңайында жалғыздық шегіп жүрген қыр қазағына, Батыс дүниесінің жеделдете есейіп, ал Шығыстың ұзаққа созылған балалық шағында тұралап қалған сыңайы сол кездің өзінде-ақ анық жай еді. Аяқталмайтын мың бір түн секілді... Бар жақсылықтан мақрұм қалған, қасіретті, сорлы халқыма мүмкіндігінше тезірек ержету керек деп есептедім. Енді сезіп отырмын, көп сөзім жөн екен, яки жұмсартыңқырап айтсам, ақиқаттан алыс емес. Өйткені халықтың тезірек есеюі бұл күндері де алдыңғы қатарлы ұлт зиялыларын толғандырып отыр. Басқа жолды көріп тұрған жоқпын”.

Әп-сәтте-ақ көз байланды. Қала аспанын сұргылт қараңғылық бүркеді. Тау аңғарынан дымқыл леп келді. Абай атамның тітіреніп, кең етек тас шапанын қаусырына түскенін аңғардым. Ол бұрынғыдай алысқа, мәңгілікке, уақыт пен кеңістік жайлаған шексіздікке көз тігіп, ойлы күбірмен тіл қатып тұрды:

*Көк тұман алдыңдағы келер заман,*

*Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.*

*Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,*

*Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған...*

Кешкі қарбаластағы адамдардың арасында Достық даңғылымен аяңдап үйге беттедім. Абай атаммен сұхбаттасқаным, оның өлгеннен кейін шыққан даңқы мен жалғыздығы ойымнан кетпеді, шынында да данышпандар тағдыр таңдамайды-ау деп топшыладым, өйткені олар мәңгілікке құлаш ұрған және тек мәңгілік заңдарымен ғана өмір сүрмек.

*Аударған М. Асылғазы,  
1997 ж.*

## АЙМАУЫТОВ АЙШЫҚТАРЫ

*(Жүсіпбек Аймауытовтың бір томдығын оқығанда)*

Өз басым қазақ әдебиетінің арғы жағын да, бергі жағын да бір кісідей білем ғой — деп күпсіп жүруші едім. Сүйтсем, шынын айту керек, біздің ұрпақ дүниеге жаңа келе бергенде қатал заманның қаһарына іліккен қазақ әдебиетінің бір топ ақиықтарының творчествосы бір мен емес, бүкіл халық санасынан мүлде ұмыт болып, айтса айтқандай, ақтаңдаққа айналып барады екен. Қазір, міне, атаң қазақ айтқандай, өлгенің тіріліп, өшкенің жанып, халық осынау садағаң кетейін жариялылық заманында ұлттық, рухани байлығымызды “әуп” деп бірден құзар биікке көтеруші әлгі айтқан ақиығымыздың бірі — Жүсіпбек Аймауытовтың творчествосы тек бір ғана мен емес, бүкіл менің буыным білмейтін көз бен көңілдің бірден кетіп, анық ақтаңдаққа айналып кеткен екен.

Міне, араға алпыс жыл салғанда халқына қайта оралған Аймауытовтың қалың бір томдығы алдымда жатыр. Жок, құр жатқан жоқ, мен оны қолыма алып тұрып, қай күннен бері ұқыпты шәкіртше әр сөзінің астына үңіліп, кей тұсын қайталап оқып шықтым. Бұл жинаққа жазушының прозалық шығармаларынан екі роман, бір повесть, екі әңгіме енген екен. Осы дүниелер жайында оқу үстінде өзім түйген кейбір пайымдауларымды ортаға салмақпын.

Алдын ала ескертейін: көз ашқан қаршадай бала жасымнан халқымның дәлділік, нақтылық қағидасы қаныма сіңген неміс басым, дәл осы арада да мен мына үлкен қазақ жазушысының творчестволық құдірет-күшін жан-жағынан егжей-тегжейін талдап, оның шырғалаң өмір жолын баяндап жатуды мақсат тұтудан аулақпын. Біріншіден, алдыма ондай талап қойған жоқпын. Екіншіден, бұл орайда белгілі сыншы-ғалым Серік Қирабаевтың осы жинаққа беташар болып енген көлемді алғы сөзінде әлгі жайлар кеңінен айтылған. Мен осы мақалада оқырман жұртшылықтың назарын тек екі нәрсеге ғана аударғым келеді. Ол — Жүсіпбек Аймауытов прозасының тілі, тіл айшығы, сөз кестесі, сөз құдіретінің мен байқаған кейбір ерекшеліктері. Сонан соң тағы бір айтпағым — алпыс-жетпіс жыл бұрын жазылған. Аймауытов шығармаларында көтерілген ірі-ірі әлеуметтік толғаныстар қазіргі



біздің заманымыздың кейбір көкейтесті мәселелерін үстінен тап басып, үндес шығып жататынын көргенде, жазушының сергек ойлылығы мен қоғамдық құбылыстың китүрқысын қырымнан байқайтын зерделі алғырлығына таң қалмай тұра алмайсың. Тіпті әрі-берідесін осы жазушы өмір жолын өзімізбен бірге бастан кешіп, өзімізбен бірге келеңсіздікке күйініп, жылт еткен жақсылыққа жас баладай алақайлап қуанып, өзімізбен бірге қалам тербеп, арамызда аралас-құралас жүргендей әсер аласың. Бұл жағынан бізге тұстас, замандас сияқтанады.

Қазақтың түпсіз-түңғиық сөз байлығын аямай емін-еркін қолданған Аймауытов творчествосының озық үлгілерінен біз үйренетін тағылым-тәрбие де аз емес. Әсіресе сөз деген шіркінді орайын келтіріп, орнын тауып қолданған жағдайда мұның күдірет-күші әлемет екенін Абайдан, Әуезовтен кейін мен енді, міне, Аймауытовтан көріп отырмын. Мен өзімді қазақ жазушыларының бар-бар шығармаларын көз бен көңілден өткізген, анау-мынауға көңілі селт етпейтін кәркесте оқушы санаймын. Шынында да, қазір анау-мынаумен бізді таң қалдыру қиын да. Ал, Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Аймауытовтың әсіресе сөз кестесі, айшықты, әшекей тілі кәркесте оқушының өзін бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесіз.

Аймауытов сөздік қоры орасан бай, ағыл-тегіл мол, сол ағыл-тегіл молдықтың арқасында жазушы қаламынан туған дүниенің тынысы кең, емін-еркін көсіліп жазып, нақышына келтіріп суреттер жасайды. Оны біз көбінесе, ғылым тілімен айтқанда, синонимикалық сөз тізбегінен байқадық. Мысалы: “Бір көзі соқыр, жалғыз әйнекті, тапалтақ, кішкене үйінің дымыққан, күлімсілеу, терсымақ иісі мұрнына жып-жылы тиді”. Немесе: “Кешегі шотпақ қара, төбел таз, ұрт мінез күйеудің бұл жерде әп-әдепті, жібектей жатық жігіт бола қалғаны; анаған да, мынаған да арсылдап отыратын, малшы-құлшымен өсекке таңылып жүретін, тау көкірек, мақтаншақ, сиырдай сары қыздың қой аузынан шөп алмас мүп-мүләйім, нәуетек, науша қыз бола қоюы Күнікейге торғын қағазға ораған сасық сабындай, немесе алтын жалатқан мыс сақинадай алдауыш, бояма болып көрінді, тыржиды, тезірек кеткісі келді”.

Ал, көріп отырсыз: осы сөйлемдердегі ұтымды синонимдердің жазушы біреу-жарымын ғана қолданып, сонымен шектелсе де азық етпес еді. Айтпақ ойы сонда да оқушы санатына жетер еді.

Ал тіл байлығы ағыл-тегіл төкпе жазушы-суреткер тақ-тұқты місе тұтпайды, еселеп, екпіндетіп, шабыты шалқып, рұхтанып кетеді.

Мен көптен байқап жүрген бір нәрсе: байырғы қазақ тілінің күш-қуаты — оның етістіктерінде, олардың көпмағыналығында, ішкі шиыршық атқан динамизмінің молдығында. Қазақ тілінің осы бір өзіндік табиғи ерекшелігін Аймауытов жиі және кеңінен қолданады. Тыңдап көріңізші. “Қыздар қызыл құнажындай қыландап, сыландап, шоқтанып, топтанып, сылдырлап, былдырлап, Шідертіні өрлей Рақаш ауылына бет қойды”. Немесе: “Сүмірейте, қылмита соқты; желдете, құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты”.

Міне, өздеріңіз де байқаған боларсыздар, осы сықылды еселеп қолданатын етістіктер мен оның түрлері — есімше, көсемшелер тізбегін көлдетіп, көркем прозаны шамадан тыс әшекей-айшықтап жіберу сол кездегі қазақ прозасында ала-бөле Аймауытов творчествосына тән қасиет. Көріп жүрміз ғой: сөздік қоры неғұрлым көл-көсір бай жазушылар солгүрлым эпикалық кең тынысты шығарма жазуға бейім. Шабыт үстінде олар ағыны қатты аттай басына әл бермей, қаламына қанат байлағандай шығандап кетіп, сөйлемге кіл сабақтас құрмалас, салалас құрмалас, аралас құрмаластар тізбегін төпеп төгіп-төгіп жібереді. Ал Жүсіпбек Аймауытов тіл байлығы қанша шексіз болса да, нағыз қас шеберге тән қасиет арқасында шамадан асып, шектен шықпай дер кезінде өзін тежеп қалады.

Мысалы: “Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жүн. Ауыл түгін, өзен күріл. Қызыл іңір. Малың жайлап, шайы қайнап, ел де орынға отырды”.

Қәне, айтыңызшы, байырғы қазақ ауылының тіршілік көрінісі көз алдымызға келіп, сайрап тұрған жоқ па? Енді “Әнші” әңгімесінің алғашқы жолдарын есімізге түсірейік: “Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы — қымыз, ойын-сауық — “қататься”. Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гүләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней, Қызық думан...”

Ғажап сурет! Және шебер жазушының бұл тұста біз жаңа қырын — қысқа қайырымдар мен қолға ұстатқандай нақпа-нақ түйіп тастап отыратын “үнемпаздығын” көріп отырымыз. Қысқа

қайырыммен шеге қаққандай айтар ойына көп нәрсе сыйғызады. Орыс тілінде “назывные предложения” деген грамматикалық ұғым бар. Ол көбінесе бірыңғай атау есімдерден құралған шолақ-шолақ сөйлемдер мағынасын білдіреді. Көркем сурет жасауда Жүсіпбек Аймауытов осы бір тәсілді ұтымды ойната білген. Оқушы көз алдына сонау жиырмамыншы жылдардағы НЭП дәуірінің халық тірлігіне әкелген дарқанды тынысының қазақ-орыс аралас Жетішатыр қаласына көшкен сипатын танимыз.

Тағы бір мысал: “Қара құрық. Түгін. Қазан. Ит. Бала. Ию-кию”. Міне, небәрі бес-алты ғана сөз. Және де барлығымыз білетін, күнделікті қолданып жүретін қарапайым сөздер. Ал, Аймауытов қаламынан туғанда оларға кәдімгідей жан бітіп, сиқырлы сурет көз тартып шыға келеді. Сондықтан да оның қым-қуыт заманның шым-шытырман әлеуметтік оқиғасын жан-жағынан алып суреттеген роман, повесть, әңгімелерінің өзі сайып келгенде көлем жағынан ылғи шағын, қысқа бола тұра, дүние танымы түбегейлі терең келеді. Айталық, базбір жазушы күнделікті өгіз аяң китің тірлікті суреттеу үшін қаншама сөз жұмсап, босбелбеу, құнарсыз бірдеме жасар еді. Аймауытов болса қазақтың ауызекі айтылып жүретін қарапайым ғана қос сөздерін орнын танып, тиімді жерде ұтымды пайдаланып, мәселен, айталық: “кіртің-бұртың, кірбең-күйбең, күйкі өмір” деп ұғымдық мағынасына салмақ беріп, күшейтіп жібереді. Енді осы: “ию-кию”, “жаң-жүң”, “кірбең-күйбең”, “шілі-мілі”, “кіртің-бұртындарды” басқа тілге, айталық, орыс яки неміс тіліне тәржімелеп көріңізші. Аудармашылық өнердің мен де ащы-тұщысын біраз татып, егжей-тегжейін білетін сияқты едім, бірақ, соған қарамастан мына қос сөздерді жатқан орнынан қозғалта алатын қауқарым жоғы ақиқат. Қолымнан келмейді! Балама табамын деп, тәуекел ете алмаймын. Аймауытов айшықтары қазақтың ұлттық тілінің қаймағы бұзылмаған табиғи байлығын жете меңгеріп, оны орнымен қолдана білудің бірден-бір айғағы.

Сан жағынан санаулы, аз, бірақ жүрегі лүпілдеп соғып тұрған сиқырлы сөзбен Аймауытов адам портретін, табиғаттың тамаша суреттерін де жасайды. Мәселен: “Аяқ жағында шытырдай болып ширатылып, қасын керіп, шынашағын шошайтып, ақ құба, ұзын мұрын, жұқа ерін ерке келіншек қымыз сапырып отыр”. Немесе Мұқаш келбетін алыңыз: “Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сүр жігітпін”.

Бұл жерде маған мынандай да ой келеді. Қазақтың ауыз әдебиетінен сусындап, қаршадайынан ұзақ-сонар хикая, дастан, қиссаларды тыңдап, тыңдап қана қоймай, жаттап, зейініне тоқып, айтыс өнерінің ауызша салғыласын көріп өскен жазушының фольклор ықпалында бауырын көтере алмай қалып қою қаупі жоқ емес еді. Сондай жағдайда оның әлгі бір “қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын” дейтін қағиданың өзін бұзып-жарып, европалық әдебиеттің деңгейіне көтеріліп, өз заманының озық прозасын жасауы бізді таң қалдырмай қоймады. Бұл бір. Екіншіден, үлкен әдебиетшінің жаңа саналы ұлттық әдебиеттің ірге тасын қалаушыларының бірі екендігін азаматтық парасат мүддесінен терең түсінгендігіне дәлел.

Аймауытов прозасындағы психологиялық иірімдер, ішкі монологтар, сюжет құру сипаты, тұлғаны мүсіндеу, сомдау тәсілі, композиция тұтастығын жасаудағы зерделілігі – оның өз заманының озық үлгілі хәм мәдениетті, аса ірі реалист суреткер екеніне бірден-бір айғақ.

Дей тұрсақ та, жазушы көшпелі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан фольклорлық дәстүрінен ақи-тақи арылды деу қиын. Оны тіпті ілгеріде біз келтірген әлгі бір үзінділердің бойынан да бір сөз, жарым сөзден байқауға әбден болады. Ауыз әдебиетіне тән саптау, әшекей-айшық бой көрсететін сол әлгі ырғақты ұйқастарға жазушы бір есептен саналы түрде барды ма деп те қаламын. Жазушы шығармасын әрқашан да оқушыға арнап жазады. Ендеше кім біледі, Аймауытов та әлгі бір фольклор мақамына салып, қара сөзді термелетіп, тақпақтатып жазғанда сол кездегі қалың оқушының ой-өрісіне қарай қаламын ыңғайлап, әдейі ақ өлендетіп жіберуі де мүмкін. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мына бір жолдарды алайық: “Танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншігі сидиған, саусақтары сыпсиган, үркек малша оқшиған, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шың бетті, жағына пышақ жанитын, бір көргеннен танитын...”

Сол сияқты: “маңдайы қасқиып, мойны қаздиып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп...” Қазіргі қазақ прозасында бұл іспетті ділмәрлікке салған фольклорлық дәстүрлі теңеулер мен әлдеқашан қалыптасқан, термелеп кететін әуендер, атам заманнан бері ауызекі арзан ұйқастар, әлбетте, сирек кездеседі. Рас, ондай қызыл сөзді көптіріп, тіл мен жағын безеген өнер қазір профессионалдық әдебиеттен профессионалды тамадалардың дастарқан басындағы үлесіне тиді.

Аймауытовтың әлсін-әлі ырғақты прозаға қалам безеп,

инверсияға (сөйлемдегі сөздердің дағдылы тәртібін өзгерту, алмастыру) бой ұрып кететіні жөнінде де осыны айтар едім. Ойымды нақтырақ дәлелдеу үшін “Күнікейдің жазығы” повесінен бір-ақ мысал келтірейін: “Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші – жалаң ши. Жаман үйдің төрт жағы – ала сырмақ текемет, текеметте Күнікей, жалғыз әйнек түсінде. Алты көзден үшеу жоқ, лақтар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жүлдырған...”

Повестің алғашқы тарауы түгелдей дерлік осы сарында, осы ырғақ, осы өлшемде жазылған. Ырғақты проза сарыны Аймауытовтың мұнан басқа да шығармаларында да бой көрсетіп қалады. Ара-тұра болса да, Аймауытов әлгіндей тек фольклорға тән ырғақпен, инверсиямен, ұйқастармен оқушысын еліктіріп, елендетіп алып, шынайы реалистік прозаға көшеді.

Аймауытов прозасын ежіктеп, мүқият оқып отырып, менің тағы бір байқағаным – оның ара-кідік орыс тілінен кірген сөздерге жатсынып, үркектеп қарамай, емін-еркін пайдаланатын қасиеті. Бұған да әбден түсінуге болады. Қайсы десеніз, сол бір төңкерістен кейінгі дәуірдің реалистік болмысы мен түбегейлі өзгеріске күрт ұшыраған қала-дала тірлігін әлеуметтік өмір шындығынан алыстатпай, өз қалпында суреттеп, тіпті сол кездегі кісілердің сөйлеу машығына дейін айна қатесіз аудармай беруге тырысқан әрекеті. Сөз арасында айта кететін бір жай: бұл, алдымен, қазіргі біздің кезімізде кең етек ала бастаған ұлтаралық, халықаралық қарым-қатынаста әрбір тілдің өсу, даму жолындағы мойын бұлтартпас заңды құбылыс. Мәселен, ГДР жазушылары күні кеше біздің әдеби-мәдени тілімізге орыс сөздері, синтаксистік оралымдар көп кіріп кетті деп қынжылса, ФРГ әдебиетшілері неміс тілін ағылшын сөздері шұбарлап барады деп налып жүр. Бұл жалғыз Аймауытовтың басындағы жағдай емес, сол кездегі белгілі қазақ жазушыларының көбінің басында болған, айта берсеңіз, тіпті Ресей қағанатындағы ұлт өкілдерінің бәріне тән қасиет. Аймауытов прозасында орыс сөздерінің біразы өңі айналып, кәдімгідей-ақ “қазақыланып”, қазақ тіліне лайық фонетикалық сипат алады. Мысалы, мына сөздер: үшкөл, періуатшік, кінеге, әтірет, “дәуалнай болар”, өшетіл, көріс (курс), дияла, “балшабек табарыштар”, “субалыш коммунистер”, бүртөкел, ділграм, талкөшке, поштауай, шорнабай, қашаба, разберске, “арыстанбайт етіліп”, жәшейке т.т. Осы тектес “кірме” сөздердің бір тобы өзінің төл түрінде, “мұрты қисаймай” қолданылады: кабинет, план, протокол, автомобиль, аэроплан, бомба, пулемет, расход, парта, портфель,

земство, хамство, митинг, винтовка, артист, труппа, секрет, билет, саботажник, счет, инструктор, паром т.с.с. Халықаралық лексика да аз кездеспейді: материалист, идеалист, символист, футурист, параграф, пролетариат, автономия, комиссия, капитал, элемент, флот. Аймауытовтың мен оқып шыққан прозалық шығармаларында мұндай сөздердің жалпы саны ерінбей-жалықпай санап шыққанымда бір жүз алпыс үш болды. Орайы келгенде жол-жөнекей айта кетейін: қазақтың ұлттық прозасындағы әлгіндей “кірме” сөздерге өз басым оқырман ретінде көптен бері ерекше назар аударып жүрмін. Мәселен, Бейімбет Майлиннің “Жазушы” баспасынан 1973 жылы “Шұғаның белгісі” деген атпен шыққан бір томдық шығармалар жинағында орыс сөздерінің саны жүз жетпіс екен. Ал Тынымбай Нұрмағанбетовтың “Үшінші кластың жетекшісі” атты повесінде алпыс, Шерхан Мұртазаевтың шағын көлемді “Жалаң аяқ от кешу” әңгімесінде он бес орыс сөзін кездестірдім. Әйгілі әдебиет зерттеушісі Франц Шиллердің дерегі бойынша, Октябрь революциясының алдында Ресей немістерінің тіліне бірнеше жүз орыс сөздері кіріп, бауырласып кетіпті. Бұдан шығатын қорытынды: көрші болған соң, ыдыс-аяғың араласпай тұрмайды.

Аймауытов прозасында маған мүлде бейтаныс, білмейтін, білмегенді айтасыз, тіпті қолымда бар лұғаттардан да кездестіре алмаған қазақ сөздері мен оралымдары ұшырасты. Мысалы: дүкірт, бұғылама, сұқым, салдаман, нырайлар, бейуаз, шайырғал, тақылжыр, маукіл, мазқар, мыршым, мұдуар, салапат, мораз, лике, шүлеңгер. Қанша айтқанмен де затым неміс қой, менің білмегенім ештеңе емес (сұрастыра біле жатармын), ал, енді әлгі тақылеттес сөздерді шиге шанышқандай көзінен тізіп алып отырып, көңіліме кішкене реніш кірді. Осы сөздердің бәрі бірдей қазіргі қазақтың әдеби тілінің қорынан түсіп қалуы қаншалық орынды? Жиган-тергенінен гөрі жоғалтқаны әрқашан да көбірек болатын халық сөз қазынасын осылай көшкен-қонғанда ұмыт қалдыра берсе, келешекте не болады? Қазіргі қазақ тілінің байлығын ысырап қылып, далаға шашып, түптің түбінде кедейлеп алмаймыз ба деген қауіп ойымнан кетпейді. Онсыз да қазақтың қаншама байырғы төл сөздері барған сайын қолданудан қалып, көрер көзге тіл жұтанданып қалған сияқты. Сонда қазақ әдеби тілінің қалыптасу процесі бітпей жатып, ананы архаизм, мынаны диалекті деп, әр сөзге бүйідей тисек, қолда бар асылымыздан айырылып қалмаймыз ба? Қай жылдан бері шетелде тұрып жатқан заманымыздың үлкен жазушысы А.И.Солженицын шығарма үстінде күн, түн сарылып,

бір қолын екі ете алмай жатып та осы кезде орыс әдеби тілінде қолданудан қалып бара жатқан сөздерді ерінбей-жалықпай жинап-теріп, көлемді лұғат жасағаны белгілі. Осынау игілікті іс үстінде қаршадайынан американ мектебінде ағылшын тілінде оқығанмен де ана тілін әкесінен кем білмейтін Александр Исаевичтің екі ұлы жан-тәнін сала жәрдем берген екен. Сыртта жүрген кісілер ана тілі үшін арқа еті арша болып, жанын жалдап жатқанда біз неге өз елімізде отырып, қазақтың ұмыт болып, күнделікті тірлікте қолданудан қалып бара жатқан төл сөздерін тірілтпейміз? Ондай сөздер қазақтың ауыз әдебиетінде, қисса-дастандарында, мақал-мәтелдерінде, шешен-би сөздерінде, кеше ғана арамыздан кеткен классик жазушылардың шығармаларында сақдай сайрап тұрған жоқ па? Ендеше біз неге осынша мол қазынаны жинап, теріп, жүйеге келтіріп, жап-жақты түсінік беріп, сөздіктер құрастырып, қайтадан тірілтіп, қатарға қоспаймыз? Меніңше, бұл да баршамыз ойланарлық жай.

Аймауытов прозасында өткен заман көріністері, ұмыт қалған ұғым-түсініктер, этнографиялық деректер де мол екен. Бір ғана мысал. Бала кезімде (ол соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кез ғой) мен өскен ауылдың той-томалақтарында халық ойындарының сан қилы түрлері болушы еді. Олардың біразы менің жадымда осы кезге дейін сайрап тұр. Қазір соның бәрі салттан шығып қалды. Тіпті сол ойындардың атаулары да жұрттың жадында қалмаған. Қазіргі ауыл жастары өлең айтудан да қалған, бас қосқандағы бітірер ермегі — окта-текте реті келгенде (тіпті келмесе де бәрібір) “бозжорғаны” борбайлап, айдап алады. Мұны көргенде, ай, ішің қан жылайды-ау!.. Бірақ, дәл осы жерде айтпағым бұл емес. Сол ұмыт болған қазақтың ежелгі халық ойын-сауықтарының бүгінде біз біле бермейтін неше түрін Аймауытов шығармаларында атын атап, түрін береді. Құр тізіп қана қоймай — тәптіштеп суреттегенде оқушы лажсыз қызығады. Мәселен: “Ойын созыла берді. “Хан қалай? Белбеу соқ, тақия жүгіртпек, сақина тықпақ, мыршым, ондай қылма, мұндай қыл, ләпи молда, қалдырма қақи, байтам тап” сияқты сүйісетін, белбеумен ұрысатын, жұдырық жұмсайтын, емшек ұстайтын, қол қысатын, тағы талай қол жұмысы аралас ойындарды адақтаған кезде жігіттер түрегесіліп, “құр-құр” қалмақ ойыны сияқты жақтан ұратын, күш сынасатын ойындарды да істеді. Шалқасынан сіресіп жатқан жігітті аяғынан көтеріп тұрғызуға, екі аяғын айқастыра ұстап, бұқшиген жігітті бір қолтығына қысып,

нығынан асыруға, белбеуден ұстасып, бірін-бірі басын төмен салбыратып, шалқая бергенде, дөңгелекше айналдыруға келгенде Байманға тең келер жігіт болған жоқ”.

Енді бір мезгіл атақты “Күнікейдің жазығындағы” көш салтанатын, “Ақбілектегі” диуана Ескендірдің үстіндегі ылдырмақ-сылдырмақтарын естеріңізге түсіріп көріңіздерші, сонда сіз Аймауытов прозасында этнографиялық суреттеулер мен сан түрлі детальдардың молдығына, оның бізге үлкен гибраттық мән-мағынасы бар екеніне көзіңізді жеткізесіз. Сайып келгенде, жоғарыда айтылған әңгіменің барлығы Аймауытов прозасына тән өзіндік стиль ерекшеліктерімен қатар оның мән-мағынасын, күш-қуатын, эстетикалық, этникалық, таным-тағылымдық қасиетін айқындай түседі, сол заманның тұрмыс-тірлігін бар тынысымен көз алдымызға әкеліп, жазушы көтерген гуманистік идея парасатын белгілейді.

Сонымен Аймауытовтың тілі ерекше бай дедік, көркем дедік, әшекейлі, нақышты, сыршыл тіл дедік. Тағы бір байқағанымыз: Аймауытов талантының ілгеріде біз айтқан қыры-сырына еліктеушілер сол тұста болғанға ұқсайды. Үлкен таланттың ығын паналап, ажарын қызықтап, бас жоқ, аяқ жоқ еліктеу табиғи жарастықтан гөрі жасандылыққа әкелмей қоймайды. Ал, жасандылық жүрген жерде шығарма да күніне жетпей шала туған шарана сияқтанып, бауырын жерден көтере алмайтын мешел, мүгедек. Мұндайда, әрине, тілі құрғыр да басына тартсаң, аяғына жетпей әлек қылады. Сондықтан тіл тапшы жерде — ой кедей. Ой кедейлігі қарабайырлыққа әкеп соқпай қоймайды. Тіл күнделікті тірлікте адамға аяқ жолын танытатын тек әшейін қарым-қатынас құралынан гөрі күрделірек құдірет-күш, талант қолына түскенде тұла-бойы тола сиқыр да сыршыл күшке — өнерге айналып, ар жағында адам жаны, жүрек тынысы лүп-лүп соғып, сыршыл сезім сұхбатқа шақырып тұрады. Және де жазушы жанының адалдығы, ең алдымен, оның тілінен байқалынады.

Гәп сонда. Гибрат, өнеге де сонда. Аймауытов тағлымының біз байқаған пәлсапалық түйіні де осында. Демек, Аймауытов бұл тұста да бүгінгі қалам тербеген қазақ ақын-жазушыларымен ірге ажыратпай, мықтасып, қатар тұрған тұстас іспетті.

Осы күні бәрімізді де төсегімізде дөңбекшітіп жатқызбай



жүрген бір жағдай — ұлтаралық қарым-қатынастарда басымыздан кешіп отырған қиындықтар ғой. Бұл көкейкесті мәселе осыдан жетпіс жыл бұрын Аймауытовты да қатты толғандырған екен. “Әділет, теңдік, адамшылық қайда?” — деген сауал Аймауытов кейіпкері Қартқожаның да алдында тұрған. “Олар бос сөз бе? Оларды кім шығарды?” Осы сауалдар қазір бізді аз мазалай ма? Олардың күр әшейін айта салған желеу, бос сөз еместігін біздер де түсінетін халге жеттік, әл-қадірімізше біз де оларға жүрек түбінен жауап іздеп, жан ұшыра шарқ ұрамыз, түн ұйқыны төрт бөліп, әуре-сарсаңға түсеміз. “Қартқожа” романының бір жерінде былай делінеді: “Енді орыстан да қорықпайды: тілінің бөтендігі болмаса, жүрегі де, ойы да өзіміздікіндей. Андрей қай қазақтан кем? Артық емес пе? Қартқожаға сондай ақыл айтқан қазақ болды ма?” Міне, өз кезінде Қартқожаның көкірегіне жол тапқан әділет, шындық сипаты бүгінгі қазақ балаларына да жат емес.

“Ақбілек” романында Бекболат бірде мынандай қорытындыға келеді: “Алдыменен жуандардың ықпалынан, рушылдықтан қазақ азаматтары өздеріміз тазаруымыз керек. Өзіміз тазармасак, еш нәрсе жасауға болмайды”. Ал, бұл мәселе күн тәртібінен түсті деп қалай айтамыз? Қартқожа да, Бекболат та дәл қазір біздің алдымызға шығып, үлкен мінбеден сөйлеп тұрғандай әсер алмайсыз ба?

“Енді мынау өңшең орысша сөйлескен, шылым тартқан, арақ ішкен, пысық, бықысқан қазақ әкімдер”, немесе, “тағы да алқынған, көпірген, лепірген көп сөз сөйлеп кеткен” белсенділер, Ықаң мен Тапаңдар қазір де арамызда толып жүрген жоқ па?

Омбыдан Ертісті өрлей еліне қайтып келе жатып, Қартқожа “жаңбырлық киген, қалпақты қазақ жігіттерімен” кездесіп, тұрмыс жайын сұрап, шұрқыраса кетеді. Сіз солардың қойған сұрақтарына құлақ салып қараңызшы. “Қалай, аман ба? Жақсы тұрасыңдар ма?” “Жақсымыз”, — дейді ел қазағы. “Кеңсе қалай? Қазақша ма?” “Екі жыл болды, қазақша жүргіземіз”.

Апырай-а?! Осы жерін оқып отырып, еріксіз езу тарттым. Оу, бұл қазіргі күні бәріміздің басымызда бар жағдай ғой. “Кеңсе қалай? Қазақша ма?” — деуінде үлкен мән бар-ау! Осы бір сауалды біз бұл күндері өзіміздің Орталық Комитеттің, Совминнің “жуан-жуан” жиналыстарында да қойып жүрген жоқпыз ба? Қазіргі қазақтың сұрағы емес пе? Мұның өзі Бекболат Омбыда оқуын оқып жүрген кезде Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік статус алған сияқты ма, қалай? Аймауытов ана заманнан дәл осы бүгінгі күннің жан тебіренткен мәселесіне көз жіберіп отырғаннан сау ма?

Енді романның мына бір жеріне назар аударыңыз: “Бұл не?” – деп сұраса, Ертіс бойындағы қазақтарға жер өлшеп беріп жатыр екен. Бұрын аренда төлейтін, пәтерде отырған қазақтар қызыл танау болып, жер иемденіп: “қала боламыз, мектеп ашамыз, каперация жүргіземіз” деседі. “Аренда”, “кооперация”, “сөз емес, іс керек!” деген біздің бүгінгі тіршілігіміздің түбегейлі сөзі, сөз емес-ай, ұраны ғой. Сонда қалай? Баяғы қазақтар “елу жылда ел жаңа” деуші еді, “Қартқожа” романы жазылғалы елу емес, жетпіс жылға таялып қалды, ал біз болсақ әлі де сол кездегі қара батрақтардың мақсат-мүддесінен бойымызды да, ойымызды да асыра алмай екі етегіміз далақтап, аузымыз жалпылдап, күр сөзбен жүргеніміз бе? Сонда бүгінгі біздің басымыздағы хал-күйімізді “көріпкелі” бар жазушы, сірә, күні бұрын біліп, қағазға түсіре берген бе? Енді бізге бұл замандас болмағанда, кім замандас болады! Классикалық еңбек қанша жылды артына салса да мәні мен құнын жоғалтпайтынын біз осы тұста тағы көрдік. Ғалым-әдебиетші Серік Қирабаев біз қалам тербеп отырған Аймауытовтың бір томдығына жазған алғы сөзінде ақиық жазушының ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы, ағартушы, педагог, ғалым болғандығын мейлінше дәлелдеген. Тек, әттең, баршамыздың өкінішімізге орай, қазіргі оқушы қауым Аймауытов творчествосының әлгіндей жан-жақты қырларын әлі де болса біле бермейді. Бұл келешекте бәріміз ескерер жай. Аймауытов сынды ұлттық мәдениеттің аса ірі қайраткерін қолына қалам ұстаған кейінгі ұрпақ жан-жақты зерттеп, талдап, терең ұғуымыз керек. Осыдан аттай алпыс жеті жыл бұрын жазылған “Мағжанның ақындығы туралы” атты зерделі эссе-мақаласын Аймауытов былай аяқтапты: “Мағжанның ақындығы туралы азды-көпті байқағанымызды айттық. Қалғаны болса, оқушылар жеткізе жатар деп, сөзімізді бітірдік”.

Әрине, өз басым бұл жерде “қалғаны болса”-дегенді айта алмаймын. Бірақ, Жүсіпбек Аймауытов прозасының тілі, тілдік қасиеті төңірегінде бірер байқаған топшылауларымды мен де осымен тамамдап, қалғанын кейін ғалымдар болып, оқушылар болып жеріне жеткізе жатар деген үлкен сенімде қолымдағы қаламды тежеп, ойымды бұдан әрі өрістетпей, осы арадан үздім...

*1990 ж.*

## АУДАРМА ӨНЕРІНІҢ КЕҮБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көркем аударма деген не?

Осыдан ширек ғасыр бұрын аяғымды имене басып, әдебиетке жаңа ғана келген шағымда, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін шекесінен шертіп отырып, бір тілден келесі тілге еш қиналмастан “қотара” бастаған кезімде мұндай сұраққа үзілді-кесілді жауап беру ешқандай қиындық туғызбайтын. Е, тәйірі, бұл да сауал болып па дейтінмін. Мұнда қиналатын не түр? Мәселен, түпнұсқада “Көкжиектен күн көтеріліп келеді” делінген болса, оны еш қиналмай-ақ “Из-за горизонта поднимается солнце” деп орысшаласаң жетіп жатыр деп топшылайсың. Шынында ғой. Басқаша не дейсің? Көкжиегің — горизонт, күнің солнце, көтеріліп келеді — поднимается. Әрине, бұл жерде “поднимается” дегеннен гөрі “выкатывается” десе, әрі көркемдеу, әрі көрнекілеу, бейнелірек, нақтылау шығатын сияқты, өйткені “выкатывается” етістігінде жалғыз қимыл емес, мінездеме, сурет бар ғой. Бірақ қазақшасында “көтерілді” деп жазылған соң, амалың бар ма, дәлдік үшін “поднимается” деп аударасың да қоясың. Міне сол кезде аударма жөніндегі түсінігімнің деңгей-дәрежесі осындай болатын.

Жылдар өте келе, көз майынды тауысып, қазақ пен неміс тілінен жалпы көлемі бес жүз баспа табақтан артық (шамамен 20-25 том) көркем проза шығармаларын орыс тіліне аударып, көркем аударманың теориясы мен практикасы жайында ондаған зерттеу мақалалар, рецензиялар жазып, буыным бекіп, әбден аққаптал болған шағымда жоғарыда қойылған сұраққа айқын, нақты, жеріне жеткізе жауап бере алмайтын сияқтымын. Бір кезде оңай болып көрінген нәрсе қазір қиындап, күрделеніп, көкжиегі алыстап бара жатқандай. Көзім жетіп, анық білетінім: аударма күннен күнге ел мен ел арасы жақындасып, мәдениетіміз марқайып, өсіп келе жатқан кезде ұлтаралық, халықаралық маңызы үлкен өте-мөте қажет өнер екен. Оның үстіне машақаты да, әбігері де жетерлік көрінді.

Енді сол өнердің өзім білген қыры мен сыры жайында ой толғап көрейін.

Сонымен, аударманы кітап сүйер оқушы қауым қалай түсініп, қалай қабылдайды? Аударма сапасы қайтіп бағаланады? Аударма өнерінің бірден-бір дұрыс та әділ сапа өлшемі, белгісі (критеріі) бар ма? Тоқ етерін айтсақ, аудармада жақсы деген немене, жаман деген немене?

Көп оқып, көп тоқыған зиялылардың айтуынша, адам баласы осы сұрақтарға екі мың жылдан бері жауап берумен келеді. Қаншама айтыс-тартыстар болды, нешеме кереғар пікірлер айтылды, халықтың қаншама ғұламалары осы сұрақтарға жауап іздеп, әуре-сарсаңға түсті?! Теоретиктер осылай қызыл кеңірдек болып, айтысып жатқанда, о заманнан нақты іске бейім тілшілер, тілмәштар, аудармашы-жазушылар мыңдаған шығармаларды өзге елдің жүздеген тілдеріне тәржімелеп, адамзат санасының өркендеуіне бірден-бір себепкер болды. Әлбетте, бұл орасан еңбек зая кеткен жок, өйткені аударма өнері — ең интернационалдық өнер, игілікті іс, ел мен елді жақындастырып, рухани байытудың, достықты нығайтудың бірден-бір қажетті құралы.

Аударма жайындағы теориялық таластар қазір де толастаған жок. Керісінше, жылдан жылға күшейіп, ауқымы кеңейіп келеді. Келешекте бәсендемесіне ешкім күмән келтірмесе керек. Өйткені көркем аударма — адам, табиғат, өмір, махаббат секілді айтылып бітпейтін мәңгілік тақырып.

Көркем аударманың негізі, түпкілікті қағидалары қазіргі таңда әбден айқындалып отыр. Олар аударманың мейлінше дәл, мүмкіндігінше барабар (адекватты), түпнұсқаның көркемдік қасиеттеріне барынша жақын болуын талап етеді. Аталған қағидалар мен талаптар, әлбетте, талас-дау туғызбайды, бар ғәп сол талап, принциптерді әр қилы түсінуде, әр түрлі маңыз-мағына беруінде жатыр. Дәлдік деген не? Барабар дегенді қалай түсіну керек? Сәйкес, шын аударма қандай болады? Міне түсініспеушілік, даудың басы көбіне-көп осы мәселелердің тоңірегінде өрбиді. Ал жалпы оқушы қауым, қалың жұртшылық әлгіндей айтыс-тартыстан мүлдем бейхабар, оның егжей-тегжейіне бара бермейді және де аударма ісінің бүге-шігесінде шаруасы жок. Айталық, Хемингуэй, Әуезов, Маркес шығармаларын аудармадан оқып отырып, оқушы көбінесе түпнұсқаның, иә төл шығарманың өзін оқып отырмын деп ойлайды; сол шығармаларды кім аударды, қайтіп аударды дегеннің байыбына бара бермейді. Және де мұндай көзқарас білместіктен, аңқаулықтан емес, көбіне-көп аударма сапасына, аудармашының

шеберлігіне риясыз сенушіліктен туады. Мысалы, орыс оқушысы “Абай жолының” орысша аудармасын қолына алып, бірінші сөйлемін “Мальчик спешил домой” деп судырата жөнелгенде, сол сөйлемнің түпнұсқада тап осындай екендігіне титтей де күмән келтірмейді. Ал түпнұсқада ол сөйлемнің мүлде басқаша екенін ісі қазақтың бәрі біледі. М.Әуезов әйгілі эпопеясын былай бастаған ғой: “Үш күндік ұзақ жолдың соңғы күніне бала шәкірт барын салды”. Аздаған сауаты бар оқырман осы екі сөйлемді салыстыра отырып, олардың дәл де емес, барабар да емес, тынысы, көркемдігі, мағынасы сәйкес те емес екеніне, бірақ түпнұсқаға нұқсан келмегеніне бірден көз жеткізе алады.

Немесе мына бір төрт жолға назар аударып көрейік:

*Ось зашипела в бешеной машине,  
Цепила насмерть зубья шестерни,  
Личину дней в стальной стержней щетине  
Гримасой шевельнуло изнутри.*

Не түсіндіңіз? Осыны қазақ өлеңінің аудармасы деп кім айтар? Және де анау-мынау ақын емес, Абайдың “Сағаттың шықылдағы емес ермек” деген әйгілі философиялық өлеңінің аудармасы екеніне кім сенеді? Бір сәт көз тоқтатып, салыстырып байқайықшы:

*Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
Һәмша өмір өтпек — ол білдірмек,  
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайтып келмек.*

Салыстырып отырып, жағаңызды ұстайсыз. В.Киготың “аудармасында” (“Простор”, №9, 1986 ж.) Абайдың бірде-бір сөзі, ойы, тіпті ісі де жоқ қой. Орыс оқырманы “ось, шестерня, бешеная машина, стержень, гримаса” сияқты Абайдың сөздік қорында жоқ, шимай-шатпақты, бәлдір-батпақты оқып шығады да, “апырай, сонда қазақтың ұлы ақынының сөз саптасы осы болғаны-ау” деп аң-таң қалмай ма?!

Біздіңше, мұндай шалағай, тіпті шалағай емес-ау, сорақы туындылар аударма табиғатын дұрыс түсінбеуден, әрқилы, кейде негізсіз, жалған көзқарастан туатын секілді.

Аударма деген ұғымның өзін әркім әртүрлі түсінеді. Орыстар “перевод”, қазақтар “аударма”, қырғыздар “қотарма”, украиндар “переклад”, өзбектер “тәржима”, немістер “юберзетцунг” дейтін термин-атаудың түп-төркіні, мағынасы, сөз ауқымы бір. Бірақ немістер аударманың не қилысы болатынын о бастан түсініп,

біліп, оған бірнеше өзіндік атаулар тапқан. Мәселен, дәлме-дәл, ауызба-ауыз аударсаң, немістер “дольметшен” дейді. Егер жол-жөнекей түсіндіріп, талдап аударар болсаң, “эрлойтерн” дейді. Тек мағынасын аударумен қанағаттансаң, “инхальт заген” деген сөзді қолданады. Басқа бір түрге салып аударсаң, “умформен” дейді. Еркіндеу немісшелесең, “айндойчен” дейді. Мағынасына онша көңіл бөлмей, негізінен форма қуалап кетер болсаң, “нахамен” дейді. Құр еліктеп аударсаң, “нахбильден” дейді. Сол сияқты аударманың түр-түрі мағынасында “юбертраген”, “нахдихтен”, “нахгешталътен”, “шпигельн”, “видерхолен”, “транспонирен”, “тон гебен”, “гайст майнен”, “интерпретирен” деген сөздер қолданылады. Осы ұғымдардың барлығы, сайып келгенде, аударманың сан алуан түрінен анық та айқын елес береді.

Аударма теоретигі, әрі аудармашы Иван Кашкин әдебиеттану ғылымына “реалистік аударма” деген термин енгізді. Реалистік аударма жасау дегеніміз түпнұсқаның мазмұнын, идеясын, формасын, әуен-ырғағын, көркемдік ерекшелігін дәл, әрі барабар беру ғой. Көркем аударманың негізгі мақсаты, көздеген нысанасы, мұраты міне осы. Әлбетте, осындай ізгі мақсатқа жету жолында ұсақ-түйек өзгерістер, ауытқулар, түпнұсқадан артық-кем түсіп жататын жайттар бола береді. Әйтсе де, аудармашы реалистік аударма дәрежесіне жетуге өмір бойы талпынуы керек. Сонда ғана оқырман түпнұсқаның бағыт-бағдарымен жасалған қандай да бір күлді-күйелеш, ділмәрсіп сөз сапыруды емес, қайта төл шығарманың өзін оқып отырғандай әсер алады.

Аударма саласында менің ерекше ұнатпайтыным — еліктеу, долбарлау, умаждау, өзіндік жаңа түр (вариация) жасау, өзінше түсіндіру, өңін айналдырып, тың мағына беру (интерпретация) тәсілдері. Мұндай аударма түрлерінің қаншалықты қажет екенін білмеймін, бірақ ұлт тілінен орыс тіліне аударғанда осы дерт жазылмай, етек алып келе жатқаны даусыз. Кейде “вариант” деп “интерпретацияны” құптаушылар өзінше пәлсафаға ұрынып, аудармашының өз әдетіне, машығына, мақсат-мүддесіне, түйсік-түсінігіне қарай өз бетінше долбарлап, алып-қосуға хақысы бар дейді, немесе түпнұсқа дегеніміз — жай ғана кездейсоқ таңбалар жүйесі, партитура, ал аудармашы — бар болғаны музыкант, демек, ол алдында жатқан жансыз нотаны өзінің аспабында жандандырып, түрлендіруге, өзінше орындауға әбден хақылы дегенді айтады. Өз басым мұндай тұжырымға мүлде қарсымын.

Шынында да аудармашы әулетінің бәрі осы тәсілге жүгініп, кез келген шығарманы басыбайлы дүниесіндей иемденіп, өз еркінше долбарлап, қайта жазар болса, онда мұндай өнердің, әлгіндей туындылардың керегі не?

Вариант пен интерпретация жасау аударма өнерінің құнын түсіріп, мағынасын жоққа шығармай ма, реалистік аударманың орнына әлдекімдердің дербес қиялынан туған шимай-шатпағына оқушы қауым қызыға қояр ма екен деген сауал көлденеңдейді. Айталық, ағылшын, француз, неміс тілдерінен аударғанда ешкім түпнұсқаға қол сұғып, оны өзінше жіліктеп, күзеп-қырнап, бірдеңелерді алып, қосып жатпайды ғой. Ондай сұғанақ ой байыпты аудармашының басына да келмейді, өйткені солай болған жағдайда оны мамандығынан айырады, қабілетсіз деп табады да, бұдан былай аударма ауылының маңайына жуытпайды. Ал осы шетел тілдерінен аударма жасау тәсілі мен қалыптасқан дәстүр өзіміздің ұлт тілдерімізден (мысалы, қазақ, қырғыз, өзбек, түрік тілдерінен) орыс тіліне аударғанда неге бұзылады, неге сақталмайды, неге әлгіндей әдепсіздікке, “қосып жазуға” (приписка), иә, керісінше, қысқартып, ықшамдап, белінен басып, “басын жарып, көзін шығаруға”, түпнұсқаға жанаспайтын вариациялар жасауға жол беріледі? Ол аз болса, тіпті тек осылай аударған абзал, мұндай тәсіл ұлт әдебиеттерінің шығармаларын орыс жұртшылығына таныстырудың бірден-бір төте жолы деп кейбір сыншылардың, редакторлардың, теоретиктердің жалған қағиданы бетке ұстап, өзеурейтіні несі?

Осындай көзқарасты уағыздайтын сыншылар да шықты. Олар қыза-қыза келгенде өзінше жоба жасап, аудармашы “түпнұсқаның композициясын өзгертпеген, кейіпкерлерге тың бояу, мінездеме қоспаған, жаңа сюжеттік желілер тартпаған, орыс оқушысына лайық вариант жасай алмаған” деп мін тағып, айыптайтынды шығарды. Сонда мұндай “теоретиктердің” пікірінше, аудармашы түпнұсқаны былай жауып қойып, орыс оқырманына лайықтап, өзінше тон пішуі, нобай жасап, өңін өзгертуі, жаңа кейіпкер қосып, басқа бояу іздеуі, ойдан сюжеттік желі құрып, мүлде тың шығарма жазуы керек секілді. Ал бұл — мүлдем жаңсақ, теріс пікір! Шетел классиктерінің әлдебір аудармашылары Ивановтың, Петровтың, Сидоровтың қолапайсыз өзіндік өзгеріске түсірген пайымдауы мен топшылауы мені қалай қызықтырмаса, қазақ жазушыларының орыс тіліне аударылған шығармалары түпнұсқадан туындап

жатпаса — тап солай қызықтырмайды. Мысалы, Абайдың шығармаларын орыс тілінде оқығанда кейбір аудармашылардың өңін айналдырған вариантын емес, Абайдың өзін оқып отырмын деген сенім болуы керек емес пе? Әйтпесе ондай аударманың құны көк тиын.

Өкінішке қарай, мұндай жаңсақ тұжырым соңғы жылдары бәзбір ұлт жазушыларының санасына да ұялай бастаған сияқты. Қазіргідей аударма шығармалары қаулап өсіп келе жатқан заманда, жұрттың көбі орыс тілінде оқитын дәрежеге жеткен кезде, қайсыбір ұлт жазушыларының арасында төл шығармасына соншалық мән бермей, қалай болса солай асығыс жаза салып, нобайын ғана сызу, бар жүкті аудармашыға аудара салу әдеті жылдан жылға едәуір бой көрсетіп келе жатқандығы қынжылтады. Соның кесірінен түпнұсқаның құны арзандап, төмендей түсуде. Оның есесіне табиғаты дүбәра, қолдан жасалған ойсыз, бишара аудармалар нөсерден кейінгі арам шөптей қаулап шығып жатыр.

Мұның өзі етек алып келе жатқан қатерлі дерт. Ұлт жазушыларының дені жапа-қармағай “жақсы”, қолының қаруы, аузының дуасы бар аудармашы іздеуге шықты. Ал шындығында ең алдымен жақсы шығарма жазу керек емес пе? Жақсы шығарма туған соң ол шығарма оқушыға кеңінен танылып, өзіне тиесілі дұрыс бағасын алған жағдайда ғана тәуір аудармашы іздеп шабылған дұрыс сияқты. Кейінгі кезде қайсыбір “жазғыштар” шығармасын қағазға түсірмей тұрып, “мықты” аудармашы іздей бастайды. Онысы баласы тумай жатып, институтқа, иә аспирантураға орналастырам деп жүгіргенге ұқсайды. “Пәлендей шығарма жазбақ ниетім бар. Соны жазсам, аударар ма екенсің?” — дейді. Немесе: “Пәленмен келістім, жоспарға енгізетін болды. Енді бір дырдай аудармашы тапсам, романымды жазуға кірісер едім”, — дегенді айтады.

Ал енді аударманың жақсы-жаманын қалай айыруға болады? Кейде біреулер бір кітап жайында әңгіме бола қалса, бас жоқ, көз жоқ: “Аудармасы қалай екен?”, — деп қойып қалады. Сауалды бұлай қою дұрыс емес. Күр тілінің ептілігіне, сөздің ретті қолданылуына, оқуға жеңіл, оңтайлылығына, жатық, қисынды, ұғымды келуіне қарап, аударманы тамаша екен деуге бола ма? Егер әлгі аталған қасиеттер түпнұсқада болмаса ше? Демек, аударманы дұрыс бағалау үшін субъективті пайымдау аз, қайта объективті, айқын дәлел қажет. Мұндайда шындыққа көз жеткізудің бірден-бір жолы



– аударманы түпнұсқамен мұқият салыстыру. Мұндай талапты В.И.Лениннің өзі қойған болатын. Бір жолы ол Ольминскийге былай деген екен: “Түпнұсқаны әкеліңіз де, сонсоң айтысып көрелік”. Міне объективті шындыққа жетудің бірден-бір жолы осы. Басқа айтыстың барлығы негізсіз, мәнсіз. Шынында да, аударма жұпынылау, қораштау ма? Қанеки, түпнұсқаға назар аударайықшы. Мүмкін, тәржіманың мына тұрысында еш кемшілігі жоқ шығар. Мүмкін, аудармашыға ренжудің жөні болмас. Мүмкін, түпнұсқаның өзі шикілеу, қораштау, көмескілеу шығар? Бар ғәп, айтыс кілті осында. Түпнұсқа жүдеу, көріксіз болса, аударма неге төрт аяғын тең басқан төкпе жорға болуы керек? Егер аудармашы түпнұсқаны биікке көтеріп, қанатын жайып, әлеміштеп, безендіріп, жөнді-жөңсіз шылдырмақтарға толтырып, бояуды молынан жағып, үфит-сүфиттеп аударар болса, онда ол көзбояушылық, күнә, қылмыс болып шығар еді. Аудармашы түпнұсқаны негізге ала отырып, барын ғана аударып, ағын ақ, қарасын қара қылып көркетіп беруі керек. Түпнұсқаның бәйге торысы аудармада көк есекке айналса, немесе, керісінше, түпнұсқадағы сержант аудармада генералға айналып кетсе, онда әлгіндей “жүрек жұтқан” аудармашыны әшкерелеп, тиісті бағасын берген жөн емес пе?

Меніңше, бұл – бас бұрғызбайтын мәселе. Қалай болғанда да, аударма долбар, еліктеу, елес, “қосып жазу”, мазмұндау, түрлендіру, вариация жарапазаншысы болмай, түпнұсқаның басқа тілде жасалған реалистік туындысы болғаны ләзім.

П. Ф. Қайе айтады: “Жақсы аударма жасау үшін автордың таз кепешін киіп, қалыбына түсу керек. Ол енді жеңіл шаруа емес”.

Л. Эйдлин айтады: “Аудармашының дара қасиеті өзін-өзі ұмытуынан тұмай ма?”

А. Гитович айтады: “Аудармашы неміс тілінен аударғанда өзін ең кемі жартылай неміс болып сезінгені жөн”.

Р. Гамзатов айтады: “Аудармашы дарынсызға дарын қоса алмайды”.

Міне менің ұғымымдағы аударма өнерінің өзекті қағидалары осындай.

Оқушы көркем аударманы қалай қабылдауы керек деген сауал – ежелден толастамай келе жатқан түйінді мәселелердің бірі. Ойланып көрелікші, қандай да болсын аударма жаңа оқушыға етене жақын, төл шығармадай оқылып, қабылдануы керек пе, әлде басқа елдің, басқа тілдің ырғағын, түр-түсін, бейнесін сақтап

қалған туындыдай әсер етуі керек пе — міне дау-дамайдың үлкені осында. Тәржіме өнерінің бұл қиын түйінін, ара-жігін анық бедерлеген Гете еді. Бейнелеп айтсақ, мәселен, француз тілінен неміс тіліне аударылған шығармаларда оның француздарға тән қасиеті, ерекшелігі білініп тұруы жөн бе, әлде біржола неміс топырағына ауысып, кәнігі шығармадай оқылуы шарт па? Немесе қазақ шығармасын орысшалағанда кейіпкері түйе шапанын, кен қоныш етігін, түлкі тұмағын тастап, орыс кейіпкерінің кафтанын, шабатасын, құлақшынын киюі керек пе?

Осындай кереғар көзқарастың екеуіне де қосыла қою қиын. Әрбір ұлттың тек өзіне ғана тән ойлау жүйесі, сөз орамы, бейнелеу мәнері, машығы, қимыл-әрекеті, мінез-құлқы болады. Осындай ұлттық ерекшелікті сипаттайтын, ұлттық мінез-құлықты мейлінше ұрымтал айқындайтын ұғымды өз басым орыс тілі мен қазақ тілінен таба алмадым. Ал немістер мұны “менталитет” дейді. Өз пайымдауымша, бір тілден екінші тілге аударғанда ұлттық белгі — “менталитетті” — мүмкіндігінше құнттап сақтаған жөн секілді. Қысқасы, ұлттық шығарманы орысшалаудың жөні осы екен деп мүлдем орыстандырып жіберудің ешқандай қисыны жоқ.

Тағы да мысалға жүгінейік.

Орыс жазушысы, көркем сөздің шебері Юрий Казаков Ә. Нүрпейісовтың “Қан мен терін” аударғанда кей жағдайда қазақтарды қасақана дөрекілеу, оралымсыздау, тұрпайылау, томырық, нойыс қылып көрсеткен. Оның ойынша, тек солай сөйлегенде ғана қазақ балықшылары мен малшылары өздерінің табиғи қалпын мейлінше аша түседі де, орыс оқырманына ұғынықтылау, жақындау болады. Содан келіп Ә. Нүрпейісовтың кейіпкерлері — еркегі-әйелі, үлкені-кішісі, бала-шағасы — кілен бір-бірінен өтіп, тұрпайы сөйлеп, бір-бірімен балағаттасып жатады. Трилогияның өн бойынан “черная холера”, “окаянная хрычовка”, “старая холера”, “сукин сын”, “стервец”, “пройдоха”, “зараза”, “сатана баба”, “карга”, “шваль трусливая”, “черт”, “пес шелудивый”, “подлец”, “сволочь”, “гад”, “гнида”, “дура”, “стерва”, “дурак мордастый”, “вошь”, “паскуда”, “балбес”, “жирная сволочь”, “поганка”, “тварь подлая”, “собака”, “старая стерва”, “сука” т.т. дегендерден аяқ алып жүре алмайсың.

Немесе М. Мағауиннің А. Курчаткин аударған (меніңше сәтті аударма) “Аласапыран” романында мынадай сөйлемдер жиі ұшырасып отырады. “Цыц! — сказал султан Абалак”; “Ладно,

– сказал Ораз-Мухамед. – Не всяк умен, кто в красно наряжен”; “Слова твои резонны, баба!” – сказал Ораз-Мухамед”; “Қадырғали сказал: “Отыщет нужные слова в любой ситуации”; “А вы, джигиты, не конфузьтесь”, – сказал Қадырғали-бек”. Міне осыларды оқығанда сонау XVII ғасырда қазақ бектері мен сұлтандары “щыц”, “всяк”, “резон”, “ситуация”, “конфуз” сияқты сөздерді қолданып, сөйлейді дегенге сену қиын.

Белгілі ақын Фариза Оңғарсынованың Т.Фроловская аударған өлеңдерінде тек қана орыс ұғымына лайық, қазаққа жат діни, кітаби сөздер: распятыє, катехизис, матадоры, мародеры, сам-пят, пытошные, злыдень, изыди, ассигнации, адамовы дети, монумент, извоз, прах, рядно, с гаком т.с.с. – көптеп кездеседі. Сол сияқты Евгений Евтушенко аударған М. Шаханов өлеңдерінде қазақ ақынынан гөрі белгілі орыс ақынының рухы, сөз саптауы, қолтаңбасы аңдағайлап көзге ұрып тұрады. Меніңше, бұлай аудару жақсылық та, жетістік те емес.

Осы орайда өзіме орысша жазатын ұлттық жазушылардың ұстаған принципі ұнайтынын айта кеткім келеді. Олар шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, өздерінің ұлттық дәстүріне, мәдениетіне, төл табиғатына лайық бейнелеу, өрнектеу мәнерін, сөз орамын орыс тілінің көркемдік құралымен беруге талпынады да, екі кемең де сырын жақсы білетін шебер болып шығады: бір жағы өзінің ұлттық сөз мәнері мен тіл бояуын орысша беруге тырысса, екіншіден, осындай тәсіл-амал арқылы тың лексика, бояу, образ, сөз орамдарымен орыс тілінің көкжиегін кеңейтіп, байыта түседі. Бұл сөзімізге Ш. Айтматов, Т. Пулатов, Ш. Гусейнов, В. Санги, Ю. Рытхэу, Ә. Әлімжанов, О. Сүлейменов, Ф. Искандер, тағы басқа көптеген жазушылардың шығармалары дәлел. Сол сияқты башқұрт аудармашысы Ильғиз Қаримовтың орыс тіліне өзінің ұлттық сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерін дәл көшірме күйінде (калька) орынды, сәтті кіргізуі көңілге қонады. Мысалы, “Устами птицу поймает” (“Аузымен құс тістеп”), “На дне терпения – чистое золото” (“Сабыр түбі – сары алтын”), “Дрова-сено” (“Отын-шөп”), “Прошли-миновали” (“Өтті-кетті”), “Печаль-забота” (“Уайым-қайғы”). Немесе Иван Щеголихиннің аудармасында орыс тілі үшін мына бір тың тіркестерге назар аударайықшы: “Призвал потерянную душу к себе” (“Жанын қайта шақырып”), “Душа у него висит на кончике носа” (“Жаны мұрнының ұшына келіп”), “Единственное свое копытце” (“Жалғыз

тұяғы”), “У кого руки шевелятся, у того и рот шевелится” (“Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды”) т.с.с.

Ал, бұған керісінше, ұлттық бояу, өрнектен арылған сіреспе, өңсіз-сөлсіз аударма оқушыны тұшынта алмасы бесенеден белгілі. Кейбір шалағай аудармашылар: “Орысша емес!”, “Орысша былай айтпайды!” дегенді желеу етіп, түпнұсқаны ұлттық ерекшеліктерінен айырады, жұтандатып, жансыздандырып жібереді. Мұндай жалған көзқарасты мұрат тұтқан қайсыбір аудармашылардың еркіне салсаң, олар тіпті, Ерғали шалыңызды Егорға айналдырып, оған қымыздың орнына квас ішкізіп, “ассалаумагалейкумның” орнына “здрасти”, “бісмілланың” орнына “господи Иисусе” деп сөйлетуі мүмкін.

Бәзбіреулер орыс тіліне “әлі де жеткіліксіз аударып жүрміз” дегенді айтады. Өз басым бұл пікірге де күмәнданып қараймын. Ұлт тілдерінде шыққан шығармалардың бәрін міндетті түрде орыс тіліне аударудың ешбір қисыны, әрі нәрі жоқ. Онсызда шалажансар, ортақол кітаптардан оқушының әбден мезі болған жайы бар. Тіпті ұлттық әдебиетте әжептәуір құны, салмағы бар деген кітаптардың өзін орыс тіліне аудару шарт емес. Өйткені олар өз әдебиетінің, өз ұлтының қажетіне жарағанымен, одақтық оқырман үшін онша маңызды болмауы мүмкін.

Сонымен, аударма саласындағы тағы бір күрделі де қиын проблема — сұрыптау, іріктеу, таңдау проблемасы. Қазіргі таңда жыл сайын тек қана қазақ жазушыларының қаламынан он бес-жиырма шақты роман, алпыс-сексен повесть, жүздеген әңгіме, ондаған өлеңдер мен поэмалар, монографиялар, сын кітаптары шығып жатады. Ал осы шығармалардың барлығы да орыс оқырманын елең еткізіп, қызықтыра алады дегенге сену қиын.

Сол сияқты орыс тілінен қазақ тіліне де көптеген шығармалар асығыс, алағат аударылады. Мысалы, “Достық” сериясында Совет Одағының көптеген тілдерінен бірнеше жыл бойы томдап шыққан қалың-қалың кітаптардың барлығына да қазақ оқырманы соншама зәру ме екен? Оның үстіне түпнұсқадан тікелей аударылмай, “делдал” аударма арқылы қазақшаланған кітаптың көркемдік сапасы ойдағыдай бола бермейтіні белгілі. Жалпы идея, талап дұрыс болғанмен, іс жүзінде көп томды серия жасау әшейін көзбояушылық сияқты. Қанша еңбек, нешеме қағаз, қанша көз майы таусылып, зая кетті десеңізші. Немесе, айталық, В. Владимировтың “Бернулли заңы” атты “қияли” романын

орысша жүздеген мың данамен екі-үш дүркін шығарумен қоймай, баспа бояуы кеппей жатып, қазақшалаудың не жөні бар еді?! Әлде орыстардың түсінуге шамасы жетпеген шығарманы қазақтар ғана түсіне алады деген дәме болды ма екен? Енді “Бернулли заңы” оқылмай, шаң-шаң болып, республикалардың түкпір-түкпірінде шіріп жатыр. Иә болмаса соңғы бес-алты жылдың ішінде орталық “Советский писатель” баспасынан шыққан кейбір қазақ авторларының кітаптарын алайық. Төл тілінде белгісіз, сұрықсыздау шығармаларды Одақ оқушыларына таныстырудың қажеті қанша? Міне, іріктеу, сұрыптау дегеніміз, сайып келгенде, осыған тіреледі. Бұл тек қазақ әдебиетіне ғана емес, бүкіл Одақ көлеміне қатысты жағдай. Ендігі дау-дамай, пікір таласы қалай аударуда емес, кімді, нені аудару керек деген мәселенің төңірегінде болып отыр. Осыдан бірнеше ай бұрын Қазақстан Жазушылар одағының жанында аударуға лайық шығармаларды іріктеп, таңдап, баспаларға ұсынатын үйлестіру советі құрылды. Таяуда үйлестіру советі ақылдаса келіп, “Советский писатель” баспасына проза саласынан тапсырылған отыз қолжазбаның бесеуін, поэзия жанрынан он екі қолжазбаның үшеуін орысшаға аударуға тұрарлық деп, кітап етіп шығаруға ұсыныс жасады.

Қазақстан әдебиеті қазір шығарманы бес тілде жазатынын біздер әрдайым масаттана айтып жүрміз. Жөн-ақ! Әйтсе де, бір-бірімізді қай деңгейде, қай шамада білеміз? Бір-біріміздің шығармаларымызды аударып, халық арасында жеткілікті түрде насихаттап жүрміз бе? Иә, қазақ жазушылары орыс тілінен аз аударып жүрген жоқ. Керісінше, қазақ жазушылары орыс тілінде де кем шықпайды. Бұл жайында мақалалар жазылып, баяндамалар жасалып жүр. Ал енді немістер қазақ қаламгерлерін қалай аударды? Қазақ бауырларымыз немістерді, корейлер мен ұйғырларды ше? Міне бұл жөнінде хабарымыз жоқтың қасы. Тіпті ауыз толтырып айтарлық ештеңе де жоқ болуы мүмкін.

Бұл ретте совет неміс жазушылары аударма ісіне әрдайым көп көңіл бөліп келе жатқанын еске сала кеткен артық емес. Кеңінен танымал, майталман ақын, жазушыларымыз Зепп Эстеррайхер, Иоганн Варкентин, Фридрих Больгер, Рудольф Жакмьен, Герберт Генке, Нора Пфедфер, Герман Арнгольд, Роза Пфлюг көп ұлтты еліміздің жүздеген ақын, жазушыларының шығармаларын неміс тіліне аударды. Қазақ қаламдастарының шығармалары да біздің “Нойес Лебен”, “Фройндшафт”, “Роте Фане” газеттерінде,

ақындарымыздың жинақтарында үзбей шығып тұрады. Бір ғана “Қазақстан” баспасы жанындағы неміс әдебиеті редакциясында соңғы жылдары қазақтың новеллалары, ертегілері, өлеңдері жеке-жеке жинақ болып, неміс тілінде жарық көрді. Қазақ поэзиясын насихаттауда “Фройндшафт” газетінің ықыласы мен еңбегі айрықша. Мысалы, 1986 жылы газеттің әдебиет бетінде сегіз қазақ ақынының өлеңдер топтамасы басылды. Бір ғана Олжас Сүлейменовтің жиырмадан астам өлеңін белгілі ақындарымыз Н. Пфеддер, Г. Арнольд, Г. Генке аударып жариялады. Ара-тұра қазақ ақындары да неміс қаламдастарының жекелеген өлеңдерін аударып жүр. Әйтсе де, бұл салада арақатынас теңдігі сақталып жүрген жоқ. Дәлірек айтсақ, неміс ақындары қазақшадан жүз өлең аударса, қазақ ақындары неміс әріптесінің бір ғана өлеңін аударуды қанағат қылады. Демек, әлі де ойласар жәйттер баршылық. Осындай өзара аударма тәжірибесі, сөз жоқ, төл әдебиеттің дамуына ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, О. Сүлейменовтің өлеңдерін аударған Нора Пфеддердің творчествосына қазақ ақынының әсері байқалып та жүр. Нораның “Шөл дала туралы жыр”, “Триптих” өлеңдерінде Олжасқа тән әуен-ырғақ, эмоциялық екпін, жігерлі философия, түспалдап сөйлеу мәнері анық сезіле бастады. Сол секілді өзімнің шығармашылық машығымға талай жылдардан бері аударып жүрген қазақ жазушылары Ә. Нұрпейісов пен Ә. Кекілбаевтың сөз саптау, көркем кестелеу әсері, сөзсіз, игі ықпалын тигізді ғой деп ойлаймын.

Тағы да кезек күттірмейтін, күн тәртібінде ашық тұрған зәру мәселе — аудармашы даярлау жайы. Көп жылдан бері бұған республикада мән берілмей келе жатқандығын мойындау керек. Рас, соңғы бес-он жыл аралығында әдебиетімізге қазақшадан орысшаға аударуда бейімділік, қабілеттілік танытып келе жатқан Е. Сатыбалдиев, Б. Қайырбеков, Қ. Бақбергенев, Б. Ғабдуллин, Б. Қанапиянов, А. Досжанов сықылды бір топ білімді, алғыр жастар легі келіп қосылды. Әйтсе де, бұлардың біразы творчестволық өмір жолын көркем аударма саласында бастағанымен, қазір біртіндеп өзінің төл шығармаларын жазуға бет бұрып бара жатқан секілді. Аударма өнері шын мәнінде дарын табиғатынан, талант қажеттілігінен тумай, құр әуестік, бейімділік, икемділік, хобби дәрежесінде қалса, одан үлкен үміт күтуге болмайтыны тағы белгілі. Әйтеуір, шүкіршілік, қазақ тілінен орыс тіліне аударатын тәржімешілер жоқ деп айта алмаймыз. Ал басқа тілдерден

аударуға шамасы келетін әдебиетшілер некен-саяқ, тіпті жоқ десе де болғандай.

Арменияда екі жылда бір рет өтіп тұратын аударма өнерінің дәстүрлі мерекесінде болғанымда Феликс Бахчинян деген әдебиеттанушы, аудармашымен танысқан едім. Ол жігіт литван әдебиетінің маманы көрінеді. Литвада бес жыл оқып, литван тілін жетік меңгеріп, енді бірыңғай литван әдебиетімен шұғылданып, сол тілден армян тіліне проза шығармаларын аударды екен. Демек, оны осы мамандыққа арнайы баулыған, оқытқан сияқты. Мұндай игі дәстүр одақтас республикалардың біразында жүзеге асып, қалыптаса бастады. Сөйтіп, бұл республикалар бірнеше тілден тікелей аударма алатын кадрларды алдын-ала даярлаған. Сонымен, қазір, айталық, Латвияда Улдис Берзиньш азербайжан, түрік тілдерін, Нора Кална түрікмен тілін, Леон Бриедис – молдаван, румын, итальян тілдерін, Олга Лисовска – словак, Кнут Скуниеск – поляк, серб тілдерін меңгеріп, сол тілдерден латыш тіліне аударма жасап жүр. Бір ғана Латвияда бүгінгі таңда отыз сегіз тілден тікелей аударма жасайтын мамандар бар екен. Ал бізде ше? Қазақстанда өзге ұлт әдебиеттерінің шығармалары көбінесе орыс тілі арқылы аударылады. Демек, аудармадан аударма жасалады.

Тоқ етерін айтсақ, аударма өнері – қиын өнер. Оның қыры мен сыры көп. Біз шағын мақалада аударманың тек кейбір мәселелеріне ғана тоқталдық. Ал жолма-жол аударма, тіл үйрену проблемасы, қазақ классиктерін орыс тіліне аудару, аудармашы кадрлар даярлау, аударма сыны – өз алдына дербес әнгіменің тақырыптары. Қазіргідей рухани өміріміз жаппай интернационалдық бағыт-бағдар, ажар алған дәуірде аударма өнерінің маңызы күн санап арта бермекші. Заңғар жазушы Луи Арагон: “Менің пайымдауымша болашақ – аудармашылар заманы” деген екен. Осы сөздің даналығына қазірдің өзінде көзіміз жетіп отыр.

*1987 ж.*

## ТІРШІЛІК ТҮЙІТКІЛДЕРІНЕН ТУҒАН ОҰ-ӨРНЕК

### Кәрі де емес, жас та емес

Әр жастың өзіндік шырайы бар. Адамның алпысқа келген шағын жастықтың соңы, кәріліктің алды деуге болады. Артыңа да бұрылып қарай аласың, алдыңа да көз тастайсың. Ең бір қызығы: ойыңа не келсе, соны емін-еркін айта бересің. Жұрт енді саған мырс етіп: “жас қой, мас қой” немесе “ақылынан адасқан ба, байкүс” дей алмайды.

Бірақ не ойласа да іштерінде.

### Құдайы қонақ — құт әкеледі

Бү пәниге біреу келсе, енді біреу кетіп жатады, ал жер жарықтық мәңгі жасай береді...

Бүгінгі күннің эмиграциясы жайлы ойлағанда әрдайым Сүлеймен пайғамбардың осы бір мәтел болып кеткен сөзі есіңе түседі.

Қазақстанға жұрт келіп жатады. Қазақстаннан жұрт кетіп жатады. Бүгінгі таңда кететіндері көбірек. Көші-қонның келетіндер жағы кемірек.

“Әне! — дейді кейбіреулер табалап. — Көрдіндер ме? Қазақстаннан кетіп жатыр. Ендеше Қазақстанда тұрудың жақсы болмағаны!”

Қазақстанда тұру жақсы болмаса, тіпті де Қазақстан жаман деген сөз емес. Мұны бір деп қойыңыз.

Бүгін жаман болса, ол енді ертең де жаман болады дегенді білдірмейді. Мұны екі деп біліңіз. Ал үшіншіден, уақытша қиындықтан бас ауған жаққа қаша жөнелген ақылға сыя ма?

Отанды сезіну көрінгеннің көкірегіне дарыған қасиет емес. Кейбіреулерде ол сезім тіпті көміліп қалған. Оған лаж бар ма!

Қырсық соққанда көп-көп халық үшін Қазақстан айдалып келген кезден қоныс-өріс болды. Бұған Қазақстан кінәлі емес. Ел мен жердің жазығы жоқ.



Ал егер сен осынау жерде 30-40-50 жыл тұрып, оған жан-жүрегіңмен еміреніп, оның халқын, тарихы мен мәдениетін жақсы көрмесең, осы арада балалы-шағалы болып, немере-шөбере көрсең де — бәрібір оны өзгенің өлкесі, айдалып-ауып келген жер деп білсең, онда бұл сенің өз сорың, бақтықара безбүйректігің, ендеше кетуің керек және жеделдетіп, алысырақ кеткенің жөн, өйткені оны елжіреп сүйе алмағаныңа, оның саған жексұрын әйелдей болғанына — Жер-ананың кінәсі жоқ. Демек сен бұл жерге жақын емес, жатсың, саған оның адамдары да жатбауыр көрінеді, ендеше ар-ұяттан аттамай, есің барда еліңді тап, бұл үшін сенен құдайдың тірі жаны алимент сұрамайды.

Тағы да, мұның үстіне, биыл Қазақстанға пәлен мың адам келеді деп, қоңыраулатып жататынымыз-ай. Және оған әйеліміз ұл тапқандай қуанып, күні бұрын бөрікті аспанға атып мәз болатынымыз жөн бе? Әуелі, кімнің неліктен, нендей мақсатпен келгенін анықтап алу керек қой. Бәлкім, ол Қазақстанның байтақ даласында ойхой дүние-ай, құмарынан бір шыға бой жазып, қазақтар арасында қазақтарша айбын-айбарын көрсеткісі келетін шығар? Ал, ол шіркін, мүмкін, тіпті қашан өз жарғысын өткізіп, өз тәртібін орнатып, ел-жұртқа кім екенін танытуға жанығып жүрген басасау біреу шығар. Әлде думанды жиындарда ауыздыкпен алысып, тепсіне талап қойып, ел көзіне түсуді дйттеген бір кушеке ме, кім білген? Ондайды да танимыз. Құдайы қонақ — күт әкеледі. Ондай кісіге дастарқан жайған жөн. Ал, бірақ кімге болса да, дастарқанды әсте қорлатуға болмайды!

...41-жылдың күзінде менің әкем өз еркінен тыс күллі үй-орманымен Есіл жағасындағы бір қазақ ауылынан келіп шығады. Әдейі жер аударылған “кірме”, бөтен біреу саналатын ол фельдшерлік-акушерлік пунктi меңгеріп қана қоймай, қарамағындағы жұрттың күнделікті қам-харекетіне белшесінен батады да кетеді. Ол елдің ауру-сырқауын емдеп, құдықтарын тазартысып, ауылды көгалдандыруға ат салысады, ішекті оркестр ұйымдастырып, ауылдастарының мұңын мұндап, жоғын жоқтасады. Ол сол аймақты өзінің туған жеріндей жақсы көреді. Әкем кәзір ол жақта 24 жылдан бері тұрмаса да, жергілікті халық та, олардың жеткіншек ұрпағы да, жарықтық жер екеш жердің өзі де оны ұмытпайды. Оның маған берген ең биік, ең асыл адамгершілік үлгі-өнегесі де, тәлім-тәрбиесі де осы даналығы еді. Мен осы бір қарапайым ғана қасиетті ақиқаттан айнымауға тырысып келемін.

Зорлықпен жақсы көрінбейсің. Ал жақсы көру, сүю қасиеті де кез келгенге тартылар сыйтабақ емес. Сен өзің іштей жат, тасбауыр тантық болсаң, саған ел де еміренбейді, жер де нісінбейді. Оған қысым жасау қылмыс.

Бұл пәниге біреу келеді, енді біреу кетеді, ал Жер жарықтық мәңгі жасайды...

Адамдар да сапырылысып келіп жатады, кетіп жатады, ал Қазақстан, Қазақ жері өмір бақи жасай береді.

Әумин.

## Жерді сату керек пе, жоқ па?

Талас-тартыс толастар емес, жұрт бірінің шаңын бірі қағып жатыр. “Жер — Анаңмен бірдей. Ананы саудаға салған жерді көрдің бе?!” — деп біреулері ызаланса, тағы біреулері: “Сату керек! — деп бір-ақ кеседі. — Бұл араға ананың қандай қатысы бар? Жер — тауар!”

Бұл мәселеден қолды бір сілтеп, құтыла алмайсың. Ал оны қазақ байығаннан кейін барып шешу керек. Содан кейін де жердің оннан тоғызын Шерхан Мұртаза, оннан бірін Герольд Бельгер алуға тиіс. Тап осы ретпен және тап осындай пропорциямен шешкен дұрыс. Ал, әзірше осынау қадірменді азаматтардың тесік қалтасынан жел улеп жатқанда, бұл мәселені кейінге қалдыра тұрғанды мақұл көремін.

Егер анаң — ақша, әкең — тауар болса...

Ұлттың бір топ бейзнесмендері жуырда руластарына ашық хат жазып, қазақ даласының сортаң шаңын бір бүркыратып тастады. Астапыралла! — деген ыңырану мен күрсіну Қазақстан ақпарат құралдарының беттерін бір шарпып өтті. Жер сату деген не сұмдық?! Ана тілінен бас тарту? Ұлттығыңнан безіну? Мемлекеттігіңе крест қою?!! Ойбай-ау-ойбай, осындай да ата тегін білмейтін, әкесі жетесіз, шешесі некесіз, тілсіз де дінсіз, жер-суды керек етпейтін сұмпайылар қайдан шыққан!?”

Қазақстанның бүткіл байтағының шар тарабынан ақсақал, қарасақалдар қолтаңбасын жинап, көз жастарын көл қылып: “Оларға ақыл айтыңдар!” — деп Жоғарғы Кеңеске хат жолдайды.

Егер олардың анасы — Ақша, әкесі — Пұл болса, балалары

— Кредит пен Банкрот, қызы — Құнсыздану (Инфляция) болса, олармен қай тілде сөйлесесің?

Қалай ғана ақыл айтасың?

Қалай!?

## Қай партияда боласың?

Бізде осы кәзір қанша саяси партияның бар екенін отыра қалып, санай салуға қолым бір тимей қойғаны. Әйтеуір аз емес. Мына сиықтарына қарағанда — әлі де туындай түседі.

Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Кімге — қалай... Мұны бекжақсы — деп, екіге екіні қосқандайын, оп-оңай-ақ дәлелдеп шығуға болады. Жаман — деп дәйектеу де қиын емес.

Болды да партия —

Ел іші жарылды, — деп Абай қапаланып еді бір кезде. “Партиялар көбейген сайын қоғамдық өмірде белсеніп, демократия күшейе түседі, — деп қақылдайды кәзір. — Партиясыз қол қысқа, сштеңені мандыта алмайсың”.

Әй, қайдам, білмеймін...

Жалпы алғанда, дүние біртүрлі қызық болып барады: 20-30 жыл бойы шығарда тек жанымыз басқа, сырлас-пікірлес болған дос-жарандарым — әр түрлі партияларды сағалап, бет-бетімен бытырап жүре берді. Бірде жасы үлкен аға-досым Әбдіжәміл Нүрпейісовке барсам, сөйлейтін сөзін бас көтермей жазып отыр екен. Демократиялық тәртіп партиясының құрылтай “съезінде сөйлейтін көрінеді. “Кәне, бірлесіп жазайықшы”, — деді ол. “Дұрыс-ақ, сіз бұл сөзді демтәртіп партиясының съезінде айтарсыз; мен халық бірлігі партиясының съезінде сөйлеп шығармын”, — дедім.

Шынымды айтсам, өз пікірім өзге жарғы немесе бағдарлама пікірлерімен сәйкес келе ме — келмей ме — о жағын ойлап бас қатырып жатпадым, кісі алпысқа келгенде өзіне өзі: менің партиям — менің арым мен ұжданым, иманым, адамгершілік пәрменім, — деуге хақы болуға тиіс. Ақиқат пен ізгілікке қызмет ету үшін қалың тобыр ішінде соқтығысып жүру міндет емес шығар.

Екінші жағынан алсақ, жалғыздық тек құдайға ғана жарасқан...

Қоғамда ұрыс-керіс ұрығын себетін партия есті кісіге

ұнай қояр ма екен. Егер адам партиясыз жүре алмайтын болса, жалпы осынау баянсыз дүниеде жалғыз басты дәруіш, соқа басты саяқ тірлік етуіне мүмкіндік болмаса, онда халықтың бірлігін уағыздайтын қоғамдық бірлестікке барып қосылып, мәнпағат табуға болады ғой. Осы идея менің жанымды әманда жылытып келеді, ұзақ жылдар бойы өзімнің хал-қадарым, қабілет-дарыным жеткенше мен оны күллі творчествоммен, адамдық тірлік-әрекетіммен уағыздап келемін. Демек, мен туының бетіне “Бірлік” ұраны жазылған партия қатарына кіршіксіз таза ар-намысыммен барып қосыла аламын.

## “Орыстілділер” деген қандай ұлт?

Горбачев “қайта құрылысының” бастапқы кезінде қапырық та қапас идеологиялық кабинеттердің бірінде ойлап табылған “орыстілділер” термині сан саққа салынып лепіртіліп те көпіртіліп те көп пайдаланылды. Мұндай құрама сөздер жағрапия мен демография жөніндегі еңбектерде бұрын да кездесіп қалатын. Оның не мағынаны білдіретіні жұртқа айдан анық болатын. Мұндай терминдер ешбір тұрпайы түсінбеушілікті — бұл-бұл ма — тіпті ешбір саяси дауылды тудырып көрген емес. Ал енді “орыстілділер” сөзі саяси жайма бөлісте идеологиялық асатаяққа, қоғам-әлеуметтік елеске (фантомға), жасанды ажыратқышқа айналды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, қулық-сұмдықты тынымсыз қоздатуға бейім тұратын саяси сумақайлар ізгі ниетті христиан-мұсылман қауымының зәресін ұшырып, осынау бутафориялық жалған сойылды жанын салып сермей бастады. Ойдан шығарылған “орыстілділерді” қостаушы айқайшылар заматында табан астынан табыла кетті: — Қарауыл! Жәбірлеп жатыр!

Егер “орыстылділер” — орыс тілінде сөйлейтін адамдар болса, онда бұрынғы КСРО-да олар — еврейлер, украиндер, немістер, қазақтар, өзбектер, қырғыздар, шүкшілер, эстондар, литвандар, шуаштар, мордвалар, ұрымдар... бәрі-бәрі де.

Оларды кімнен қорғау керек екені және оларды кімнің жүрегі дауалап, жәбірлеп жатқаны түсініксіз еді.

Егер “орыстілділер” — тек қана этникалық орыстар болса, оны солай ашып айту керекті. Мәселені қиындатар қитұрқылықтың қажеті қанша?

Мәселен, мен орыс және қазақ тілін пайдаланатын этникалық неміспін. Бұлар — аса бай, көркем де кемел тілдер және қажетіме қарай мен оларды шын көңілден рахаттанып отырып пайдаланамын.

Бірақ бұл мені орыстілді екен деуге мүлде болмайды. Орыстілді деген этнос та, ұлт та, халық та жоқ. Ендеше саяси пайдакүнемдік үшін жұртты арамзалық амал-айламен жаңсақ бастыру жөн емес.

## **Халықтың да қалпы айтатын кезі бар**

Ұмытпасам, бұдан бір жыл бұрын Қазақстанда көп адамдар кенеттен қос азаматтық алғысы келді. Қайда барсам да бірден кеңірдектен алып: “қосазаматтыққа қалай қарайсың? Иә не жоқ деп турасын айт,” — дейтін болды. Ал егер жауапты келте қайырсам, залдың жартысы ызалана орындарынан тұрып, кетіп қалатынды шығарды.

— Ей, қарақтарым..., айналайындар..., әуелі түсіндіруге пұрсат берсендерші. Біз көбінесе білмегендіктен сорлап жүрген жоқпыз ба.

Мен қолма-қол “қайта құру” таңы енді атып келе жатқанда кеңес немістерінің қос азаматтықты — одақтық (ол кезде КСРО болатын) және герман азаматтығын алғысы келгенін айтып беретінмін. Олар шын көңілден көп қасіреттен құтылу жолы осы деп ойлады. Бір қалтаңда — герман, екінші қалтаңда — кеңес паспорты жатса жаман бола ма? Қайда барсаң да — өз елің. Ең бастысы — еш жаққа да кетудің керегі жоқ...

Мен жұрттың бәрінен асып түспек болып, үш азаматтықты — ресей, қазақ және герман азаматтығын қалаймын дедім. Бірақ маған біраздан кейін орынды бір гәпті айтты: Сен тілеуін тілейсің ғой. Ал, Германия, Ресей, Қазақстан сені қалай ма екен — міне мәселе қайда жатыр. Сөйтсек, олардың мұны мүлде қаламайтыны анықталды...

Содан кейін көпшілік алдында сөйлеген сайын мен қос азаматтықтың мән-жайын заңдық, әлеуметтік, қоғамдық және тұрмыстық тұрғыдан аспай-саспай түсіндіріп беретін болдым. Мені байыптап тыңдап алғаннан кейін, жұрт: “иә, иә, дұрыс!” — дейтін болды. Мүмкін, солай шығар... Шынында да.

Мұның қарапайым да ұтымды жолын Нұрсұлтан Назарбаев

айтып берді. Айтып қана қоймады, оны іс жүзіне де асырды. Сөйтіп күн тәртібінен ең бір өткір тақырыпты шығарып тастады. Енді кәзір жұрт бұл – саясат пен дипломатия, мәселесіндегі соны сөз десіп жүр. Құда да тыныш, құдағи да риза – деген осы да.

## **“Чешен” дағдарысы деген не?**

Осыдан бірнеше жыл бұрын Еділ бойындағы өз автопомиясы қалпына келтіріледі деген дәмемен, кеңес немістерінің бір тобы қоймай жүріп КСРО Президенті М. С. Горбачевтің қабылдауында болды. Ол үйреншікті әдетімен “неміс мәселесі” жөнінде ұзақ, орағытып сөйлеп жатқанда академик Б. В. Раушенбах ізетті сәл ғана бұзып: “Неміс мәселесі деген жоқ! Орыс мәселесі бар. Немістер өз мәселесін баяғыда шешіп қойған” – деп киіп кетті.

Енді кәзір “чешен дағдарысы” туралы жамырап жатқан кезде мен: “Чешен дағдарысы деген мәселе жоқ. Орыс дағдарысы бар. Және оны шешу керек,” – деп ойлаймын.

Бірақ танктермен емес! Ракеталармен де, кара, жойқын күшпен де емес! Онымен кәзір ешкімді қорқыта да, үркіте де алмайсың және оның көзін ештеңеге жеткізе алмайсың. Генералдар мен саясатшылардың осыны неге түсіне алмайтынына ақылым жетпей-ақ қойды.

Чешенстандағы қанды қасіреттің негізі – топастық, томырықтық, есерлік, арсыздық. Осынау кара нәубеттен тек тітіркеніспен, тәубаға келіп, іштей тазарумен ғана арылуға болады. Халықтың мөлдір де, салауатты рухы оянып, қолмен істелген сұмдықтан безініп, азап-тозақ пен қамығудың қасіретті жолынан өтіп, айығу керек. “Орыс дағдарысынан” тек осы сүрлеумен ғана шығуға болады. Қалған жұрттың да арылуы тек осы жолда.

## **Әр елдің “ішкі ісі”**

Егер әр елдің “ішкі ісі” деген панацея болмаса, саясатшылар не істер еді? Қадымнан бері мүлт кетпейтін бір тәсіл менің лашығым шетте, бұл менің шаруам емес деген желеу.

Ай-күннің аманында, шаңқай түсте бір халық екінші бір халықты қырып-жойып жатады. Балаларды мүгедек етеді. Шалдардың көзін жояды. Әйелдерді зорлайды. Әрине, бұл –

сұмдық... рақымдылық емес. Бірақ оған не шара: біз араласпау саясатын ұстанып келеміз.

1937 жылы кеңес өкіметі корейлерді жер аударды. Сталиннің ұлттық саясатының алғашқы қанды тәжірибесі ойдағыдай өтті. Мейлі... ішкі істері ғой. Онда кімнің шаруасы бар. Сосын поляктарды айдауға салды. Қиындау болса да жүзеге асты әйтеуір. Сосын — немістер бөріктірілді. Одан әрі — қырым татарлары, чешендер, ингуштер, ассириліктер, құмықтар, месхет түріктері, балқарлар, қарашайлар, финлер, латыштар, литвандар, эстондар... Халықтарды аласапыран етіп, сергелдеңге салды. Күлдей уатып, шашып жіберді. Шығыс пен Батыс үнтісіз қарап отыра берді. “Ішкі істері ғой” — десті.

Жарты ғасырдан кейін бұл азаптың екінші айналымы басталды. Сабаздарым-ай, со баяғы — “ішкі істері ғой” деген алаулайынан бір жаңылсайшы!

Бұзауға түскен күн бұқаға да келеді. Айналаңда өрт лапылдап жатқан кезде сенің шеттегі лашығың шынымен-ақ аман қалады дейсің бе?

## Тіл біткен тәңріні мадақтайды

“Қосазаматтық” деген қыршаңқы атаудың жалқүйрықсыз жабағысына мініп алып, ауыл арасының кейбір судыр саясатшылары армансыз бір ойнақ салды. Бірақ біздің елдің Президенті олардың қолындағы қамшысын қағып түсірді, сосын олар онсыз да болдырған жабағысын айдай алмай амалы құрыды.

Енді судырақтар екпінімен солықтап келіп, басқа бір тепең торыны — мемлекеттік тілді қамшылауға кірісті. Қазақстанда мемлекеттік тіл екеу болсын! Айттық — бітті! Кестік — үзілді! Әйтпесе орыс тілі тозып кетеді. Әйтпесе, бұл — орыс халқын кемсіту, ендеше біз бәріміз де кетеміз.

Мұның бәрі бекершілік!

Кейбіреулерінің тілі — тәтті, ділі — қатты. Қазақ өз тілін қызғыштай қорғанда, ұлтының түпкі мән-мәйегін қорғап күйіп-піседі. Ол туған тілінсіз өзінің мәңгіртке, адамсымаққа айналып кететінін жақсы түсінеді. Өз мемлекетінен басқа жерде тілінің өсіп-өнбейтініне де анық көзі жетеді. Ол тек өзінің байырғы топырағында ғана өсіп, өркен жаюға мүмкіндік алады.

Ал орыстардың кейбір бөлігіне өз тілі кемсітіліп қайдағы бір мемлекеттік тілден, байқайсыз ба, төмен қойылып жатқандай, оны бірінші жүлдеден айырып тастағандай болып көрінеді.

Бұл — аңғырттық. Анайылық. Және дегдарлықтан аулақ жатыр.

Орыс тілінің әлем өркениетінде биік шырқап, күдіреттеніп алғаны, біздің ой-санамызға сіңіп кеткені сонша, енді оны қалай деп атасаң да, оған ешбір қауіп-қатер төнбейді. Шын мәнісінде ол жалпымемлекеттік немесе мемлекетаралық қарым-қатынас тілі.

Өз тілінің қызмет өрісін кеңейту жолын қай халық қарастырмайды. Бұл іске өз қадір-қасиетінді де түсірмей, өзгенің қадір-қасиетін де құрметтей отырып, түсіністікпен қарау керек.

Біреудің тілін қорлау — барып тұрған тасырлық және көргенсіздік.

...87-ші жыл болуы керек, бірде кешқұрым мені Қазақстан Компартиясы ОК-іне Мәскеуден келген бір “дөкейге” алып барды. Ол кең, жеке бір бөлмеде жұмысбасты кейіппен қағазды аударыстыра қарап отыр екен. Ол маған бір-ақ сауал қойды: “Айтыңызшы, қазақ тілі деген қандай тіл? Жұрттың айтуынша, ол тек 200 сөзден тұрады дейді”. Ол мырс етіп күлген болды, менің құлағым ду ете түсті. “Мұны тек білімсіз надан ғана айтады!” Мен дереу қызынып мысалдар келтіре бастадым: “Абай жолында” неше мың сөз қолданылғанын, қазақтың ауызша сөйлесетін сөзінің байлығы, оның тұрмыстық деректі де дерексіз түсініктерінің синонимдік баламалары жөнінде айттым. Мищенко (әлде Тищенко ма) қағазын ақтарған күйі енжар тындады. Кейде мұрнының астынан: “Е, жарайды... солай да шығар... жақсы... жетеді...” — деп мыңқылдап қояды. Ол кәдімгідей шамданып қалды. Ол менен мұндайды естігісі келмеген болуға тиіс. Неге екенін қайдам, қазақ тілінің байлығы мен кемелдігі оның намысына тиді.

Сол Тищенконың (әлде Мищенко ма) кәзір қайда жүргенін білмеймін. Ол кезде ҚОҚП ОК-де істейтін. Қазақстанның қарауылшысы ма, бақылаушысы ма, әйтеуір бірденесі болатын. Ал мұндай Мищенко-Тищенколар Қазақстанның өзінде де аз еместі. Егер қазақ тілі жөнінде сөйлей қалсаң, бұлардың да көңілі кенеттен нілдей бұзылады. Неге солай екенін түсінсем бұйырмасын.

Қазақтардың егемен елінде тек қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл бола алады. Германиядағы неміс тілі, Түркиядағы — түрік тілі, Өзбекстандағы — өзбек тілі сияқты. Жалпы алғанда, мұны жұрттың



бәріде біледі, бірақ кейбіреулер айла-шарғымен айналысуды әдет қып алған.

## **Кім кінәлі?**

Ресейде бұл мәселе күн тәртібінен түсіп көрген емес. Билеушілер өздерінің дарын атаулыдан жұрдай екенін жұртшылық алдында ұдайы ақтап отыруы керек болды. Және айыптылар әрдайым қапысыз табылып отырады, олар “жексұрын қыпшақтар”, “басұрмандар”, “татарлар”, “немчуралар”, “поләксымақтар”, “жөйттер” сияқты болып келетін. Осы тектес тысқы және “ішкі” жаулар жүздеген жылдар бойы олардың қадесіне асып отырды. Жаусыз қалай ғана күн көресің, сол себепті олар әманда табылып отырды.

Енді чешендердің кезегі келді. Шүкірлік, Ресей бұдан былай “чешен мәселесін” ерттеп мініп, талай қырдан асатын болады.

Таяуда қабағы ашылмайтын дәудің бірі радио арқылы Чешенстан Ресейге кәзірдің өзінде қырық миллиард долларға түсті деп жар салды. Есепшілін қарашы! Бір қызығы, сонда бұ сабаз чешен мен орыс өліктерінің құнын қандай доллардың қай курсымен есептеп шығарды екен? Бұдан әрі бәрі де үйреншікті сары сүрлеумен тарта береді. Не дейсіз, экономика ақсап қалды ма? Бауырларым-ау, енді қайтеді, “Чешен мәселесі” бар. Пенсия бермей қойды ма? Сізге не болған, әжетай. Чешенстандағы соғысты ұмытқансыз ба? Қылмыс арнадан асып кетті? Пәлі, оған “Чешен дағдарысы” кінәлі!

Мұның бәрі атам заманнан таныс!

Және кісіні әбден мезі етті!

## **Савелді Павелге айналдырып қайтеміз**

Кез келген “тіземен басу” саясатын, кез келген зорлық-зомбылықты, өз еркін күштеп таңуды есті кісі қабылдай қоймайды. Оның жаны шошып, тікірейіп шыға келеді. Көрінген Савел өзін Павелге айналдырып жатқанда, оған селқос қарап отыра алмайды.

Мұндайды мына мен талай рет өз басымнан өткердім. Біздің

әрқайсымыз күн құрғатпай әр-әр жерден көріп жүрген, жер-су, қала-дала аттарын шетсіз-шексіз өзгерту, көптеген аномастикалық құбылтулар кезінде қоғамда қандай шекісу мен бекісу болып жататыны бәрімізге белгілі.

1941 жылдың күзінде ресейлік немістерді жаппай жер аударып жібергеннен кейін, Еділ бойындағы Немістер Республикасының ауыл-селоларының бағзы заманнан келе жатқан аттарын жағалай өзгерте бастағанын, мен қаршадай бала кезімнен-ақ, халықты бұдан өткен қорлау болмайтын шығар деп сезініп түйсінген едім. Кісі жүрегіне жылы тиетін – Мангейм, Гнаденфлюр, Зихельберг, Мариенталь, Розенфельд, Моргентау сияқты атаулар қолды бір сілтеумен, бір ғана сұмпайы жарлықпен жер бетінен сыпырылып тастағандай болды, сөйтіп олар, қас қағымда Советское, Өктәбірское, Коммунар, Шараповка, Нахаловка, Степное т.б. секілді аталып, жаңарып шыға келді.

Бірақ мұндай өктемдікке қарсы наразылық білдірген бірде-бір орыс зиялысы есімде қалмапты. Қайта, бұл іс-әрекет ерлік пен патриотизмнің белгісі деп танылды.

Осыдан кейін адамдар атын өзгерту басталды. Үлкен театрдың әншісі Краузе – Петровка айналды. Фамилиясы Краузе болса, ол кезде оған “КСРО Халық артисі” атағы да және екі мәрте Сталиндік сыйлық та берілмес еді. Ал Петровке беруге болады. Венцель – Венцов болды. Фашизмге қарсы соғыс жылдарында фамилиясы Венцель деп аталатын кісіге Кеңес Одағының Батыры атағын беру ыңғайсыз болар еді.

Ал енді күнделікті тұрмыста Фридрих – Федяға, Вильгельмина – Нинаға, Гейнц – Геннадийге, Марта – Марусяға, Отто – Олегке, Рейнгольд – Романға т. б. айналып жатты.

Әлбетте, бірде-бір орыс мұндай әулекілі модаға қарсы сөз айтқан емес. Керісінше, қолпаштап, қолдап отыратын.

Ресей Қазақстанды “өз еркімен” қарамағына қосып алғаннан кейін, қазақтың шалқар даласы сансыз көп Александровка, Николаевка, Павловка, Черняевка, Сергеевка, Ивановка сияқты атаулармен шұбарланып шыға келді. Мұндай атаулар шопанның күпісіндегі бүргелерден де көп еді. Қазақтың ежелден келе жатқан аттары ерекше табандылықпен, мақсатты түрде жойыла бастады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында солтүстік және орталық Қазақстан картасынан алаштың ғасырлар жасаған, көне атауларын біржолата өшіріп тастады. Орыстандыру ыңғайына бейімдеп, жер аттарын тап осылай жаппай өзгертуге қарсы, тағы

айтайын, бірде-бір орыс адамы ауызша да, баспасөз арқылы да ләм деп тіл қатқан жоқ.

Енді қазақтар мемлекеттік билікті алғаннан кейін, тарихи әділеттікті қалпына келтіріп, өздерінің бұрынғы аттарын қайтарып жатыр, ауылдар мен селоларға, көшелерге даңқты ата-бабаларының – хандар мен билердің, ақындар мен батырлардың, репрессияға ұшыраған мемлекет қайраткерлерінің, ғылым мен өнер өрендерінің есімдерін қойып келеді.

Міне осыдан кейін қолма-қол қым-қуыт қику басталды да кетті. Бұл қалай! Қандай себеппен? Өктемдік! Асыра сілтеу! Науқаншылдық! Бізден, “о р ы с т і л д і л е р д е н” сұрадыңыздар ма? “Алматы”, “Көкшетау”, “Бурабай”, “Шымкент”, “Жамбыл” деп айта алмаймыз, айтқымыз да келмейді. Тіліміздің икемі жоқ! Өзіме қолайлысын ғана айтамын. Және мұнысын дәлелдеу үшін орыс тілінің заңын алға тартады. Қайтеміз, “Бурабай” – орысша емес, “Боровое” – көкейге қонады. “Қан ішкен” – деп емес, “Ганюшкино” деп айтамыз. Шатқалдың “Кім асар” – деп аталатынында нендей шаруамыз бар. “Комиссар” – дейміз, сонымен іс тәмам!

Бұған енді не айтасың! Тіпті түсінгісі де келмейді.

Менің өзімді, халқымды туған жерінен қуалап қана қоймай, күллі неміс деревнелері мен поселкелерінің аттарын орысшаға бейімдеп, қайта өзгерткендеріне менің өмір бойы жүрегім сыздап, ауырып келгенін тіпті түсінгілері де жоқ. Тағы қайдағы Розенфельд? Розовка! Нендей Мангейм? Малиновка. Тек осылай ғана болады!

Еділ бойынан немістерді жер аудару жөнінде жарлық шығарған “бүкілодақтық текесақал старостаның” көшесінде ұзақ жылдар тұрғаныма қорланатынымды, және Сталиннің осынау қарадүрсін жандайшабының аса ұлы ғалым Иммануил Канттің Отаны – Кенигсбергке қандай қатысы бар екенін ұға алмай келе жатқанымды да түсінгісі келмейді.

Иә, атауларды жаппай өзгертуге әуес болмай-ақ қоялық. Жоқты-барға ызаланбайық та қорланбайық. Оның орнына сұмпайы идеология мен жексұрын саясаттан мұра болып қалған әділетсіздік пен реніштерімізді ақылмен, төзімділікпен сейілтейік. Павелді Савелге немесе бұған керісінше айналдырмай-ақ қоялық.

*Аударған Ә. Жұмабай,  
1995 ж.*

## "ОРМАН ПАТШАСЫНА" ОҰ ЖҮГІРТКЕНДЕ

*Түпнұсқа. Аударма. Шеберлік.*

Гердер – Гете – Жуковский –  
Григорьев – Мағжан – Қалижан

Осыдан аттай екі жүз жыл бұрын (1782) ұлы аллемандық ақын Иоганн Вольфганг Гете қазір барша әлемге белгілі “Эрлкениг” атты балладасын жазған болатын. Аты шулы балладаның дүниеге келу тарихы да қызық.

Гетенің замандасы, тек замандас қана емес, ұстазы болған Иоганн Готфрид Гердер бірнеше халықтың ескі жырларын жинап, құрастырып, өңдеп, немісшеге аударып, жеке жинақ түрінде бастырып шығарған. Бұл өзі заманында үлкен ақын, философ, әдебиет пен тіл зерттеушісі болған кісі еді. Осы жинаққа енген халық балладалары кезінде Гетеге өте-мөте қатты әсер еткен. Ежелгі дат елінің “Орман патшасының қызы” атты өлеңі өзінің поэтикалық күдірет күшімен ақын назарын әсіресе қатты аударып, барынша баурап алса керек. Шынтуайтқа келгенде, бұл аңызда әңгіме болатын орман патшасының қызы емес, эльфтер патшасының қызы болатұғын. Ал, эльфтер дегеніміз ертедегі герман тайпаларының, атап айтқанда сол Дания, Норвегия, Швеция елдерінің аңыз-ертегілерінің бәрінде де дайым көрініс тауып отыратын табиғат бойындағы шипалы қасиетті бейнелейтін кішігірім демеуші рухтардың атауы. Бұл арада анықтай түсетін бір жай мынау: Гердер дат тіліндегі “эллерконга” деген сөзді жаңылыс түсініп, “Орман” деп қате аударған. Шындығында оның дұрысы “Эльфтер патшасы”. Гете де атаудың мән-жайына байыптап бармай, ұстазына сеніп, айтқанын сол күйінде қабылдай салған. Әйтпесе, Гете Эльфті білмеді деп ойлау қате: әрілесе, тіпті, Гетенің “Эльфенлид” – “Эльфтер әні” дейтін өлеңі бар.

Гердер аударған дат балладасының мазмұнын біз қазақтың қарабайыр тіліне салып айтар болсақ, төмендегідей болып шығады. Күндердің бір күнінде Олуф деген сері жігіт үйлену тойына қонақ шақырмақ болып, салт атпен түнделетіп алыс жолға шығады. Ну орманның шетінде көкқорай шалғында мәз боп, би билеп, жүрген

эльфтерге кезігеді. Эльфтер патшасының қызы жас Олуфтың алдынан шығып, сәл бөгеп, биге шақырады, сиқырмен арбайды. Жігіт көнбейді, тым асығыс екенін, ертең болатын той қамымен жүргенін, қалыңдығын алдынан күтіп алатынын айтады. Эльфтер патшасының қызы бұрынғыдан бетер қылымсып, арбап, сері жігітке сәнді жібек көйлек, ат басындай алтын сыйлаймын деп қызықтырып тұрып алады. Әйтеуір, не керек, арбайды, азғырады. Жігіт оған да көнбейді. Енді қыз намысы қорланған сұлу ашуға булығып тұрып: ендігі қалған өмірінде шегер ауыр азабың да, тартар жазаң да айықпас дерт болсын деп қарғап, Олуфты дәл жүрегіне жұдырықпен қойып қалыпты. Бір сәтте күп-қу болып, есеңгіреп, тәлтіректеп кеткен жігітті қыз қолтығынан демеп, атына мінгізіп, ал, енді қалыңдығыңа қайта бер дейді. Ес-түссіз ұлын көрген шешесі шошып кетеді. “Өңің неге сонша қашып кеткен, балам-ау”, — деп сұрағанда, “Әй, несін сұрайсың, — деп қапаланады Олуф. — Мен эльфтер патшалығына тап болдым ғой, құрыдым ғой...” “Балам-ау, ертең бір топ адаммен қалыңдығың келеді. Оған не бетімді айтамын?” — деп шешесі зар еңірейді. “Итін ертіп, аңға кетті дегейсің”, — дейді басқа амал-айласы қалмаған жігіт... Ертеңіне, елең-алаңда тума-туысқандарымен қалыңдығы да келеді, келе сала жігітін іздейді. “Орманда аң аулап жүр”, — дейді анасы бейшара. Қыз төр жақта жатқан алқызыл әлденені көзі шалып, көтеріп қалса, шүберек астында ессіз-түссіз сұлап жатқан сүйген жігітін көреді...

Гердер аудармасымен неміс тілінде жарық көрген дат аңызының ұзын-сонар оқиғасы, міне, осындай. Аталмыш аудармада баллада романтикалық-мистикалық пафосқа шырқап шығып, шынайы сыршыл поэтикалық көркем шешімін тапқан-ды. Егіз үйқаспен жазылған небәрі қырық екі жолдан тұратын мейлінше жинақы, ықшам балладаның оқырманды салған жерден баурап алатын ерекше қасиетін айтпасқа болмайды. Диалогқа құрылған оқиғаның басы-аяғы жүп-жұмыр, ширақ және халық поэзиясына тән қайталанып соғып отыратын ойнақы сөз орамы да өткірлей түскен.

Осы балладаның әсер-ықпалының арқасында дүниеге Гетенің атақты “Орман патшасы” келді. Гете дат балладасының сюжеттік желісімен бірге оның романтикалық сарынын, сыршыл астарын ашықтан ашық пайдаланса да, ал, бірақ образ жүйесіне айтарлықтай елеулі өзгерістер енгізді. Мәселен, ұлы ақынның

“Орман патшасында” Олуф мырза да, оның қалыңдығы мен шешесі де, эльфтер патшасының сиқырлы қызы да атымен жоқ; есесіне оқиға негізінен тас қараңғы түнде салт атпен жортып келе жатқан әке мен жас бала, соңсоң сақалы беліне түскен, мөлт қара тәж киген орман патшасының төңірегінде өрбиді. Мұнда да сюжет шымыр, адамдар арасындағы алым-берім диалогтар мейлінше қысқа, шولاқ, жып-жинақы. Қатерге толы қараңғы түнде табиғат та көңіл-күйге қарай қырық құбылады. Жүрегі алып ұшқан елгезек көңіл жас нәрестенің қорқыныш-үрейге толы жан сезімі қолға ұстатқандай айқын, әсерлі, сұлу суреттелген. Балладаның ішкі тартыс динамикасы шиыршық атқан ширақ.

Қазақ оқырмандарының арасында да мен білсем, неміс тіліне жетік зиялы азаматтар баршылық. Сондықтан мен түпнұсқадан мысал ретінде бір ғана шумақ келтірейін. Содан-ақ балладаның өлең өлшемі мен әуен, ырғағын байқауға болады. Дегенмен бұл шумактан жалпы жұрт та бірдене ұғу үшін қара сөзбен жолма-жол аудармасын келтіруді жөн көріп отырмын:

*Бұл кімдер екен желді түнек түнде  
жортып келе жатқан?  
Олар — әке мен оның жас баласы ғой;  
Әке жас сәбиін кеудесіне мейірлене қысып,  
Құшақтайды сақтықпен, жылытады.*

Әдетте жолма-жол аудармада өлең байғұс ит талаған баладай сиқы кетіп, сорлап сала береді, поэзияға тән лүпілдеп соққан жүрек тынысы да, сыршыл ақынның шынайы, нәзік сезімі де олақ қатынның қолына түскен асыл бұйымның кебін киіп, әрі қашып, адамкөргісіз болады. Күдірет-талантты күдіреттей таланта аударғанда ғана кісі таңданатын туынды шығады. Неміс тілінің ой-шұңқырын білген тамаша аудармашы В. Жуковскийдің тәржімалауында әлгі “Орман патшасы” орыс тілінде былай сөйлейді:

*Кто скачет, кто мчится под хладною мглой?  
Ездок запоздалый, с ним сын молодой.  
К отцу, весь издрогнув, малютка приник;  
Обняв, его держит и греет старик.*

Василий Жуковский бұны 1818 жылы аударған. Содан бері

бұл аударма Гетенің барлық орысша басылымдарында үзбей жарияланып келеді. Өйткені бұл аударма өнерінің шырқау биігі болып есептелетін үздік дүние. Шынында да, сіз түпнұсқа мен аударманы қанша сығалап салыстырып оқысаңыз да көңіліңізге сәл-пәл болса да олқы соғатын бір жолын таба алмайсыз. Орыс ақыны неміс ақынының поэзиясын жан-тәнімен түсінген. Түсініп қана қоймай, сыры мен қырына терең бойлап, тәнті болған кісі. Сондықтан да аталмыш балладаның поэтикалық құны мен қасиетін мейлінше жеріне жеткізіп, нақышын келтіріп-ақ аударған. Балладаның оқиға желісін, мазмұн-мағынасын, сөз саптауын тіркес-оралымдарын бір тілден екінші тілге дәлме-дәл ғана аударып қоймай, сонымен бірге сезім иірімдері мен ойнақы сырын, күллі поэтикалық рухын өзінің сол бір табиғи қалпында; майдан қылшық суырғандай татаусыз қалпын сақтаған.

Қәне, енді әке мен жас бала арасындағы диалогқа назар аударып қараңызшы:

*“Дитя, что ко мне ты так робко прильнул?”*

*“Родимый, лесной царь в глаза мне сверкнул:*

*Он в темной короне, с густой бородой”*

*“О нет, то белеет туман над водой”*

Әлбетте, қадағалап, зейін қойып, шұқшынып оқыған кісіге түпнұсқа мен аударманың тек өлең өлшемінде болар-болмас айырма әсері сезіледі. Мәселен, неміс поэзиясына тән дольник (қазақша баламасы маған беймәлім) өлең өлшемін Жуковский орыстың поэтикалық өлшем-ыргағына лайықтап келтіріп, кәдуілгі амфибрахий өлшеміне салған. Ал, сол амфибрахий өлең өлшемін, айталық, қазақ тіліне аударар болсақ, оған қазақтың бәрімізге белгілі дәстүрлі он бір буынды қара өлең ыргағының он жамбасына дөп келер еді ғой.

Гетенің “Эрлкенигі” мен Жуковскийдің “Лесной царь” арасындағы көзге көрінер-көрінбес, сәл-пәл айырмашылықты, ырақ-өлшеміндегі әлде қалай ауытқулықты белгілі орыс ақыны Аполлон Григорьев дәл байқаған да әйгілі ақын Жуковскийдің өзімен іш бәсекеге түскен. Сөйтіп түпнұсқада кездесетін дольник өлшемін орысша аударғанда айнытпай, мейлінше дәл жеткізбек болып, жанын салып, “Орман патшасын” өзінше аударып шыққан.

Енді сол Григорьевтің аудармасындағы алғашқы екі шумақты келтірейін:

*Кто мчится так поздно под вихрем ночным?  
Это — отец с малюткой своим  
Мальчика он рукой охватил,  
Крепко прижал, тепло приютил!*

*— Что все личиком жмешься, малютка, ко мне?  
— Видишь тятя, лесного царя в стороне?  
Лесного царя в венке с бородой?  
— Дитятко — это туман седой.*

Аударманы көркемдік қасиетіне зақым келтірмей түпнұсқаға одан сайын жақындату, тіпті, мүмкін емес сияқты. Аполлон Григорьев өз аудармасында жолына жолын, сөзіне сөзін, үніне үнін, ырғағына ырғағын, әуеніне әуенін, олшеміне олшемін келтіріп, әрі-берідесін тіпті тыныс белгісіне дейін дәл сақтапты. Тіпті бұл аударма емес, түпнұсқаның басқа бір тілге бұлжытпай түсірген дәлме-дәл көшірмесі, калькасы іспеттес. Қайран қаласың!

Сүйдей тұрсақ та, неміс поэзиясында кездесетін дольник өлшемінің екінші бір тілде туғанда орыс оқушыларының құлағына сәл-пәл қатқылдау тиетіні кәміл. Оны Григорьев тәржімасынан көріп отырмыз. Әсіресе әрбір шумақтың екінші, төртінші жолын оқығанда, бірер буыны мүлт кетіп тұрғандай іштей кібіртіктеп қаласыз. Сондықтан да болу керек, салған жерден орыс оқырманының сезімін баурап алып, эстетикалық ықпал-әсері жағынан алып қарағанда, әрине, Жуковский аудармасы түпнұсқаға көш жақын. Бір есептен мұның себебі түсінікті де. Мәселен, он бір буынды қара өлең ұйқасына ғасырлар бойы әбден құлағы қанып, еті үйреніп, эстетикалық талғамы қалыптасқан алаш баласына, айталық, көне грек гекзаметрі, нә болмаса, ешкі күйірығындай шолтандаған орыс частушқасының өлшем-ырғағы бір түрлі жат, тұрпайылау естіліп тұруы хақ.

Әрине, Гетенің “Орман патшасы” Аполлон Григорьевке қатты әсер еткені сөзсіз. Оны ақынның өзі де жасырмай, 1850 жылы “Отечественные записки” журналында басылған бір мақаласында былай деп жазған болатын. “Орман патшасын” оқығанда адам бір түрлі тебіреніп, таңғажайып сезімге түседі. Сіз бірде жас баланың ыңырсып жылағанын естисіз, бірде құлағыңызға сәбиді азғырған орман патшасының әзәзіл үні келеді, енді бірде әкенің баласын алдарқатып жұбатқан сөзіне кәдімгідей иланып қаласыз, ал, орман



патшасы сонадайдан бұлдырлап, ақшыл тұман болып елестейді. Кішкентай балладаның бар болмысы, терең сыры мен құдірет-күші де осында”.

Гетенің балладасы жер-дүниенің талай ақын-аудармашыларының назарын аударып, талай тілде сөйлеп, талай ұрпақпен сыр сүзіскен шығарма. Бұл баллада қазақ тілінде де өзіне сырластар тапқан.

Осы ғасырдың жиырмасыншы жалдырының басында “Орман патшасын” қазақ тілінде тұңғыш сөйлеткен Мағжан Жұмабаев болыпты. Ақиық ақынның шабытын оятқан Жуковскийдің әйгілі аудармасы-тұғын. Оны білу үшін екі аударманы қатар қойып салыстырсаңыз егіз қозыдай ұқсастықтары көзге ұрып тұрады. Бұл тұстағы Мағжанға өлеңнің мағына-мазмұнын беру жағынан не бұрмалау, не өз бетінше көсіліп еркін кеткені байқалмайды. Жуковский аудармасын негізге алған ақын Гетенің балладасын қазақ тілінде мейлінше жеріне жеткізіп, ұтымды сырлы сөзбен сезімтал сұлу суреттер жасап, жарық дүниеге жаңа бір туынды әкелгендей. Лексикалық жағынан Жуковскийдің аудармасынан құттай да ауытқу байқалмаса, ал поэтикалық түр жағынан қазақ ақыны орыс классик әріптесі қолданған амфибрахий өлшем-ырғағын қазақ қауымының құлағына икемдеп, баршамызға үйреншікті, етене таныс жеті-сегіз буынды өлең шығарған да берген. Демек, түпнұсқа мен Жуковский аудармасындағы әрбір жол Мағжан тәржімесінде екі тармақ түрінде туындалады.

Тындап көріңіз:

*Қараңғы салқын түнде кім  
Аяңдамай, желеді?  
Жанында жас ұлы бар  
Жолаушы жортып келеді.*

*Әкесіне дірілдеп  
Тығылды бір уақ нәресте.  
Құшақтап қысып баласын  
Жылытады қарт әке.*

1989 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан Мағжан Жұмабаевтың бір томдық шығармалар жинағында “Орман патшасы” (Гетеден) дәл осы күйде берілген. Меніңше, бұл

онша дұрыс емес. Жеті-сегіз буынды өлең жүйесіне салған да аударманың жолдары (сыртқы көрінісі мен саны) түпнұсқадан біраз алшақтайтын сияқты. Және баллада көлемі екі есе ұлғайып шығады. Оның үстіне Мағжан аудармасында шумақтардағы бірінші мен үшінші жолдар ұйқаспайды, тек екінші мен төртінші жолдар шалыс ұйқасқа құрылған. Меніңше, өлең жолдарын графикалық тұрғыдан дұрыс орналастыру мен топтастыруда да аз мән жатқан жоқ. Мағжанның аударуында “Орман патшасына” лайық өлең кестесі мынадай келбетте көрініс тапқаны дұрыстау секілді:

*“Неге қорқып тығылдың, айтшы, көзім қарасы?”  
“Көз алдымда жарқ етті, жан ата, орман патшасы.  
Сақалы оның қоп-қою, қара тәж киген Қарахан!”  
“Жоқ, жаным, су үстінде тұман ғой ол ағарған!”*

Әрине, мұндай жағдайда бір есептен пәлендей ештеңе өзгермейтін де сияқты. Бірақ, өлең жолдарын осылай саралап тізбектегенде балладаның графикалық келбеті түпнұсқаға бір табан жақындай түсер ме еді, әлде қайтер еді... Амфибрахий өлшемін жеті-сегіз буынды өлең түрінде туындатқанда өлең жолдары амалсыздан көрер көзге көбейе түседі де, демек, аудармашы өз жанынан жаңа, тың сөздер (я зат есім, я анықтауыш) қосуга мәжбүр болады. Бұл бір жағынан түпнұсқаның көркемдігі мен ерекшелігін аша түсуге, қанатын жайыңқырап, жан-жақты тәптіштеп түсіндіруге, сөз жоқ, септігін тигізері де анық; алайда, екінші жағынан, аударма еріксіз көпсөзділікке ұшырайтыны тағы айқын.

Ойымды бірер нақты мысалмен дәлелдейін.

Жуковский:

*“Дитя, оглянися, младенец, ко мне*

Мағжан:

*“Мойныңды бұр, балақай,  
Маған қара, нәресте:*

Жуковский:

*“Веселого много в моей стороне”*

Мағжан:

*“Не тілесең менде бар  
Сансыз қызық көп нәсте”.*

Жуковский:

*“Цветы бирюзовы, жемчужны струи;  
Из золота слиты чертоги мои”.*

Мағжан:

*“Хош иіске толтырар  
Феруза гүлдер маңайын.  
Бұлақтарым – меруерт,  
Саф алтыннан сарайым!*

Міне, түпнұсқа мен аударма өлең өлшемінің сәйкессіздігінен Мағжан әрбір шумақ сайын екі-үш сөзді өз тарапынан амалсыз қосып, кейде “қыстырып”, кейде “тықпалап”, толықтырып жіберуге мәжбүр болған. Қитұрқысы көп аударма өнерінде мұндай тәсіл кездесе беретіні белгілі, өйткені қай тілде де поэзияның ырғақ-өлшемі, құлақ күйі мен тынысы әрдайым бір-біріне сәйкес, сайма-сай келе бермейтіні ежелден ақиқат. Аудармашы ақын “ә” дегеннен түпнұсқаның табиғатына сәйкес балама түр іздейді, айта берсе, аударма дегеніңіздің өзі осыдан басталады. Және де өлең өлшемі ұлттық поэтиканың табиғаты мен эстетикалық түйсік-талғамына мейлінше оралымды, оңтайлы келіп, “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп” тұратындай мейлінше жатық, “айналасы теп-тегіс жұмыр” болуы шарт. Дәл осы талап тұрғысынан келгенде Мағжанның орыстың амфибрахиіне қазақ оқырманына етене жақын сол әлгі жеті-сегіз буынды өлең өлшемімен балама іздеуін білмегендіктен кеткен кемшілік деп қарауға әсте болмайды.

Мағжан аудармасынан кейін арасына алпыс жыл салып, Гетенің “Орман патшасын” көрнекті ақын Қалижан Бекхожин қазақшалаған. Мағжанның аудармасына Қалекең сөзсіз қанық болғанға ұқсайды. Сондықтан да ол ең алдымен өзіндік жол таңдап, түпнұсқаға балама есебінде жаңа түр, тың өлшем-ырғақ іздеген. Сайып келгенде “жаңа дегеніміз бір кезде ұмыт болған өзімізге белгілі ескі соқпақ” дегендей, ол қазақтың атам заманғы он бір буынды қара өлең формасына тоқтаған. Бірақ оның дәстүрлі түрін емес, егіз ұйқасқа негізделген аабб (4–4–3) түрін таңдап алған. Менің түсінігімде, бұл шешім сәтті болып шыққан сияқты:

Енді “Орман патшасының” алғашқы екі шумағын Қалижан аудармасында тыңдап көріңіз.

*Күйғытқан кім түнек түнде сұп-суық?  
Балалы шал келе жатыр тым суыт.  
Қалтырады балақайы, жабысты, –  
Тоңды ма деп құшағына шал қысты.*

*“Мұнша неге қалтырадың, нәрестем?”  
“Орман-патша жарқ етті бір елеспен,  
Сақалы мол, тәжі қара, жайнаған”, –  
“Ол тұман ғой, су бетінде ойнаған”*

Калижанның аудармасы да түпнұсқаның астарлы сырын, тынысын, жүрек лүпілін, эстетикалық сипатын үлкен шабытпен жеткізген төл туындыдай әсер етеді. Мұнда да балладаның әрбір кейіпкерінің – ашып айтсақ, әкенің, жас баланың, орман патшасының – сөзі табиғи қаз-қалпында беріліп, сол арқылы адамның мінез-құлқы, сол сәттегі үрей, қорқыныш сезімі, жан құбылысы шынайы көрініс тапқан.

Аталмыш қазақ ақындарының екеуі де түпнұсқадан емес, Жуковскийдің аудармасынан тәржімелегені көрініп-ақ тұр. Дәлдік, көркемдік жағынан келгенде екі ақын да Жуковскиймен еркін таласып, онымен иық тіресіп, балладаның сиқырға толы түр мен сырын бұлжытпай сақтайды.

Мысалы Жуковский: “О нет, то белеет туман над водой” десе, Мағжан іліп әкетіп: “Жок, жаным, су үстінде туман ғой ол ағарған”, – деп оңін аудармай тәржімалайды. Немесе Жуковский: “Дитя, оглянися, младенец, ко мне” деп жазса, мына жақтан Қалекең тұрып: “Ей, балақай! Қара маған, кел бері” – деп қолға ұстатқандай дәл аударады. Сол сияқты, Жуковский: “То ветер, проснувшись, колыхнул листы” десе, Мағжан: “Жел ғой ол жаңа оянып, жапырақты тербеткен” деп жібектей желбіретіп жібереді. Өзіміз көп айтқан сол дәлдікке дәлел есебінде балладаның мына бір соңғы жолын келтірейін:

Жуковский:

*“В руках его мертвый младенец лежал”.*

Мағжан:

*“Бірақ оның қолында  
Нәресте жолда өліпті”*

Қалижан:

*“Бірақ бала өліп қатты қолында”*

Жалпы, мен бірдеңе білсем, ұлы Гетенің аруағы “Орман патшасын” әр кезде аударған екі қазақ ақынына риза болу керек шығар.

Сонымен балладаның оқиға желісі негізінен диалогқа кұрылған дедік. Түпнұсқадан баланың жас шамасын анықтау қиын. Автор баланың әкесі және орман патшасы түпнұсқада балаға байланысты біршама атауларға жүгінеді. Бұл атауларға балама есебінде Жуковский мынадай сөздерді қалаған: сын молодой, малютка, дитя, младенец. Григорьевтің тандап алған сөздері: малютка, мальчик, дитятко. Мағжан аудармасында сәби атаулары молырақ: жас ұл, нәресте, бала, көзім қарасы, жаным, балақай, нәрестем, бөбегім, балақайым.

Сол сияқты, түпнұсқадан әкенің де жас шамасын мөлшерлей алмайсыз. Ал, Жуковский оны бірде “ездок”, бірде “родимый” деп атап келіп, бірінші шумақтың өзінде “старик” деп жіберген. Содан келе қазақ аудармашылары да балладағы әкенің жасын біраз ұлғайтып, “көтеріңкіреп” жіберіп, “қарт әке”, “жан ата”, “жолаушы” (Мағжан), “балалы шал”, “шал”, “әкетай-ау”, “әкежан-ау” (Қалижан) деген сөздерді қолданған. Меніңше “жан ата”, “әкетай”, “әкежан”, “бөбегім”, “балақайым”, “жаным” сөздерін рет-ретіне қарай құбылтып қолдану арқылы қазақ аудармашылары ұпайын жібермей, диалогқа жан бітіріп, баланың, әкенің тебірене толқып тұрған сәттегі жан сезімін, тыныс-дірілін мүлтіксіз жеткізген сияқты.

Ал, енді осы аудармаларда жекелеген әттеген-ай кездеспей ме екен? Кім біледі, кездесе кездесетін де шығар. Қазақ сөзінің күдіреті мен қадір-қасиетін терең түсініп, жан-тәнімен сезетін талғамы биік оқушылар аударма бойынан бірен-сарандаған, бос белбеу өлең оралымдары мен сөз тіркестерін кездестіріп қалуы да әбден ықтимал. Олар тұрсын, тіпті, тілі, діні басқа менің өзіме де бірерлеген дүдәмал-күдік туғызған жерлер бар. Мәселен, әлгінде өзіміз мақтаған Мағжан аудармасындағы “сансыз қызық көп нәсте”, “ол — ақ шашты ағаштар” деген жолдар мен “жетті ғой-бітті ғой”, “ойнар да ұшар — ұйықтатар” сынды ұйықастар маған әлсіздеу болып көрінеді. Сол сияқты, Қалижан аудармасында да “балалы шал” деген тіркес онша көкейге қонып тұрмаған сияқты.

Айттым ғой, мен табан тіреп таласқа түсем деп тұрған жоқпын, тек өзімнің күдігімді ғана айттым. Бірде болмаса бірде немістің де қателесуі әбден мүмкін ғой...

Шекспир мен Гетені жетік білген әйгілі ғалым марқұм Александр Аникст: “Орман патшасы – Гете балладаларының ішіндегі шоқтығы биік ең озығы және атақтысы” – деген еді. Сондықтан да, өзіміз сөз етіп отырған осынау әңгіменің байыбына тереңірек барып, ой толғар болсақ, сонау ежелгі дат жерінен осыдан бірнеше ғасыр бұрын сапар шеккен, сан қилы, шытырмап тағдырды басынан кешкен, сонша ұзақ жолды артқа тастап, ақырында, енді міне, қазақ топырағына келіп, екі бірдей корнекті қазақ ақынының шабытты қаламына ілігіп, қайта туындап, ұлттық төл шығармадай табиғи эстетикалық сипатқа ие болуын біз, сөз жоқ, елеулі мәдени оқиға деп қарағанымыз жөн. Және әңгімеге тиек болып отырған осы бір ғана мысал ай мен күн астында тірлік кешкен халықтардың тілінде әр кезде қызық та көркем шешімін тауып, төл перзентіндей бауырласып, біте қайнасып кеткен, сондықтан да ұлт пен ұлттар арасында үзілмей, өрбіп келе жатқан мәдени байланыс пен рухани үндестіктің жан диалектикасының бүкіл адам баласына тән ортақ құбылыс болып отырғанына әбден айғақ оқиға.

*1992 ж.*

## IV бөлім

### **ЖҮРЕ БЕРСЕҢ, КӨРЕ БЕРЕСІҢ, КӨРЕ БЕРСЕҢ, КӨНЕ БЕРЕСІҢ...**

*Не ойласаң, соны айта алғаннан  
артық бақыт жоқ*

**Тацит**

...Әлхисса, инфаркт пен инсульт деп аталатын қияметтің қыл көпірінен өтіп, аман қалғандаймын. Тағдыр: “Әзірше жүре тұр”, – деп, қайырымдылық жасағандай. Бірақ, түсінемін, қатаң ескерту жасап, шарт қойған сыңайлы. Шарты: “Күн сайын еңбектен, қаламнан қолың босамасын, шалтай-балтайды қой”. Жазған басым соған иланып, содан бері шамамша қыбырлап-жыбырлап жүрмін. “Жұмысты қойған күні – ай-шайға қаратпай, аяғыңды көктен келтіріп, жұлып аламын”, – деп ескертеді Жаратқан Ием.

\* \* \*

“Денк ихъ ан Дойчланд ин дер Нахт...” – “Ұйқысыз түнде Германиямды ойласам...”. Генрих Гейнениң тамаша өлеңдерінің бірі осылай басталады.

Өз елінің шынайы азаматымын деп есептейтін қай-қайсымыз да осы тектес өлең жолдарын өз ішімізде үнемі болмаса да, жиі айтатын болармыз – тек “Германия” сөзінің орнында Қазақстан тұрар.

Иә, Қазақстан туралы – оның өткені, қазіргісі, болашағы туралы – осы күні, тіпті қатты ойланам.

Қазақстанда мен 60 жылдан бері – бүкіл өмір бойы десеңіз де болады – тұрып келемін. Бұл елді “Менің Қазақстаным” деуге әбден хақым бар деп ойлаймын.

“Елу жылда ел жаңа” дейтін қазақ мәтелінің терең шындығын растай аламын. Мен соған куәгермін.

Уақыт желі біздің бейбіт үйіміздің іргесін ырғап, шаңырағын шайқап тұр. Ол үйдің ішінде не болып, не қойып жатқаны ешқайсымызды да бейтарап қалдырмаса керек. Ал оның ішінде

жақсы да, жаман да болып жатыр. Оның ішінде қуаныш та, қасірет те бар. Үміттендіретін де, күдік ойлататын да жай-жағдаяттың бәрі — соның ішінде.

Суреткер парызы — осы туралы ашық та адал сөйлеу.

\* \* \*

Ақындар (жазушылар) әр қилы белгілеріне қарай әр түрлі категорияға бөлінеді. Соның ішінде қарғыбаулы, қарғыбаусыз ақындар деп те жіктеледі. Қарғыбаулы ақындар қазақ әдебиетінде көп (олар басқа әдебиетте де аз емес). Қарғыбаусыз ақындар — аздың ішіндегі сирегі.

\* \* \*

Мәжіліс депутаттары республика Гимнін жаңарту керек деп ұсыныс жасады. Сондағысы — бұрынғы Гимннің сөзін де, әуенін де есте сақтау қиын-мыс. Оңайырақ, жеңілірек бірдене керек екен. Сөйтсе, Парижде француз әріптестерінің өтінішімен Қазақстан Гимнін айту керек болғанда, бірде-бір депутат сөзін білмейтін болып шығыпты-мыс. Сол арада тапқыр Олжас Абайдың “Көзімнің қарасын” бастап жіберіп, жоқ жерден жол тауып кетіпті де, қалғандары соған қосыла жөнеліпті.

Гимн мәтіні біздің депутаттарға ауырлау деген сөз — дәлел болып жарытпайды. Мемлекеттік тілді білмейтін олардың көпшілігі үшін баланың санамағы сияқты тақпақтардың өзі қиын соғары анық. Біздің мәжілісшілерге, сірә, 30-шы жылдары колхозды ауылдарда айтылатын, 1941 жылы күзде Волгадан жер аударылып келген жас бала — менің өзім әп-сәтте қағып алған мына әннен лайығы жоқ:

— Ахау, социализм,  
Коммунизм,  
Жасасын Қарыл Маркыс  
Ленинизм!

## **Бөс, бөс, бөспебай!**

Мен білер қазақ әрдайым өсіріп айтуға, көпіртіп сөйлеуге бейім, оңтайлы тұрады.

Баяғыда, бала кезімде, ауылдың шалдары жиналып, сөз жарыстыратын.

— Е-е, біздер не көрмедік, қайда бармадық?! “Көктерек”,



“Мектеп”, “Жаңа жол”, “Жаңа талап” түгілі со-о-нау-у жер түбіндегі Марьевканың өзінде үш-төрт дүркін болғанбыз.

— Иә, иә, — деп, қалғандары бастарын шүлгитын.

Ал, солардың әңгімесін тындап отырған мен, Еділ бойынан жер ауып келген жүгермек, таңқалатынмын: апырай, мына шалдардың айтып отырған ауылдары таяқ тастам жердегі аңғал-саңғал мекендер. Марьевка дегені, көп болса, жиырма бес шақырым манайындағы аудан орталығы. Соны дабырлатпай-ақ, сол қашықтықты неге дәл айтпасқа деп, неміс басыммен аң-таң болатынмын.

Енді бірде сол шалдар тақырға шыққан арам шөптей сирек сақалдарын салалап, жас шамаларын айғақтайтын.

— Ой, Алла-ай, алпысты да алқымдап қалдық-ау!

— Алпысың не? Мына біздер, мәселен, алпыстың алтауына да жетіп отырмыз ғой.

— Ой, тәйірі! Өз басым жетпістің жетеуіне қалай келгенімді аңғармай да қалдым.

Ал, ауылдық дәрігер (“першыл”, “лөктір”, “белгір”) менің әкемнің тізімінде сол шалдардың бар болғаны елудің ар жақ, бер жағында болатын. Демек, қазіргі менен әжептәуір жас.

Есейе келе, жалпы асыра сөйлеу қазақтың бір ерекшелігі екеніне көз жеткіздім. Бұл — ұлттық менталитет. Бұған қазақтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері дәлел бола алады.

Поликлиникада үш атақты жазушы дәрігерге кезегін күтіп даурығып сөйлеп отыр.

— Менің инфарктім галамат ауыр инфаркт болды. “Глубокий!”

— “Глубокийің” не?! Менікі тіпті орасан. “Широкий!”

— Ту-у! Айтады скенсің! — деді үшіншісі тыжырышып. — “Широкий”, “глубокий” дегендерің инфаркт болып па?! Инфаркт деп менікін айт!

— Е, сіздікі қайсысы еді?! — деп, алғашқы екеу жиырыла қалды.

— Ойбой, менікі деген, сіздерге айтайын, “глубокий” мен “широкийдің” көкесі ғой.

— Ондай да бар ма еді?!

— Болғанда қандай! “Обширныйдың обширныйы”! Ал, оны аз десендер, инсульт деген бәлесі тағы бар.

— Құдай сақтасын! — деп, анау екеуі жым болды.

Өзіміздің Жазушылар одағының бүгінде 600 (!) мүшесі болса, соның кемі үштен бірі — кілең ұлылар, ақиықтар, біртуарлар, кемеңгерлер, данышпандар, бірегей санлақтар, тұлпар, тарлан, қырандар, сұңқарлар, шаппай бер, озықтар, асқарлар.

“Адамзаттың Айтматовы!”

“Шығыстың Шерханы!”

“Әлемнің Әбдіжәмілі!”

Пай-пай! Уах! Жаса-жаса!

Тіпті: “Дүние дүлдүлі Дүкенбай” – деп, енді біреуі шыға келсе де, таңқалатын түріміз жоқ.

Мен білетін бір Бальзак бар еді, сөйтсек, тек Қазақстанның өзінен үш Бальзак шықты. Жасырақ кезімде Сәбенді (Сәбит Мұқановты) Бальзак деуші едік. Кейінірек менің күрдасым, мамандығы француз тілі, марқұм Рамазан (Токтаров) Бальзак болды. Соңғы бірер жылдан бері газет бетінде Бальзак болып менің досым Дүкеш орнығып алды.

Ал, не дейсің?! Не дерің бар ма? Бөс, бөс, бөсербай! Сілте! Дүңкілдет! Күпілдет! Дүрілдет! Аңқылдат! Санқылдат! Бұркылдат! Жарқылдат!

Содан май шықса...

## Ақыл мен білім

Бұрынғы би-болыстарда білім аздау болған, бірақ ақыл мол. Қазіргі елдің игі жақсыларында азын-аулақ білім бар сыңайлы, есесіне ақыл жағы, ай, кемдеу-ау...

Ақыл болмаған соң, профессор, академик дипломдарын өнебойына қат-қабат жапсыра береді, жапсыра береді, ал ісі бір оңбайды.

Сонда қайтпек керек? Ақыл жоқ жерде білім қауқарсыз. Ақылсыз — бишара. Елді аздырып, тоздыратын да солар.

## Әдебиет төңірегінде

Қазақ прозасында мықты деп марапатталып жүрген шығармалардың біразы — өлі бұйым.

\* \* \*

Қазақтың ұлттық идеологиясының қаһармандары бір кездері Тазша бала мен Алдар көсе болатын. Енді оларға Порфирий Иванов қосылды. Абайдың “Енді қайттік? Енді не болдық?” дегені осындайдан туған ғой.

\* \* \*

Ой, Алла-ай, мен білетін кейбір жазушылар кітаптарын оқырман үшін емес, сыйлық алу үшін жазатын болып жүр. Әдебиеттің өлген түсі да — осы.

\* \* \*

Байқауымша, ендігі жерде әдебиет (әлбетте, тек Қазақстанда ғана емес) саудагерлері қаптайды. Шығармалар негізінен мерейтойға арналып жазылатын болды. Я бастықтарды дәріптеуге бағышталады. Жаңа әдебиеттің сиқы — осы.

\* \* \*

Қоғамда баяғыны көксеу басым болса, ол, түбі, жақсылыққа әкелмейді.

\* \* \*

Саясаттың көлеңкесінде өлместің күнін көріп жүрген әдебиет — теледидардан күн сайын уағыздалып жатқан “прокладкаға” парапар.

\* \* \*

Билікке бас ұрмаған жазушыдан суреткер шығуы тосын жай емес. Биліктің әнін әндеп жәркеленшіген жазушы — бар-жоғы итаршы ғана.

\* \* \*

Жазушы статусының төмендеуі — қоғам дағдарысының айқын көрінісі.

\* \* \*

Президентімізге мен кереқарыс қалың романдар мен ашы ішектей шұбатылған ұзақ поэмаларға салық салу туралы заң күші бар Жарлық шығарыңыз деп ұсыныс жасар едім. Қазіргі бітіп

болмайтын ұшы-қиырсыз отырыс, рәсімдерде екі минуттан артық тост айтқандардан да айып пұл алыну керек. Тіпті, 1995 жылдың 2 мамырында Рахат Паласта болған Президенттік қабылдаудың өзінде бір сөзуар академиктің микрофонға қолы жетісімен, мылжындап көп сөйлегені сонша, бұл уақыттың ішінде мен алдымдағы тамағымды жеп бітірдім, екі рет ішіп, Симашконың анекдотын тындап үлгердім. Академик болса, сөйлеп жатты, сөйлеп жатты...

\* \* \*

Қысқа айту, нұсқа сөйлеу — Абайдан қалған бір тағылым еді. Қазақ жазушылары осы үлгіні тым нашар игерді. Ақындарымыз да, прозашыларымыз да кенеусіз көпсөзді. Олардың кейбір семіз туындыларын не жайлауда — алты ай жазғы жаппай бекершілікте, не ас-суынды ондап берсе, бір адамдық каталажка-қамақта ғана оқып бітіруге болады. Осы тақылетті кейбір “эпопеяларды” оқып тауысқаны үшін мен Халық оқырманы деген сыйлық, не атақ берер едім. “Халық жазушысы” деген атақ бар екен — онда неге сол халық жазушыларының кампиган “туындыларын” қажымай-талмай еңсерген жанкештілерге берілетін “Халық оқырманы” деген атақ болмайды?

\* \* \*

Елу жылдан соң, әлбетте, қоғамда да, әдебиетте де үлкен өзгерістер болары хақ. Қазіргі мықты деп марапатталып жүрген әдебиетшілердің, өзін-өзі классик деп көтермелеп, күпсініп жүргендердің тоқсан тоғыз пайызы, сөз жоқ, ұмыт болады. “Апырай, мұндай да жазушы, осындай да әдебиет болған екен-ау”, — деп бірен-саран сыншы-академиктер жағасын ұстап, таң қалуы әбден ықтимал. Ал, Абай, даусыз, қалады. Үйткені ол — жалпыхалықтық деңгейге көтеріліп, өзінің ойларын, адамзат баласына тән, түсінікті-ұғынықты толғауын аз сөзбен шымыр кестелей білген дана. Иә, оның шығармаларын келер ұрпақ жүз жылдан кейін де оқитын болады деп кәміл сенемін. Ал, қазіргі халық жазушыларының көбісінің шығармалары өздерінен көп бұрын өліп жатқан жоқ па?

\* \* \*

Әдебиеттанушы Есенгелді Жақыпов маған мынадай бір әңгіме айтып еді. Шоқан ескерткішінің маңында қыдырыстап

жүргендердің жанына бірде Сырбай Мәуленов келіпті. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ акындарының көп өлеңдерін жатқа соғып, жұртты таңқалдырып тұрып, кенет күрсінеді.

— Иә, неге күрсіндіңіз? — дейді Тахаң (Ахтанов).

— Менің бес томдық шығармаларым шықты, — депті Сыр-ағаң. — Солардан ертең есінде бес өлең сақтайтын адам қала ма? Ай қайдам...

— Ал, Таха, сізден не қалады? — деп сұрайды Есенгелді Тахауидан.

Тахаң жауап бермей, біраз үнсіз қалыпты. Сосын мұнайып:

— Менің де алты томдығым шықты. Солардан мүмкін “Махаббат мұңы” қалар... Әйтпесе ол да жоқ... — депті.

Осы әңгіме Жазушылар одағында өткен бір жиынды есіме түсірді. Біреудің романын талқыға салып тұрған шешен бұл шығарманы енді бір елу жылдан кейін еске алатын адам табыла қояр ма екен деген ойын айтты.

Мен Ілияс Есенберлинмен қатар отырғам.

— Елу жыл! — деді ол кекесінмен. — Құдай біздің кітаптарға жиырма жыл гүмыр берсе де, аз емес.

Демек, бұл кісілер кішіпейіл, әр нәрсеге сергек қарай білген болды ғой.

Жақында айтулы прозаіміз Әбіш бар жазған-сызғанын жиып-теріп, 12 томдық шығармалар жинағын шығарды. Бұған бір жағынан қуандым, екінші жағынан, ойладым: жаман үлгі. Енді “сен өйтсең, мен бүйтемін” дейтін эпигондар оның соңынан лап қояды.

Ертең әлдебір поэтесса аударма-өлеңсымақтарын, мақала-очерксымақтарын түк қоймай теріп, он томдық шығармалар жинағын шығаруға асығары анық.

Сосын Мұхтар мен Дүкенбай өздерінің жиырма томдықтары туралы ойлай бастайды. Олардан қазақстандық Шолохов сыйлығының лауреаты қайтіп қалыса қойсын?

Одан соң Тұманбай мен Қадыр қозғалады.

Содан кетті дей беріңіз!

## Анау-мынау

Баяғы қазақ: “Мал-жан аман ба?” — деп амандасушы еді, “жана қазақ”: “Ұрлық қалай?” — деп сәлемдесетін болды.

\* \* \*

Қазақстандағы азаттық пен тәуелсіздік дегенді арсыз, ашық, алаңсыз ұрлау, тонау мүмкіндігімен байланыстыра ойлайтын

болдык... Топнаушылық түйсігі мен тойымсыз күлқын елдік сезімнен күшті шықты. Соның бәрін көріп тұрып, жаның ауырады, түңілесің.

\* \* \*

Белгілі:

Орыс арбаға атын ұзақ жегеді, есесіне жүрісі тез.

Қазақ құйғытып-құйындатып тұрып шабады, бірақ шапқан орынында қалады.

Неміс жыбырлап ұлуқұртша жылжиды — межелі жерге жетпей тынбайды.

\* \* \*

Біздің елде ұрлыққа ешкім кінәлі емес. Кемелер құрдымға кетіп, жоғалады; “МИГ”-тер шетке сатылады; жер астындағы қазына жұтылады. Бірақ ешкім кінәлі емес. Ғажап! Бәрі — “стабильді”.

Соған қарағанда біздің елде ұрлық дегенің жай сөз ғой деймін. Коррупция жоқ жерде ұрлық қайдан болсын...

\* \* \*

Қазақ байғұс көз ашқалы кілең өткінші кезеңге тап болады да жүреді. “Реформалардың” қыспағына қайта-қайта түсе берген қазақ қайтіп оңар?

\* \* \*

Мен білер қазақ тозақта да: “Е-е, Алла, бергеніңе шүкір” деп отыра береді.

\* \* \*

Қазақты қазақ қана түсінеді деу — бекер. Адамды сүйген — қазақты да сүйеді деген жөн.

\* \* \*

Сайлау — қазақтың соры.

\* \* \*

Қазақта: “Өз күнін ит те көреді” деген сөз бар. Қазіргі алпауыт қазақтар, алаяқ байшықештер мен пысықайлар дәл солай күн көреді.

## Тіл туралы

Қазақ тілі — таңқаларлықтай бай, берекелі де бейнелі тіл. Тілінің уы бар Қалтай Мұхаметжановтың айтуынша, Қарл Маркстың “Капиталындағы” негізгі идеяларды қазекен атамзаманда-ақ біліп, мақал-мәтелдермен түйіп тастап отырған. Мәселен, бірінші томның айтарын қазақ: “Аш бала тоқ баламен ойнамайды” деп бір-ақ ауыз сөзбен қайыра салған. Екінші томның токетер мазмұнын: “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” деп шырып түсірген. Ал үшінші томның бар-жоқ ұзын-ыргасы — “Бай — байға, сай — сайға құяды”...

\* \* \*

Ағылшын тілінде шамамен 240 мың сөз бар деп есептеледі.  
Шекспирдің сөздік қорында 15 мың сөз бар.  
Байронда — 15 мың.  
Маяковскийде де — сол шама.  
Пушкин 21 197 сөз қолданыпты.  
Науан — 26 мың.  
Ленин — 31 мың.  
Мұхтар Әуезов “Абай жолында” 16983 сөз қолданған.

\* \* \*

Орыстарда: отец — сын — внук — правнук, праправнук т.с.с. болып кете береді. Немістерде: Vater — Sohn — Enkel — Urenkel — Urenkel usw. Қазақтарда әр буын, ұрпақ өзінің туыстық айырым-белгілерімен аталады: ата (әке) — бала — немере — шөбере — немене — туажат — жекжат — жұрагат (тоғызыншы ұрпақ). Білмеймін, ұрпақ атауы осынша егжей-тегжейлі, жік-жігімен толық жүйеленген дүниеде басқа бір тіл бар ма екен, жоқ па екен...

\* \* \*

Ұлттық ерекшелік.

Немістен: “Wie geht s?” (жағдай қалай?) деп сұрасаң, ол жай ғана жымиып: “Soso LaLa” деп жауап береді. Онысы: “ілгері-кейінді”, “баяғыша”, “бір қалыпты” дегенге саяды.

Қазақ өліп жатса да, әрдайым: “шүкір”, “күдай деп” дейді. Ал, орыстан: “Как дела?” — десең, көбінесе-көп: “Хреново!” — деп дүңк еткізеді.

\* \* \*

“Қазақта болашақ бар ма?” — деп сұрама. Одан да: “Адам баласында болашақ бар ма?” — соған жауап бер. Адамзат аман болса — иншалла — қазақ та өлмейді.

\* \* \*

Қазаққа ағылшын, америкалық, неміс болуға үмтылудың түкке де қажеті жоқ. Ең бастысы — өзінің қазақтығынды сақтау. Өзін жоғалтқан — өзге болып та жарытпайды.

## Шұбар тіл

Ауруханадағы медбикелердің өзара әңгімесіне куә болғаным бар.

— Мынау нағыз ұйықтайтын погода екен.

— Иә, то қар, то дождь.

— Ау, телефондарың не работает қой.

— Бүгін целый день снег жауад деген.

— Снег па, дождь ба?

— Снег деп айтты.

— Холод болады деп айтты ма?

— Холод бола қоймас. Временами деді гой.

— Сәулеша, анау третий палатадағы старушкаға укол салдың ба?

— Жоқ, ол пока система алып жатыр.

— Сахарға анализ сдавайт етті ме?

— Кеше сдавайт еткен.

— Онда хорошо.

Күні бойғы әңгіменің сиқы осы. Қілең әдемі, сүп-сүйкімді



қазақтың қыздары. Шұбарлап сөйлеуді әбден әдетке айналдырған. Соны өздері де сезбейтін сияқты.

- Ата, рибоксин саламыз.
- Давай, айналайын, сала гой.
- Обязательно!
- Мейлің, положено болса.
- Конечно, положено, ата.
- Онда вперед. Светті жақ. Ой, больно гой!
- Айттым гой “болучий” деп.
- Болучиің колючий болды.

\* \* \*

Қазақтың ауызекі тілі ұсқынсыз бұзылып барады. “Азаттықтың” тілшісі әңгімеге тартқан базардағы ақмолалық қазақтардың сөзінің сықпыты:

“Төлкө үш-төрт сом қостық. И все”.

“Ия, шумиха болды”.

“Бағаны көтерген жоқпыз, потому что ешкім алмайды”.

Мемлекеттік жоғары дәрежелі шенеуніктердің қазақшасы мына түрғыда: “Мен ойлаймын, что положение жаман болмайды, өйткені бағытымыз реальный”. “Производство көтеріліп келе жатыр, и менің убеждением айтады, что Аллаға шүкір, с колена тұрамыз деп”.

## **Заң – шала піскен таба нан**

Алыста қалған ауыл өмірінен бір көрініс. Аш өзегімізге түсіп, көзіміз қарауытқанша ойнап, сілеміз катқан бір топ жүгермек кейде Ибжанның шошаласына басып кірер едік.

– Ойбай, апа, қарнымыз ашты, өліп барамыз...

Ибжанның самдағай шешесі апыл-гұпыл нан илеп жіберіп, домбайлап шелпек жасай қояр еді де, ошақтағы шоққа тастап, қари бастайтын.

– Тез, тез, апа, тезірек!

Тез арада шелпек те қолымызға тиеді. Шет-шеті күйіп, бетіне көмір, күл жабысып, бұрысып-тырысып піскен қаралаш-күйелеш шелпекті аш бөлтіріктерше бас салып, тағат таппай асап, көмейлей бастаймыз. Шелпегіміздің іші сол күйімен шикі екеніне де қарап жатпаймыз.

Біздің қалғып-шұлғыған Парламент асығыс домбайлаған

кейбір заңдар да осыған ұқсайды. Қалай болса солай асығыс қабылданады, сосын әр жері күйік татыған, іші со күйімен шикі “шелпекті” халқына ұсынады:

— Ал, же, халқым! Ас болсын!

\* \* \*

Өтпелі кезең, өтпелі кезең... Осы бір мазаны әбден алып болған жауыр тіркес күні кешеге дейін ашуымды келтіретін. Зықымды шығаратын. Ызаландыратын. Бұл өзі не қылған бітпес, таусылмас өтпелі кезең? Оның өтіп болатын кезі бола ма? Мен шыр етіп, дүниеге келгенде мұртты көсеміміз бір өтпелі кезеңді жария етіп еді. Содан бері неше түрлі өтпелі кезеңдер өмірімді улап-ақ жатыр. Қажытты-ау, қажытты! Сүйтсе... өмір дегеннің өзі өтпелі кезең екен ғой. Өтпелі кезеңнің бітуі — адам өліп, көзін жұмып, мәңгілік сапарға аттанғанда екен-ау! Соны осы кезге дейін неғып түсінбей келгенмін? Осы бір қарапайым ғана ақиқатқа көзім жеткенде, көңілім орнығып, жай тапты. Шынында да несіне қамығамын? Ақтық демім таусылғанда, өтпелі кезең де үзілер, өтер...

## Шыңғыстың әңгімесі

Орта Азия мен Қазақстан әдебиетшілерінің Ташкенттегі Форумы өткен күні (21.11.1995) кешкісін, концерт аяқталып, “Наурыз” ресторанында болған тамаша қабылдаудан кейін, біз, делегаттардың бір тобы, Театр институтының қарсысындағы “Түркістан” қонақ үйіне қайтып оралып, өткен-кеткен, болған-қойған әңгімелерді айтысып, бір жарым сағат шамасында серуен күрдык.

Әңгімені, негізінен, Шыңғыс Айтматов, Қалтай Мұхаметжанов, Жабайхан Әбділдиндер айтады, ара-арасында Әбекен (Нүрпейісов) екеуіміз сыналап сөз қыстырып қоямыз. Бағана, күндіз Айтматовқа жақындап, тіл қатысуды орынсыз көргем, ресторанда да мен басқа үстелде отырдым, оның маңынан да адам арыла қоймаған. Ал мына арада мен: “Әй, түркістандықтар, араларындағы жалғыз түркістандық немісті тастап кеткендерің қалай?” — деп амандасып, жанаса кеттім. Бір-бірімізге жылы-жылы сөздер айтысып, тәтті лебіздер білдірісіп жатырмыз.

— Мына арада, — деді Қалекең (Қалтай) Театр институтын қолымен нұсқап, — мені комсомолдан шығарған.

Әңгіме тақырыбын Шыңғыс Төрөкүлұлы іліп әкетті. Ол өзінің пионер қатарына қалай қабылданбай қалғанын еске алды.

“Сен дұшпанның баласысың”, — депті. Содан жападан-жалғыз біреудің терезесінің алдында жабырқап жылап тұрмай ма... Сол кезде терезе сарт ашылып, үй иесі әйел сыртқа бір шылапшын жуындыны лақ еткізіпті. Қаперсіз тұрған Шыңғыстың үсті-басы малмандай болады. “Бұл мені тіпті жүнжітіп жіберді”, — дейді Шықан.

Сосын ол Жамбылдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқыған жылдары туралы әңгімелеп кетті. Әжесі оның оқып, адам болғанын қатты тілепті. “Атасындай болсын” деп отырады екен. Өздері кедей тұрса да, Шыңғыстың оқуынан ештеңе аямаған. Ленинградтан жер аударылып келген бір профессор “Ословодство” (“Есек шаруашылығы”) дейтін пәннен дәріс оқыпты. Бұл жануардың адамзат өркениетіндегі рөлі туралы ол кісі тамаша әңгімелер айтады екен. Өз студенті Айтматовты базарға алып барып, есектерді бақылатып қоятын көрінеді. Базарда Айтматовты бір ауылдасы кезіктіріп қалып: “Ей, сен не ғып жүрсің мұнда?” — дейді. “Оқып жүрмін”, — дейді Айтматов. “Не оқып жүрсің?” “Есектерді зерттеп жүрмін”. “Мәссаған! Есек өз ауылымызда да жетерлік емес пе еді?”

Әлгі ауылдасы бұл әңгімені Шыңғыстың әжесіне айтып барады. Ештеңеден қаперсіз, демалысқа ауылға келген немересіне әжей дүрсе қоя беріпті: “Әй, оңбаған! Мен сені қалаға оқу оқып, адам бола ма деп жіберсем, сен есектің оқуын оқып жүр екенсің ғой. Сені атаңдай бола ма десем, мұның не?.. Іздегенің есектің оқуы болса, ол оқуды осы ауылда жүріп-ақ тауыспайсың ба?!”

Шыңғыс одан әрі ауыл шаруашылығы институтын үздік бітіргенін, аспирантураға түспек болғанын, бірақ “халық жауының” баласы болғандықтан, ақыры, қабылданбай қалғанын әңгімеледі. “Бәлкім осы күні профессор, ғалым болып кетер ме едім”, — деп қояды Шықан.

Ташкенттің жанға жайлы кешінде қонақүй маңында ұзақ қыдырыстадық. Бұл бір тамаша серуен болды.

*2001 ж.*

## АНАУ-МЫНАУ

### “Бельгиер”

Ұшып келеміз, ұшып келеміз. Жайлы ұшағымыз бір әуенде гүлдейді. Бағытымыз – Франция. Алғашқы нысанамыз – Париж. Жазушы, ғалым, өнерпаз, қоғам қайраткерлері – бәріміз он шақты адамбыз. Әр түрлі миллаттанбыз: дені қазақ, қалғандары – орыс, кәріс, ұйғыр, неміс. Францияның төрт қаласында он күн ішінде кездесулер өткізіп, мәдени шараларға катысып, француздарды Қазақстандағы халықтар достығымен таныстырмақпыз. Әлбетте, бостандық сүйгіш галлдықтар оған пәлендей зәру болмаса керек, бірақ іссапарымыз осылайша жоспарланған.

Парижді көру – кімге болса да арман ғой. Көңілдіміз. Салон іші гу-гу әңгіме. Әр тақырыптың басын бір шаламыз. Әңгіме-кеңес жол қысқартады екен.

– Әй, Білгір, осы сенің фамилияң қандай мағына береді? – деп сұрады сапарластарымның бірі.

– Құдай біледі.

– Е, неге Құдай біледі?! Білгір болған соң өзің білуің керек қой.

– Үш түрлі жорамал бар. Қадым заманда, жыл санауымыздан бұрын Францияның солтүстік жағында, Скандинавияда көне гректерден қалған Белги деген тайпа болыпты-мыс. Солардың жұрағаты болуым ықтимал. Енді бір мәскеулік білгіш, ономастиканың көкесі Зепп Эстеррайхер ғұламаның айтуынша, Батыс Германияда Белг деген қалашық болғанға ұқсайды. Сол қалашықтың тұрғындарын Бельгер деп атаған, яғни Белг қаласынан шыққан деген мағынаны білдіреді. Бұл да ақылға қонады. Үшінші версия: Ұлы Екатерина патшаның тұсында Еуропа елдерінен Еділ бойына мыңдаған шетелдіктер қоныс тепкен. Олардың ішінде Франция, Италия, Швейцария, Дания, Пруссия, қазіргі Германия уәлаяттарынан жерауып келген азаматтар болған. Орыстар оларды түсін түстеп, ажыратып жатпай-ақ бәрін бірдей “немцы” деп атаған ғой. Онысы “немой”, мақау деген ұғымды білдіреді, өйткені шетелдіктер келген бойда орыс тілін білмеген. Жалпы, ол кездегі орыстар үшін дүниеде үш-ақ ұлт болғанын білеміз: батыстағылардың бәрін немістер, ал, шығыстағылардың бәрін татарлар да, ортасындағы өздерін орыстар деп қабылдаған. Сондықтан итальяндық Мунтаниол, франциялық Жакмьен, швейцариялық Лефорт, даттық Даль – бәрін неміс дей берген.

Солардың ішінде Бельгиядан келген бірен-саран адам болу керек. Оларды Бельгиер деп атай салған. Мағынасы: бельгиялық, яки Бельгиядан шыққан. Бельгиядан келген. “Ер” жұрнағы соны білдіреді.

– Е, сені неміс пе десек, өзің бельгиялық болып шықтың ғой...

– Жоқ, немістігімде күмәнім жоқ, бірақ арғы аталарым Бельгиядан шығуы әбден мүмкін.

– Қызық екен!

– Мынаны қараңыз, – дедім су жаңа шетелдік төлқұжатымды көрсетіп. – Латын әрпімен *Belger* демепті, *Belguer* деп жазыпты. Өйткені “и”-ді алып тастаса, неміс-француз фонетикасының ережесіне сәйкес дауысты дыбыстың алдындағы “г” – “ж” болып оқылуы тиіс. Онда мен “Бельжер” болып шығамын. Ал “е”-нің алдына “и” қыстырылған соң, Бельгиер болып оқылып, менің төл фамилияма жақындайды.

– Оу, олай болса, шығу тегіңнің анық-қанығына осы қазірде жетеміз. Біздер Бельгия астанасы Брюссельдің үстінен ұшуымыз керек. Егер жолай әлдебір себеппен Бельгияға қонар болсақ, онда шынында да бельгиялық болғаның. Қазақта “жер тартады” деген сөз бар.

– А-ха-ха!

– Е-хе-хе! – деп, күлісіп алды сапарластарым.

– Ол енді мүмкін емес, – деді біреуі. – Парижге жақындап қалдық, білем. Әне, ұшағымыз төмендей бастады.

– Иә, төменде Брюссель қарауытады. Парижге небәрі 300 шақырым қалды.

– Келіп қалған екенбіз ғой.

Бәріміз тына қалдық. Жүрек дүрс-дүрс соғады. Апырай, а! 20-30 минуттан соң, амандық болса, Парижден бір-ақ шығамыз.

Бір кезде ұшқыш-пилоттың қырылдаған дауысы естілді. Аудармашы бикешіміз Ләйла-шырақ құлағын түріп, ілезде қабағын шытты.

– Не боп қалды?

– Парижде тұман екен. Брюссельге қонатын болдық.

– Мәссаған безгелдек!

– Ау, бұл мынау Бельгердің қырсығы. Айтты-айтпады, бұл шынында да бельгиялық болып шықты. Әне, жер тартып тұр деген осы! Қазақ тегін айтпайды.

Жолаушылардың барлығы маған жаман көзімен қарайды. Бәріне мен кінәлі сияқтымын. Апырмай, расында да арғы аталарым бельгиялық болып шықпасын...

Сонымен, не керек, Брюссельге қондық та, үш сағаттай

ұшақтың ішінде қамалып отырдық. Ұшақтан шығуға болмайды, өйткені “визамыз” жоқ. Ал, Париждің тұманы қашан сейіледі?..

Ыңғайсызданған компания өкілдері біздерге ас-суын молынан беріп-ақ жатыр. Шарап, сырасын да аяп қалған жоқ. Қайтсін... жолаушының бабын табу керек. Сапарластарым көңілденіп, гөй-гөйлеп, араларындағы жалғыз “бельгиялықтың” денсаулығы мен бабалар аруағы үшін тост көтеріп отыр.

Кейін, Париждің ресторанында, менің шөп-шалам жемей, етке көбірек бас салғанымды байқап қалған Шерхан (Мұртаза) табан астында екі жол өлең қиыстырды:

*— Нағыз Бельгер — Бельгер емес,  
нағыз Бельгер — Бельгиер,  
Шөп-шаламды талақ етіп,  
Табақ-табақ етті жер.*

Иә, қазақтан жұққан бұл осалдығымды мойындамасқа лажым жоқ.

## Экспромт

“Москва” мейманханасы. Ығы-жығы жұрт. Москваның өз халқы аз болғандай, Алматыдан кеше бір ұшақ қалың нөпір болып, біздер сау етіп жетіп келдік. Той тойлап жүрміз. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғанына 250 жыл толған екен. Осы тойға біразының күмәні бар. Базбіреулер “добровольно” дегенді аузына да алмайды. Енді біреулер қырсығып, “воссоединение” дегенді қасақана “присоединение” деп бұрмалайды.

— Әй, қазақтар, сендердің “воссоединение” дегендерің “бос соединение” болды-ау деймін, — деп, Хизмет-ака (Абдуллин) достарын ажуалайды.

Жігіттердің көбі жуан хатшымыз Имашевтен де именбей, саясаттың китүрқы, ресми астарына да назар аудармай, ләйліп, бөсіп, “ақмағанбет мырзадан” өшін алып жүр. Не де болса, той ғой. Той болған соң ішіп-жеу керек. Той дегеніңіз, Аймауытовшыласақ, “қатайтса” емес пе?

Таңертең жол жүрмекке қонақ үйден шықсам, есік алдында тұнжырап бірдемесін жоғалтып алғандай Сырбай (Мәуленов) мен Ғафу (Қайырбеков) ағаларым тұр. Өндері қашқан. Көздері қанталаған. Жақтары суалған. Дауыстары қарлыққан. Әйтеуір көңіл-қошы жоқ екен, бірден көзге ұрады. Бүкіл болмыс-бітімі “похмел, похмел” деп атойлап тұрғандай. Қастарына келдім, амандастым. Жағдайларын түсіндім.

(Қазақ тілінің байлығына көзім әлдеқашан жеткен. Бірақ бір гажабы — “похмел” деген сөзі жоқ. “Бас жазу” — похмелге балама бола алмайды. Амалсыздан похмелді орыстардан қарызға алуға мәжбүр. Немістер мұндайда “катценяммер” дейді. Онысы “кошачья тоска”-ға саяды. Похмелі жоқ адамның жағдайы шынында да, “есалаң мысықтың қасіретіне” жақын болу керек).

— Немістің бір ақыны Бельгер еді, — деді көңілсіздеу Гафекең.

— О бастан жомарттығы белгілі еді, — деп, күркірей жөнелді Сыр-ағаң.

— Үш тілдің басын қосқан қайран сабаз, — деді Гафекең.

— Еңбегін жалпақ жатқан ел біледі, — деді салғаннан Сыр-ағаң.

— Болса да орыс-қазақты тауыстық қой, — деп мұнайды Гафекең.

— Немістен ішер кезек енді келді, — деп, Сыр-ағаң нығыздады.

Екеуін құшақтай алып, кафеге сүйредім.

— Ай, айналайын, сөз түсінетін жігіт екенсің ғой, — деді мейірленіп Гафекең.

— Маладец! — деді Сыр-ағаң добал жұдырығымен мұрнының астын бір сүйкеп.

## “Ташкентте біраз Бельгерлер бар-ау...”

Таңертеңгі шай-кофеден соң, әкем екеуіміз Ташкент шаһарының орталығына асықтық.

— Қани, қани, келинг, — деп, әкем өзбекшелеп қояды.

— Хозир, хозир, ота, Карл-бобо, — деймін мен.

“Сквер” деген шулы-думанды парктің қасындағы Хамза аупарткомында әкем ақсақалдар алқасын басқарады. Пәлендей шаруасы жоқ болып көрінгенмен, әкем қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бүкіл аупарткомның жұмысы ол кезде сексеннен асқан әкеме қарап тұрғандай. Мен болсам бірнеше күннен бері Ташкент мұражайларын аралап жүрмін.

Ташкент — көрікті қала. Қызықтайтын ғимараттары көп. Көне заман мен қазіргі қарбалас тірлік шым-шытырық араласып, көздің құртын жейді.

“Сквердің” маңында салдырлақ автобустан түсіп, әкем екеуіміз қоштастық та екі жаққа жүріп кеттік.

Түс кезінде шілденің аптап ыстығында да қоңыр салқын болып тұратын “Скверде” сейілдеп жүргенмін. Сол жерде, түскі үзілісте бұрыштағы кафеден аузын орамалмен сүртіп, шығып келе жатқан әкемді жолықтырдым. Мені көріп, қуанып кетті.

— Мына кафенің мантисы керемет! Шайы да тәуір, — деп қояды.

— Хм-м-м... Жұмысың бітті ме?

— Lieber Gott, жұмыс деген бітуші ме еді?! Асығыспын.

— Күп! Мен де мына жақын жердегі тарихи мұражайға бас сұғайын.

Қоштастық.

Кешкүрым, жұмыс аяғына таман, 5-ші автобустың аялдамасында тұрмын. Халық көп. Автобус жоқ. Күннің ыстығы басылар емес. Оны елеп жатқан ташкенттіктер ме?! Гу-гу. Шу-шу. Шәлдір-шүлдір. Орыс, өзбек, кәріс, ұйғыр, армян, татар, шүршіт, шорт-мазарат сөздер сендей соғылысады, құлағыңды тұндырады.

— Herold! Ich bin da! (Мен мұндамын) — деген таныс дауыс естіледі. Қарасам — қалың топты қақ жара мәз-мейрам әкем — Карл-бобо — келе жатыр. Қуанып кеттім. Енді автобус келсе оған жұрттан бұрын ретін тауып әкем де кіреді, мені де сүйреп кіргізеді.

Сығылысып, итерісіп, айқай-шумен, даңғыр-дұңғыр етіп, Шумилов қалашығына жеттік-ау. Біз тұратын махалля қол созым жерде.

— Ног тал, слушай, — дейді әкем. — Осы Ташкентте біраз Бельгерлер бар-ау...

— Қалайша?

— Е, енді мен өзім бір күнде үш Бельгерді кезіктірдім. Біреуін таңертең аялдамада, екіншісін түсте паркте, үшіншісін кешке Байсүн махаллясында.

— Иә, иә... маған да бір күнде үш неміс шалы ұшырасты. Бір гажабы — үшеуі де Бельгер.

— Сонда бір күнде алты Бельгерді жолықтырған болдық қой. Майн Готт!

Екеуміз де шын көңілден рахаттана күлісіп алдық.

## Кездесу

Қара теңіз. Ялта. Ерсілі-қарсылы шұбырған халық. Құмырсқаның илеуі дерсіз. Жан-жағың жалаңаш тән, түрлі-түсті шолақ плавки-бикинилер. Әлем-жәлем дүние. Тырсыған, бұлтиған



адам мүшелері. Әйел атаулының жасырын жері қалмаған сияқты. Аспанға емес, теңізге емес, көк теңбіл шоқы-жоталарға емес, жаңағы бұлтиған, тырсиганға еркіннен тыс телміресің. Көзің жасаурайды. Әзәзіл оты кеуденді қыздырады. Неше түрлі пәле елестейді. Мазаң кетеді. Шыжғырған күн астында балқып, еріп кетермісің... Құрысын! Болмас! Қатерге мініп, теңізге шығып, салқындап алған жөн шығар.

Бұйра-бұйра толқындардың үстімен жеп-жеңіл катер ойнақтап, сырғып келеді. Ой, рахат! Ғажап! Алдыңнан самал жел еседі. Теңіз жағасы алыстап кеткен. Соңымыздан бір топ шағала қиқу салады. Алла Пугачеваның сикырлы дауысы жүрегінді қытықтайды. “Миллион, миллион, миллион алых роз”... Уһ, жаным енді жай тапты-ау!

Қатердің алдыңғы жағынан бір қазақ әлсін-әлі маған қарап қояды. Бір көрген адамым сияқты. Жас шамасы елудің ішінде. Арықтау. Мүсінді. Сұрша бет. Біртоға, Біраздан кейін қасыма келді.

— Простите. Вы не из Казахстана? — деді орысшалап.

— Иә, Қазақстаннанмын.

— Алматыдан емессіз бе?

— Алматыданмын.

— Калинин көшесінде тұрмайсыз ба?

— Неге тұрмаймын. Тұрамын.

— Вот-те раз! Калинина 88 емес пе?

— Дәл өзі!

— Он екі қабат сорайған ақ үйде?

— Әлбетте!

— Ойбай-ау, мен де со үйде тұрамын ғой.

— Не дейді?! Міне, қызық! Кім боласыз?

— Режиссермін. Суретшімін. Атым Әмен Қайдаров.

— Ну и ну! Бір елде, бір қалада, бір көшеде, бір үйде тұрып, таныспағанымыз қалай?!

— Міне, енді сәті түсіп, Қара теңіз үстінде танысып отырмыз. Екеуміз құшақтаса кеттік.

Қара теңіз. Алыста Ялтаның сұлбасы қарауытады. Толқындар аласұрады. Қатеріміз қанаттанып ұшып келеді. “Миллион, миллион, миллион алых роз”...

## Тақымдау

Соғыстан кейін отансыз космополиттерге қарсы кезекті бір науқан басталған кез еді. Шынтуайтқа келгенде, бұл өнер мен ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің барлық саласында үстемдік жүргізіп отырған еврей ұлтының өкілдерін тақымдаудың бір амалы болатын. Науқанның аты науқан. Ал, оған дем беруші большевиктер партиясының орталығы болса, ауыл мен қаланың барлық жерінде оттың қыза түсетіні белгілі.

Есімде: Есіл өңіріндегі біздің тып-тыныш ауылымызда да космополиттерге қарсы күрес бір жылдай толас таппаған. Өзі НКВД-нің бақылауында болғанмен, ВКП (б) тарихын оқу үйірмесін басқарған менің коммунист әкем космополиттерді аяусыз әшкерелейтін, бірақ бүкіл ауылда сол зиянкес космополиттердің кім екенін тірі пенде білмейтін. Ауылымызда олардың жұрнағы да жоқ. Бала-шаға, кемпір-шалға дейін шетінен қып-қызыл патриоттар едік.

Ал, Алматыда, кейін естідім, космополиттер дегеніңіз шілдедегі шегірткелерден де көп болатын.

Космополиттерге қарсы шабуыл сол бір жылдары Қазақстанның Жазушылар одағында да өтті. Баяндамашы Ахмет Жұбанов. Әріптестері Брусилловский, Ерзакович, Мессман, Шаргородский т.б. өз кезінде Аханды ренжіткен сыңайлы. Енді есе қайтарудың реті келген сияқты. Баяндамашының ыңғайы солай.

Залдың бірінші қатарында Сыр-ағаң, Тақаң (Жароков), Ғабең (Мүсірепов) отыр. Ахаң баяндаманы бастаған бойда, Сырбай ақын бір жапырақ қағазға өлеңнің бірінші жолын сүйкей салып, қасындағы Тайырға ұстатты.

— Қазақтың композитор ақындары...

Тайыр салған жерден өлеңнің екінші жолын қиыстырады:

— Жиналды бір сюита тындағалы.

Сүйтті де әлгі қағазды Ғабитке ысырып жіберді. Ғабең баяндаманы тындап, ойланып, біраз уақыттан кейін Тайырдың қаламын алып, қалған екі жолды құрастырды.

— Қазақтың адырайған жалғыз көзі

Бір өзі бес еврейді тақымдады.

Осы оқиғаны бірер жыл бұрын Әбеке қарттың (Жаймурзин) аузынан естідім.

## “Наполеоның да нағыз ақымақ екен...”

-Күн бұлыңғыр. Көріксіз, көңілсіз. Жауын сіркіреп тұр. Аспанда көкала бұлт жүйткіді. Алыста қарауытып тұрған орманнан ызғырық жел соғады. Жер езіліп кеткен. Саз, балшық. Тайғанақтап, кібіртктеп әзер жүріп келеміз.

Бұл әйгілі Бородино даласы. Жеңімпаз орыс әскерінің қасиетті жері. Қазақстаннан келген бір топ жазушы, өнерпаздарды бұл маңайға екі автобуспен әлгіде жеткізген. Көрсін, білсін, орыстың айбынды рухына қанықсын дегені болар.

Екі сағаттай біз ұрыс болған даланы кезіп жүрміз. Ана жерде жеңімпаз орыс әскеріне ескерткіш. Гүл шоқтарын қойып, тағзым еттік. Мына жерде қайсар француз әскеріне ескерткіш. Қарадық, қызықтадық, тандай қағыстық. Жайрап жатқан жансыз дала. Көз қызықтыратын ештеңе көрінбейді. Жұпыны, жұтаң. Сай, жыра, дөңес жоталар. Жер езіліп, ойраны шыққан. Ресей жауыны шыдата ма... Міне, мынау жерде генерал Раевский жараланып, аттан құлаған. Ана бір жерде жүрек жұтқан батыр генерал Даву ок тиіп, мертіккен. Онан әріде Мюраттың кавалериясы шабуылға шыққан. Тағы бір жерде Багратионның атақты флештері (бекіністері) болған. Анау дөңнің басында пунш ішіп, оқтын-оқтын дүрбісімен ұрыс даласын жіті бақылап, Наполеонның өзі тұрған. Ал, анау қиырдағы Шевардино селосына жақын жерде тауықтың сүйегін мүжіп, қалғып-мүлгіп кәрі тарлан қолбасшы Кутузов орналасқан.

Иә, иә, бәрі еске түсіп жатыр. Керемет, сұрапыл қырғын болған жер. Екі жағынан да он мыңдаған жауынгер шейіт кеткен. Мына даланың жері, шөбі қанға бөккен.

*Недаром помнит вся Россия*

*Про день Бородина, —*

деп, Лермонтов жырласа, Абай оны:

*— Ұмытпайды еш орыс*

*Бородинде көргенді, —*

деген ғой.

Солайы солай. Бірақ дала тым жабырқау, сүренсіз. Соғыспақ түгілі, адам жүретін жер емес сияқты. Екі сағаттан бері саз кешіп келеміз. Толастамай сіркіреген жауында қажытты, ығыр етті. Кәнігі гидтер сөйлей береді, сөйлей береді. Орыс данқын марапаттай береді. Әбден шаршап, шалдыққан біздер сүлесоқ тындай береміз, тындай береміз. Дала да шексіз, әңгіме де таусылар емес.

Мен аяққа мықты емеспін. Тайғанақтап, көш соңында ілбіп келемін. Осы Бородинода құлап қалмасам игі еді. Менің

соңымда бірін-бірі қолтықтап, екі сапарлас әріптестерім әзер-әзер сүйретіліп келе жатыр. Бірі — әйгілі ұйғыр жазушысы Хизмет Абдуллин, екіншісі — кәріс драматургі Хан-Дин. Хизмет-ақанның үстінде етегі жер сызған қымбат қара макинтош, басында су жаңа шляпа. Өзі бойшаң, ет-жеңді, ірі. Бородиноны кезіп жүрген Пьер Безуховтың өзі ме дерсің. Хан-Дин — ілмиген арық, жұқа, кішкентай, қағылез. Үстінде атам заманғы сұрғылт плащ, басында — жапырайған, өңі кеткен қара берет. Дене-бітіміне қарасаң — жасөспірім сияқты. Әжім-әжім бетіне қарасаң — алпысты алқымдап қалған вьетнам шалын елестетесің. Хизмет-ака бірдеме деп бұркылдап келеді. Хан-Дин тек ыржиып күледі. Маған еміс-еміс бас-аяғы жоқ сөздері талып естіледі: “ақымақ... дор-рақ... әкеңнің... гейін... нашел место... мать...”. Екі әріптесім бір жерде ретін тауып ұрттап алғанға ұқсайды. Жұғыса қалған. Тәлтіректеп, шатқаяқтап, теңселіп, шайкалып жүр.

— Оу, Хизмет-ака, кімге кіжініп жүрсіз? — деймін.

— Слушай, Гера... осы Наполеоныңда нағыз қызыл ақымақтың өзі екен.

— Е, неге?

— Слушай, есі түзу адам осындай ит тұрғысыз жерге келіп ұрыс салар ма? Сонша адамды қырып... За что?.. Вот ақымақ!..

— Да, да, так, так, — деп Хан-Дин жыпылық-жыпылық етіп, қостап қояды.

— Слушай, француз-орыстар соғысты деп біз неменеге жетісіп осы батпақта, жауында салпылдап, итшілеп жүрміз. Бізге көрсететін басқа ештенесі жоқ па? Әлде бұлар бүкіл Ресейді аралатып қоймақ па?

— Да, да... Так, так, — деп Хан-Дин әлденеге мәз болып тақылдап қояды.

— Енді Хизмет-ака... тарихи жер ғой, — деймін миңгірлеп.

— Уй, ондай тарихының енесін ұрайын! Соғыстан басқа тарихы жоқ па? Дур-рақ! Енді Кутузовты алжыған шал дейік... Ал, Наполеондікі не?! Сонау Франциядан келіп, соншама адамды қырып... За что?.. Ақымақ!

Алдымызда делегациямыз бір ескерткіштің түбіне шоғырланып, гүл қойып, суретке түсіп жатыр.

Біз үшеуіміз көш соңында титықтап сүйретіліп келеміз. Хизмет-ака Наполеонның түгін қалдырмай сыбап жүр.

Жауын толастар емес. Аспан сұрғылт. Жел бүйірден азынап тұр.

2001 ж.

## АПАҚ-САПАҚТА

(үзік ойлар)

*“У меня осталось только Божье время.  
Своего — на что попало — больше нет”*

Вл. Соколов

Соңғы үш-төрт жылдан бері маған бір ауру тап болды. Кешке қарай, күн батар алдында, қан қысымым күрт көтеріле бастайды. Шарықтау шегі — кешкі сегіздің маңайы. Сол кезде мен амалсыздан диванға қисаямын да, көзімді жұмып, неше түрлі ойға батамын. Қан қысымым жоғарылаған сайын, ой құлдырай береді. Кейбір ойларымды бір жапырақ қағазға қарындашпен сүйкей саламын. Әрине, қажеті шамалы нәрсе. Ой да емес — елес, өткінші түйсік қана. Ал, кейбір түйсіктерден ой тууы да мүмкін ғой...

\* \* \*

Әлбетте, мен өзіме-өзім объект деп қарай алмаймын. Өйткені мен субъектпін ғой. Демек, ойларым да субъективті. Менің ойларыммен жұрт атаулының келісуі міндет емес. Әркімнің өз басы болғанына не жетсін. Ал, егер сол бастың (шақшадай я қазандай болсын) иненің жасуындай саңлау, яки азын-аулақ ми болса, тіпті ганибет. Өзіндік ми өзіндік ой тудырады емес пе?

Жұртқа түгіл кейбір ойларым өзіме де ұнамайды. Бірақ оған не амал бар? Ой еркіңе, ықтиярыңа көне беретін дүние емес. Ойымның дұрыс-бұрыстығында әрі-беріден соң менің де шаруам жоқ. Мен түсінік-түйсігімді тек қағазға мұқият түсірушімін, не тіркеушімін. Қазақтан өзгешелігім де сол болуы мүмкін. Мен білер қазақ табиғатынан ойшыл халық. Бәрін жіті байқайды, терең ойлайды. Әттеген-ай, сол ойларын көбіне-көп ысырап қылып, айтылған жерінде қалдырып (көбінесе дастарханның басында), я тіпті желге ұшыртып жібереді. Шіркін, әрбір қазақтың қасында бір-бір Эккерман болар ма еді, айтқан сөздерінің бәрін қаз-қалпында қағазға түсіретін. Бірақ жоқ, не істейсің. Гетенің

қасындағы Эккерман түгілі, Толстойдың жанындағы Булгаков та жоқ. (Нүрпейісовтың маңайында қырық жылдай өзіміздің бір немісіміз жүруші еді, соңғы кезде неге екені белгісіз, ол да көрінбей қалды. Сірә, өзінің миы жетпес терең-терең ойлардан әбден мезі болды ма екен?)

Ал, немістер орашолақ, жұпыны, арзанқол ойларының өзін дер кезінде қағазға түсіруге әуес. Сондықтанда немістерде не көп — ғұлама философ көп. Гегель, Кант, Фихте, Шлегель, Шопенгауэр, Ницше... толып жатыр. Және де шетінен жай ғана, жаяу философ емес, қым-қуыт қитұрқы дүниетанымдық жүйесі (“системасы”) бар философтар.

Менде жүйе жоқ. Қазаққа етене жақындығымның белгісі де дәлелі осы шығар. Сондықтан ойларымды қалай болса солай қағазға тізе беремін. Ал, оларды қабылдау-қабылдамау — жұртшылықтың басыбайлы еркі.

\* \* \*

Әлбетте, мен азды-көпті өмірімде талай-жазушыларды кезіктірдім. Әр милләттан. Көбісі “келді — кетті” дәрежесінде. Жазды, басылды, кітаптарын да молынан шығарды. Өтті-кетті. Із жоқ. Тіпті өзі өлмей тұрып, шығармаларының көбі құрдымға біржола кетіп жатыр. Солай болған. Солай болады да. Құдайға да, заманға да реніш жүрмейді. Ал, кейбір жазушылардың кітаптары бір буынды (поколение) қойып, үш-төрт, бес-алты буынға рухани азық бола алады. ХІХ ғасырдағы Абай ХХІ ғасырда да Абай болып қала береді. Әуезовтың құны да екі ғасырда түсе қоймас. Қалғандары... Сәуегей емеспін. Бірақ, менің түсінігімше, Ғабиден Мұстафин, сөз жоқ, әулие адам. Ал, шығармалары белгілі бір бесжылдықтармен шектеледі. Ғабит Мүсіреповтен екі-үш драма, он шақты әңгіме әлі біраз жасайды. Қалған қазақ шығармаларының гүмыры келте болар. Әрине, Аймауытов, Майлины, Жансүгіровы, Қ. Аманжоловы, Мақатаевы, шексіз мұхит-фольклоры бар әдебиетті осал деуге ешкімнің батылы бара қоймас, дегенмен көбінің аты-жөнін (шығармаларын болса да!) қазіргі жастардың дені бүгін де білмейді. Оған көзім әртүрлі кездесулерде, сұхбаттасуларда, интервьюлерде әлдеқашан жеткен. Сонда жүрегің сыздайды, жаның тұршігеді.

\* \* \*

Саясат пен өнер, шынтуайтқа келгенде, керегар ұғымдар. Ол сонау көне гректер заманынан белгілі қағида. Бұл заңды да: саясат — бүгінгі күннің пендешілік жалған қамы, өткінші де арам пигылды дүние, сасық құлықтың ар жақ, бер жағы. Өнер — келешекке, мәңгілікке ұмтылған, сұлулыққа, парасаттылыққа іңкәр категория. Бұл екі ұғым тым жақындасқан жағдайда өнер шиит болады. Соны біле тұра кейбір жазушылар осы екеуіне бірдей жармасады, екеуін де ерттеп алғысы келеді. Саясаттың мәстегіне мініп алып, тұлпарша шабуға тырысып бағады. Бекер-ақ! Саясаттың құлы болдың ба, өнер ауылынан біржола кет. Өнерді қорлама. Ол сенің тоқалың емес.

\* \* \*

Менің көршім, 87-дегі орыс шалы Миша ағайдың бір ермегі — ағаш жону. Көшеге шықса, іздейтіні — әйтеуір қолға ұстауға жарайтын ағаш. Онысы кейде түкке тұрмайтын, кедір-бұдыр қисық, шірік бұтақ болып шығады. Миша ағай оны бәрібір жонады, аршиды, тегістейді, өрнектейді, әшекелейді, қырнайды, әлекке түседі. Сонсоң ол ағашқа жарқыратып лак жағады. Сонсоң басын түрлі түске бояйды, лентамен қымтайды, шашақ тағады. Жылтырақ темірмен безендіреді. Жез шегелер қағады. Неше түрлі ою салады. Бөтелкелердің тығынын қадайды, қоңырау іледі. Не керек, сол ағаштан әлекей-жәлекей бір бұйым шығарады, асай-мұсай жасайды. Шаршамайды. Жалықпайды. Тыным таппайды. Әбігерге түседі. Жаңағы құны бес тиын ағашты әшекейлеумен бір жыл, екі жыл, үш жыл жүреді. Көшеде бір жылтырақ тапса, соған жамай береді. Ағаштың өзегі шірік. Негізі жоқ. Не қару емес, не сүйеу емес. Әйтеуір бір жылтыраған, жылмиған бұйым.

Сол Миша ағайдың қолындағы ағаштарын көріп, кейбір жазушылардың шығармаларын елестетемін. Ойпырмай, бәрі бар-ау, бәрі: тіл, стиль, теңеу, метафора, диалог, пейзаж, “сана тасқыны”, эпитет, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, сөздері жарқырайды, көз тартады, тамсандырады, сөйлемдері кере қарыс, әрбір сөйлем бір емес, екі емес — жиырма-отыз рет көшірілген, әшекейленген, өрнектелген, боялған, қырқылған,

бірақ шығарманың өзегі шірік, бәрі жасанды, ойы оймақтай, өмірге жанаспайды, қатысы жоқ, тұзы, сөлі, мәні жоқ. Сәні ғана бар. Қытайдың әлем-жәлем, арзанқол, біркүндік тауары сияқты.

\* \* \*

Менің түсінігімде Л.Толстой, Ф.Достоевский, А.Солженицынның рухани ауқымы жазушы деген ұғымнан әлдеқайда кең. Олар әулиелер, пайғамбарлар. Олардың мұрасы ең талантты, ең еңбекқор адамның мүмкіншілігінен асып түседі. Сан жағынан да, сапа жағынан да. Мен ойлаймын: бұлардың қаламын ерекше бір күдірет күш жетектеп, итермелеп отырған, қанаттандырған, рухтандырған. Олар таңғажайып күш-қуатты біз білмейтін әлдебір гарыштық күпия бұлақтан алып отырған. Олар өзін жазушы емес, адамзатқа ерекше бірдеме айту үшін жаратылған Мессия-абыз деп таныған. Арыстан Толстойдың: “Егер мен қаламымды тастасам, дүние астан-кестен болмас па екен?” – деуінің өзі осыған дәлел.

Сондай күдіретке Абай да, Әуезов те ие. Қазіргі қазақ жазушылардың ішінде сол ғажап күдіреттің қасиеттері өзіміздің Әбіш Кекілбай мен Мұхтар Мағауинде бар ма деп ойлаймын. Мұхтардың “Қос ағаш” атты әңгімесін оқығанда сондай ойға келдім. Керемет дүние! Қалай болғанда да осы Мұхтар — ерекше тұлға, өзгеше жаралған жан. Мені әсіресе таң қалдыратыны — осы күйкі тірлігімізде, саудагерлік, мансапқорлық пигыл етек алған заманда Мұхтар елпілдемейді, жағымпазданбайды, дүние-мал, атақ-шен іздемейді, “шыбындап, бас иземейді”, нағыз фонатик жазушыдай Құдай алдындағы қайталанбас, басқалардың қолынан келмес миссиясын тыным таппай орындаумен келеді.

Бұл ерлік. Бұл көрегендік. Бұл ғұламалық. Бұл азаматтық. Бұл Пушкин жырлаған ұлы гармонияның, шынайы үндестіктің адал жыршысы бола алушылық.

Мен солай түсінемін.

\* \* \*

Сонымен жабылып жүріп, мызғымайтындай көрген Кеңес өкіметін құлаттық. Осалдау болғаны гой... Десек те, Кеңес өкіметінің рухани негізі берік болғаны хақ. Қазір егемендік алған



біздерде сол рухани өзегіміз тірегіміз бұлыңғыр, сүреңсіз, айқын емес, тұрақсыз. Американдық (дәлірек айтсақ, қара-африкалық) тобырлық өнерге күштар, жасанды, жалған өркениеттің қоқсығына тәнті жабайы капитализмнің “әләуләйі” әлбетте, келешегімізге мықты, сенімді тірек бола алмайтындығы анық болып қалды. Соны әлі де тереңдеп, ой және жүрек санасымен түйсініп, түсініп жүрген не саясат, не идеология жоқ.

Қайталап айтамын: бағыт-бағдарымызды жоғарғы жақтан әлдеқашан белгілеп алғанымызбен халқымыздың дені мұхитта толқынмен арпалысып жүрген ескексіз қайықты елестетеді. Ең алдымен қандай қоғам құрып жатқанымыз айқын емес. Білсе – елдің игі жақсылары білер, ол да – “опшым который”, “ухам сомнение”. Демократиялық қоғам деп ертелі-кеш қақсаймыз, бірақ, сол демократияның ауылы тым шалғайда екенін ашық айтып, мойындауымыз керек. Оның үстіне демократия дегеніңіз – астары, қыры көп алданыштың бір түрі ме деп қалдым. Әлде алдаудың бір құралы ма... Сол мақтаулы американдық, я европалық демократияның да “кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау”. Атағы жер жарған миллиардер-филантроп Джордж Сорос “ашық қоғам” дегенді уағыздайды. Мені бір кезде бұл қызықтырды да. “Ашық қоғам” жер үстіндегі жұмақ болып елестеген. Карл Поппердің екі томдығын зерделедім. Будапештке барып, Джордж Сорос мырзамен кездестім, үш күн қатарынан дәрісін тыңдадым, үзілісте өзімен тікелей сөйлестім (ол немісше біледі), маңайында үйіріліп жүрген кейбір “сахабаларымен” тілдестім. Ойымды тұман басты. Күмән ұлғайды. Сенімсіздік туды. “Ашық қоғам” біздің дәл қазіргі қазақстандық жағдайымызда дүдәмал көрінді.

“Азаматтық қоғам” дедік. Идеал осы. Азамат деген сөздің өзі гажап қой! Азаматтар қоғамы неге арман болмасқа?! Бүкіл дүннежүзі “азаматтық қоғамға” бет қойды. Тегін болмас! Қазақстан неге ұлы көштен қалып қою керек? Қалмаймыз! “Азаматтық қоғам” құрамыз. Байымыз бар, кедейіміз бар, тентегіміз бар, момынымыз бар – бәріміз бір ауыздан азамат боламыз. Ортақ қазанда қайнаймыз. Сорпамыз араласады. Қосылады. Американың нақ өзі боламыз. “Болмасаң да ұқсап бақ” деген.

Өз басым неш қарсы емеспін. Тіпті сол ортақ қазанда қазірдің өзінде қайнап, піскен сыңайлымын. Бірақ... бірақ... Қазақ ағайынға обал емес пе? Өз елінде, өз жерінде, тәуелсіз, басыбайлы мемлекетте ортақ қазанға түсіп кеткені қалай болады?

Қой! Сол “азаматтық қоғамға” да, “ашық қоғамға” да түбі бір барармыз. Бірақ несіне асығамыз? Ол да қаша қоймас, біз де оған жетуге мәжбүрміз. Түбі барар жеріміз сол. Қазаққа тиімдісі ең алдымен ұлттық қоғам емес пе екен? Қәдуілгі демократиялық ұлттық қоғам. Әлде тақиямызға тар келіп тұр ма? Әлде мен саяз, жансақ ойлаймын ба? Әлде межеге біртіндеп, сатылап бармай, бірден қарғимыз ба? Баяғыда феодализмнен социализмге бірден өтіп кеткен жоқ па едік? Тағы да еш дайындықсыз бірден “ашық қоғамнан” бір-ақ шығамыз ба? Құр әуре болмас па екен?

Қазақ қазақ болғалы өз билігі өзінде болмаған сынаилы ғой. Қазақ өз мүмкіндігін ғасырлар бойы шын мағынада көрсете алмай келеді. Талантты, өміршең халықтың деңгейі, өресі, мүмкіндігі, толанбағы қай шамада? Соны халық бүкіл өркениетке айғақтап көрсетуі керек емес пе? Ұлттық қадір-қасиетіне, күш-қуатына, арман-мүддесіне көз жеткізуі керек емес пе? Осы мақсатта ең бірінші кезекте ұлттық қоғам құрғаны айып бола ма?

Меніңтүйсік-түсінігім, ақыл-ойым осыған саяды. Ұлттық қоғам “ашық” пен “азаматтық” қоғамға кереғар ұғым емес. Келешектегі баршамызға ортақ қоғамның бірінші һәм негізгі сатысы.

Меніңше оны жасырудың да, одан кашкалақтаудың да, ұялудың да жөні жоқ.

Ал, енді осы айтқанымды диалектикалық жүйеге салып, таразыласақ, не болып шығады?

Мейлі, “ұлттық қоғамға” тоқталдық дейік. Сонда “ұлттық қоғамның” идеологиясы болуы шарт емес пе? Сонда идеология да ұлттық болуы керек пе? Көп ұлтты Қазақстан жағдайында ол қалай жүзеге аспақ? Меніңше, идеологиямыз ұлттық емес, мемлекеттік болуы жөн. Ал, мемлекеттік идеология мен ұлттық қоғам бір-біріне қайшы келмей ме?

Келмейді.

Екеуін сәйкестендіру, үйлестіру, үндестіру қажет. Мемлекеттік идеологияда ұлттық реңк, ұлттық рух, ұлттық дәстүрдің басымдылығы басқа милләттарға зардабсыз болуы әбден ықтимал емес пе? Қазаққа жанашыр, бүйрегі бұрып тұрған басқа милләттардың көздегені де сол болмай ма? Егер осы бір философиялық, рухани сүрлеу-соқпаққа түсер болсақ, ақиқаттың ауылына жақындамаймыз ба?

\* \* \*

Дегенмен бәрі бір мынадай ой мазалайды: мейлі “ашық қоғам” болсын, “азаматтық қоғам” болсын, “ұлттық қоғам” болсын Қазақстан жағдайында әлі де ондаған жылдар бойында қазақтың байырғы пәлсапалық қағидасы үстемдік жүргізе береді. Ол қандай қағида дейсіз ғой? Ол: “күштінің арты диірмен тартады” деген әмбебап түсінік. Әзірге біздің қоғамымыздың жеткен жері осы.

\* \* \*

Фундаментализмнің түрі көп. Солардың ішінде маған ерекше жағымдысы – Абай мен Арыстан Толстойдың рухани фундаментализмі. Гетенің фундаментализмі тіпті жақын.

\* \* \*

Алматыдағы Шоқан ескерткішінің қасында иттерін жетектеп, ойнатып иелері ертелі-кеш серуен құрады. Иті текті, өзі тексіз.

Тексіз тексіздігін біліп, текті ит ұстайды.

Бұзылу, азу оңай, түзелу қиын.

Хайуан болу оңай, адам болу қиын.

\* \* \*

Немістің қоразы “Ки-ки-ри-ки” деп шақырады.

Орыстың қоразы “Ку-ка-ре-ку” деп өзеурейді.

Қазақтың жалба-жұлма әтеші “Кө-ке-ре-кек” деп қырылдайтын сияқты.

Шынтуайтқа келгенде үшеуінің де айтатыны бір ән. Үшеуі де бірін-бірі алыстан-ақ түсінеді.

Неміс сиыры дауысын созып, “Мин-мин” дейді.

Орыс сиыры шолақтау қайырады: “Му-у”.

Қазақ сиыры “у”ды айтпайды, “ө”ні ұнатады – мө-ө. Демек, мөңірейді.

Өте ұқсас. Бір әуен.

Мен үшін әрдайым маңызды мәселе — ұқсастық, үндестік. Орысшасы: созвучие. Немісшелесек: Gleichklang. Халықтардың барлығына дерлік ортақ ұғым — гармония.

Осындай ұқсастықты, үндестікті мен әдебиетте де, мәдениетте де, адамдарда да әрдайым байқап, бақылап, қадағалап жүремін.

Әлбетте, адамды қоразға, я сиырға, тіпті бұқаға теңегенім емес. Құдай сақтасын. Бірақ, кез келген ұлттық құбылыстың төркіні, түпкі тамыры бір.

Мен бірде Анри Лот деген француз этнографы һәм археологы, Сахара зерттеушісінің “Туареги Ахаггора” атты кітабын оқыдым. Таң қалғаным — сахара көшпелілер тайпасы туарегтердің (өздері мұсылман) тұрмыс-тірлігі, әдет-ғұрпы, салт-санасының қазақтарға со-о-ондай жақындығы, ұқсастығы. Оған өзіміздің Нұрила Шаханова деген ғалым-этнограф қарындасымыздың “Мир традиционной культуры казахов” деген зерттеуін оқығанда әбден иланасыз, көзіңізді жеткізесіз.

Ұлттардың мәдени тамыры, өзекті формуласы ежелден ортақ.

Міне, салыстырма әдісті осы ыңғайда дамытқан абзал. Сонда халық пен халықты, адам мен адамды жақындастыра түсеміз. Одан артық, мұнан ганибет мақсат та жоқ қой.

Мен, мәселен, Гете мен Абайдың арасында көп ұқсастықты байқадым. Ол жайында үш кітапша жаздым.

Олжас (Сүлейменов) өлі мен тірі тілдерді салыстыра отырып, ортақ негіздерге (элементтерге) көз жеткізіп келеді. Оның бұл саладағы еңбектері ерен.

Қырық тіл меңгерген Андреас Дульзон (Еділ немісі, профессор, доктор, СССР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты) Сібірлік кеттер тілі мен көне испан тілінің ұқсастығына қайран қалған.

Мұндай мысалдар ұшан-теңіз.

Мен өркениетті осы бағытта зерделегенді күп көремін.

Ал, осыған қарсы ағымның барлығы да хақ.

Берлинде Иоганн Варкентин деген бір білгір тұрады. Ол Қырымда туған, Ленинградта оқып, Сібір, Башқұртостан, Алматыда, Мовквада ұзақ жылдар қызметте жүріп, кейініректе ГДР-ге қоныс аударған өзіміздің немісіміз (Алматыда тұрғанда өзін голландиялықпын деп таныстыратын).

Мен осы Иоганн Абрамұлымен бір мәселеде отыз жылдан бері айтысып-шарпысып келемін. Ол басқа әдебиет тұрмақ,

өзіміздің ресейлік немістердің әдебиетін жіліктеп, топ-топқа бөліп, біздерді терлетіп, әуре-сарсаңға салып жүргені. “Ресейлік неміс әдебиетінің өкілдеріне кімдерді жатқызуға болады?” — міне, оның әрдайым қозғап жүрген мәселесі осы. Оның пікірінше, ресейлік неміс әдебиетшісі болу үшін:

- а) ата-тегің таза неміс болуың шарт;
- б) тек неміс тілінде жазуың керек;
- в) тек неміс тақырыбын қозғау-қазбалауың жөн.

Осы үш шартың бірін орындамасаң — неміс емессің, неміс әдебиетіне жатпайсың, неміс ауылынан іргенді бөлек сал.

Иоганн Абрамұлы Варкентиннің “штанд-пунктысы” (темір қазығы, өзегі) осы.

“Сонда қалай болғаны? — деймін мен. — Ат төбеліндей ресейлік немістерді алалаймыз ба?”

70 жылдардың басында біздер Москвада кезекті семинарға жиналғанымызда жүзге тарта әдебиетші болатынбыз. Бірақ Варкентин “ресейлік неміс” деп он шақтысын ғана мойындайтын. Қалғандары оның үш шартты жүйесіне сәйкес келмейтін. Біреуінің әкесі орыс, екіншісінің шешесі латыш, үшіншісі — еврей милләтынан. Тағы біреулер “таза” неміс болғанымен орыс тақырыбына үйір. Енді біреулер неміс болып жүріп, неміс тақырыбына жазып, қаламын орысша сілтейді. Оның үстіне, біреуі Еділ немісі, екіншісі Сібір немісі, үшіншісі қырымдық, төртіншісі кавказдық дегендей.

Сонымен не керек, білгір Варкентиннің қырсығынан жүз неміс он сорт болып шыға келдік. Онсыз да құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған әдебиетіміз быт-шыт болды да қалды. Басымыз қосылмады, бір-бірімізге алара қарайтын болдық.

Сол ыланды қазір Иоганн Варкентин Германияға қоныс тепкен байырғы ресейлік неміс әдебиетшілерінің арасында да салып жүр. “Сен “таза” неміс емессің; сен орысша жазасың; сен диалекттен шыға алмай жүрсің; сен неміс тағдырын жазбайсың”, — деп небәрі отыз жазушыны алалап, бір-біріне шағыстырып жүр. Осыдан үш жыл бұрын Берлиннің Гумбольд атындағы университетінде кездескенімізде тағы да осы тақырыпта шарпысып қаламыз ба деп қауыптеніп едім, құдай оңдап, оппонентім құлақ аппаратын үйде ұмытып кетіпті. Онсыз қалай айтысамыз: құлағы тас керек.

Байқауымша, мұндай Варкентиндер барлық ұлттар әдебиетінде де кездеседі.

Қазақ әдебиетінде де бар.

Бұл өзі әрі жалған, әрі қауіпті көзқарас. Теріс бағыт. Әдебиетті де, халықты да біріктірмейді. Ал шынайы әдебиеттің бірден-бір мақсаты — халықтың басын біріктіру, парасаттылықты, адамшылдықты, инабаттылықты насихаттау, уағыздау,

\* \* \*

Қазақтың анайылау, дөрекілеу бір сөз тіркесі бар. “Артына кара!” Тұрпайылау болса да, орынды айтылған, мағыналы, ғибратты сөз. Кімге болса да қатысты. Барлық жұртта осыған үқсас тіркестер кездеседі. Әрине, әркім өзінің шамасын білуі керек қой. Білімі, өресі, таланты шынашақтай ғана, түйсік-түсінігі саяз, интеллекті төмен әдебиетшілердің ірі һәм күрделі тақырыптарға барып, оны арамдап тастауы амалсыз қынжылтады. Мәселен, Шыңғысхан жайында Еуропа қаламгерлерінің қалам сілтеуі қарныңды аш қалдырады. Көлденең көк аттының Шыңғыс ханды (мысал үшін) қозғауы — жансақтық. Оның рухын толық мағынада сезінбейді. Сол сияқты кейбір қазақ жазушыларының Байрон, Гете, Шекспир жайында жазғандарын мен бетімнің оты шығып оқимын. Көбінесе ол хрестоматиялық деректердің қансыз-сөлсіз қайталануы, көшірмесі болып шығады. Апырмай, басқа тақырып таусылып қалған ба?

Немесе соңғы кездері газеттер бетінде мынадай бір аурудың басы қылтияды. Біздің Пәленшекеевіміз Шыңғысты (Айтматовты) он орайды. Түгеншекеевіміз Нобель лауреаттарын бес орайды. Хемингуэй жазушы емес, жай ғана сақалды журналист. Біздің анауымыз Э. По, А. Кристидің қасында — данышпан. Дүние жүзіне танымал, жүздеген тілге аударылған, мықты деп марапатталған шетел жазушылары біздің мынауымызға қолына су құюға да жарамайды. Шаңына ілеспейді. Бақ болса, біздің жазушыларымыздың ең кемі бес-алтауы (тіпті оны да, үйткені облыс-аудандарымыз көп қой!) Нобель сыйлығына әбден лайықты. Біреулер жақында, Алла бұйырса, қағып түсіруі де мүмкін. Біз деген әлем жұлдыздарын бөркімізбен атып аламыз.

Өйдөйт дерсің!

Беспобайлық! Әдепсіздік! Көргенсіздік! Надандық!

Біреулерді тұқыртып, есек қылғаннан, өзің тұлпар

бола алмайсың. Семіз сөйлегеннен сорпа шықпайды. Тек бишаралығыңды жұртқа жаясың. Адамзаттың алдында ұятқа қаларың даусыз.

“Аңдамай сөйлеген...” деген осы.

Оқта-текте болса да, артыңа қараған жөн-ау.

Мен емес, қазақ айтқан.

Біліп айтқан...

\* \* \*

Мен көбінесе орысша толғанамын.

Қазақша қуанамын.

Немісше жылаймын.

Ия, жылауым немісше. Ресей немістерінің (Ресей немістері жағрафиялық ұғым емес, этнографиялық ұғым) адыра қалған тағдырын ойлаймын, кеңестік концлагерьде, айдауда жартысы шейіт болған бейкүнә қандастарымды есіркеймін, жоқтаймын, жат елде тоз-тоз болған бауырларымды сағынамын, өзімді кейде қазақстандық немістердің моласын күзетуші деп сезінемін.

Е-е, оны кім түсінеді?

Оны баяғыда Асқар (Сүлейменов) жан-жүрегімен сезінетін. Маған ол жайында жаз деп өтінетін. Тақырыбын да өзі тауып еді – “Зар”.

Ол “Зар” ақыры жазылмады, жүректің түбінде қалды. Немісше жылауым да сондықтан.

Сол кезде “Інжілдің” немісшесін парақтаймын; Томас Маннға арналған қалыңдығы төрт елі фотоальбомды қызықтаймын (Қазақстандағы Германия елшісі тарту еткен); Герман Гессемен тілдесемін.

Жұбанышым осы.

\* \* \*

Мені сыйлайтын, әлпештейтін, еркелететін көбінесе қазақ. Кейде жайдан-жай ренжітетін, кінәраттағатын, күстәналайтын да қазақ.

Заңды да болар. Қашанға дейін еркелете берсін...



Осының бәрін мен не үшін жазып отырмын?

Білмеймін.

Немістің сары уайым сапырганынан не пайда?

Иә, солай.

Баяғыда айтқандарыңа құлақ ілетін адамдар болушы еді.

— Оу, Гера, гутен таг, ауфвидерзеен, — деп телефоннан гүжілдеп, өзі білетін бес-алты неміс сөзін бастырмалатып Тахаң (Ахтанов) жылы қабағын танытатын.

— Оу, арыстаным! Жолбарысым! — деп Қалекең (Қалтай) көңілімді көтеретін.

— Милый, дорогой, — деп Мәкең (Михаил Есенәлиев) рухтандыратын.

— Герольд, какой хабар? — деп Морис (Симашко) күніне бір мезгіл жағдайымды сұрайтын.

Енді бірі де жоқ. Келмеске сапар шеккен.

Асқар да. Әнуар да. Снегин де. Ой, көп, көп... Мұндағылардан андағылар көп болып қалды.

Гете мен Абайға телміремін. Екеуі де сабырлы, салмақты. Олардың түсінгенін маған білу қайда?!

“Нешауа”, — дейді екеуі де.

Сонсоң Абай:

— Көрдiк қой өмiр деген иттiң көтiн, — дейдi.

Иоганн Вольфганг Гете:

— Тыншығарсың сен дағы

Сабыр қылсаң азырақ, — деп жұбатқан болады.

— Ия, солай, — деп қостап қояды атамыз Абай...

*2001 ж.*



## ҚАЗАҚЫ ӘҢГІМЕЛЕР...

Мен қазақ зиялыларының көпшілігін білемін. Көпті көрген, көп оқыған, көп білетін ақсақалдардың айтатын әңгімесі өте қызық. Сол кісілерден естігенімді дәптерге жазып жүремін. Бұл жолы өз заманында үлкен қызметтер атқарған Әбдірахым Жаймурзин мен әдебиетші Есенкелді Жақыповтан естігендерімді оқырмандар назарына ұсынып отырмын.

### Склероз

Ғабең (Ғ.Мүсірепов) жадыға сақтау қабілетінің нашарлай бастағанын сезеді. Ол қарапайым жағдайларды шатастырып, ұмытып қалатын дертке ұшырайды. Бір күні ауруханаға барады. Әңгіме үстінде дәрігер бірнеше рет “склероз” деген сөзді қайталайды.

Ғабең қауіп алып қалады. Жазушылар одағындағы кеңсесіне келген соң жерлесі, аудармашы Нияз Сыздықовқа телефон соғады.

— О-о-сы сен аударма жасап жүрсің ғой, “склероз” деген сөзді кездестірдің бе?

— О, Ғабе, кездестіргенде қандай!

— Сол сөзді сен қазақшаға қалай аудардың?

— Мен ол сөзді алжыған деп аудардым, — дейді көңілінде ештеңе жоқ Нияз.

— Жағыңа жылан жұмыртқаласын, — дейді де, Ғабең трубканы тастап жібереді.

### Апат

Ғабең (Мүсірепов) мен Әбекең (Жаймурзин) қыдырып жүреді. Қоғамдағы қолайсыз құбылыстар туралы әңгімеге кіріседі. Қазақтардың соңғы уақытта ата тегін түгендеп, рушыл, жүзшіл болып бара жатқаны, бәрі шетінен байдың, бидің, сұлтанның, қожа мен төренің ұрпағы екенін айтып, бөспелікке баратыны

әңгіме өзегіне айналады. Тіпті әскерге шақырылған жастардың өзі руга бөлініп бөрлігеді екен.

— И-и-ә-ә, — дейді Ғабең тұнжырап. — Бұл дерт Орталық комитетке де жеткен. Бәлкім, сол жақтан тараған шығар. Мен мұны көптен бері сезіп жүрмін. Бұл — дерт!

Екеуі үн-түнсіз қыдырыстап біраз жүреді.

— Мұның аяғы немен бітер екен, Ғабе? — деп сұрайды Әбекең біраз үнсіздіктен соң.

Ғабең тоқтай қалып, серігінің жүзіне барлай қарайды да, өзіне тән мәнермен, сөзді буын-буынға бөліп:

— Ап-ат! Қа-та-стро-фа! — дейді қынжылып.

## Қазақ сөзі

Күні бойы оқу өтіп кеткен ақсақалдардан “Жеті амалдың” мәнін сұрап, діңкелерін құрттым.

“Жеті амал” деген Ділдә Матайқызы апамыздың мен орысшаға аударған кітабында мыналар:

- күннің тоқырауы
- қарашаның қайтуы
- үркердің батуы
- киіктің матауы
- тоқсанның кіруі
- мұздың қатуы
- айдың тоғамы.

Ақсақалдар пікір таластырды, өз білгендерін айтты, шама-шарқынша талдады. Біреуі философ, екіншісі жазушы, үшіншісі биолог ғалым, енді біреулері дипломат, әскери адам, журналист, аудармашы болғанмен барлығы да ауылдан шыққан азаматтар еді.

Біреулері білмегендіктен бас ауыртқысы келмей қолдарын бір-ақ сілтеді. “Мұны қайдан қазып алғансың? Қайдағы бір облыстың, аймақтың сөздері шығар”, — десті. Тек екеуі ғана өз болжамдарын айтты. Бұл да қайшылықты пікір еді. Айналып келгенде зиялы ақсақалдар “Жеті амалды” өте көне этнографиялық түсінік деген ұйғарым жасады.

Қазақ тілінің қолданыс аясының тарылып, толып жатқан қазақ сөзінің із-түссіз жоғалып бара жатқанын айтып, ақсақалдар

мұнға батты. Ал, мен не істеуім керек? Жеті амалды орысшаға қалай аударамын? Орыстарға ұғынықты, тең мағыналы сөз оралымдарын қайдан алам? Екі ай бойы балама сөздер іздеумен болдым.

Осыған байланысты әдебиетші Есенкелді Жақыпов ертеде болған бір жайды есіне алды.

1946 жылы ол М.Әуезовке фольклор пәнінен емтихан тапсырады. Оған Қозы Көрпеш — Баян сұлу жыры туралы билет келеді. Есекең қатты қуанады. Бұл жырды бала жастан жаттап өскен ол тосылып тоқтасын ба?! Зуылдатып айтып шығады. М.Әуезов өте риза болады. Ең соңында ұлы ұстаз:

— Енді бір сұрағым бар. Балаларын тумай жатып атастырған құдаларды қалай атайды? — деп сұрайды. Есенкелді осы жерде тосылады. Есіне түсіре алмай қиналады. М.Әуезов ренжіп қалады.

— Әкеңнің, иә, атаңның аузынан естімеп пе ең? Менің лекциямда талай рет айтылды ғой.

Қанша ойланғанмен есіне түсіре алмайды. Жаңа ғана жауабына риза болып отырған Мұханның қабағы қабарып, ашулана бастайды. Әбден абыржыған Есенкелді жаны қысылғанда:

— Есіме салыңызшы, аға, өмір бойы ұмытпауға ант беремін, — дейді сасқалақтап.

— Пәлі! — дейді Мұхаң. — Өзі тағы ант ішеді. Есінде болсын, ондай құдаларды ежекабыл — белкүда дейді.

## Ондасынов кітап оқымайды-ау, сірә

Әбдірахым Жаймурзин ақсақал Мұхтар Әуезовке байланысты бір жағдайды сыр ғып шертті.

Бірде М.Әуезов екеуі пойызбен Москваға барады. Жолай Мұхаң былай дейді:

— Осы Ондасынов кітап оқымайды-ау деймін.

— Неге? Қойыңыз, мемлекетті басқарып отырған адам. Неге оқымасын, — дейді Әбекен.

— Мен саған бір жағдайды айтайын, — дейді Мұқаң. Сөйтіп басынан өткен оқиғаны тілге тиек етеді.

Бірде Ондасынов оны кеңсесіне шақырады. Мұқаңа ол жақында Қ.Ворошиловта болғанын айтады.

“Әуезовтің жағдайы қалай? Қандай шығарма жазып жатыр? Ол әлемдік ауқымдағы классик. Өнімді жұмыс істеу үшін оған барлық жағдайды жасау керек деді Ворошилов”, – дейді Оңдасынов. Өзі бірақ М.Әуезовтің романы туралы бір ауыз сөз айтпайды.

Арада біраз уақыт өтеді. Бірде А.Фадеев Сталиннің қабылдауында болады. “Абай” атты роман жазған Мұхтар Әуезов деген жазушының барын айтады. Сталин үн-түнсіз столының тартпасын ашып, Фадеевке “Абай” романын көрсетеді.

Біраз уақыт өтеді. Оңдасынов тағы да Әуезовті қабылдайды, Қагановичпен кездескенін, оның “Абай” романын оқып, галамат әсер алғанын айтады. “Қазақстанда қандай халықтың тұратынын білу үшін осы роман бойынша көп сериялы фильм түсірсе дұрыс болар еді”, – дейді Қаганович.

Оңдасынов бұл жолы да “Абай” эпопеясын оқығаны туралы жақ ашпайды. М.Әуезов бұл жағдайға қайран қалады. “Апырай-ә, менің кітабымды Сталин, Ворошилов, Қаганович оқиды, ал Оңдасынов уақыт таппайды”.

– Соған қарап ойлаймын, осы Оңдасынов кітап оқымайтын шығар...

## **“Ой, тым көп қой...”**

Гурьев (Атырау) обкомының хатшысы болып қызмет атқарып жүрген А.Жаймурзин бірде Мәскеуге келеді. Елдің дәмінен ауыз татсын деп біраз адамды дастарқанына шақырады. Бір топ тамыртанысын ертіп Шәкен Айманов та келеді. Шәкен бірден дастарқан билігін қолына алып, таң атқанша неше түрлі әңгімелер айтып, жиналған жұртты күлкіге қарық қылады.

– Нағыз артис еді гой. Нағыз! – дейді Әбекең сол бір күнді есіне алып. – Ол М.Әуезовпен екеуінің арасында болған бір жағдайды нәшіне келтіріп айтқанда елітіп отырдық...

Шәкенге ақша керек болады, қарыз бере қоятын ешкім жоқ. Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігінен сұрап, ештеңе ала алмайды. Әлдекімдерден Мұхтар Әуезовтің “Мәскеу” қонақ үйінде жатқанын естіп қуанып қалады. Телефон соғып, сәлем береді. Мұхаң оны қонаққа шақырады. Шәкен тындырып жатқан шаруаларын айтып, Мұхаңның көңілін бір көтеріп тастайды.

– Пәлі! Сен өзің халыққа пайдалы біраз іс тындырып тастапсың ғой. Жарайсың! – дейді Мұхаң. Күр әңгімемен біраз уақыт өтеді, негізгі шаруасы туралы айтуға Шәкеннің батылы жетпейді. Ақыры батылданып:

– Мұха, көк тиынсыз қалдым. Күтқара көріңіз, – дейді Шәкен.

– Қанша? – дейді Мұхаң қабағын шытып, түсі сұрланып.

– Көп емес.

– Көп емесің қанша?

“Түйе сұрасаң бие береді” деген мәтел есіне түсіп:

– Бір мың жетеді, – дейді Шәкен.

– Бір мың? Ой, мұның тым көп қой.

– Өте қажет болып тұр, Мұха, – дейді Шәкен қиылып.

– Мәскеулік достарымды мейрамханаға шақырып... Тым көсіліп кетіппіз.

– Қой! Тым көп қой.. Тіпті көп... Төрт жүз, бес жүз десең жобаға келер еді.

Осы кезде есік қағылады. Мұхтар Омарханұлы Шәкеннен озып барып есікті ашады. Бөлмеге уылжыған, сүйкімді қараторы әйел кіреді. Шәкен оның МГУ-дің профессоры екенін, СССР халықтарының әдебиеті туралы оқулық жазып жатқанын, мұнда Әуезовпен кеңесу үшін келгенін біледі.

Әңгімемен отырғанда түс болады. Шәкен өзінің артық адам екенін білгенмен керегін ала алмай жіпсіз байланып отыр.

– О, түстенетін уақыт та болыпты ғой. Бізбен бірге тамақтануға қалайсыз? – дейді М.Әуезов сүйкімді келіншекке. Ол әдеп сақтап, бас тартқанмен Мұхаң ырқына қоймайды, Шәкен де ағасын қолдайды.

Сөйтіп Шәкен түскі тағамға тапсырыс береді. Өзіне тән мырзалықпен құлашын кенге сілтейді.

– Ішімдікке тапсырыс бердің бе? – деп сұрайды Мұхаң.

– Қонағыңыз бен сіздің не ішетініңізді білмей отырмын.

Сонымен келіншектің таңдауымен коньяк алдырады. Жанға керектің бәрі бар. Әңгіме дүкен құрып ұзақ отырады. Шәкеннің тынышы кетеді. Әуезов болса мұның өтінішін ұмытып кеткен сияқты.

– Мұха, менің кетуім керек еді, – дейді Шәкен. – Өзіңіз білесіз, жұмыс бар еді.

– А-а, солай ма еді?! – Мұхаң інісінің өтінішін есіне енді

ғана түсіреді. Сүйкімді келіншектен кешірім отініп, Шәкенді ұйықтайтын бөлмеге ертіп кіреді. — Сонымен қанша сұрап едің?

— Мың...

— Ой, көп қой, — дейді Мұхаң тұнжырап. — Мың... бұл деген тіпті көп. Бәлкім, төрт-бес жүз жетіп қалар.

— Амалым не енді?! Бергеніңізді қанағат қыламын да, — дейді Шәкен мұнайып. Әуезов әмиянын алып, бес жүз сомды санап береді.

— Тағы бір қағаз қосыңызшы, — деп жалынады Шәкен.

Мұхаң есік жаққа жалтақтап қарап, тағы бір жүз теңге ұстатып, дауысыңды шығарма дегендей белгі береді.

— Тағы да, Мұха, — дейді Шәкен қасақана даусын шығарып.

— Тс-с! — дейді селк ете түскен Мұхаң. Асығыс тағы бір жүз сомды Шәкенге ұстата салады.

— Мұха, мына біреуін қоса салыңыз. Мынаны да... Сіздей ұлы адам үшін неге тұрады бұл.

— Ойпырмай, қанша алдың өзі?! Тым көп беріп қойдым ба!

— Көбіңіз не, Мұха. Бар болғаны сегіз жүз-ақ... Ең болмаса тағы бір жүз берсеңіз... Мынау бір қағазды қоссаңыз болды, — дейді Шәкен. Ақыры інісінің тым еркінсіп бара жатқанына шамданған Мұхтар Омарханұлы дауысын қатайтып:

— Болды, болды! Жетер енді! Асып барасың ғой өзің, — дейді.

— Көрші бөлмеде сүйкімді келіншек күтіп отырса бұл қазақ деген ибаны ұмытып кетеді. Тас кенеше жабысып, бермесіңе қоймайды.

— Шәкен осы оқиғаны майын тамызып баяндаушы еді. Күлкіге тұншығып, мәз болып тыңдаушы едік. Біздікі құрғақ баяндау ғой. Ал Шәкен сахнада жүргендей ойнап отырып айтатын.

Бұл А.Жаймурзин ақсақалдың әңгімесі.

Ұлы адамдардың әрбір сөзі, әрбір ісі кесек қой.

## **Романды қалай қысқартуға болады?**

Бірде Жазушылар одағында Сәбит Мұқановтың қалың романы талқыланады. Елуінші жылдары жаңа шығарманы талқылау қалыптасқан үрдіс болған секілді.

Бірінші сөз Мұхтар Әуезовке беріледі.

— Жо-жок, мен кейін сөйлейін. Ғабит бастасын, — дейді

Мұхтар Омарханұлы. Ғабит Мүсірепов өзіне тән мәнермен әр сөзін баппен созып:

— Егер маған ерік берсе көзімді шарт жұмып алып, романның жартысын қысқартып тастар едім, — дейді.

— Пәлі, Ғабит, сен де айтады екенсің. Сен көз жұмып жартысын қысқартсаң, мен көзімді жұмбай-ақ жартысын кесіп тастар едім, — дейді Мұхтар Омарханұлы сөзге араласып. Осы кезде Сәбит Мұқановтың қарлыққан дауысы естіледі.

— Әй, мыналар алдын ала келісіп келген ғой. Құдай біледі, бұл екеуі мені құлату үшін келген сияқты.

(Сол талқылауға қатысқан Ә.Жаймурзиннің әңгімесі)

## **Аңғалдық**

Сәбит Мұқановтың балаларға ғана тән аңқаулығы болушы еді.

Бірде Е.Лизунова кандидаттық па, жоқ әлде, докторлық па диссертация қорғайды. Оның ғылыми жетекшісі М.Әуезов екен. Мұхаңмен үнемі текетіресіп жүретін Сәбең диссертантқа қарсы жұмыс істейді. Ғылыми кеңестің отырысына белгісіз себептермен Сәбең кешігіп келеді. Алдыңғы қатарға жайғасып отырған соң, күржиіп жан-жағына күдіктене көз жүгіртеді. Қорғаудың барлық жұмысы бітіп, жиналғандар дауыс береді.

— Алты адам қарсы, — деп хабарлайды. Залда құлаққа ұрғандай тыныштық. Аз кем үнсіздіктен кейін Сәбит Мұқановтың қарлығыңқы дауысы естіледі.

— Әй, бұларың қалай? Алтауы несі? Жетеу болуы керек еді ғой. Бұл қалай? Кім алдаған? Біреу сатып кетті ғой.

Зал дүр ете қалған күлкіден жарылып кете жаздайды.

## **Мұндай Сәбеңді кім көрген?**

(Есенкелді Жақыповтың айтқаны)

— Оқитын түк болмай қалды ғой бұл күнде, — деді Есекең түңіліп. — Әдебиет құрып кетті. Баяғыдай қызық жоқ. Жұрттың бәрі естелік жазатын болды. Естеліктерінде бір мән болсайшы! Кілең ұсақ-түйек, кәкір-шүкір, анау-мынау. Не мән жоқ, не сән жоқ. Оқушының рухын көтермейді, қайта еңсенді басып,

айналанды тоз-тоз етеді. Кімге керек ондай естеліктер?! Көрген-білгенің шамалы, ойың жоқ болса, естелік жазып нең бар?

Мәселен, менің өмірден түйгенім аз емес, сонау қыркыншы жылдардан бері көңілімде сайрап тұр. Осы мықты, атақты дегендердің бәрімен таныс болдым. Бірақ естелік жазбаймын. Жүрексінем. Әрі бәрін айтуды жөн көрмеймін.

Бір ғана Сәбит Мұқанов жайында екі дерек айтайын. Ондай Сәбит Мұқановты жұрт білмеуі де мүмкін. Өзің білесің. Сәбең қып-қызыл коммунист еді ғой. Қызылдың қызылы. Совет үкіметі дегенде жаны жоқ. Ал, сол қызыл коммунистің екі ісін айтып берейін. Айқынды белсің ғой. Нұрқатовты... Ай, жақсы жігіт еді! Ерте кетті. Сол қайтыс болғанда ауылынан әкесі келді. Қарт кісі екен. Қасында тағы бір қарт кісісі бар. Қабырдың басында екеуінің дұға оқығысы келеді. Бірақ жиналғандардың бәрі қып-қызыл коммунист Сәбеңнен қаймығады. Біздер де аңтарылып тұрмыз. Дегенмен жанағы екі шал білетін дұғаларын оқи бастады. Сәбең тұр. “Апырай, қалай болар екен?” — деп біз тұрмыз. Бір уақытта Сәбең тізерлеп отыра қалып, арабша сұңқылдатып дұға оқымасы бар ма? Таң қалдық. Дауысы да ашық, күмбірлеп тұр. Сөз мақамы қандай! Жатық! Ол өзің білесің, жасынан “молда бала” атанып кеткен ғой. Оқып отыр, оқып отыр. Жан-тәнімен берілген. Тоқтар емес. Біз жан-жағымызға қарап қоямыз. Бұл қалай болды? Қып-қызыл коммунистің мұнысын қалай түсінеміз, қалай қабылдаймыз? Анау ауылдан келген екі шал да тым-тырыс, ұйып тыңдап отыр.

Қайтарда бір машинада отырдық. Сөз тартып, “Сәбе, қызып кеттіңіз ғой”, — дедік. “Енді не істейміз? — деді Сәбең. — Анау екі шал қартайған болу керек. Дұғаны шатасып дұрыс оқымай отыр. Ұмытқан ғой шамасы... Обал ғой. Айқын о дүниеге аттанып бара жатыр. Ниеті таза, тұзу жігіт. Күнә емес пе? Не істеуім керек? Адал көңілден дұға оқып, шығару керек болды”.

Біз таң қалып, үндемедік. Мұндай Сәбеңді кім көрген? Екінші бір дерек. Әбден қартайып, тозған Жамбыл бір күні қатты ауырып қалады. Шалды үйтіп-бүйтіп емханаға жеткізеді. Есі кіресілі-шығасылы. Көңілін сұрап Сәбең барады. Барса, шалдың жағдайы өте нашар. Әзер сөйлейді. “Сәбит, — дейді шал. — Кетіп барам. Демім таусылды. Сен менің жаназамды шығар”. Не істеу керек? Совет заманы. Сәбит болса қызылдың қызылы. Бірақ шал кетіп бара жатыр. Жүзге келген шал Совет үкіметін қайтсын?! Сәбең дереу дәрігер мен медбикені шығарып жіберіп, есікті жауып,



Жәкеннің қасына отыра қалып, аят оқи бастайды ғой. Жәкен тыңдап жатып, жүріп кетіпті...

Міне, ерлік, азаматтық, адамгершілік деп осыны айт. Мұндай Сәбеңді кім білген, кім көрген? Естелік жазсаң, осындай жұрт<sup>ғ</sup> естімеген мәліметтерді көрсетіп, тізіп, адамның рухын көтерер дерек келтір. Солай емес пе? Әлде менікі дұрыс емес пе?

## Нан мен май

Есенкелді Жақыпов бір кездерде Жұмабай Шаяхметовтың баласы Равильмен достық қарым-қатынас жасапты. Бірде ол Равильден:

— Сен ғой республиканың бірінші басшысының баласысың. Кезінде аузыңнан ақ майың ағып, рахат өмір сүрген шығарсың, — деп сұрайды.

— Жо-о-оқ, — дейді Равиль. — Біздің отбасымызда алты бала бар еді. Әкемнің айлығына қарап отыратынбыз. Дастарқанымызда аста төк байлық жоқ, жұпынылау болатын. Анда-санда қыңқылдап әкеміздің мазасын алатынбыз. Бала болған соң тәтті-тәмелек жегіміз келеді ғой. Сонда әкеміз: “Нан бар ма? Бар. Май бар ма? Бар. Нанға май жақ та же. Өте дәмді. Соңынан шай іш”, — дейтін. Солай тұрдық. Үкіметтің пәтері, бір айлықтан басқа табыс жоқ. Тауық сойған күн біз үшін мереке еді.

Мен де ержетіп, үйлендім, үй болдым. Дүниеге балалар келді. Менің де дастарқаным қайысып тұрмайды. Кейде балаларым әр нәрсені айтып, қыңқылдай бастаса әкемнің сөзін қайталаймын.

— Нан бар ма? Бар. Май бар ма? Бар. Нанға жақ та жеп ал. Шай іш.

Бұл бір кезде Қазақстанды басқарған адамның баласының сөзі.

## Екі жау

Шал ақын (Күлеке ұлы) айтқан екен: адамның екі жауы болады, бірі — кедейлік, екіншісі — кәрілік. Кедейліктен аман-есен өтіп (37 жасыма дейін қарыздан бас көтермейтінмін), енді бұл пәледен құтылдым дегенде, кәріліктің басы қылтып көріне бастады. Ал, бұл жау мені жеңбей тынбайтынына көзім бұл күнде жеткен.

## Мұны не дейміз?

Ұмытпасам, 1953 жылы “Новый мир” журналында Л. Ломеранцев дегеннің атышулы бір мақаласы басылды. Тақырыбы – “Әдебиеттегі шынайылық жайында”. Өте өткір мақала болатын. Автор совет әдебиетінің жалғандығы, жасандылығы, адалдықтан ада екендігі жайында батыл-батыл пікірлер айтқан еді. Ол мақала кездейсоқ жарылған бомбадай әсер етіп, зиялы қауымды екі-үш жыл дүрліктірген.

Иә, бұл өнер саласындағы мәңгілік проблема. Нағыз әдебиет, әлбетте, шынайы, адал болмақ. Өтірік атаулының құйрығы бір-ақ тұтам екендігі ежелден белгілі. Әрине, құйрықсыз өтіріктің болатынын да білеміз.

Тілі, діні, ділі, тегі бір орыс жазушыларының көбі ақиқаттын ауылынан табылады. Мәселен, Леонов, Твардовский, Солженицын, Астафьев, Бондарев, Белов, Носов, Можаев, Распутин, Личутин... тізімді соза түсуге болады.

Ал, енді орысша жазып жүрген тағы бір үлкен қауым бар. Олардың жөні басқа. Оларға Россия дегеніңіз тек географиялық атау ғана.

Мысалы, Александр Межировты алайық. Ол дегеніңіз заманында қып-қызыл коммунист болатын. Кез келген мінбеден: “Коммунистер, алға, алға!” — деп дауысы қарлыққанша өзеурейтін. Арау-мынау жазушыға: “Сен коммунист емессің!” — деп қырғидай тиісетін. “Коммунисты, вперед!” деген поэмасы үкіметтің талай сыйлығын қағып түскен партияның сүйген құлы болатын. 90-шы жылдардың басында ғой деймін, сол Александр Межировтың бәріне қолын сілтеп, Америкаға қоныс аударды. Ал, кітаптары осы кезге дейін Россияда шығып тұрды.

Анатолий Алексин деген болған. Бұл да талай сыйлықтардың иегері. Кезінде Сергей Михалковтың басыбайлы адъютантындай қасынан шықпайтын. Теледидардан түспейтін. Шынайылық, адалдық, адамгершілік, жас буынды тәрбиелеу, Отан жайында ұзақ сонар пәлсапа соғып, гақлия өсиет айтатын. Ақыры Израильден бір-ақ шықты. Ал, кітаптарын том-томдап осы кезге дейін ретін тауып Россияда шығарып жүр.

Андрей Дементьев деген ақынды тағы білесіздер. Бір кездері “Юность” журналының бас редакторы болған. Өлеңдерінің тақырыбы: Ресей, Ресейдің қайындары, табиғаты, отанды сүю,

махаббат, комсомол, кеңестік бақытты шақ т.с.с. Оның патриоттық лирикасын оқығанда жүрегің езіліп, жылағың келетін. Апыр-ай, Россияға деген махаббатында шек болсайшы!

Бұл да “өнер бастап” Израильге кетті. Сол жақта жазылған құшақ-құшақ өлеңдері “Литгазетада” шығып тұратын. Тақырыбы да бұрынғы “аляулай”. Тек аздап уайым әуені араласқан. Ол да Москваға қайтып оралды деп естимін.

Ондайлар күдай біледі, ондап-жүздеп табылады. Сөйтіп жүріп осы тектес жазушылар орыс әдебиеті құрыды, орыстарда дені дұрыс бір жазушы қалмаған, сорлы Россия азып-тозып бітті деп жар салып, күнірегенде аспан жерге құлайтындай. Орыстың азулы жазушыларының біреуін де аузына алмайды. Қалжыңбас Жванецкийді Толстой, Достоевскийден артық санайды.

Мұны не дейміз? Адалдық дейміз бе, шынайылық дейміз бе?

Біздің Алматыда Владимир Ронкин деген бір білгіш болған. Ол негізінен педагогика саласында белсенділік танытты, “жаңашыл-новатор” аталды. Мектептерде тарихтан сабақ берді, оқытушыларға адамгершілік, имандылық, руханият жайында дәріс оқыды, бастықтарды жағалады, істеген ісін дабырайтын көрсетті, кілең ығай-сығайлармен дос болды, отан сүю тақырыбын жалау етіп ұстады.

Бір күні сол Ронкин орыс драма театрына қаладағы мүғалімдерді жинап, қоштасу кешін өткізді. Иә, иә, Қазақстанды да, қазақтарды да керемет қадірлейді (жиналған жұрт көзіне жас алды), бірақ, амал нешік, Нью-Йоркқа біржола көшуі керек екен. Қоштасу рәсімі бірнеше күнге созылды. Радио, теледидар, біраз газеттер “Ронкин бізді тастап кетті” деп “зар жылады”.

Нью-Йорктегі Ронкин баяғы әуенінен жаңылған жоқ. Адамгершілік, имандылық, отан сүю, руханият жайындағы мақалаларын Қазақстанға жаудырсын кеп. Тіпті Америкадағы II қыркүйектегі уақиға жайында кітап жазды, оны Алматыда жапа-тармағай таратты, терроризмді әшкереледі. Бастықтарға арнау хат жазды. “Кітабымды әдемілеп шығарыңдар, таратыңдар, қосалқы салық салмандар, мен сіздердің балаларыңызды оқытып едім ғой, сіздер де маған жақсылық жасаңыздар, адамгершілік танытыңыздар, мен Қазақстанды баяғыша сүйемін ғой”...

Амалсын жағанды ұстайсың... Мұны не дейміз енді?

## “Давай ішейік, Гера!”

Жазушылар одағында жеңіс күніне арналған салтанатты жиналысқа жиналып жатырмыз. Ардагер жазушылардың төсі жарқырап, медаль-ордендері сынғыр-сынғыр етеді. Бәрі көңілді. Жүз грамдаған, “тәшлап жібергендер”, беті қызарғандар буфеттің маңында жүр. Медаль-ордені жоқ тек Тоқаш Бердияров екеуіміз ғана сияқтымыз. Маңайымыз жарқыл-жұрқыл. Залға кірген мені анадайдан байқап, Тоқаш қуанып қалды.

– Әй, Гера, давай ішейік!

– Не деп?

– Е, той емес пе? Мен жеңдім, сен жеңілдің. Сол үшін бір тартып жібермейміз бе?

Жұрт құлағын түріп, тына қалды. Тоқаңның сөзі, қылығы қызық сияқты. Жеңіс күнінің құрметіне әжептәуір жұтып алғандай ма, қалай... Мені жіберер емес.

– Давай ішеміз. Мен Сталин үшін, сен Гитлер үшін!

Ардагерлер мәз-мейрам. Қарқ-қарқ күледі. Төстері тола медаль-орден одан бетер сыңғырлайды. Құлағым қызарып мен тұрмын. Тоқаң қояр емес. Ал, менің Сталин үшін де, Гитлер үшін де ішетін зауқым жоқ.

– Давай, Гера! Мен Сталин үшін, сен Гитлер үшін!

Апырай, бұл қайдан шыққан пәле болды? Дереу қалтамнан үш сом суырдым да, Тоқаңның қолына ұстата салдым.

– Алыңыз, Тоқа! Сталин үшін де, Гитлер үшін де өзіңіз-ақ ішіңіз.

Тоқаң үш сомымды алды да, дереу буфетке қарай тартты. Ардагерлер мәз. Тоқаң да мәз, одан құтылған мен де мәз.

## Ауруханада

Бірде ауруханаға келсем, Қалекең (Мұхамеджанов) капельницаның астында жатыр екен.

– Қалайсыз, Қалеке?

– Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,

Мен алып жатырмын капельниса...

Енді бірде укол алып жатқан кезге тап болдым.

– Қалайсыз, Қалеке?

– Дегенде папаверин, папаверин,  
Күйрықты тосып қойып жата бергін...  
Біреудің өлімі жайында әңгіме болды.  
– Е-е... бір күні ретін тауып мен де өлем ғой...  
– Қойыңыз! Ретін тапқаны қалай?  
– Е-е... ретін таппасаң, Күдекең де маңайына жолатпайды  
ғой...

## “Сен мені кешір”

Қайтыс боларынан бірер жыл бұрын жеңіс күні Тахаң  
(Ахтанов) маған телефон шалды.

– Ау, Гера... гутен таг... е-е... ауввидерзеен... е-е... эс лебе...  
Немісше білетінім осы.

– Оу, Таха, ассалаумағалейкүм! Қазаққа бұл аздық етпейді.  
Қайырлы күн, қош, сау бол, жасасын дегеннің бәрін тіздіңіз ғой.  
Жеңіс күніңіз құтты болсын!

– Иә, рахмет! Бірақ менің айтпағым басқа. Мен сенен кешірім  
сұрағалы отырмын.

– Не болып қалды? – дедім сасқанымнан.

– Осы мен сені бекер жеңгем екен. Сенімен соғысып нем  
бар еді? Жазған басым кіммен соғысатынымды білмеппін ғой.  
Көп дүрмектің ішінде “уралап” кете бардым. Жас болдым, ақымақ  
болдым. Сен енді мені кешір. Сені жеңгенім қателік болған екен.

Екеуіміз де мәз болып, күлісіп алдық.

## “ОШ” машинасы

(Қалмұқан Исабайдың әңгімесі)

Омар Шипин деген әйгілі халық ақыны болған. Сыр-аға  
(Сырбай Мәуленов) Қостанайдың облыстық газетінде істеп  
жүргенде Омекеңнің өлең-дастандарын оқта-текте жариялап, соны  
сылтауратып бір топ достарымен қарт ақынның үйіне барғыштап,  
“жүз грамдатады” екен.

Бір күні қасында үш-төрт адамы бар Сыр-ағаң Омекеңнің  
үйіне сау ете түседі. Үй иесі салқын қабақ танытады.

– Бірінші май емес, жетінші ноябрь емес, тіпті сегізінші  
март емес, сендердікі осы не келіс?! – дейді. Қонақтар не айтарын  
білмей сасқалақтап қалады.

- Әлде өлендерімді бастырып келіп отырсыңдар ма?
  - Жоқ, Омеке... Өлендеріңізді басамыз ғой...
  - Сонда не келіс сендердікі?!
  - Ой, Омеке... – дейді Сыр-ағаң. – Сізге арналған машина шығыпты ғой. Соны жуады деп...
  - Ол не машина?
  - “ОШ” деген нөмірі бар.
  - Ал... маған оның не қатысы бар?
  - Енді... “ОШ” деген Омар Шипин емес пе? Сізге арнап шығарған ғой.
  - Ә, солай ма?!
- Аңқау ақын масаттанып, бір жартылықты қонақтардың алдына қойыпты дейді.
- 6.10.2002.

## Тегін қария емес

(Әбдрахим Жаймурзиннің әңгімесі)

Жамбылға қонақ көп келетін. Келген қонақтарын жөндеп қабылдасын деп өкімет Жәкеңе 200 қой бөліп берген. Күзде, қозы піскенде Жәкеңнің үйіне жазушылар келгіштей бастайды. Ет жеп, әңгіме-дүкен құрады.

– Ау, Жәке, көпті көрген адамсыз ғой, – дейді біреуі. – Баяғы хан, батырларды болса да білмейміз. Ал, сіз сол қазақтардың ішінде ең мықтысы, бірегейі деп кімді атар едіңіз.

Жәкең біраз ойланып:

– Құнанбайдан артығы болмас, – депті.

– Қалайша?! – деп таң қалыпты жазушылар. – Абайды қайда қоясыз?

– Е, Құнанбай сияқты әкеден Абай туады да, – депті Жамбыл.

Кейінірек жаңағы топ сол сауалды Мұхана (Әуезовке) да қояды. Мұхаң іркілмей:

– Абай! – деп жауап береді.

– Жоқ, Мұха. Олай емес екен. Жәкең басқаша жауап берді.

– Пәлі! Не депті сонда?

– Құнанбай депті.

Мұхаң үндемей ойланып қалыпты.

Сонсоң:

— Ия, тегін қария емес екен... — депті.

17.09.2002.

## **“Елге қашан қайтасыз?”**

(Бүркітбай Айдархановтың әңгімесі)

Сіздерге Шаяхметовке байланысты екі оқиға айтып берейін. 1949 жыл. Аспирантпын. Үй жалдаймын. Шалғайда, Алматының шетінде. Әрине, телефон дегенің жоқ. Бір күні түнге қарай біреу есік қағады.

— Кім?

— ЦК-ның шабарманы.

— Не болды?

— Ертең таңертеңгі онда сізді Шаяхметов қабылдайды. Кешікпей келіңіз.

Ертеңіне бардым. Қабылдады. Сөйлестік. Сөз арасында стол үстінде жатқан екі папканы көрсетті. “Мынау папкада су түбіне кеткен адамдардың тізімі. Бұларға енді еш көмек жоқ. Ал, мынау папкада қазір бар адамдардың тізімі. Бұларға көмектесу керек. Бұларды қайткенде қолдау керек. Осылардың ішінде Әуезов те бар. Оларды қолдау да оңай шаруа емес...”

Кейінірек, жылдар өте Москвада кездестік. Миына операция жасаған. Өзі республиканың елшілігінің қонақ үйінде тұрады екен. Шай қойды. Мен анау-мынауы сұрап қоямын. Бірде Жүмекең маған қарап: “Менен елге қашан қайтасыз деп неге сұрамайсың?” — деді. Содан-ақ түсіндім, есіл-дерті қайту екен ғой жарықтықтың...

02.09.2002.

## **Құнсызданған шапан**

Осы бір ой мені көптен бері мазалап жүр. Айтсам ба екен деп анда-санда ойлап қоям да, “қой, қазақ бауырларымды жазатайым ренжітіп алармын” деп өзіме-өзім тыйым саламын.

Сөйтіп жүргенде “Жас Алаштың” кезекті бір санында “Шапан жамылған еврейлер” деген суретке көзім түсті. Баяғының хандары

киетін мұрақ (зерлі айыр қалпақ), көне заманның билері киетін оқалы шапандар. Фотообъективке масаттана қадалып қалған жиырма ма, отыз ба – сақалдысы, сақалсызы бар – Машкевичтер әулеті. Бұл не қылған “карнавал”?

Бір жақтан әлдеқандай көлденең көк атты кездейсоқ иә Астана, иә Алматыға жолаушылап келсе, сол қалалардың “мэрлері” иығына шапан жауып, басына айыр қалпақ кигізіп, мәре-сәре болып қалады.

Той болса – тағы да сол шапан. Мерейтойда бір адамға жиырма-отыз шапан жабылады. Алпысқа келгенімде маған отыз екі шапан тиген. Тең жарымын сахна қызметкерлері жымқырмағанда, оларды үйге жеткізуім де мүң екен.

Қысқасы, қит етсе – шапан, қалпақ. Бұл қалай? Бұл не қылған “ламбада”? Ат, шапан – қазақтың әрі қымбат, әрі қасиетті дүниесі емес пе еді? Ол неге арзандап кетті? Шапанды жомарт қазақ қашаннан бері оңды-солды әркімге бергіштеп жүр? Бұл не сән, не дәстүр?

Қазақтың шапанын қазақ та, орыс та, кәріс те, жебірей де, тіпті неміс, шүршіт те иемденіп жүр. Шапанды жалғыз қазақ емес, әлгі аталған милләттар бір-біріне реті келсін-келмесін жауып жүр. Айтып-айтпай не керек, қазақтың қасиетті шапаны аяқ асты болып кеткен жоқ па осы?.. Әлде шапаннан басқа сый-сияпат қалмады ма? Бұл не қылған “жаппай шапаннизация”? Олжасша айтсақ, “что за халатный юбилей?” Сонда бұл білместік пе, аңқаулық па, дарақылық па?

## Академиктердің елі

Құрметті атақ пен ғылыми дәреже жөнінен біздің еліміз соңғы он жылда суырылып алға шықты. Академиктердің саны жағынан бүкіл ғаламда біздің алдымызға түсетін кім бар екен? Ой, Алла-ай! Үлкен залда өтетін жиынға барсаң қаптаған академикті көресің. Анау “қасқа” Ғылым Академиясының академигі. Мынауың саясаттың, сонау отырған социологияның, оның жанындағы журналистиканың, әнеу бір әдемі келіншек сәннің, жанындағысы спорттың академигі. Бәрі академик. Экологияның, қолдан ұрықтандырудың академигі де бар. Омарта академигі, живопись академигі, кинология академигі (яғни ит үйретуші), медицинаның



академигі, би мен цирктің академигі. Академик, академик... Бәрі, бәрі академик.

Менің әріптесім ауылдағы сегізжылдық мектепті өліп-талып әрең бітірген, біраз жыл трактор айдаған. Енді міне, Батыс пен Шығыстың, Латын Америкасының академияларының академигі. Күлсеңде, жыласаңда өзің біл. Анау отырған менің ескі танысым бір заманда әлде құрылысшы, әлде сатушы, әлде жүк тиеуші ме (тіпті есімде қалмапты) болған. Кешкі мектептің алты класын бітірген. Ал қазір оншақты университеттің профессоры. Күлесің бе, жылайсың ба, академик дегендер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап барады. Көбейту кестесін меңгер де профессор бола бер. Фамилияңды қатесіз жазып шықсаң академиксің.

Ал бізде академик еместер бар ма? Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әли, Мұхтар Мағауин, Мұрат Әуезов... тағы бірнеше пақырлар. Байгүстарға кіл сен түр мен атайын академиктердің арасында қиын боп жүрмесе неғылсын?!

## Той-той-той

Той деген қазақтың делебесін қоздыра жөнелетін сиқырлы сөз. “Той десе қу бас домалайды” дегендей, мұндай думанға барша халық құмар. Ал қазақтың құмарлығының жөні басқа. Ертеден, ықылым замандардан солай — тойшыл. Той десе кәрі де, жас та ағылады. Тойдың болғанынан боладысы қызық дегенді айтқан да қазақ. “Той” деген сөзден барынша алып-ұшып, жүректерін баса алмай, бір ғажайып тамашаға тап келердей аруақтанып жүреді.

Сондықтан да той деген қазақтық болмыстың елден ерек қастерлі өзгешеліктерінің бірі болып саналады. “Той құдайдың қазынасы” деп, қайда да дабыралы той бола беруіне ділгер. Тойдан той бола берсін лайым да.

Әйтсе де, әр нәрсенің шегі мен жөні бар. Әйтпесе тойдың бос дырду, дарақылыққа айнала салуы оп-оңай.

Бір кезде: “Маған күллі қазақ даласы ән салып тұрғандай боп көрінеді”, — деп жазған еді “Грегоршал” — Потанин.

Ал мен: “Бүкіл қазақ даласы той тойлап жатқан сияқты”, — дер едім. Шынында да осы бізде шуда жіптей шұбатылған кілең бір қалалар, хандар, билер, бектер, ақын, жазушылар, белгілі-белгісіз, өлі-тірісі аралас біреулерге бағышталған салтанатты жиын-той

көп-ақ емес пе?! Бірде Ташкентке бармақ боп Шымкенттен шыға бергенде көп ұзамай — таң атпай жатып — өзен аңғарына тігілген қыруар киіз үй мен жол жиегінде қаңтарылған жүздеген жеңіл машина көргенім бар. Бұл не? Той! Қандай той? Қапыла руының құрметіне! Себеп? Аталмыш рудың жаралғанына мың (әлде 500) жыл толғанын атау үшін. Апырай, а? Жер бетінде осындай тойлар да пайда болған екен ғой.

Бәрін айт та бірін айт, өзімнің әріптестеріме-ақ келейінші. Бір басына қанша той өтеді десеңізші олардың! Алдымен қарымды қаламгердің тойы туған ауылында өтеді. Шапан жабу, сәйгүлік мінгізу, мылжың мақтау. Келесі той туған облысында. Тағы да шапан, қос-қостан сәйгүлік, жылтындаған конверттер, көпірме сөздің (көлгірсусіз, шын болса бір сәрі) небір көкелері айтылады. Әрі қарай оңтүстік астанадағы той. Мұнда да сол баяғы қаптаған шапан, конверт, адрестік папкалар, жүйрік ат, “темір тұлпар”, салют. Ал, біле бер кімнің кім екенін! Жарыл, Мырқымбай! Бес, бөс, Бөспөбай! Айтқандай, солтүстік астанадағы той да бар екен ғой. Онда да жөнді-жөнсіз қолпаштау, құттықтау, есепсіз шапан, концерт, конверт, грамота, жүйрік ат, отбүркек, дәмхана. Пах, шіркін!..

Одан кейін бе? Кімнің тойы қалай өтті, кім керемет, кім қораш, кім қанша тапты тұрғысынан бақастық сарындағы кемі бір-екі ай біте қоймайтын гу-гу сөз, дақпырт әңгімелер. Пәленбайдың баласы 25 шапан, үш ат, бір темір тұлпар, Түгенбайұлы 30 шапан, бес ат, үш темір тұлпар дегендей. Өйдөйт! Ал тойла! Гүжілдет! Дүркірет! Дуылдат!

Бірақ базбіреулеріне жиып-тергендерінің аз көрінетінін қайтерсің. Иә, бұл қалай? Анау Шыңғыстың мерейтойы Германия, Түрция, Токио, Мәскеу, Ташкент, Бішкек, Алматыда өтеді... Біз ше? Кімнен кембіз? Әлде, тоқалдан тудық па?

Шамасы, бұл түрмен енді той дегендеріңіз әне-міне өзге планеталарға да ауысатын шығар, сірә. Оу, бауырлар! Сабаға түсіп, тәбетті тежейтін кез келмеді ме? Ойланайық та! Қашанғы желбуазданып, батпақтағы бақаша ісіп-кебе береміз?!

Ал мен болсам, осынау таусылып бітпейтін тойлардан кейін біреулер жалаң аяқ, жалаң бұт қалмас па екен деп шошимын. Жосықсыз тойлардың соңы ұлттық апатқа апара ма деп қорқамын.

Тойла, қуан, бірақ ақылдан азба.

Іш, же, бірақ есіңнен адаспа.  
Шаманды біл.

## Амандасу

Күн сайын Шоқан ескерткішінің маңайында қыдырыстап жүретін шалдармен:

– Гутен алейкум! – деп амандасамын.

Олар:

– Алейкум гутен! – деп жауап қайтарады.

Франкфурттың университетінде баяндаманың алдында мен шығыс факультетінің студенттері мен оқытушыларына қарап тұрып:

– Гутен алейкум! – дедім.

Аудитория аң-таң. Не дерін білмей қалды. Амандасудың мұндай түрін кездестірмеген болу керек.

– Алейкум гутен! – деп жауап бермейсіңдер ме, мырзалар, – дедім немісше.

Іле-шала аудиторияның түкпір-түкпірінен:

– Алейкум гутен! – деген дауыстар жамырады.

1998 ж.

## Кім – кімге керек қазір?

Қазіргі уақыттың байшікештері осы күнде “біреудің қаңсығы біреуге таңсықтың” кебін кигендей. Жұрттың бәрін алдақашан ығыр қылуға шақ қалып, сөнуге айналған “жұлдыздарды” ауық-ауық Алматыға шақыруға бейіл. Пугачева, Қиркоров, Леонтьев, Петросян, Аллегровалар келсе жарайды делік, бірақ кейде аты-жөні беймәлім әлдекімдерді соншалық әздектеудің жөні қанша?! Және де оларға ө-т-е қомақты ақша төлейді. Өздерінің өнерге үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сондықтан да “шоу бизнес” дегенді ойлап тапқан. Шынында да шоу. Жұрттың басын қатыру үшін. Және бизнес екені де рас. Олар үшін.

Халық қаптап келеді. Ине шаншар бос орын жоқ. Соған қарамай, кеудемсоқ “жұлдыздар” кейде шынайы құрмет пен ыстық ықыласқа қырын қарап, анайы қылықтар жасайды.

Ал енді бірде филармонияда Ғазиза Ахметқызы Жұбанованы

еске алу кеші өтсін. Жиалғандар залдың төрттен бірше де толмайды. Қандай тұлға! Қандай композитор! Оған алдындағы еңбегі неткен орасан! Сондай адамға құрметтің түрі мынау.. анығырақ айтсақ, еске алу үрдісіне.

Бұған жаны жасып, еңсесі түскендей болған Халық артисі, хормейстер, профессор, қазақ музыкасы мен Ғазиза Жұбанова шығармашылығының білгірі Анатолий Васильевич Молодов үлкен күйзеліспен былайша толғанды: “Апырау, қазір кім — кімге керек өзі? Әлдебір кездейсоқ, түкке тұрмайтын қуыс кеуде өркөкіректер ең жақсы мейрамханалар мен залдарды иеленіп, бірнеше күндеп мәре-сәре болады. Екпіндерінен аспан жерге түсердей. Ал мында болса... Осындайда қазір, айталық, Мұхтар Әуезов пен Күләш Бәйсейітова, Қаныш Сәтбаевтардың көздері тірі болса қалай болар еді деген алыпқашпа ой келеді. Бүгінгі қоғам оларды қажетсінер ме еді? Әй, қайдам, ауыр, тым ауыр...”

Ғабит Мүсіреповпен қайтыс боларынан аз уақыт бұрын телефонмен сөйлескен едім. Оның сонда сөз арасында: “Е-е, Бэлгэр, мына заманда кімге керекпін мен енді”, — дегені есіме түседі.

## Үйлену тойы

Үйлену тойы әбден қызған. Кереметтей мейрамхана залында аз дегенде үш жүз адам бар. Динамиктер құлақ тұндырады. Шаттықтан шалқып, балқып отырған жұрт. Өткір үнді асаба бүлбұлша сайрайды. Араның ұясындай гулеген жастар бақырып-шақырып неше қилы үн, тұрпайы дыбыстар шығарады, ешкімнің ырқына көнер, жөнге түсер түрлері жоқ. Бұрыштағы столда өздерінше бір шоғыр боп аса қадірменді қарттар отыр. Кілең ығай мен сығайлардың ішінде мен де бармын.

Қалыңдық — қаржы қызметкері. Жоғары білімді. Коммерциялық банкте істейді. Күйеу — тасы өрге домалаған кеденші. Ұзын бойлы, өркөкіректеу, көрікті, есерсоқтау. Достары да кілең кеденші. Шеттерінен үрген қарындай тырсыып, көздері ежірейген өзімшіл, өркеуде міскіндер. Дені — қара көздер. Бірақ қазақшаға құм. Шатып-бұтып айтатындары: джар-джар... Джамия... Джамия. “Мен сөйлемен қазақча”. “Лапочка, щечкаңнан бір суюин!” Қаңқылдайды, шикылдайды, өрістегі

құлынша кісінейді. Жөні болсын-болмасын. Біресе жартылай жалаңаш “қарындасты” аймалайды, сүйеді. Бұрыштағы қарттар аңғармағанды. Біреу қазақша сөйлесе, кеденшілер қораға қасқыр кіргендей тіксінеді.

Есесіне, шымыр денелі, төртбақ кеденші тырсия барып микрофон ұстағанда түс-түстан қол соғып, айқай-ұйқайға басып, жан-тәндерімен құттықтайды, қошеметтейді. Одан соң тағы біреу... тағы... тағы...

- Давай, Майк!
- Толкай спич, Джо!
- Поцелуй невесту, Джейк!
- А ну, Руслан, покажи класс! Ай, джаса, джаса! Джигит!
- О-го-го! А-ха-ха!
- Во дает!
- Знай наших! Блин!

Тасып-төгілген қымбат сыйлықтар... Жүзік, бейнетаспа, асыл сервиз, көк қағаздар...

Қарттар мұндайды түстерінде де көрген емес. Олардікі — міңгірлеп ақ тілек айту ғана:

- Бақытты болындар, құлындарым...
- Тату болындар, айналайындар...
- Ата-аналарыңды сыйландар, көзімнің қарашықтары...

Оларды әрең тыңдайды. Қіл ауылдық мәмбеттерден не қайыр...

Қараңғылық. Азынаған музыка. Жынойнақ би. Қыздар қыңсылайды, асаба қырылдайды. Қонақтарға сөз беруді реттеуші қолындағы умаждалған қағазға қарайды: тағы кім бар сөйлеуі тиіс?

Кеденшілер арбасады, мардымсыды, өздерін Құдайдың сақалынан ұстайтын байшыкеш санайды. Ұялы телефондар жарыса ұлиды. Бәлдір-батпақ, қыртыңбай бәдік:

- Ну, Фил, хал қалай?
- Джаксы. Хал хаир.
- Джарлы баир.
- Хэл-лоу!
- О кей! О кей!

Міне, залға су жаңа киінген, әсте де тегін неме емесі бірден байқалатын бір мырза кіріп келеді. Аяқ басуы пан, езуінде күлкі, саусақ ұшында бұлғақтаған жеңіл көліктің кілті. Дастарқанға

өтпей, ортаға тұра қалған ол айналаға сығырая көз тастады. Тына қалған жұрт ізінше бірден жарылып, қолшынғай жөнелді

— О, Серж! Сам Серж!

— Какие люди!

— Смотрите, кто пришел!

— Надо же! Ай да Серж!

— Налейте Сержу!

— Слава Сержу — рыцарю удачи!

Ісіп-кепкен Серж біресе оңға, біресе солға басын ие тағзым етті. Ізінше төр жақтағы жас жұбайларға көзі түсісімен, сұлу мұртын сипалаған күйі солай қарай қозғалды. Олар да елпең етісті. Күйеу жігіт бойын түзеп, өңі алаулаған қалыңдық ықыластана қолын созды. Серж сүйрік саусақтарды алақанға сап, шөп еткізіп сүйді.

— Поз-драв-ля-ю! — деді онан соң барылдаған үнмен.

Жым-жырт тыныштық. Музыка үнсіз. Асабаның да жағы семген.

— Кешіріңіздер, шыға алмадым, жұмыс, — деді Серж тісінің арасынан сыздықтай сөйлеп. — Тіпті сыйлық алып та үлгермедім. Бірақ та... — Аздап бөгелді. Қатты қиналғансып, қалталарын тінте бастады, — бірақ та бірдеңе табылатын шығар, бәлкім, қағаз-мағаз ба, қалтада тиын-тебендер бар сияқты еді...

Демдерін іштен алып, оқтау жұтқандай сірескен кеденшілердің көзі Сержде. Қандай керемет жасар екен бұл қазір дейтіндей.

Қалтасын ары ақтарып, бері ақтарып, ақыры қомақты көк қағаз шығарған Серж оны жоғары-төмен шайқады да, көз ілеспес шапшаңдықпен қалыңдықтың омырауына атып ұрды (дәл тигізгенін айт).

— О-о-о! — деп келіншектер дүр сілкінді.

Көңілі марқайып, жұртқа ғажайып әсер еттім деп ойлаған Серж қас пен көздің арасында қалтасынан тағы да көк қағаз шығарып, лып еткізіп күйеу жігіттің алдына тастады.

Күйеу жігіт бір ауық есінен танып қалды. Серж күрт кері шегініп, дөрекі үнмен:

— Ур-ра-а-а-а! Ур-а-а-а! — деп айқайға басты. Онан соң нақ бір рингте жеңіске жеткен боксшыдай қос жұдырығын қайта-қайта жоғары сермеп, әрі-бері ойкастады.

Кеденшілер у-ду.

— Серж, душка!

– Маладес, Серж!  
– Джаса, джигит!  
– Виват! Мәз-мейрам Серж тағы да жұртқа басын иіп, қалыңдықтың бетінен өбіп, сонан соң ғана сылқ етіп отырды.

Думан қайта қызды. Бұл жолы тіпті басқа. Гуілдеген залда ештеңе естіп болмайды. Айқай-үйқай, дарақы күлкі, сойқан музыка. Бұрышта бастары мойындарының ішіне кіріп, бүкшиө түскен қарттардың берекелері қашқан үстіне қашып, үнсіз мүлгиді. Жарасымды әңгіме-дүкен жоқ. Десе де, қадірлі қонақтардың бірі – көзі жөнді көрмей, құлағы нашар еститін арықтау сары шал – жанындағы адамға қарап:

– Анау не берді? А? – дейді саңқ етіп.

– Доллар берді. Доллар! – деп айқайлайды көршісі оның құлағына аузын тақап.

– Доллар деймісің?! Қанша?

– Екі жүз! Екі жүз доллар!

– Апырай, ә? Екі жүз?! Мен әзірге бір доллар да ұстап көрген емеспін.

– Қазір уақыт басқа ғой, – деп аузын сылп еткізді тағы бір қонақ шал. – Бұларға екі жүз доллар деген не?! Көрмеймісің қалай-қалай шалқып жатқандарын!

О, күдіреті күшті доллар!

*1998-2002 ж.ж.*

## МАЗМҰНЫ

“Біздің Бельгер” ..... 3

### I БӨЛІМ

Коненің көзі ..... 5  
Ауыл шетіндегі ағаш үй ..... 24  
Мұнар тау. .... 39  
Алты қырдың астында. .... 50  
Елу үшінші жылдың шілдесі ..... 66  
Аласапыранда. .... 83

### II БӨЛІМ

Еш қалыпқа сыймаған. .... 87  
Ғибратты ғұмыр. .... 92  
Жаныма жақын Жұбанов. .... 100  
Текті тұлға. .... 108  
Тахаң келе жатыр. .... 117  
Кәрілік. .... 121  
Жүрегі уақытпен қатар соққан. .... 127  
Шал ақын. .... 137  
Шынашақтай Шәкір шал. .... 139  
Ұстаз. .... 141  
Ол. .... 146

### III БӨЛІМ

Сайланып шықса сырлы сөз. .... 153  
Гете мен Абай. .... 168  
Данышпан тағдыр таңдамас. .... 191  
Аймауытов айшықтары. .... 199  
Аударма өнерінің кейбір мәселелері. .... 210  
Тіршілік түйткілдерінен туган ой-өрнек. .... 223  
“Орман патшасына” ой жүгірткенде. .... 235

### IV БӨЛІМ

Жүре берсең, көре бересің, көре берсең, көне бересің. .... 246  
Анау-мынау. .... 259  
Апақ-сапақта. .... 268  
Қазақы әңгімелер. .... 280



**Герольд БЕЛЬГЕР**

**МҰНАР ТАҰ**

Редакторы *Зияда Ижанов*  
Техникалық редакторы *Ардақ Мұқышева*  
Қорректоры *Айман Бабиқызы*  
Мүқбасын безендірген *Рамазан Омаров*  
Компьютерде беттеген *Салтанат Оязбекова*

Басуға қол қойылған күні 28.09.06.

Пішімі 84x108<sub>1/32</sub>

Шартты баспа табағы 19.

Есепке алынатын баспа табағы 19.

Тапсырыс № 906.

Таралымы 2000 дана.

“Өлке” баспасының өз баспаханасында басылды.

050002, Алматы қ-сы, Жұбанов к-сі, 66<sup>Б</sup>.

Тел.: 73-22-21, 76-09-13.



## ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР

1934 жылы Саратов облысының Энгельс қаласында туған. 1941 жылдың күзінде Қазақстанға жер аударылған. Қазақ орта мектебін (1953 ж.), Абай атындағы педагогикалық институтты (1958 ж.), аспирантураны (1963 ж.) бітірген. Аудармашы, прозашы, публицист, эссеист, қоғам қайраткері.

40-қа жуық кітаптардың авторы, қазақ, неміс тілдерінен 20-25 том көркем шығарманы орыс тіліне тәржімелеген. Б.Майлин атындағы сыйлықтың (1988 ж.), Президенттің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының (1992 ж.), Қазақ ПЕН-клубы сыйлығының (1996 ж.), тәуелсіз Тарлан сыйлығының (2002 ж.) лауреаты. «Парасат» ордені мен 5 медальдің иегері. Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер. 1954 жылдан Алматыда тұрады.

ISBN 9965-742-15-4



9 789965 742156

"ӨЛКЕ"  
БАСПАСЫ